

ЕСЕНАЛИЕВА ЖАНАР — ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЕСЕНАЛИЕВА ЖАНАР

# ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ



Алматы, 2021



*«Білім беру саласының үздігі» медалінің иегері,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор  
Жанар Жорабекқызы  
Есеналиева*



**ЕСЕНАЛИЕВА ЖАНАР**

---

**ЛИНГВИСТИКАНЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*(ғылыми еңбектер жинағы)*

**Алматы, 2021**

**ӘӨЖ 80/81**

**КБК 81.2**

**Е 79**

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және  
әлем тілдері университетінің Ғылыми-Әдістемелі Кеңесі ұсынған  
(26.03.2021 ж. № 8 хаттама)*

**Жауапты редакторы:**

Филология ғылымдарының кандидаты,  
доцент **Қоңырова А.Т.**

**Пікір жазғандар:**

Филология ғылымдарының докторы, профессор **Т.Н. Ермакова**  
Филология ғылымдарының кандидаты **Б.М. Сұлтанова**

**Есеналиева Ж.**

Лингвистиканың өзекті мәселелері. Ғылыми мақалалар жинағы.  
Алматы, 2021 ж. – 288 б.

**ISBN 978-601-270-509-6**

Автор бұл жинаққа жылдар бойы зерттеп жүрген тіл білімінің бағыттары бойынша жарық көрген ғылыми еңбектерін біріктірген. Жинақ Абай шығармаларының Шығыспен лингвомәдени байланысы және когнитивтік сипаты сияқты Абай шығармалары тілін зерттеген мақалалардан, типологияның ұғымдық аппараты, типологиялық жіктемелердің негіздері, қазіргі жайы, басты проблемалары, зерттеу аспектілері мен негізгі бағыт-бағдары жан-жақты талқылынған ғылыми мақалалардан, когнитивтік тіл білімінің тарихы, құрылымдық, жүйелілік, қызметтік сипаттары мен теориялық мәселелері жалпы тіл білімі тұрғысынан қарастырылған мақалалардан, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі шешендік сөздердің когнитивтік сипаты және көне түркі жазба ескерткіштеріндегі концептілердің лексикалық ерекшелігі зерделенген мақалалардан тұрады.

Жинақ филолог мамандар мен оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге, студенттер мен магистранттарға арналған.

**ISBN 978-601-270-509-6**

ӘӨЖ 80/81

КБК 81.2

© Есеналиева Ж., 2021

© «Полилингва» баспасы, 2021

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	7
<b>I –тарау.</b> Профессор Есеналиева Жанар Жорабекқызының өмір жолы, ғылыми шығармашылығы, ұстаздық қызметі туралы .....	9
Жүнісбеков Әлімхан, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Қаратаудың түлегі .....	9
Рысалды Құсайын, филология ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Жоғары деңгейде өткен қорғау .....	11
Шамшәдин Керім, Нұр-Мұбарак университеті Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанар жетістіктерге еңбекпен жетті .....	16
Салқынбай Анар, филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақ-араб тілдерін типологиялық бағытта зерттеуші ғалым .....	19
Жұбатова Баян, филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақ арабтануындағы жаңа бағыттың пионері .....	27
Әшімбаева Нағима, жақын құрбысы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Өткен күнде белгі бар... (Филология ғылымдарының докторы, профессор құрбым Есеналиева Жанар Жорабекқызы жайлы бір үзік сыр) .....	32
Тасимова Сәрсенкүл, Қайнар Академиясы тілдер және журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Адамдық келбетіне көлеңке түсіп көрмеген .....	36
Қоңырова Ақбота, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Сұлтанова Бибігүл, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Болмысы текті ғалым .....	40
Заурбекова Гүлхадиша, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ – дің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Ұстаздық еткен жалықпас .....	47
<b>II –тарау.</b> Профессор Есеналиева Жанар Жорабекқызының таңдамалы ғылыми мақалалары .....	53
1. Ұлы Абай және Шығыс тілдері .....	53
1.1. «Абай тілі сөздігіндегі» араб, парсы сөздерінің берілуі .....	53
1.2. Абай шығармаларының тілдік дүниетанымдық сипаты .....	60
1.3. Абай шығармаларын когнитивті зерттеудің негізі .....	68
1.4. Абай шығармаларының Шығыспен лингвомәдени және когнитивтік сипаты .....	74
1.5. Абай тілі – қазақ ұлттық концептосферасының бастауы .....	80
2. Шет тілі және лингвистикалық типология .....	88

Лингвистиканың өзекті мәселелері \_\_\_\_\_

2.1. Көпөлшемді, жүйелі лингвистикалық типологияның даму үрдістері .....	88
2.2. Тілдің жалпы және жеке типологиясы .....	93
2.3. Когнитивтік лингвистиканың теориялық негізі .....	105
2.4. Тілдер типологиясы және салғастырмалы типология .....	112
3. Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырудың ұстанымдары .....	124
3.1. Тілдердің көпөлшемді классификациясы және тіл құрылымындағы типологиялық басымдылық .....	124
3.2. Тілдерді салғастырудың негізгі ұстанымдары .....	134
3.3. Тілдердің құрылымдық типтерін анықтау мәселесіне .....	141
3.4. Заманауі лингвистикалық типологиядағы құрылымдық-салғастырмалы парадигма .....	150
4. Ұлттық таным және когнитивтік лингвистика .....	177
4.1. Коммуникативтік мінез-құлық ерекшеліктері .....	177
4.2. Тіл мен мәдениеттің бір-біріне әсері .....	183
4.3. Ұлттық концептосфераны анықтаудың жолдары .....	190
4.4. Когнитивтік лингвистикадағы концептуалды метафора .....	197
4.5. Когнитивтік лингвистиканың лингвомәдениетпен байланысы .....	205
4.6. Қазіргі лингвистиканың негізгі бағыттары және категоризациялау теориясы .....	211
4.7. Категоризациялау теориясының методологиялық негізі .....	218
4.8. Менталды информациялық немесе американдық- батысеуропалық когнитивтік лингвистика .....	224
4.9. Қазақстандағы когнитивтік лингвистиканың бағыт-бағдары .....	231
5. Қазақ тілі және түркітану .....	239
5.1. Үш санының когнитивтік сипаты: көне түркі руникалық ескерткіштерінен қазіргі дәуірге дейін .....	239
5.2. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі шешендік сөздердің когнитивтік сипаты .....	244
5.3. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Тәңір» концептісінің лексикалық деривациясы .....	251
<b>III –тарау.</b> Ұстаз деген ұлағатты атау.....	257
3.1. Әріптестерге арналған ақ тілек.....	257
3.2. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Ж.Есеналиеваның жетекшілік етуімен магистрлік диссертация қорғаған магистрлер .....	267
3.3. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Ж.Есеналиеваның жарияланған ғылыми еңбектерінің тізімі .....	

## АЛҒЫ СӨЗ

Филология ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті профессоры Есеналиева Жанар Жорабекқызы 1961 жылы 16 сәуірде Жамбыл облысы Қаратау қаласында өмірге келген.

1980-1985 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетінде) филология факультетін қызыл дипломға бітіріп, филолог, араб, қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы мамандығын алды.

1993 жылы Тіл білімі институтында «Абай шығармаларындағы араб және парсы сөздерінің қолдану ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертация қорғады. Ғылыми жетекші - филология ғылымдарының докторы, профессор Б.А. Әбілқасымов. Ресми бірінші оппонент - филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Ғ.Сыздықова. Ресми екінші оппонент - филология ғылымдарының кандидаты, доцент М.Мәженова болды.

2001 жылдан осы уақытқа дейін Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінде 20 жыл бойы жұмыс істеп келеді. Қазіргі уақытта Қазақ филологиясы кафедрасында профессор қызметін атқарады.

2010 жылы 26 ақпанда «Құрылымы әртүрлі тілдерге тән типологиялық басымдылық» атты докторлық диссертация қорғады. Ғылыми консультанты филология ғылымдарының докторы, профессор З.Қ.Ахметжанова. 2009 жылы докторлық диссертация негізінде «Құрылымы әртүрлі тілдердің салғастырмалы типологиясы» атты монография және жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарға арналған «Лингвистикалық типология негіздері» атты оқулық жарияланды. Магистратураға арналған «Типологиялық және салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі мәселелері» атты



Лингвистиканың өзекті мәселелері \_\_\_\_\_

типтік бағдарламаның авторы. Ж.Ж.Есеналиева қазақ тілінен электрондық оқулықтың авторларының бірі.

2002 жылдан осы уақытқа дейін Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінде 20 жылдай жұмыс істеп келеді. Қазіргі уақытта Қазақ филологиясы кафедрасында профессор қызметін атқарады.

Есеналиева Жанар Жорабекқызының ғылыми ізденістерінің дені құрылымы әртүрлі тілдерді жүйелі салғастыру мәселелеріне, когнитивтік лингвистикаға және мәдениетаралық коммуникацияға арналған. Бұл бағыттар бойынша 100-ден аса зерттеу жұмыстары жарық көрді. Атап айтатын болсақ, ««Когнитивтік лингвистика теориясының негіздері» оқулығы (2018), «Салғастырмалы тіл білімі» оқулығы (2020), «Абай және Шығыс тілдері» (2021) монографиясы ғалымның көп жылғы еңбегінің нәтижесі. Бұл еңбектер жалпы тіл білімінің өзекті мәселелерін, соңғы жетістіктерін өскелең ұрпақтың зердесіне тиімді түрде жеткізетін құнды ғылыми зерттеулер болып табылады.

«Лингвистиканың негізгі мәселелері» атты бұл жинаққа филология ғылымдырының докторы, профессор Ж.Ж. Есеналиеваның ғылыми еңбектері еніп отыр.

**I – тарау.**

**ПРОФЕССОР ЕСЕНАЛИЕВА ЖАНАР  
ЖОРАБЕКҚЫЗЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ, ҒЫЛЫМИ  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ, ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

**Жүнісбеков Әлімхан**

А. Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

**ҚАРАТАУДЫҢ ТҮЛЕГІ**

Ғасырға жуық тарихы бар кезінде Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Тіл білімі институты деп аталған (қазіргі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты) ғылыми ордадан түлеп ұшқан түлектер жеткілікті. Оларды қазақ жерінің қай жерінен болса да кездестіруге болады. Жоғары оқу орындарының қазақ, шет тілдер кафедраларының құрамында еңбек етіп келеді, институт қабырғасында аспирант болып бастаған шәкірттердің алды ғылым докторы, профессор деңгейіне жетіп жатыр. Міне, Тіл білімі институтынан қанаттанып ұшқан осындай шәкірттердің бірі – Есеналиева Жанар, бүгінде ғылым докторы, профессор, енді өзі шәкірт дайындап жатқан абыройлы маман.

Тіл білімі институты ғылыми зерттеулермен қатар, ғылыми тіл мамандарын дайындаудың көзі болып табылады. Аспирант болып келген жас түлектер қазақ тілтанымы ғылыми мектебінен өтеді, академиктер І.Кеңесбаев пен Ә.Қайдари, профессорлар М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов, Р.Сыздықова, А.Қалыбаева сынды т.б. тілтаным ғұламаларының алдын көреді, дәрісін тыңдайды.

Ж.Есеналиева Институт құрамындағы ең бір күрделі Тіл тарихы бөлімінде кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми

қызметкер қызметін атқарды. Бұл бөлімінің ерекшелігі маман бір ғана қазақ тілімен шектеліп қалмауы тиіс. Жанардың қазақ тілімен қатар араб тілін жетік білгендігі арқасында екі тіл арасындағы тарихи өзекті байланыстың ақиқатын ашуға мүмкіндік бергенін сол кезден басталған зерттеу еңбектерінен аңғаруға болады.

Өзінің ғылыми жетекшісі проф.Б.Әбілқасымов - жоғарыдағы ғұламалардың ізбасары, жазу тарихының бірден-бір маманы. Профессордың жетекшілігімен «Абай шығармаларындағы араб және парсы сөздерінің қолдану ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертация қорғады. Жұмыстың оң бағасын атақты проф.Р.Сыздық берген болатын, жас маманның алғашқы ғылыми табысының куәсі болдык.

Әдетте көп шәкірттер бір белестен өткен соң тоқырап қалатыны бар. Ал Ж.Есеналиева болса ғылыми ізденісінің арасын суытпай «Құрылымы әртүрлі тілдерге тән типологиялық басымдылық» атты докторлық диссертация қорғады. Бұдан біз оның «ғылым жолына түскен адамның ғылыми ізденісінде үзіліс болмайды» деген ұстанымды берік ұстанғанын көреміз.

Ғылыми ізденіс нәтижелері жарияланым түрінде көпшілік қолына жетіп жатты.

Докторлық диссертация негізінде «Құрылымы әртүрлі тілдердің салғастырмалы типологиясы» атты монография, жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарға арналған «Лингвистикалық типология негіздері» атты оқулық жарияланды. Аталған оқулық Жанардың ғылыми ізденіспен шектеліп қалмай, ұстаздық қабілетін де көрсетті. Сөйтіп ғылым мен ұстаздықты ұштастыра білді, ғылыми қауым да ырза, өзінің дәрісін тыңдап жүрген студенттер де ырза.

Еңбектің нәтижесі жарияланым болып табылады. Ғалым қаламынан туындаған еңбектер баршылық, қомақты монография, тартымды оқулық, жиынтық жинақ түрінде жарық көрген еңбектері ғалымның да, студенттердің де қолынан түспейтін құралға айналды: «Когнитивтік лингвистик теориясының негіздері» (оқулық); «Салғастырмалы тіл

білімі» (оқулық); «Абай және Шығыс тілдері» (монография), мақалалар ілегі жеткілікті. Араб тілі мен оның жазуын жетік білгеннің арқасында Ахаңның (Ахмет Байтұрсынұлының) араб әліпбиімен жазылып, бұрын жарық көрмеген еңбектерінің барлығын қазіргі кирилл жазуына көшіріскен еңбегі өз алдына.

Қазақ тілін төте үйретудің «Текшеқұрақ» әдістемесін насиқаттап бүкіл Қазақстанды шарлап шыққаны тағы бар.

Тіл білімі институтында Ж.Есеналиева кәсіподақ ұйымының басшысы болып, қоғамдық жұмысқа да белсене араласты. Институттағы әріптестері әлі күнге дейін үнемі күліп-қуанып жүретін Жанарды ұмытқан жоқ.

Институт ұясынан түлеп ұшқан жас маманның енді Қаратаудың шыңына барып қонақтағандай болған атақ-дәрежесін мақтан етеміз.

60 жас деген ғалымның нағыз толысқан шағы, ұстаздың нағыз толыққан шағы, ендеше Ж.Есеналиеваның ғалым-ұстаз ретінде берері әлі алда деп сенеміз.

### **Рысалды Құсайын**

Филология ғылымдарының докторы, профессор  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы

## **ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТКЕН ҚОРҒАУ**

Филология ғылымдарының докторы, профессор Жанар Жорабекқызының докторлық диссертациялық зерттеудің тақырыбы «Құрылымы әртүрлі тілдерге тән типологиялық басымдылық» (Қазақ және араб тілдерінің материалдары бойынша) деп аталады. Қорғау 2010 жылы 26 ақпанда өтті. Ғылыми кеңесшісі - филол.ғ.д., проф. Ахметжанова Зәуреш Қанашқызы.

Ресми оппоненттер – Тараз Мемлекеттік педагогикалық институтының проректоры филол.ғ.д., проф. Тәжібаева Сәуле Жақсылықбайқызы (10.02.20), Қауіпсіздік Комитеті

академиясының ТМД елдері тілдері кафедрасының меңгерушісі филол.ғ.д., проф. Мұрзалина Ботагөз Қазбекқызы (10.02.20).

Өзіміздің университеттен ресми оппонент мен болған едім. Сондықтан да диссертацияның мазмұны да жадымда, жоғары деңгейде өткен қорғау да көз алдымда.

Заманауы лингвистикада тілдің ұлттық, мәдени, этнолингвистикалық аспектілеріне қызығушылықтың артуына байланысты салыстырмалы және салғастырмалы аспектіде тілдерді тереңірек зерттеу қажеттігі туып отырғаны белгілі, өйткені ол әр түрлі құрылымды тілдерді салғастыра зерттеу ол тілдердің ұлттық ерекшелігін, қайталанбас қызметін танып білуге, сол тілдерде сөйлейтін ұлттардың таным болмысы мен тұрмыс тіршілігін, менталдық айырмашылығын жақынырақ тануға мүмкіндік береді.

Егемен ел болғалы, ұлтаралық қатынастардың дамуына байланысты, әр түрлі тілдік топтарды және құрылымы жағынан мүлдем алшақ тілдерді типологиялық тұрғыдан зерттеу қолға алына бастады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел ретінде әлемнің басқа мемлекеттерімен достық қарым-қатынасқа түсуі шет тілдерін меңгеру қажеттілігін арттырып отыр. Соның ішінде араб тілін оқып, үйренудің маңызы зор, өйткені Қазақстан Республикасы араб елдерімен де тікелей саяси-экономикалық, мәдени байланыстарын дамытып отырғандары мәлім.

Қазақстанның араб елдерімен қарым-қатынасы және араб тілін шет тілі ретінде оқыту қазақ және араб тілдерін жан-жақты, тілдің барлық қабаты фонологиялық, морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік /бойынша салғастырмалы-типологиялық зерттеуді қажет етеді. Бұл отандық тіл білімінде әлі қолға алына қоймаған тың дүние. Бұл Жанар Жорабекқызының зерттеуінің өзектілігінің бір жағы еді.

Ғылыми жұмыста құрылымы әртүрлі екі тілді салғастырғанда ол тілдердің грамматикалық өзіндік ерекшелігін, типологиялық табиғатын көрсететін тілдік жүйедегі типологиялық басым белгілер (доминанттар)

болып зерделенген. Әрбір тілдің жүйесі негізінен бір немесе бірнеше басым белгілер бойынша анықталады. Мұндай салғастыруда тілдің жеке (атомарлық) элементтері емес, тіпті тілдің жеке деңгейлері де емес, тіл тұтас, бүтін жүйе бойынша салғастырылады. Міне, осындай зерттеулер сол кезде жоқтың қасы еді. Бұл зерттеудің өзектілігін одан да арттыра түскен.

Жанар Жорабекқызы бұл ғылыми жұмысымызда қазақ тілі екі түрлі рөл атқарады дейді. Бірінші, ол зерттеу объектісінің бірі болса, екінші, метатілдің рөлін де қазақ тілі атқарады. Сондықтан қазақ және араб тілдері деп қазақ тілін бірінші атаймыз. Сөйтіп, Жанар қай тіл бірінші жазылуы дұрыс екенінен де зерделейді. Ол қай тіл метатіл рөлін атқарып тұрғанына байланысты дұрыс жазылу керектігіне үлкен мән береді.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті қазақ және араб тілдерінің жүйелік құрылымдарындағы доминанттық типологиялық белгілерге негізделе отырып, ол тілдердің типологиялық сипаттамасын толықтырып, айқындау, толықтыру болып табылса, жұмыс өзінің діттегеніне толықтай жеткен.

Қазіргі лингвистикалық зерттеу парадигмасында жаңа үрдісте өз бағытын дамытып келе жатқан типологиялық бағдардың теориялық негізін саралай келіп, құрылымы әр түрлі тілдерді типологиялық зерттеуде «белгілер кеңістігі» және «басымдылық» (басым белгі, басым, басымдылық сөздерін қатар қолдану арқылы) ұғымдарын пайдаланудың қажеттілігін дәйектей келіп, осы жұмыста тілдің барлық деңгейлері бойынша (фонология, морфология, синтаксис) және деңгей аралық қазақ және араб тілдеріне алғаш рет толық типологиялық зерттеу жүргізілген.

Осы уақытқа дейін қазақ және араб тілдері бойынша жасалған зерттеулерде тілдің жеке элементтері немесе жеке деңгейлері бойынша ғана сөз қозғалғаны мәлім. Мәселен, екі тілдің фонотактикалық модельдері негізінде құрылымдық және функционалдық талдау жасалған (С.Кеңесбаева), араб тілінен енген кірме сөздердің лексика-семантикалық, графо-

фонетикалық мәселелері сөз болған (Л.Рүстемов, Н.Оңдасынов), қазақ және араб тілдеріндегі дене мүше (соматизм) атаулары бойынша лексика-семантикалық түрлері анықталған (Н.Карменов) еңбектер ғана болатын алайда, туыстығы алыс қазақ және араб тілдерінің жүйелік-құрылымдық тұлғалары жүйелік типология тұрғысынан, тілдердің көпөлшемді типологиялық классификациясы тұрғысынан салғастырған, тілдердің тұлғалық жүйесі мен тілдердің мазмұндық жүйесін диалектикалық бірлік тұрғысынан зерттелген осындай ғылыми жұмыс бұрын-соңды болмаған еді.

Ж.Ж. Есеналиева типологиялық тіл білімі теориясы тарапынан екі негізгі «белгілер кеңістігі» және «басым белгі» деген тірек параметр енгізді. Бұл екі ұғымды типологияда қолдану басқа тілдердің жеке (частная) типологиясын жасауға негіз болады. Екі тілдің құрылымдық жүйелерінің негізгі базалық деңгейлері (фонология, морфология, синтаксис) түгел қамтылып, ғылыми тұрғыдан сипатталғандықтан, бұл зерттеу жұмысы қазақ және араб тілдерінің жеке типологиясын жасаудағы негізгі тұғыр деп бағалауға болады. Сонымен қатар, туыс емес қазақ және араб тілдерін салғастыруда жалпы типологиялық ғылыми зерттеу негіздерімен үйлестіріле отырып, отандық типологиялық тіл білімі теориясын дамытуға да үлкен үлес қосылды.

Жұмыстың жаңалығы өте көп, ең негізгісі, қазақ және араб тілдерінің құрылымы тілдердің тұтас жүйесі бойынша зерттелінді, екі тілдің жүйелік-құрылымдық статусы сараланды, жан-жақты сипатталып, анықталды. Ф.Ф.Фортунатовтың араб тілін флективті-агглютинативті тілге жатады деген гипотезасын басшылыққа ала отырып, Араб тілі тұңғыш рет отандық тіл білімінде агглютинативті-флективті болып танылды.

Екі тілдің өзіне ғана тән төл ерекшелік, яғни қазақ және араб тілдерінің бір-бірінен айырмашылығы (мәселен араб тіліндегі белгілілік және белгісіздік категориясы, түбірдің консонанттығы, түбір мен негіздің сәйкес келмеуі, т.б. және қазақ тіліндегі сингармонизм, аффикстердің бір мағыналығы,

түбір мен негіздің сәйкес келуі т.б.) бір тілден екінші тілдің артықшылығынан емес, ол тілдің иелерінің парасаттылығынан емес, бұл ерекшелік ол тілдердің тілдік жүйесіне байланысты, тілдің құрылымына, ол тілдерде қандай типтің басымдылық ететіне байланысты екендігі дәйектелді.

Әрине, қорғау болғаннан кейін, оның үстіне докторлық қорғау болғаннан кейін сұрақ (қателеспесем 20-ға тарта) та, ұсыныс та көп болды. Жанар Жорабекқызы сонда, ойын жинақтап, әр сұраққа жеке-жеке тиянақты, екі тілден мысалдар келтіре отырып жауап беріп диссертациялық кеңестің мүшелерін риза қылды. Қорғаудан кейін “Қызым, жарайсың, біліміңмен, өз ойыңды дәлелдей алуыңмен алып шықтың” дегенім әлі есімде. Шынында ұзаққа созылған қорғау болды, 2 де басталған қорғау 6 дан аса аяқталған еді.

Тағы бір айта кететін жәйт, Жанар Жорабекқызы қорғаудан бір жыл бұрын, 2009 жылы докторлық диссертация негізінде «Құрылымы әртүрлі тілдердің салғастырмалы типологиясы» атты монография және жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарға арналған «Лингвистикалық типология негіздері» атты оқулық жариялады. Мұндай жағдай ғылыми ортада сирек кездесетін құбылыс.

Қазақ және араб тілдерінің грамматикасы салғастырмалы типологиялық тұрғыдан бұрын-соңды арнайы зерттеу нысаны болмай келгендіктен бұл жұмыстың теориялық тұрғыдан тіл білімі ғылымында өзіндік үлкен үлесі болады деп санаймыз.

Араб және қазақ тілдерінің грамматикасы туралы айтылып жүрген сан қилы пікірлер зерттеу жұмысында пайдаланылып, жаңа тұжырымдармен толығы түседі, ол тұжырымдар араб және қазақ тілдерінің грамматикасының ерекшелігі мен айырмашылығын көрсетуге негіз болады. Зерттеу нәтижелері тіл біліміндегі жалпы салғастырмалы тіл білімі мәселелерін одан әрі толықтырып, байытуға негіз болмақ.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер тіл және ұлт, тіл және қоғам деген маңызды мәселелерді шешуге үлес қосады және лингвомәдени, салғастырмалы тіл білімі, лингвистикалық



Лингвистиканың өзекті мәселелері \_\_\_\_\_

типология, салғастырмалы тіл білімі салаларын жаңа тілдік материал, тұжырымдармен байытады.

Жанар Жорабекқызының диссертациялық жұмысындағы тұжырымдар профессордың шәкірттерінің жұмыстарында жалғасын тауып келеді. Ол 10 аса магистрлік жұмысқа жетікшілік етіп, кадрлар дайындау жұмысына да белсенді араласып жүр.

Мерей тойын өткізіп отырған, ғылымға бергенінен берері көп Жанар Жорабекқызына денсаулық, ғылыми шығармашылық табыс, ғылыми әржақты, кең және терең ойлар тілейміз!!

**Шамшәдин Керім**

Нұр-Мұбарак университеті,

Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығының директоры,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

### **ЖАНАР ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЕҢБЕКПЕН ЖЕТТІ**

Биыл 60 жылдығын тойлағалы отырған филология ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің профессоры Жанар Жорабекқызы Есеналиевамен ұзақ уақытқа созылған достығымыз сонау студенттік кезден басталады. Таныстығымызға 40 жылдан астам уақыт өтіпті.

1980 жылы орта мектепті бітірген соң Алматы қаласындағы С.И.Киров атындағы Қазақтың ұлттық университетінің филология факультетінің араб бөліміне түсуге талпынып, құжатымды тапсырған едім. Емтихандарды жақсы тапсырғаныммен, конкурста балым жетпей ілікпей қалдым. Ол кезде ақылы бөлім деген жоқ, бәрі тегін, санаулы орынға ілікпеген – қалады. Араб тілі мамандығына бөлінетін орын саны жыл сайын - 25. Сол жылы Ленинград қаласындағы университеттің шығыстануына Қазақстанға екі орын бөлініпті, сол орындарға

араб бөліміне түскендер арасынан екеуі таңдалып құжаттары жіберіліпті, олар ауысқан жағдайда босаған орынға үміткерлер қатарында болдым. Тамыз айында ауылға қайтпай хабар күттім. Қыркүйек айының 12 күні Меңдіқаным Маданова екеуіміз оқуға қабылдандық. Сол кездегі тәртіп студент атаулы күзде ауыл шаруашылығы жұмысына жегіліп, оқу кешірек басталады. Факультет деканы Мищенко студент болғанымды айтып қуантқан соң ауыл шаруашылығы жұмысына баратындығымды ескертті. Берілген мекен-жайы бойынша Алматы жанындағы Талғар ауданындағы “Горный Садовод» совхозына кешігіп бардым. Біздің алдымызда келген бірінші курс студенттері жұмысты бастап кеткен. Бәрі баракта тұрады. Ол кезде араб бөлімі филология факультетінің құрамында болды.

Факультет атынан оқытушы-ұстаздар ретінде тілші ғалым Мырзатай Серғалиев, әдебиетші Құнипия Алпысбаев бекітілген екен. Совхоз тау арасында, табиғаты тамаша, жұмысымыз алма жинау, норма өлшеммен, көбірек тапсырғанға салмағына қарай көбірек ақша беріледі. Бәріміз Қазақстанның әр өңірінен келгендер өрімдей жастармыз. Өте көңілді. Әсіресе, Уәлибек жүрген жер - әзіл-күлкі. Оны Коска дейтінбіз. Арамызда алма жинаудан оза шыққан Ерлан Күзекбаев, Жанар Есеналиева, екеуі де тынымсыз, демалуды білмейтін. Ерлан алмаға арналған корзиналарды толтырумен қатар, екі қалтасына, ішіне дейін нығыздап толтырып әкелетін. Уәлибектің алға шыққандарды мазаққа айналдырады, құрдасы Ерланды сөзімен түйреп маза бермейді.

Сол кезден Жанардың бәсеке жарыста алда жүруге ұмтылатын қасиетімен көз алдымда қалыпты.

Араб бөлімі Қазақстанда шығыстану мамандықтары ішінде тұңғыш ашылған, әлі жеке факультет ретінде бөлініп шыға қоймаған. Кейін оқу басталғанда, сессияны жақсы тапсыруға ұмтыламыз. Қыздар арасында емтихан алдында дайындалғандар арасында түнімен ұйықтамайтындар қатарында Жанар болатын. Ол емтихандарды тек “бестікке” тапсырып, үздіктер қатарында, оқуды қызыл дипломмен бітірді. Міне ең

қызықты студенттік шақ көзді ашып-жұмғанша өте шықты.

Жанар студенттік кезден бейнеткештігімен, еңбекқорлығымен дараланды. Оқуды тәмәмдаған соң әркім түрлі жолды таңдады. Біз қос мамандық араб тілімен қоса қазақ тілі мен әдебиетінің тілінің оқытушысы біліктілігін алып шықты, филологиялық пәндер көп оқытылды. Сол себепті кейін бітіргендердің дені қазақ тілі мен әдебиеті бойынша мектеп мұғалімі қызметін атқарды. Университетті бітірген соң көпшілігі елдеріне оралды. Алматыда қалып, мансап қууға, ғылыми атақ алуға бел байлағандар болды. Ол уақытта Алматыда қалып, жұмысқа тұру үшін қалада тіркеуінің болуы керек, пәтер жағалап, жалдауға, не жатақханадан орын іздеуге тура келеді. Бұл - ауылдан келіп, астанада тұрақты тұрып қалам деген қазақ жастарының жүріп өтетін қиын жолы. Бітіретін жылы факультет деканы болып ұстазымыз Рымғали Нұрғалиев тағайындалды. Бір күні ол мені кабинетіне шақырды. Кіргеннен кейін әңгімені төтесінен бастады: «Үзік бітіретіндер қатарында екенсің. Ауылда кемпір-шал бар ма? Қазақтың жігіттері бітірген соң кемпір-шалға қараймыз деп ауылға кетіп қалады. Сонда астанамызда қазақтың саны қалай көбеймек? Мен Тілі білімі институтының директоры Әбдуәли Қайдаровпен, Академияның вице-президенті Зәки Ахметовпен жақында жолықтым. Жақсы оқығандарды жіберем деген уәде бергенмін, әңгімелесуге бар, ұнатса, жұмысқа алады. Лаборанттықтан бастайсың» деді. Осы әңгімеден кейін Алматыда қалуға тәуекел еттім. Сөйтсем, Алматыда қазақтарды қалдыру - ағаларымыздың болашақты ойлаған саясаты екен.

Алматыда қалғандар арасында Ермек Аманшаев, Баян Жұбатова үшеуіміз сол жылы жаңа ғимаратқа көшіп, штат саны артқан Орталық музейге жұмысқа тұрғанымызда, Жанар Қазақ мемлекеттік мұрағатында қызметке алынды. Ол кейін Тіл білімі институтына жұмыс орналасты, ал мен көршілес М. О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жұмысқа ауыстым. Жанар аспирантурасында оқып біздің топ ішінде алғашқылар қатарында кандидаттық диссертация қорғады. Біздің топ ішінен

үшеуі ғылым докторы, бір ғылым кандидаты дәрежесін алыпты. Бұлардың төртеуінің де ғылыми жұмыстары университетте алған қос мамандығы - қазақ тілі мен әдебиеті және араб тілімен тікелей байланысты болды. Жанардың кандидаттық диссертациясы қазақ тілі мамандығы бойынша болғанымен араб тілін білуді керек ететін «Абай шығармаларындағы араб және парсы сөздерінің қолдану ерекшеліктері» атты тақырыпта қорғады. 2010 жылы «Құрылымы әртүрлі тілдерге тән типологиялық басымдылық» атты докторлық диссертация қорғағандақатысып, тілектестігімді білдірдім. Есеналиева Жанар Жорабекқызының ғылыми ізденістерінің бағдары құрылымы әртүрлі тілдерді жүйелі салғастыру мәселелеріне, когнитивтік лингвистикаға және мәдениетаралық коммуникацияға арналған. Бұл бағыттар бойынша когнитивтік лингвистика, мәтін лингвистикасы, лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация теориясы, әлеуметтік лингвистика, стилистика, дискурс теориясы және типология сынды теориялық пәндер бойынша дәрістер оқып келеді.

Мен білетін Жанар оқу, білім, ғылым саласында жетістіктерге қол жеткізсе, тек табандылығымен, мақсаткерлігімен жетті деп ойлаймын.

Жанар екеуіміздің өмір жолымыз ұқсас университеттегі оқуды аяқтаған соң ғылыми мекеме, жоғары білім саласына арналыпты. Ол - еңбек жолында жетістіктерге жетіп жемісін жеумен қатар, уақытылы отбасын құрып, ұл-қызды тәрбиелеген бақытты ана.

**Салқынбай Анар**

филология ғылымдарының докторы, профессор  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы

## **ҚАЗАҚ-АРАБ ТІЛДЕРІН ТИПОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ**

Бүгінде филология ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті профессоры Есеналиева Жанар Жорабекқызымен

1980-1985 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетінде) біз бірге оқыдық. Жанар - араб бөлімінде, біз - қазақ бөлімінде. Жанар да, мен де ҚазҰУ-дің жатақханасында тұрдық. Үздік оқыдық. Есте қалған бір жайт, жатақханадан таңертең ертелетіп Пушкин атындағы кітапханаға шығып бара жататынбыз, кешке кештете кітапханадан қайтар едік. Жанар санаулы ғана студенттердің қатарында университетті қызыл дипломмен бітірді. Сол жылдарда қызыл дипломмен оқу бітірушілердің саны қазіргідей көп емес еді, бірақ алған білімде сапа бар еді.

Араб тілін жетік білетін маманға сол кезде зәрулік болды, жас маман ретінде Жанар бірден-ақ Қазақ мемлекеттік мұрағатында бөлім бастығы болып қызметке орналасты. Қызмет ете жүріп, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтында аспирантура оқыды. Ғылымда қолына шырақ ұстатқан ұстазы, ғылыми жетекшісі белгілі ғалым филология ғылымдарының докторы, профессор Б.А. Әбілқасымов болды. Ескі түркі әдебиетін оқумен, тілдік құрылымын зерттеумен айналысып, ғылымға Әбілғазы Баһадүрді әкелген, «Жәмит тауарихтың» тілін зерделеген Бабаш ағаның ғылыми жетекшісімен 1993 жылы Тіл білімі институтында «Абай шығармаларындағы араб және парсы сөздерінің қолдану ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясын қорғады.

Абай шығармашылығын зерттеу П.М. Мелиоранский, С.Торайғыров, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы еңбектерінен бастау алып, І. Жансүгірұлы, Қ. Жұбанұлы, С. Мұқанов, Н. Сауранбаев, М. Әуезов, І. Кеңесбаев, . Нарымбетов, М. Мырзахметов зерттеулерімен жалғасын тапқанын орынды атап көрсете отырып, Жанар Жорабекқызы Абай шығармашылығындағы араб-парсы сөздерінің қолданысының терең зерттеле қоймағанын, оның өзектілігін атап көрсетеді.

Шынында да, Л. Рүстемовтің «Қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері» атты (1982) зерттеуімен сөздігінен өзге бұл кезеңде Абай тіліндегі кірме сөздер жөнінде арнайы ғылыми жұмыс

болмаған-ды. Сондықтан Жанардың ғылыми диссертациясы араб-парсы сөздері деп аталған атауларды жіктеген, араб сөздері мен парсы сөздерін ерекшелік айқындаған, олардың қазақ әдеби тіліндегі қолданысын терең зерделеген, Абай шығармашылығына дейін де қазақ тіліне толық қолданысқа ие болған ұғымдар мен атауларды танытуда ғылыми маңызды болды. Абай қолданысындағы «ғашықтық жарасы», «хақ», «қайрат табу» т.б. сөздердің мәні мен мағынасын ашады. Жанар Жорабекқызы «Абай тілі сөздігіндегі» 6000 сөздің 341-і араб-парсы сөздері екенін анықтап, олардың ішінде – адал, амал, әдет, береке, заман, қызмет, нұр, талап сынды сөздердің тіпті араб сөзі ретінде белгі қойылмағанын анықтайды. Ізденушінің пайымдауында бұның басты себебі бұл атаулардың қазақтың ауызекі сөйлеу тілінде белсенді жұмсалуды деп дұрыс атап көрсетеді (автореферат, 10-бет).

Тіпті адамзат, әсемпаз, әуесқой, бейғам, бейхабар, ғұлама, күнәхар, қауіп, шарифат сынды сөздерде де араб сөзі деген белгінің қойылмағанын атай отырып, олардың сыңарларының бірі – араб, екіншісі парсы элементі екенін талдап жазады. Осылайша ізденуші Абай тіліндегі сөздікте көрсетілген 6000 сөздің 15 пайызы емес, 16,6 пайызы араб-парсы сөздері екенін нақты дәлелдейді.

Абай шығармашылығындағы араб және парсы сөздерінің лексика-семантикалық сипаттамасын зерделеген зерттеуінде Жанар Жорабекқызы Р. Сыздық еңбектерінде жасалған тақырыптық талдауларға сүйене отырып, өзіндік ой-тұжырымдарын да анық талдап, оқушысын да, ғылыми оппоненттерін де сендіреді. Табиғат (ауа, бақ, гүл, набатат); адам (аброй, адам, адамзат, әллінсан, әннас), қоғам (заман, тарих, хакім, хукум); ислам (аруақ, биллахи, қағидат-ул ахир, мағрифат) сынды тақырыптарға бөле отырып талдайды.

Абай шығармашылығында кездесетін араб және парсы сөздерінің ену және қолдану сипатын үш жікке бөліп зерделейді:

- 1) қазақ тілінде бұрыннан белсенді қолданысқа ие сөздер;
- 2) ауызекі тілде белсенді қолданылмайтын, кітаби

тіл арқылы келген ұғымдарды таңбалайтын атаулар (жаһил, мехнат, сифат);

3) ауызекі тілде де, кітаби тілде де қолданылмаған, тек абай шығармашылығы арқылы қолданысқа түскен араб сөздері (ғарафтағ хибай, хұсусан, халилун, ядкар т.б.).

Жанар Есеналиеваның зерттеуінің ерекше құндылығы ретінде араб-парсы сөздерінің қазақ тіліндегі мағынасы мен араб-парсы тілдеріндегі мағыналық ерекшеліктерін салғастыра зерттеуі дер едік. Мәселен, сұқбат сөзі араб тілінде – сообщество; общение; дружба, приятель деген төрт мағынада қолданса, Абай шығармашылығында тек бір ғана – әңгімелесу (беседа) мәнінде жұмсалады. Кәпір сөзінің араб тілінде 3 мағынасы болса, Абайда тек бір «дінсіз» мағынасында жұмсалады.

Араб сөздерінің қазақ тіліндегі қолданысында мағыналық және тұлғалық тұрғыда біраз өзгешелігі де бар екені диссертацияда терең ашылған екен. Мәселен, араб тілінде «іңкәр» сөзінің мағынасы «терістеу», «күдік», «сенбеу» мәнінде жұмсалса, Абай шығармашылығында керісінше, «шын сенім, шын сезім» (сильное желание, страсть) мағынасында жұмсалады.

«Қараша» сөзінің талдануы да қызық. Араб тілінде «қараша» - жер салығы, шығын, салық мағынасында жұмсалса, қазақ тілінде ол қараша 11-ай атауы ретінде қолданылады.

Абайда:

Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай,

Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай...

Жанар Жорабекқызы зерттеуінде араб және парсы сөздерінің қолданысының жанрлық ерекшелігі кеңінен ашылады, графо-фонетикалық және грамматикалық ерекшелігі мен сөзжасамдық сипаты кеңінен қарастырылады.

Жанар 1992 жылы Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы» жинағының шығуына ат салысты. Ахмет Байтұрсыновтың 1914 жылы Орынборда шыққан Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы) 1-жылдық оқулығы және 1925 жылы Қызылордада шыққан Тіл – құрал (дыбыс жүйесі мен түрлері) 1-інші Тіл танытқыш

кітабын араб жазуынан қазақ жазуына көшірген. Бұл қазіргі кезде көп ескеріле бермей жүрген Жанар Есеналиеваның үлкен еңбегі деп атар едік. Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің кирилл таңбасына алғаш рет түсірілуі Жанардың атсалысуымен орындалды, сөйтіп кирилл таңбасымен оқитын қазақ оқырманы, қазақ жұртшылығы, оның ішінде барша қазақ ғалымдары да 50 жылдан кейін өз рухани көсемінің еңбектерімен Жанардың қайта көшіріп жазуы арқылы танысып жатты.

1995-2001 жылдары Қазақ Заң университетінің аға оқытушы болып жұмыс істеді. 2001 жылдан осы уақытқа дейін Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және Өлем тілдері университетінде қызмет етіп келеді. Жанар Есеналиева 2010 жылы «Құрылымы әртүрлі тілдерге тән типологиялық басымдылық» атты докторлық диссертациясын филология ғылымдарының докторы, профессор З.К. Ахметжанованың жетекшілігімен қорғады. Осы тұрғыда Зәуреш Канашевнаның да жас ғалым қыздарды ерекше қолдауын, біраз қазақ қыздарын нағыз ғылым жолына салғанын да ерекше ризашылықпен атап өткіміз келеді. Докторлық диссертация негізінде «Құрылымы әртүрлі тілдердің салғастырмалы типологиясы» атты монографиясы жарияланды.

Өзі кәсіби деңгейде меңгерген араб тілі мамандығына адал болып қалған Жанар докторлық диссертациясында да араб және қазақ тілдерін типологиялық бағытта қарастырып, құрылымы әртүрлі тілдердің көпөлшемді жүйесін саралады. Құрылымы бірі флективті, бірі жалғамалы болып келетін тілдердің құрылымын зерттеудің басты ұстанымдарын айқындап, басты ұғымдық атаулары мен терминдерін (басым белгі, басымдылық, типологиялық детерминант, тіл типі, тілдегі тип, белгілер кеңістігі, тілдердің көпөлшемді типологиясы т.б.) ғылыми тұрғыдан негіздеді.

Жанар жұмысының басты ерекшелігі - туыстығы алыс қазақ және араб тілдерінің жүйелік-құрылымдық сипатын салғастырып, тілдердің тұлғалық жүйесі мен мазмұндық жүйесінің диалектикалық бірлікте екенін таныту дер едік. Бұл



жолы да Жанар Есеналиева ғылымда тыңнан түрен салды деп айтуға толық негіз бар, өйткені араб-парсы тіліндегі сөздердің қазақ тіліндегі көрінісі мен қолданысы туралы жазылған ғылыми мақала, сөздіктер авторлары Е. Бекмаханов, Л. Рүстемов, Н. Оңдасынов, С. Кеңесбаева, Б. Жұбатова зерттеулерінен өзге қазақ және араб тілдерінің грамматикасы салғастырмалы типологиялық тұрғыдан жүйелі түрде терең зерттелмеген-ді. Жалпы тіл біліміндегі лингвистикалық типологияның жаңа ғылыми үрдістерін қалыптастырған С.Д. Кацнельсон, Э.А. Макаев, М.М. Гухман, В.Н. Ярцева, В.М. Солнцев сынды ғалымдардың еңбегінің ізімен Жанар Есеналиева тілдегі басты құрылымдық басымдықтар саналатын фонетика-фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік салалардың басым белгілерін талдайды. Мәселен, қазақ тіліндегі басымдықтар ретінде – сөз басы мен сөз соңында дауыссыз дыбыстар тіркесінің болмауы, үндестік заңының болуы, үндестік заңымен жалғасатын фонетикалық сипаттардың болуы деп нақты көрсетеді. Мұны атап көрсетіп жатқандағы мақсатымыз, қазір уақытта латын әліпбиіне қайта оралу жағдайында, соның басы-қасында жүрген ғалымдарымыздың қазақ тілінің осындай фонетика-фонологиялық басым белгілеріне мән бермей, үндестік заңын тиісінше бағаламай отырғанын еске сала отырып, ғылыми зерттеулерде жазылған ғылыми тұжырымдарды тағы да еске салу.

Жанар Есеналиева «Қазақ және араб тілдерінің фонологиялық жүйесінің типологиясын» анықтауға арналған бөлімінде (автореферат, 26-бет) күрделі иерархиялық құрылым болып саналатын деңгейдің негізгі тілдік бірлігі – фонема болғанымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің басты ерекшелігі ретінде фонема ұғымының түркі тілдерінің табиғатына үйлесімді емес екенін зерделеген Ә. Жүнісбек пікірімен келісетінін де орынды атап көрсетеді. Яғни үндіеуропа тілдеріндегі фонемаға оңтүстік-шығыс тілдерінде фонема сәйкес келетінін, ал құрылым-жүйесі бөлек түркі тілдерінде бұған «сингармема» деген атаудың лайықтығын дәлелдеген профессор Ә. Жүнісбек

зерттеуіндегі ғылыми тұжырымының дұрыс екенін талдап жазады.

Автор «Қазақ фонологиясы дегеніміз – үндесім фонологиясы болып табылады. Қазақ фонологиясының ақиқат табиғатын тек үндесім фонологиясы тұрғысынан талдағанда ғана дұрыс танамыз», - деп жазады Ж. Есеналиева өзінің докторлық диссертациясында (27-бет).

Ғалым-қыздың қазақ және араб тілдерінің типологиясын зерттеуге арналған еңбегі өзінің кешенді талдауымен ғылыми өзектілігін сақтайды. Тілдердің фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдағы типологиялық басым белгілерінің талдануы қазақ тіл біліміндегі типологиялық іргелі зерттеулердің өзектілігін де танытады, болашақта зерттелуінің маңызын да айқындайды. Жанар Есеналиеваның бұл ғылыми зерттеуі кейіннен магистратураға арналған «Типологиялық және салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі мәселелері» атты типтік бағдарламамен, электрондық оқулықпен жалғасып жатты.

Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде 20 жылдай қызмет атқаруы Жанар Жорабекқызының шығармашылығына елеулі дәрежеде ықпал еткенін де ерекше атап өткіміз келеді. Ғалым жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарға арналған «Лингвистикалық типология негіздері» атты оқулығын (2009), «Когнитивтік лингвистика теориясының негіздері» оқулығын (2018), «Салғастырмалы тіл білімі» оқулығын (2020), «Абай және Шығыс тілдері» (2021) монографиясын, «Лингвистиканың өзекті мәселелері» (2021) жинағын осы білім шаңырағында жарыққа шығарды. Есеналиева Жанар Жорабекқызының ғылыми ізденістерінің дені құрылымы әртүрлі тілдерді жүйелі салғастыру мәселелеріне, когнитивтік лингвистикаға және мәдениетаралық коммуникацияға арналған.

Ж. Есеналиеваның 2018 жылы жарық көрген «Когнитивтік лингвистика теориясының негіздері» атты оқулығы жарық көрді. Мұнда жалпы тіл білімінде терең зерттеліп келген

когнитивтік тіл білімінің теориялық қағидалары, ұғымдық аппараты, негізгі бағыттары, басты категориялары, концепт түрлері мен құрылымы талданған.

Қазақстанда когнитивтік, концептологиялық зерттеулердің басталуы өткен ғасырдың 90-жылдарынан басталғаны белгілі. Қазақстандағы когнитивтік зерттеулердің сипаты, жеткен жетістіктері қандай дәрежеде, жалпы қандай бағытта болғанын Жанар Жорабекқызы шартты түрде бірнеше топқа бөліп қарастырады. Тілді антропоцентристік парадигма бағытында зерттеудің маңызды саласы - этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану ұлттың мәдениетімен, салт-дәстүрімен рухани болмысымен сабақтастыра қарастырылады. Қазақ ғылымында когнитивистика жайында көзқарас білдірген ғалымдар Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, М. Копыленко, Р. Сыздықова, Ж. Манкеева сияқты ғалымдарды орынды атап өте отырып, Ж. Есеналиева бұл ғалымдардың этнолингвистика шеңберінде концептілер туралы да айтқан пікірлерінің маңызын талдайды. Ұлттық тілді әрбір этностың дүниетанымымен, ұлттық мәдениетімен, өткен тарихы мен, салт-дәстүрлерімен бірлікте қарау мәселесі тіл ғылымында ерекше өріс алып келе жатқан когнитивтік лингвистика сияқты жаңа бағыттың тууына себепші болды. Қазіргі кезеңде тіл ғылымы жаңа антропоцентристік бағытта дамып келеді. Тілді жаңаша кешенді түрде зерттеу, соның ішінде танымдық бағытқа баса назар аударылып отыр, - деп жазады Ж. Есеналиева.

Ж. Есеналиева кадрлар даярлау ісінде де өз үлесін қосып жүрген ғалым. Оның жетекшілігімен 10 аса магистрлік жұмыс қорғалды.

Ғалым қазіргі уақытта көптеген магистрлік жұмыстарға жетекшілік етумен қатар, ұстаздық жұмысты да жалғастырып келеді. Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінде талай жылдар бойы «Әлеуметтік лингвистика», «Мәдениетаралық коммуникация», «Когнитивтік лингвистика», «Дискурс теориясы», «Салғастырмалы тіл білімі», «Жалпы тіл білімі» пәндерінен лекция оқиды.

Бүгінгі 60 жылдық мерейтойында филология ғылымдарының докторы, профессор Жанар Жорабекқызына мықты денсаулық, шығармашылық табыс, бақытты ғұмыр тілейміз.

**Жұбатова Баян**

Филология ғылымдарының докторы, профессор  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы

## **ҚАЗАҚ АРАБТАНУЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТЫҢ ПИОНЕРІ**

Есеналиева Жанар Жорабекқызын қазақ арабтануындағы жаңа бағыттың – қазақ және араб тілдері бойынша арнайы типологиялық лингвистика бағытының негізін салушы немесе оған түрен салған ғалымдардың алғашқысы, пионері деп айтуға болады. Қазақ арабтануында ғылым докторлары көп емес, оның ішінде тіл біліміне өмірін арнағандар саны санаулы. Қиын да қызықты, екіншісі бірі бара бермейтін бағытты таңдауы неліктен екен деген сұраққа жауап беру үшін Жанардың араб тілі сияқты күрделі тілді таңдауына себеп болған факторлардың кейбіріне тоқталу керек секілді. Ең басты фактор ғалымның жеке басында, мінезінде, әрине.

Біз 1980 жылы бұрынғы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) филология факультетіндегі араб бөліміне бірге оқуға түстік, студенттік өмірдің бес жылын бірге өткізіп, қатар диплом алдық, университеттен кейінгі өмірімізде де білім беру мен ғылым саласында үзеңгілес қатар келеміз, сондықтан Жанардың азамат ретінде де, ғалым-ұстаз ретінде қалыптасуы туралы айтуға толық хақым бар деп ойлаймын.

Жалпы, адамның болашағы оның мінезімен, ұстанымымен тығыз байланысты ғой. Мектеп бітіріп университет табалдырығын аттаған Жанарда берік ұстаным, айқын мақсат, сол мақсатқа жетудің нақты міндеттері, міндеттерді орындауға қажет қажырлылық, еңбекқорлық, табандылық болғаны анық.

Қазір ойлап қарасам, Жанар университетке келген күннен бастап ғылымға баратынын жақсы білген сияқты, болашағын өзі жоспарлап, сызып келгенге ұқсайды. Сондықтан университетті қызыл дипломға үздік бітірді, бітіре салысымен көп ойланбай Ғылым Академиясының Тіл білімі институтына қызметке орналасып, тақырыбы мен жетекшісін таңдады, таңдап қана қоймай курстастар ішінде ең алғашқы болып кандидаттық диссертациясын қорғады. Жанардың ғылымдағы аяқ алысы осылай басталды. Әрине, осының бәрі Жанардың қажырлы еңбегінің, ізденімпаздығының арқасында екенін жақсы білеміз, сол кезде көбімізге үлгі болған да шығар. «Ғылым-білім инемен құдық қазғандай» болса, бүгінгі ғылым докторы, профессор болып отырған мерейтой иесі осы дәрежеге жету жолында аянбай еңбек етті, ізденді. Әрине, еңбек еленді, ескерілді, бағаланды, оған бәріміз куәміз. Нәтижесінде, бүгінгі күні Жанар Жорабекқызы Қазақстандағы беделді университеттерінің бірі - Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде абыройлы қызмет атқарып келеді. Бұл айтылғандардың бәрі Жанардың адами болмысының бір қырын танытады.

Ал қазақ тіл біліміне ол қандай үлес қосты, онда қандай орын алады деген сұраққа жауап беру үшін Жанардың ғылыми шығармашылығына тереңірек талдау жасау қажет болады. Араб тілінің маманы ретінде Тіл білімі институтына университет бітіріп келген жас маман Жанарға тілші ғалымдардың сол кездегі аға буыны Абайдың шығармашылығындағы араб, парсы лексикалық қабатын зерттеу туралы ұсыныс жасады, сеніп тапсырды. Академик Р.Сыздық, Б.Әбілқасымов бастаған жетекші ғалымдардың тәрбиесін алып, сол кісілер бастаған зерттеуді Есеналиева Ж.Ж. абыроймен аяқтады. Абай ақынның қолданысындағы араб және парсы сөздерінің қабатын алғаш рет толық анықтап, оларды лексика-семантикалық топтарға бөлу, ондағы синонимдер, антонимдер, дублеттер, варианттарға талдау жасады, кірме сөздердің тілдік ерекшеліктерін анықтау мәселелерін зерттеуі ғалымның қазақ тіл біліміне қосқан алғашқы жаңалықтары болды. Жанардың осы зерттеуінен

кейін «араб және парсы тілдері құрылымдық жүйесі жағынан да, туыстық жағынан да әртүрлі тілдер ғой, біреуі семит-хамит тілдер тобына жатса, екіншісі үндіевропалық тілдерге жатады» деген оның пікірінен кейін бұрын шығыс тілдері деп жалпы атаумен аталып келген тілдерді бір-бірінен ажыратып, араб және парсы тілдеріне қатысты жаңа көзқарастың қалыптаса бастағанын айту керек. Сонымен бірге «араб-парсы түрінде дефис арқылы жазылып, қос сөз болып қалыптасып үлгерген тіркестегі араб, парсы тілдері деп, үтір арқылы жазайық» деген Жанардың ұсынысы ғылыми қауымды иландырып, осы кезден бастап академик Р.С.Сыздық та осы ұсынысқа ден қойғанын білемін. Жанардан кейін бәріміз араб, парсы сөздері деп жаза бастадық, Тек бұл ғана емес, жалпы кірме сөздерге, оның ішінде араб, парсы кірме сөздерге қатысты теориялық ұстанымдарды жүйелеу, олардың қазақ тілімен байланысы, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сипаттау, талдау жұмыстарын да жүргізіп, Абай ақынның шығармашылығындағы кірме сөздерді арнайы зерттеп, кірме бірліктер теориясына, абайтануға белгілі дәрежедегі өз үлесін қоса алды деп айтуға болады.

Араб тілінің маманы ретінде докторлық жұмысында Жанар мүлде жаңа, соны бағытты таңдады, пионер деуімнің себебі де осында. Докторлық диссертациясының тақырыбы ретінде лингвистикалық типология мәселесін таңдады, қазақ және араб тілдерінің негізінде құрылымы әртүрлі тілдерге тән типологиялық басымдылық проблемасын зерттеуді қолға алды.

Типологиялық зерттеулердің қазақ тіліндегі категориялық-ұғымдық жүйесін қазақ тілінде сөйлетіп, лингвистикалық терминдерді қазақшаға аударып қана қоймай, оларды түсіндіруімен аталған ғылыми жұмыс маңызды деп есептеймін, себебі әлі күнге дейін араб тіліне қатысты оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми еңбектер жазуда ғылыми терминдерді аудару, түсіндіру мәселесі қиындық туғызып келе жатқаны рас. «Тілдердің көпөлшемді классификациясы», «белгілер кеңістігі», «басым белгі» және т.б. терминдер жүйесі Ж.Есеналиеваның арқасында қалыптасып, ғылыми айналымға түсіп үлгерді.

Жанардың зерттеулері лингвистикалық типологияның қазақша метатілін қалыптастыруға көмектесті, бұл қазақ лингвистикасының дамуын ілгері жылжытқанын көрсетеді. Араб тілі мен қазақ тілдерінің салғастыру арқылы екі тілдегі фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік типология мәселесі зерттелді. Осы кезге дейін бұл бағыттағы зерттеу жұмыстары жазылмады, алғашқы еңбек ретінде араб тілі бойынша оқулықтар жазуда, оқыту ісінде, лингводидактикада қолдануға сұранып тұрған жұмыс деп бағалауға болады. Метатіл ретінде қазақ тілі, оның терминдерінің жүйесі, ғылыми лексикасы алынған. Қазіргі таңда бұл маңызды себебі қазақ тілін ғылымның тілі ретінде қалыптастыру қажеттігі бар. Қазақ тіл білімін сапалық тұрғыдан дамытуға, байытуға үлкен септігін тигізетіні дау туғызбайды.

Арабтануда осы кезге дейін араб тілін флективті тілдер қатарында қарастырып келеді. Ж.Есеналиева атақты ғалым Ф.Ф.Фортунаатовтың идеясын дәлелдей отырып, араб тілін флективті-агглютинативті тілдерге жатқызуы - жаңалық, енді осы тұжырымды әрі қарай зерттеу, оның тарихи-әлеуметтік, мәдени аспектілеріне терең бойлау көптеген жаңа да қызықты мәліметтерді ашуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Араб тіліне түркі тілдерінің ықпалы, тек осман империясы тұсында ғана емес, одан да бұрын XII ғасырдан бастап Араб әлемін қыпшақ-мәмлүктер билеген кезеңімен байланысты екені тарихтан белгілі. Осы тарихи-мәдени байланыстардың сілемі әлі күнге дейін араб тілінде сақталғаны мәлім, сондықтан Ж.Есеналиева көтерген мәселе жаңа ғылыми ізденіске жол ашады. Ж.Есеналиеваның ғылымға қосқан жаңалығының бірі ретінде оның тұңғыш рет қазақ және араб тілдерін салғастырып, типологиялық зерттеу жүргізуде оларды салғастыру типологиялық параметрлері мен критерийлерін жасағанын айту керек. Екі тілдегі тілдік тенденциялар тұңғыш рет салғастырылды. Оның еңбектері тілдік жүйені, ондағы универсалийлер мен уникумдарды анықтау әдіснамасын ұсынуымен де құнды. Егер бірқатар зерттеулерде белгілі бір тілді жан-жақты сипаттау көзделсе,

Ж.Есеналиева араб, қазақ тілдік жүйелерін жалпы тіл білімінде қалыптасқан тұжырымдар, ұстанымдарды пайдалана отырып, жалпы тіл білімінің позициясынан кең тұрғыда қарастырады, «жалпыдан жалқыға» деген ұстанымы айқын. Екі тілді салғастыру арқылы консонантизм-сингарманизм сияқты бинарлық оппозицияларды анықтауы да алғаш рет жасалды. Қазақ және араб тілдерінің салғастыру нәтижесінде қазақ және араб тілдерінің жеке типологиясының теориялық және практикалық негізі алғаш рет жасалды. Ғалымның лингвистикалық типология әдіснамасын, зерттеу моделін ұсынуы филологиялық зерттеулерде қолданылатын әдіснама туралы дәрістер оқуда да септігін тигізетіні сөзсіз. Салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, компоненттік талдау әдісі, оппозициялық талдау әдісі, салыстырмалы-тарихи әдіс секілді зерттеу әдістері тек қолданылып қана қоймайды, сонымен бірге әрбір әдістің сипаттамасы, интерпретациялануы, қалыптасуы туралы тарихи экскурстары - пайдалануға сұранып тұрған материалдар, сонымен магистранттар мен докторанттардың кәдесіне жаратуына болады.

Ж.Есеналиеваның болашақта атқарылуы тиіс зерттеу бағыттары да назар аударуға тұрарлық. Сондықтан оларға қайта оралып, атап өту, өзектендіру артықшылық етпейді деген пікірдемін. Бұл бағдар төмендегідей:

- қазақ және араб тілдерінің фонологиялық деңгейі, оның ішінде консонанттар тіркесімі, интонация мәселелері;

- морфология бойынша әрбір грамматикалық категория, сөз таптары өз алдына терең әрі арнайы зерттеуді қажет етеді;

- қазақ және араб тілдерінің синтаксистік деңгейіндегі изафет, құрмалас сөйлем мәселелері де болашақта зерттеуге лайық мәселелер;

- қазақ және араб тілдерінің сөзжасамы да типологиялық тұрғыдан арнайы қарастыруды қажет етеді.

Осылайша, Ж.Есеналиева салғастырмалы типология саласындағы зерттелетін мәселелердің түсін түстеп, қадау-қазықтарын қағып, белгілеп берді, бұл болашақ зерттеушілер



үшін құнды. Жанар Жорабекқызының салып берген жолын шәкірттері жалғастыруда. Профессордың жетекшілігімен магистрлік диссертация қорғаған магистранттар: Толқын. «Қазақ және Қытай тіліндегі тыныс белгілерінің ерекшіліктері», Жанар «Қазақ тіліндегі қалып етістіктері және оның жапон тіліндегі сәйкестіктері» т.б.

Қорыта келгенде, филология ғылымдарының докторы, профессор Есеналиева Жанар Жорабекқызы жалпы тіл білімін араб, қазақ тілдерінің материалдарымен толықтырып, жеке тіл білімі бағытына алғаш рет түрен салды. Ғалымның зерттеулері қазақ тілді аудиторияға араб тілін үйретуде, университеттердегі оқу бағдарламаларындағы араб тіл біліміне қатысты теориялық курстарды оқытуда, оқу құралдарын, бағдарламаларын жазуда таптырмас материалдар ұсынады. Жанар Жорабекқызы ұсынған ғылыми бағдар болашақ шәкірттер, мамандар дайындауда ескеріледі, жүзеге асырылады деп сенеміз. Сондықтан мерей той иесі болып отырған ғалымымызға талантты, алғыр шәкірттер тілейміз.

Құрметті әріптес құрбым Жанар, Сізге ойындағы жоспарлаған жобаларыңызды жүзеге асыру үшін мықты денсаулық тілеймін, өмірдегі және ғылымдағы жаңа креативті бағдарламаларыңыз мол болсын, отыңыздың басында амандық болсын демекпін! Мерейтойдан мерейтойға жете беріңіз!

### **Әшімбаева Нағима**

жақын құрбысы, А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының кандидаты

### **ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР...**

*(Филология ғылымдарының докторы, профессор, құрбым  
Есеналиева Жанар Жорабекқызы жайлы бір үзік сыр)*

Мен Жанар Жорабекқызымен 1985 жылы танысқан едім. Енді ойлап отырсам, 36 жылдың жүзі болып қалыпты.

Осынау жайдары мінез, ашық, жылы жүзді, ақкөңіл де алғыр жанмен емен-жарқын тілдесіп, етене танысқаннан кейін сыралғы құрбыларға айналып кеттік. Содан бері хабар үзбей, жақсылығымызды бөлісіп, ғылымда да, өмірде де мүдделес, ажырамас жақын жандарға айналған едік.

Жанар 1986-1990 жылдары А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында аспирантурада оқыды. Ол кезде дөкей бір танысың болмаса, аспирантураға түсу қиынның қиыны еді. Жанар өршіл мінезімен, алдына қойған мақсатына жету жолындағы мақсат-мұраты мен арманын ту етіп, институт есігін тоздыра жүре, ғылыми ортаға бейімделе, ондағы ұжыммен тез тіл табыса отырып, аспирант атанды. Сол кездегі Институт директоры, тіл корифейлерінің бірі әрі бірегейі, дара тұлға, академик Ә. Қайдар: «Қызым, сен қайтпас қайсарлығыңның арқасында түстің аспирантураға, өзінді жақсы таныстырдың, енді өзінді ғылым жолында көрсете біл» деп батасын берген еді. Жанар да күні бүгінге дейін: «Әбдуәли ағайға мың да бір алғыс...» деп ризалығын білдіріп жүреді.

1993 жылы 28 мамырда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қабырғасында кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғап шықты. Тақырыбы – «Абай шығармаларындағы араб және парсы сөздерінің қолдану ерекшеліктері». Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор Б.А.Әбілқасымов. Ресми бірінші оппоненті – филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Ғ.Сыздықова. Ресми екінші оппонент – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, араб тілінің маманы – М.Мәженова.

Диссертация жұмысы Абай поэзиясындағы араб және парсы тілдерінен енген сөздерді зерттеуге арналған еді. Жұмыстың мақсаты – араб, парсы сөздерін Абайдың өз шығармаларында қолдану ерекшелігі болатын. Осыдан келе негізгі міндеттерді баяндайды. Олар: араб және парсы лексемаларын анықтау; араб және парсы тілінен енген сөздерді ажырату критерийлерін белгілеу; араб, парсы сөздерінің қазақ тілінің әсерінен мағыналық өзгеріске ұшырауын зерттеу; араб,

парсы сөздерінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, сөзжасамдық типтерін анықтау; араб, парсы сөздерінің орфографиясын анықтау; араб, парсы сөздерінің фонетикалық құрылымының өзгерісіне талдау жасау. Зерттеу жұмысының жалпы жаңалығы – тұңғыш рет Абай шығармаларындағы араб және парсы тілінен енген сөздердің толық көлемде анықталуы.

Диссертация қорғау барысында Жанар Жорабекқызы өз зерттеу жұмысын жетік білетіні байқалды. Қойылған сұрақтарды тәптіштеп тұрып сұрап алып, жазып алады да, ілешала нақты мысал-дәлелдермен қолмен қойғандай баяндап бере қояды. Жұмыс сапасының жоғары екенін мойындаған ғалымдар оның атына жылы сөздер айтты, тіпті қорғау үрдісі ғылыми пікірталасқа ұласты. Ғалымдар тарапынан диссертантты мақтаумен қатар, ескертпе, сыни пікірлер де айтылды. Ондайда Жанар шыдамдылық танытып, сыпайы түрде ғана жауап беріп, келіспейтін тұстарын да дәлелдер келтіріп, ашық айтты.

Ұлы Абайды бір кісідей тереңдете зерттеп жүрген Р.Ғ.Сыздықова: «Абай шығармаларының тілі» монографиясында бәрі айтылған деп едім, шынтуайтқа келгенде, Абай шығармаларындағы арабизмдерді араб тілінің маманы зерттеу керек екеніне бүгін көзіміз жетті», – деп жұмыстың құндылығына жоғары баға берді.

Аспирантурада оқып жүріп, Тіл тарихы бөлімінде кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер қызметін атқарды. Ол бөлімде сол кезде тек ер кісілер жұмыс істейтін. Бір күні Рабиға апай кіріп қалып: «Теке сасып отырушы едіңдер, қыз келіп, гүлдей жайнап кетіпсіңдер, бөлімге сән кіріпті» деп әзілдегені есімізде.

Ол кезде әр бөлімде бір-бір қара телефон. Жанарды да сол телефон жанынан табуға болатын еді. Сонда Қ.Жұбановтың үлкен ұлы, өлең шығаратын, суырып салма өнері бар ғалым Есет Жұбанов ағай: «Жанардың телефоны сүлік қара,

Сөйлегенде Жанарға күліп қара!» деп әзілдейтін.

Жанар Жорабекқызының ауыз толтырып, мақтана айтар жұмысының бірі – Ахмет Байтұрсыновтың 1992 жылы жарық

көрген «Тіл тағылымы» жинағының шығуына атсалысқаны. Бастамашыл, жасампаз жалынды жас арабистер Ж.Нәлібаев, А.Төлегеновтармен бірге Аханның бұрын жарық көрмеген еңбектерінің барлығын дерлік араб жазуынан қазіргі қазақ жазуына көшіріскен-ді. Атап айтатын болсақ, Ж.Есеналиеваның араб жазуынан қазақ жазуына көшірген еңбектері – Ахмет Байтұрсыновтың 1914 жылы Орынборда шыққан «Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы)» 1-жылдық оқулығы және 1925 жылы Қызылордада шыққан «Тіл – құрал (дыбыс жүйесі мен түрлері)» 1-інші тіл танытқыш кітабы.

Ж.Есеналиева Тіл білімі институтында қоғамдық жұмыстарға өте белсене араласты, кәсіподақ ұйымының төрағасы болды. Институт директоры Әбдуәли Қайдар: «Коммунизм мектебінің басшысы» деп, оның сан мәрте абыроймен атқарған жұмысына жоғары баға берген. Осының бәрі Жанардың қатарының алды, көшбасшы болуына зор ықпал етті, ол шындала түсті. Оның дәлелі – бүгінде ол оқу үдерісіне жаңашыл бағыт бере отырып, білім мен ғылымды шебер ұйымдастырып жүрген білікті жоғары білім оқытушысы, университет профессоры.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Жанар Жорабекқызы қазіргі уақытта да Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының ғылыми конференцияларына, дөңгелек үстелдеріне қатысып, өз үлесін қосуда, институтпен тығыз байланыста шығармашылық жұмыстар жүргізеді.

Осынау мерейтойлы жасында Жанар Жорабекқызына мықты денсаулық, шығармашылық табыс, соны ізденістер мен нәтижелі зерттеулер тілеймін. Саналы да сапалы өскелең ұрпақ даярлау, қазақ тіл білімін дамыту жолында қажымай, талмай абыройлы қызмет ете берсін, еңбегінің жемісін, зейнетін көрсін дегім келеді. Өмір мен ғылым көкжиегінде мерейі үстем, ұстанымы берік, әлі де бағындырар биіктері көп болғай!

**Тасимова Сәрсенкүл**

Қайнар Академиясы тілдер және  
журналистика кафедрасының доценті,  
филология ғылымдырының кандидаты

## **АДАМДЫҚ КЕЛБЕТІНЕ КӨЛЕҢКЕ ТҮСІП КӨРМЕГЕН**

Өмір-керуенінде үзеңгілес құрбы-құрдастар, бір ұжымда еңбек етіп әріптес болған жандар көп болуы заңдылық. Бірақ солардың бәрімен бірдей ұзақ уақыт аралас-құралас болып кетуіңіз мүмкін бе? Әрине жоқ. Жаныңа жақын тұтып, емен-жарқын араласуыңа себеп болар қасиет керегі анық. Ол - адам бойындағы адалдық пен мінез байлығы болса керек. Жанардың «аузын ашса, көмекейі көрінетін». Ашуына ақылын жеңдірмейтін. Жел сөзге бір иығы түгілі, жеңін де бермейтін. Адамгершілік бітім-болмысы ешкімге ұқсамайтын Жанармен таныстығымызға ширек ғасырдан астам уақыт болыпты. Жүйрік аттай жүйткіген уақыттың жалынан қалыспай, алдына қойған арман-мақсаттарының биік тұғырынан көріну жолында жанкештілікпен еңбек етіп келеді. Өз ісіне мығым, қайраттылығы мен табандылығы алған бетінен қайтпайтын қайсарлығының айғағы. Осы сөздеріме қарап, өзі қайсар, табанды, бірбеткей екен, деп ойлап қалмаңыз. Оның жанының үлбіреген ұлпа қардай таза, гүлдей нәзіктігін сезінгенде нағыз қазақи әйелдің тұлғалық келбетін өлеңмен өріп, жалпақ жұртқа паш еткің келеді.

1994-1999 жылдары қазақтың заң университетінде бірге ұстаздық еттік. Кафедра қазақ және шығыс тілдері болғандықтан араб, түрік тілдерінің мамандары жан-жақтан іздестіріліп, таңдалынған еді. Есеналиева Жанар Жорабекқызы ол кезде Ғылым Академиясында ғылыми кандидаттығын қорғаған білдей ғылыми қызметкер болатын. Әйтседе бойдағы білімді, үйренген араб тілін шәкіртке үйретуді мансұқ еткен ол кафедра меңгерушісінің арнайы шақыртуын қабыл алып, жылы орнын кимаса да тастап, университетке оқытушылыққа келген еді.

Жаңа орта, жаңа жұмыс орнын Жанар жатырқаған жоқ. Ашық-жарқын мінезімен бірден-ақ ұжымға сіңісіп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуімен танылды.

Жанар араб тілінен сабақ беретін. Өзім бір тілді болғандықтан оған қызыға қарайтынмын. Әлі есімде, 1994 жылдың қоңыр күзінде оқытушылар бөлмесіне қолында томардай кітаптарымен күлімдеп енген ол ұжыммен сыпайы ғана сәлемдесті. Үні құлаққа жағымды екен. Бір көргеннен-ақ жасымыз шамалас болғандықтан тіл табысып кеттік. Көп ұзамай ол шаңырағын көрсетті. «Мың сіз-бізден, бір шыж-быж» дегендей ұжымдағы 5-6 қыздың басын қосып, кең дастарқанынан дәм татқызды. Достығымыз нығая түсті. Сыр бөлісу, пікір алмасу да көзқарастарымыздың ортақ болуынан болар... Әлі күнге дейін қалт еткенде хабарласып, хал-жай сұрасуымыз, бір-бірімізді іздеуіміз тектен тек емес.

Университет қабырғасында оқытушылық қызметті атқарып жүрген кезімізде Жанар студенттермен емен-жарқын әңгімелесіп, етене араласатын. Қолынан келген көмегін ешкімнен аямайтын ол ұстаз ғана емес, ана ретінде жастардың жүрегіне жол таба білді. Бірде студенттермен кұрдасындай сөйлесіп тұруының мән-жайын сұрағанымда: «Оларға араб тілі өте қызық. Сұрақтары көп. 80 минут жетпей қалады. Сондықтан үзілісте сөйлесеміз. Жастардың жаны таза, жүректері от қой. Студенттермен ашық әңгімелескеннен рахаттанамын», дегені есімде. Осыдан-ақ, Жанардың студенттерді қызықтыра білетініне, шынайылығына көз жеткізуге болады. Кейіннен «Білім беру саласының үздігі» атағын алғанын естігенімде атақтың ауып емес, тауып берілгеніне қуандым.

Иә, ол ұжымда отызға жуық оқытушы қызмет етті. Қанша адам болса, сонша мінез болатыны белгілі. Соған қарамастан ортақ іс-шараларда «бір қолдан жең, бір жағадан бас» шығарып еңбек ете білдік. Кафедрада келеңсіз оқиғалар да орын алды. Ол әрине адам бойындағы адами қасиетке байланысты деп ойлаймын. Бес жыл бірге жұмыс істеген уақытта Жанар біреудің бетіне жел боп тигенін, болмаса кемшілігін бетке

немесе сыртынан айтқанын өз басым көрмеппін. Аузынан тек жақсы сөз шығаратын. Қошемет сөзді кім ұнатпайды?! Ол маңайындағы жандарға тәрбиелілігімен де, әдемі сөзімен де шуақ шашып жүретін. Адамдардың көңілін қалдырмайтын. Қашанда жылы жымыып, күліп тұрған адамға еріксіз езу тартып жауап қатасыз ғой. Ол осы қалпынан арада отыз жыл өтсе де өзгермеді. Табиғатынан рухани жан дүниесі бай, қазақтың кең даласындай жомарт жүректі Жанардың бүгінгі таңда ғылымдағы, оқытушылық қызметтегі жетістігі адами құндылықтарды бойына сіңіре білуінен деп топшылауға болады. Осы орайда Ж.Баласағұнның: «Адам бойында жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды», деген қанатты сөзінің мәнінің тереңдігін ұғына түсесің. Мен Жанардың бақыты - ғылымдағы, оқытушылық қызметіндегі жетістігі ғана емес, өмірдегі жетістігі ана деген ардақты атқа лайықты саналы ұрпақ тәрбиелей білгендігі, дер едім. Бақыттың, байлықтың дәулеттің қайнар бұлағы - қос қарлығашында. Тәңірім солардың рахатын көрсетсін, деп тілеймін.

Қарақан бас қамын күйттеуден, күйбең тірліктің тізгінен аса алмай жүргендер бірге қызмет еткен әріптесті де, өмірдің қызықты кезеңдерін бірге өткізген құрбы-құрдасты да ұмытып кететіні жасырын емес. Жанар бұл тұрғыда да тұғырынан түспеген. Бір кездері бірге қызметтес болған жандардың қайғысына (құлағы шалып қалса) ортақтасады, қуанышына алаөкпе боп жүгіре жөнеледі. Осыдан он бір жыл бұрын менің бір жиыныма кешігіңкіреп келді. Оның сырын кейін есітіп, қайран қалдым. Мен оның орнында болсам, қайтер едім... Өз отбасында орын алған оқиғаға қарамай, істің соңы дұрыс болған соң тойға жүгірген ғой. Сыр білдірмей, күлімдеген жүзімен әсем әнін шырқап, биін билеп, тойдың сәнін кіргізіп кеткен еді. Сөз реті келгенде айта кетейін, Жанардың әншілік қыры өз алдына бір төбе. Дауыс диапазоны мен орындаушылық шеберлігі ортаңқол әншілерді жолға қалдырады. Кез-келген ортада ойып тұрып өз орнын ала білген Жанардың мерейі үстем болуы кісілік келбетінің кірбің шалмағандығында екені даусыз.

Қандай да бір іс-шаралардың басы-қасында жүргенде қызметтік жетістікті тәптіштеп айтудан жалықпаймыз. Тұлға деп тұрғанымыздың тұла бойына тұнған адамдық қасиетке назар аудармаймыз. Адами құндылық азайып бара жатқан қазіргі қоғамда Жанар Жорабекқызының адамгершілік қасиетін дәріптеудегі мақсатымыз қоғамдық көзқарасқа ықпал ету. Рухани байлық - адамдық келбетті қалыптастырады. Оның кемелденуі - білім мен білік, көргенділік пен көрегенділік, ақыл мен парасаттылық. Осынау ұлы қасиеттің бәрін Жанар бір бойына қалай сыйдыра білген, деп ойларсыз. Өйткені, Жанардың бітім-болмысы табиғи адами құндылықтың ассоциациясын құрайды. Ізгілік пен игіліктің жаршысындай адамзат атаулыны пәк көңілімен қашанда құшақ жая қарсы алатын Жанар сыйластық пен татулық, достықтың нәзік жібін жалғай білетін ерекше жан. Біздің отыз жылдан бергі сыйластығымыз сөзімізге дәлел. Жаны таза, жүрегі кең жандардың жанында жүргенін мақтаныш тұту ләзім. Жанардай игі-жақсылар көпке үлгі, өнеге. Оқытушының жас ұрпаққа берер тағлым - тәрбиесі тал бойынан көрініп тұрса, айтар ақыл-өсиеттен мейлінше маңызды әрі ықпалды болары анық. Жанар өзіндік мінсіз адамгершілік қасиетімен де, кішіпейілдігімен де жастарды тәрбиелеуде, деп ойлаймыз.

«Ұлы адамдардың ұлылығы-қарапайымдылығында» дегенді санамызға сіңіріп өссек те астамшылыққа, тәкаппарлыққа бой ұрып қалатынымыз бар. Пендешіліктен жоғары тұру, құрбы-құрдасты жақынындай жаныңа үйір ете білу үлкен кісілік, бекзаттылық. Адамға қуаныш сыйлап, жақсылық тілеп тұруы оның бойына анасының ақ сүтімен сіңгені анық. «Тәрбие- тал бесіктен», деген ғой. Тұңғышы мектепті «алтын белгіге» бітірген қуанышын бөлісе отырып, саған да жұғысты болсыншы, деп қызының қаламсабын ұсынуы да қарапайым халқымыздың ырымы мен Жанардың салт-дәстүрді бойтұмардай сақтауы ғана емес, адамдарға жақсылық болсыншы, деген ізгі тілегі мен тұзу ниетінде. «Ниетіңе берсін!» деген халқымыздың осы бір тіркесінде тілектің тамырындай тәрбие тағлымы жатқан жоқ па?!



Міне, табиғаттың үлкен сыйы - мінез байлығына ие болған Жанар Есеналиеваның адами келбетінің бір парасын ғана жазбамызға арқау еттік. Адамдық келбетіне көлеңке түсіп көрмеген Жанардың жас ұрпаққа сапалы біліммен қатар саналы тәрбиені өзіндік кейіп-кескінімен дәйімі көрсетіп жүргені анық. Ұлағатты ұстаз қасиеттерінен нәр алып өскен өскелең жастың бойына иненің жасуындай болса да ізгіліктің дәні себілетіні даусыз.

Мерейлі мерекесін ғалымдық, ұстаздық жолындағы үлкен жетістіктермен қарсы алып отырған Жанар Есеналиеваға - әрқашан үстем болсын мерейің!-дегім келеді.

### **Қоңырова Ақбота**

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ – дiң доцентi,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушiсi

### **Сұлтанова Бибiгүл**

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ – дiң доцентi,  
филология ғылымдарының кандидаты

## **БОЛМЫСЫ ТЕКТІ ҒАЛЫМ**

Ғылымның, білімнің қазіргі қоғамдағы беделі мен маңызы өлшеусіз артып отыр. Қазақ үшін Барлық уақытта білім ең басты құндылықтардың бірі болды. Сондықтан да «Білімдінің қолында алтын шырақ» деді халқымыз. Білімді аса жоғары бағалаған халқымыз сол білімді беруші ұстазға да құрметі мен ілтипаты ерекше еді ертеректе. Ұстаз болғанда да ол шынымен баланың үміті мен қиялын аялап, көңіліндегі тілегін, жүрегіндегі арманын асқақтата алса, дарынын дамытып, қабілетін аша алса ғана ол шын мәніндегі нағыз ұстаз. Мұндай ұстаздар санаулы-ақ. Сондықтан да Мағжан Жұмабаев «Алты Алаштың игі жақсысы бас қосса, төрдегі орын – ұстаздікі» деді. Осы орайда ұстаздық қызмет және еліміздің ғылыми әлеуетін

көтеру мен білім беру ісінде қатар еңбек етіп жүрген филология ғылымының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті профессоры - Есеналиева Жанар Жорабекқызының ғылыми шығармашылығы назар аударарлық.

Елімізде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, отанымыздың ғылыми әлеуетін дамытуда негізгі күш Ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарына түсіп отыр. Осы орайда іргелі ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген Абылай хан атындағы ҚХҚЖӘТУ профессоры Ж.Ж.Есеналиева ең алдымен қазақ тіл білімі ғылымының дамуына өз үлесін қосқан, ғылымда өз орны бар ғалым.

Филология ғылымының докторы, профессор Ж.Ж.Есеналиева 1961 жылы 16 сәуірде Жамбыл облысы Қаратау қаласында туылған. Мамандығы тіс дәрігері, сегіз қырлы бір сырлы өнерлі, өте мәдениетті, сыпайы, білімді, әнші, тыңдаушысы ұйып тыңдайтын аузы дуалы шешен Өтегенов Жорабек Ералыұлының отбасында дүниеге келеді. «Анам Есеналиева Тұрғын (1938-2010) өте биазы, артық сөзі жоқ, ақылды адам еді. Қолынан бал тамған шебер тігінші болатын» деп еске алады аяулы жан туралы біздің кейіпкеріміз.

Жанар Жорабекқызы атасы жайында «Атам Ералы Өтегенов тоғызқұмалақтан чемпион болған. 1948 жылы Алматы қаласында тоғызқұмалақтан алғашқы республикалық чемпионат өткен екен. «Қазақтың ұлттық ойынына Қазақстанның әр аймағынан танымал өкілдер қатысты. Бірінші орынға жамбылдық Ералы Өтегенов ие болды» - деп жазады Үлкен Совет энциклопедиясы. Өкініштісі Атам туралы мәлемет көп емес. Сол чемпионатта ойын ережелерін жүйелеу мақсатында топ құрылып, оның құрамына жазушы Мұхтар Әуезов, Қалыбек Қуанышбаев және басқа мамандар кірген екен. Осы топтың жұмысының нәтижесінде бүгінгі күнге дейін өзгермеген, республикалық және халықаралық чемпионаттарда қолданылатын ережелер жасалыпты. Мыңдаған жылдық тарихы бар, қазіргі уақытта әлемге әйгілі зияткерлік ойындардың

ішінде ерекше маңызға ие ата-бабамыздан қалған асыл мұраларымыздың бірі тоғызқұмалақтан атам Ералы қазақстанда тұңғыш чемпион болғанын біздің отбасы ерекше мақтанышпен айтады. Апам Өтегенова Дәметкен атамның жағдайын жасаған, бақытым - балаларым деп отбасына қараған ерекше мейірімді жан еді» - деп атасын, апасын ерекше сүйіспеншілікпен еске алады.

Жанар Жорабекқызының нағашы атасы Есеналы да бүкіл ауданда, тіпті облысқа белгілі көкбаршылықпен аты шыққан. Сонымен қатар шебер ұйымдастырушы, аттың құлағында ойнаған шабандоз болған. Ал нағашы апасы туралы «апам Мінәйім Мырзабайқызы мені кішкентайымнан бауырына басты. Үлкен баланы ата-ана тәрбиесіне беретін қазақтың бұрыннан келе жатқан салты бойынша мен де нағашы апамның қолында тәрбиелендім, орта білім алдым. Мінәйім апам халық ауыз әдебиетін жақсы білетін, қисса-жырларды жатқа айтатын, халық әндерін нәшіне келтіріп орындайтын ерекше жан болатын. Менің мамандық таңдауыма, тіл мен әдебиетті таңдауыма бірден-бір әсерін тигізген Мінәйім апам деп ойлаймын» -деп Жанар Жорабекқызы нағашы апасы туралы аса құрметпен, ыстық ықыласпен еске алады.

Біздің ұлтымызда бір жақсы әдет бар. Жас баланың «атамның баласымын», «апамның баласымын» дегені балаға қуаныш, атасы мен әжесіне мерей. Жанар Жорабекқызының балалық шағы Мінәйім әженің құшағында өтеді. Немере бауыры Бақытжан екеуі уайымсыз, қайғысыз еркін, ерке өседі. Немересіне деген мейірімі бүкіл дүниені еріткендей әже шуағына бөленіп бойжетеді. Бұл мейірім текке кетпейді. Сол мейірім, сүйікті бала болудың арқасында Тамды орта мектебін 1968-1978 жылдары оқып, мектепті үздік бітіреді. Мектепте жүріп-ақ оқуға алғыр, шығармашылыққа бейімділігін көрсетеді, түрлі үйірмелерге қатысады.

Үздік оқудың нәтижесінде 1980-1985 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетінде) филология

факультетінің араб тілі бөлімін қызыл дипломға бітіреді. Киелі білім ордасында ғалымның ғалымы, білгірдің білгірі Ы. Маманов, Қ. Мырзалы, Т. Кәкішев, Р. Бердібай, М. Томанов, Т. Сайрамбаев, З. Қабдолов, Р. Нұрғали, А.Қыраубаева, Б. Сағындықұлы, Ж. Дәдебаев, Ж. Түймебаев т.б. тәрізді қазақ әдебиетінің, қазақ тіл білімінің белгілі ғалымдарынан дәріс алады, өнегесін көреді. Дүниедегі ең қиын тілдердің бірі араб тілін, элипті таяқ деп алғаш үйреткен белгілі ғалым, қайраткер - Әбсаттар Қажы Дербісәлі. Білім мен ғылымның алтын ұясы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жас қыздың ғылымға деген құштарлығын оята білді.

1986-1991 жылдары мен Қазақ ҚСР Ғылым академиясы Тіл білімі институтында аспирантурда оқиды. Еш уақытта өзектілігін жоғалтпайтын, маңызы бір мысқал кемімейтін, замана көлеңкесі түспейтін, тарих шаңына көмілмейтін тақырыпта зерттеу жүргізеді. Соның нәтижесінде аспирантураны бітіре салысымен филология ғылымдарының докторы, профессор Б.А.Әбілқасымов жетекшілігімен «Абай шығармаларындағы араб және парсы сөздерінің қолдану ерекшеліктері» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. Ал оппоненті - академик Р.С. Сыздықова. Жас ғалымның зерттеу жұмысын ғылыми орта жоғары бағалады. Олай болмауы мүмкін емес те еді. Орыс тілін ана тілінен де артық білетін, араб тілін жетік меңгерген жас маманның тақырыпты игеретін ішкі мүмкіндігі аса жоғары еді.

Әдеби тілдің тарихында Ұлы Абай шығармашылығындағы араб, парсы сөздерінің мағынасын, қолданылу ерекшелігін асқан білімдарлықпен, айрықша біліктілікпен лингвистикалық тұрғыдан талдап-тарқатып беретін тілші-ғалымдар, бізде көп дей алмаймыз. Солардың бірі біз айтып отырған - Ж.Ж.Есеналиева. Бұл зерттеу жұмысында ғалым Абайдың өлеңдерінің тіліне әр қырынан, атап айтқанда лингвистикалық, этимологиялық, типологиялық, салыстырмалы-салғастырмалы тілдік талдау жасады.

1991-1995 Тіл білімі институтының тіл тарихы бөлімінде (меңгерушісі Бабаш Әбілқасымов) - кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер қызметтерін атқарды. Осы институтта А. Ысқақов, Ә. Қайдаров, Ш. Сарыбаев, Р. Сыздықова тәрізді тіл біліміндегі ай маңдай марқасқалармен бірге жұмыстас кезіндегі түрлі жағдайларды, ғалымдардың өзара әзілдерін аңыз етіп айтқанда, ол өзі бір бөлек тақырып. Бұл ғалымдар өздерінің жүріс-тұрысымен, болмысымен жас ғалымды алға жетелеп, қандай жағдайда да рухы мен үмітін жанып, алыстан бағдар сілтеп жымындайтын да тұратын Темірқазық сынды жұлдызды тұлғалар болды.

Осы институтта ұлт көсемі А. Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы» жинағының 1992 жылы жарық көруіне өз үлесін қосады. Нақтырақ айтқанда, 1914 жылы Орынборда шыққан Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы) 1-жылдық оқулығы және 1925 жылы Қызылордада шыққан Тіл – құрал (дыбыс жүйесі мен түрлері) бірінші тіл танытқыш кітабын төте жазудан қазіргі кириллицаға аударып, баспаға дайындауының өзі ұлт руханиятына сіңірген еңбек деуге болады.

2001 жылдан осы уақытқа дейін Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті, Қазақ филологиясы кафедрасында іргелі ғылыми зерттеулер жүргізумен бірге білім беру саласында да жемісті еңбек етіп келеді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Зауреш Қанашқызы Ахметжанованың жетекшілігімен 2010 жылы «Құрылымы әртүрлі тілдерге тән типологиялық басымдылық» атты докторлық диссертация қорғалады. Докторлық диссертация ұзақ жылдарға созылған еңбектің, қажыр, қайраттың арқасында орындалады. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша қорғағанға дейін «Құрылымы әртүрлі тілдердің салғастырмалы типологиясы» атты монография (2009), жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына арналған «Лингвистикалық типология негіздері» атты оқулығын (2009) жариялайды. Ғалым Жанар Жорабекқызы салғастырмалы

зерттеулер жүргізуде бірнеше жаңалықты негіздейді. Атап айтқанда монографияда алғаш рет құрылымы әртүрлі тілдердің салғастыруда көпөлшемді типологияның негізі салынды. Сонымен бірге араб тілі алғаш рет отандық тіл білімінде агглютинативті-флективті тіл екендігі дәлелденді.

Есеналиева Жанар Жорабекқызының ғылыми зерттеулерінің дені құрылымы әртүрлі тілдерді жүйелі салғастыру мәселелеріне, когнитивтік лингвистикаға және мәдениетаралық коммуникацияға арналған. Бұл бағыттар бойынша 100-ден аса ғылыми еңбектері жарық көрді. Ғылыми жарияланымдар тек отандық журналдарда ғана емес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынаған ғылыми басылымдарда, сонымен қатар барлық ғылым салалары бойынша ең беделді Clarivate Analytics компаниясының Russian Science Citation Index және Emerging Sources Citation Index базаларында индекстелінетін шетелдік басылымдарда жарық көріп келеді. Ғалымның ғылыми еңбектерінің сілтеме индексі бар.

Мақалалардан бөлек Жанар Жорабекқызы бірнеше монографиялары, оқулықтары, оқу құралдары ғылыми қолданыста. «Когнитивтік лингвистика теориясының негіздері» оқулығы (2018), «Салғастырмалы тіл білімі» оқулығы (2020), «Абай және Шығыс тілдері» (2020) монографиясы ғалымның көп жылғы еңбегінің нәтижесі ретінде жарық көріп отыр. Бұл еңбектер жалпы тіл білімінің өзекті мәселелерін, соңғы жетістіктерін өскелең ұрпақтың зердесіне тиімді түрде жеткізетін құнды ғылыми зерттеулер болып табылады.

Жанар Жорабекқызының ғылыми шығармашылығының басты ерекшелігі тақырыптарының (бағыттардың) әржақтылығы, кеңдігі және тереңдігі. Ол тіл білімінің тарихынан бастап, жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, мәдениетаралық коммуникация салаларын қарастырып, олардың бәрін жан-жақты әрі сапалы зерттеген.

Қазіргі күні білім беру жүйесінде ең даулы, ең өзекті мәселе оқулық жазу мәселесі болып отыр. Мектептен бастап,

ЖОО да оқулық, оқу құралдары туралы түрлі қайшылықты пікірлер бар. Осы орайда оқулықтар, оқу құралдарын жазуда Жанар Жорабекқызы отандық және шет елдік заманауи тәжірибелерге сүйене отырып табысты еңбектенуде.

Магистратураға арналған «Типологиялық және салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі мәселелері» атты типтік бағдарламаның авторы. Ж.Ж.Есеналиева қазақ тілінен электрондық оқулықтардың авторларының бірі.

Жанар Жорабекқызы – ғылыми кадрлар даярлау ісінде, ғылым мен білімге ұмтылған жастарға қамқорлық жасап, бағыт-бағдар сілтеп жүрген еңбегі де арнайы тоқталуды қажет етеді. Ғалымның жетекшілігімен 15 тарта магистрлық жұмыс қорғалды. Ұстаз шәкіртін адалдыққа баулып, өмірлік азық боларлық пайдалы білім мен жанына ізгіліктің нәрін себе білсе ұстаз. Жақсы ұстаз Жақсы мен жаманды үйретіп, адамгершілік қасиеттерді сіңірсе, жанашыры әрі ақылшысы, досы әрі сырласы бола білсе студент арасында беделді болары сөзсіз. Сонда ғана ол бүгінгі қоғамды алға сүйрейтін озық ойлы адамның тәрбиешісі деуге болады. Осы орайда Жанар Жорабекқызы студенттерді патриоттыққа баулуға, ел тарихын білуге, елімізді өркендету үшін білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу бағытында да еңбек етуде. Ұстаздың дайындаған студенттері республикалық, қалалық, университетішілік олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болып жүр. Жанар Жорабекқызы кез келген уақытта қабілетті студенттерді түрлі жоғары оқу орындары арасынан болсын, іздеп, тауып жұмыс істеп жүргенін талай көрдік. Оларға өз сабағынан мүлдем басқа, тереңдетілген бағдарламамен тапсырма беріп, тақырыптар беріп, олардың дарынының жарқырап ашылуына сеп болып жүр.

Ғалым еш уақытта болдым демейді. Ол жасқа, уақытқа қарамай еңбек етеді. Абылай хан атындағы ҚХҚЖӨТУ профессоры, филология ғылымының докторы Ж.Ж.Есеналиева тынымсыз еңбектің арқасында Ресей Жаратылыстану академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен, Құрмет

грамотасымен, Қазақстан кіші Ғылым академиясының Мақтау грамотасымен, Қоғамдық марапаттар мен атақтар жөніндегі Республикалық кеңестің «Білім беру саласының үздігі» медалімен марапатталды.

Жанар Жорабекқызы ғылыми жұмыстары мен ұстаздық қызметімен қатар, екі бала тәрбиелеп отырған бақытты ана. Ол жолдасы – Садықов Жасболат Сарсенұлымен Алтын белгі иегері, Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін қызыл дипломға бітірген, Қазір Шанхайда Фудань университетінің магистратурасында оқып жатқан қызы Құралай, Әділер тәрізді ұлды тәрбиелеп отырған тату отбасы.

Міне, Жанар Жорбекқызының осындай сан қырлы қасиеттері жүректе қуаныш пен үлкен құрмет сезімін тудырады.

Құрметті Жанар Жорабекқызы! Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге мықты денсаулық, соны ғылыми шығармашылық табыс, Сізге, отбасыңызға, жақындарыңызға амандық тілейміз!

### **Заурбекова Гүлхадиса**

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ – дің аға оқытушысы,  
филология ғылымдарының кандидаты

### **ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС**

Филология ғылымдарының докторы, профессор Есеналиева Жанар Жорабекқызы – өзінің ұстаздық жолын 1995 жылы Қазақ Заң университетінің аға оқытушысы қызметінен бастады, содан бері ширек ғасырдан астам уақыт өте шықты. Аудиторияны бірден баурап алып кететін сөздерін, жағымды үнін шәкірттердің санасына мықтап ұялата білетін ұстаздың берген әрбір сабағы, оқыған дәрістері ғылым жолындағы ізденіске толы тәжірибесімен астасып жатты. Ы.Маманов, З.Қабдолов, Қ.Мырзалы, Т.Кәкішев, М.Томанов, Т. Сайрамбаев, Р.Нұрғали, А.Қыраубаева, Ә.Дербісәлі, Б. Сағындықұлы, Ж.



Дәдебаев, Ж. Түймебаев сынды керемет ұстаздардан алған білімін болашақ мамандарға сіңіруді мақсат етті. Тіл білімі институтында кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер қызметтерін атқарған Жанар Жорабекқызы Б. Әбілқасымов, А.Ысқақов, Ә.Қайдаров, Ш.Сарыбаев, Р.Сыздықова сынды еліміздің маңдайалды мықты ғалымдарының шеберханасынан шыңдалып шықты. Ол ұлағатты ғалым-ұстаздарының тәлім-тәрбиесі, жинақтаған тәжірибесі бойынша студент жастарды білімді терең алуға, ғылыми ізденіс жұмыстарына бағыттап, жігерлендіріп, ұшқыннан алау маздатып, жалындата түсті. Ж. Ж. Есеналиева жинақтаған тәжірибесін жаңа біліммен ұштастыра алатын, кәсіби қызығушылығы жоғары, танымы биік, бастаған ісінің нәтижесін көре алатын, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізе білетін, педагогикалық процестің заңдылықтарымен етене таныс, оқытудың әдістемелік жаңалықтарынан хабардар, оқыту үрдісін ізденімпаздықпен арттыратын өз ісінің шебері дәрежесіне білімдарлығымен, ізденімпаздығымен, жаңашылдығымен жетті. Егер ұстаздың білім саласындағы, ана тіліміздің өзекті мәселелері, болашақ мамандардың келешегі үшін жанын сала еңбектеніп, ізденіс жолында талмай, үнемі қанаттанып жүруінің түп-тамырына үнілсек, үлгілі де білімді ата-ананың тұңғышы ретінде жыр-қиссаны жатқа айтып, қара өленді төгіп, ертегілеріне ұйытып отыратын ақылман Мінәйім әжесінің бауырында өсуінде, Тамды ауылындағы орта мектепті де, Алматы қаласындағы ҚазМУ-дің шығыстану факультетін де үздік бітіріп шығуында, аяулы ұстаздарының сөздерін зердесіне сіңіріп, көкейіне қондыра білуінде әрі оларға еліктеп өскен ерекше шәкірт бола білуінде деп көптеген мысал келтіре алар едік.

Ж.Ж. Есеналиева 2001 жылдан бастап Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінде еңбек етіп келеді. Жұмыс барысында өзін білімді, адал қызметкер, кәсіби әрі шығармашыл ұстаз ретінде көрсете білген ұстаз оқыту процесін ұйымдастырудағы кәсіби шеберліктің, шығармашылық бастаманың жоғары деңгейін

меңгеруімен ерекшеленді. Тіл білімінің жаңа бағыттарын дамытуға үлес қосқан ғалым-оқытушы 2012-2013 оқу жылы университетте жаңадан ашылған лингвистика теориясы және коммуникация кафедрасында теориялық пәндер бойынша да көптеген еңбек сіңірді. Сол оқу жылы алғаш жүргізілген когнитивтік лингвистика, мәтін лингвистикасы, лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация теориясы, әлеуметтік лингвистика, стилистика, дискурс теориясы және типология сынды теориялық пәндер бойынша әдістемелік кешенді әзірлеуге қатысты. Ол қазір дәріс беретін «Салғастырмалы тіл білімі», «Жалпы тіл білімі», «Қазақ тілі» пәндерінің ерекшелігін ескере отырып, қазіргі заман талаптарына сәйкес студенттерге білім беру ісін ұтымды түрде жүзеге асыруда.

Ж.Ж. Есеналиева білім берудің дамыту стратегиясын, заманауи тұжырымдамаларды, технологияларды, оқу процесін басқарудың теориялық және практикалық негіздерін жақсы біледі. Ол студенттерге білім беру ісіне шығармашылықпен қарайды, іс-тәжірибеге озық педагогикалық технологияларды: оқытудың ұжымдық және топтық тәсілдерін, сындарлы ойлауды дамыту стратегиясын, оқытудың зерттеу әдістерін, жобалармен жұмыс жасауды пайдаланады, студенттердің қызметін бағалаудың әртүрлі стратегиясын енгізе отырып, шебер қолданады. Ғалым-ұстаз белсенді оқытудың формалары мен әдістерін әзірлеп, оларды табысты түрде жүзеге асырады, сабақ жүргізетін пәндері бойынша эксперименталды тапсырмаларды құрастырады. Ол студент тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оның әлеуметтенуіне ықпал етеді, білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға жәрдемдеседі, студенттерінің жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен бейімділігін зерттейді, оқытуда сараланған тәсілді оңтайлы ұйымдастырады.

Профессор Ж. Ж. Есеналиева «Салғастырмалы тіл білімі», «Жалпы тіл білімі» пәндерінің жаңа әдістемелерін әзірлеуге жетекшілік етеді, оларды сынамадан өткізу бойынша жұмыстар

жүргізеді; белсенді оқытудың нысандары мен әдістерін әзірлейді және оларды табысты қолданады, оқу-тәрбие процесінде тұрақты түрде оң нәтижелерге қол жеткізіп отырады, білім алушылардың білім сапасының тұрақты өсуін қамтамасыз етеді. Ұстаз сабақта білім алушылардың танымдық белсенділігін көрсетуі үшін барлық жағдайды жасайды: проблемалық жағдаяттарды, студенттердің субъективті тәжірибесін ашуға мүмкіндік беретін оқу қызметін ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен әдістерін пайдаланады, әр білім алушының аудиториялық жұмысқа қызығушылығын арттыру үшін қолайлы ахуал орнатады, әр студенттің өз жұмыс тәсілін табуға деген ұмтылысын қолдап отырады. Осылардың барлығы Жанар Жорабекқызы дәріс жүргізетін студенттік топтардың жоғары көрсеткішті үлгерімге қол жеткізуіне ықпал етеді.

Ж.Ж. Есеналиева жинақтаған тәжірибесін үнемі республикалық және халықаралық деңгейдегі конференциялар мен семинарларда баяндама жасап, ашық сабақтар мен аудиториядан тыс іс-шаралар өткізіп қорытындылап отырады. Ол өзінің ғылыми педагогикалық тәжірибесін жинақтап, тек университет көлемінде ғана емес, сонымен қатар Скопус базасында индекстелген халықаралық басылымдарда (4 мақала), өзге базаларда индекстелген халықаралық басылымдарда (5 мақала), ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдар және басқа басылымдарда (113 мақала) жариялай білді.

Жанар Жорабекқызы магистранттарға арналған «Типологиялық және салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі мәселелері» атты типтік бағдарламасының авторы. Ол «Қазақ тілі» электрондық оқулығын жазып шыққан авторлардың бірі. Сонымен қатар, ғалым-ұстаздың «Лингвистикалық типология негіздері» атты оқулығы (2009) жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарға арналған.

Жанар Жорабекқызының ғылыми шығармашылығының көбі құрылымы әртүрлі тілдерді жүйелі салғастыру мәселелеріне, тілдердің көпөлшемді типологиясына, когнитивтік

лингвистикаға және мәдениетаралық коммуникацияға арналған десек, осы бағыттарда 100-ден аса зерттеу жұмыстары жарық көрген. Атап айтқанда, «Құрылымы әртүрлі тілдердің салғастырмалы типологиясы» атты монография (2009), жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарға арналған «Лингвистикалық типология негіздері» атты оқулығы (2009), «Когнитивтік лингвистика теориясының негіздері» оқулығы (2018), «Салғастырмалы тіл білімі» оқулығы (2020), «Абай және Шығыс тілдері» (2020) монографиясы ғалымның көп жылғы ізденістерінің нәтижесі. Ғалым ұстаздың жалпы тіл білімінің өзекті мәселелеріне, соңғы жетістіктеріне қатысты еңбектері білім алушылардың қызығушылығын тудыратын, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында сүйеніп, негізге алатын құнды әдебиеттері.

Жанар Жорабекқызы ұстаздық қызметін жетілдіру мақсатында әртүрлі бағыттарда белсенді жұмыс істейді, ол өзі дәріс жүргізетін пәндер бойынша оқу бағдарламаларын әзірлейді және сынамадан өткізеді, кафедраның ғылыми жоба жұмыстарына белсенді қатысады. Ұстаз заманауи ақпараттық технологияларды жетік меңгерген және оларды оқу процесінде табысты пайдаланады, оқу ақпараттық бағдарламаларын тек сабақтарда ғана емес, сонымен қатар оқу процесіне электронды оқу бағдарламаларын енгізе отырып, белсенді қолданады.

Жанар Жорабекқызы – ғылыми кадрлар даярлау ісінде үлесін қосып келе жатқан ғалым-ұстаз, осы кісінің жетекшілігімен 10 аса магистрлік жұмыс қорғалды. Ол - жас мамандардың тәлімгері, республикалық деңгейде ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де ашық сабақтарын, шеберлік сыныптарын өткізіп келеді.

Жанар Жорабекқызы болашақ мамандардың тәжірибелік дайындығына, олардың шығармашылық белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамытуға бағытталған жұмыстарда да айтарлықтай табыстарға қол жеткізеді, белсенді оқытудың формалары мен әдістерін қолданады; білім

алушылармен зерттеу жұмысын ұйымдастыра алады; оқу-тәрбие процесінде тұрақты түрде оң нәтижелерге қол жеткізіп отырады.

Жанар Жорабекқызы тәртіп пен жауапкершілікті жоғары қоятын тұлға. Ол жоғары кәсібилігі, жоғары білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру міндеттерін шешуде жоғары нәтижелілігі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатына ие болды, Қазақстан кіші Ғылым академиясының Мақтау грамотасымен, Қоғамдық марапаттар мен атақтар жөніндегі Республикалық кеңестің «Білім беру саласының үздігі» медалімен марапатталды.

Хакім Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген сөзі өмірлік ұстанымына айналған, өзінің мол тәжірибесі мен терең білімін ұштастыра білген, әр шәкіртіне мұқият, әр сабағына сыни көзбен қарап, баға беріп, саралап, келесі сабақтарымен ұтымды ұштастырып, сабақтастыра білетін, уақытымен санаспай, бағытынан адаспай ұстаздық етіп келе жатқан ұстаз-ғалым әріптесім, филология ғылымдарының докторы, профессор Есеналиева Жанар Жорабекқызы дәл бүгін де ізденісте, кезекті дәрісіне қызу дайындық үстінде. Әріптестері арасында айрықша ықыласқа ие, ақжарқын мінезді, еңбекқор, қазақ тілінің шынайы жанашыры, ғалым-ұстаз. Жанар Жорабекқызына «Өміріңіздің айтулы белесі – 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Елімізге жақсы мамандарды даярлау, қазақ тілінің өзекті мәселелерін зерттеу саласында әлі де толағай табыстарға жете беріңіз! Көзіңіздегі от, жүрегіңіздегі жылу шәкірттеріңізге дарысын! Өрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!» дегім келеді.

## II-тарау.

# ПРОФЕССОР ЕСЕНАЛИЕВА ЖАНАР ЖОРАБЕКҚЫЗЫНЫҢ ТАҢДАМАЛЫ ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРЫ

## 1. ҰЛЫ АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ТІЛДЕРІ

### 1.1. «Абай тілі сөздігіндегі» араб, парсы сөздерінің берілуі

Ұлы акынның тілін танып - білу саласындағы үлкен ғылыми жұмыстың бірі – «Ғылым» баспасынан 1968 жылы шыққан «Абай тілі сөздігі». Сөздік М.Әуезовтың басқаруымен 1957 жылы халық көрген Абайдың екі томдық шығармалар жинағы тексті бойынша, түсіндірме сөздік үлгісімен жасалған. Сөздікте Абай қолданған 6000-ға жуық жеке дара сөзге анықтама беріліп, мағынасы сараланып, түсіндірілген, әр сөзге қажетті мысалдар, сөз тіркестері, сөз тұлғалары тізілген. Ұлы акынның шығармаларында қолданыс тапқан сөздердің бәрі дерлік Абай заманында да, қазіргі тілімізде де қолданылатын сөздер, сонымен бірге бұл сөздікте акын туындыларында кездескенімен, осы күнгі тілімізден шығып қалған сөздер тобы да түгелімен қамтылған. Сөздік «Абай шығармалары өлеңмен де, қара сөзбен де жазылғандықтан сөздерге берілетін сипаттамалар да стиліне орай, олардың қолдану еркшеліктерін саралап ашуды нысана тұтқан» [1,19].

Енді ұлы акын туындыларында көптеп кездесетін араб және парсы сөздерінің «Абай тілі сөздігіндегі» көрінісі дегенге келетін болсақ, бұл ретте белгілі шығыстанушы, арабист Ә.Дербісалиевтің «Бір өкініштісі сол Абай біліп, түсініп қолданған араб, парсы сөздерін оның шоқтықты шығармаларына жазылған түсініктемелерде біз дұрыс көрсете алмай келеміз» [2].

«Абай тілі сөздігін» бастан-аяқ шолып шыққанымызда не бары 341 сөзге араб, парсы сөзі деген белгі барын айта кеткеніміз жөн. Бұл, әрине, ақиқаттан алшақ. Себебі көптеген араб және парсы сөздері қазақтың төл сөзі деп танылған. Мысалы, *амал, береке, әдет, талап, заман, адал, нұр, сабыр, қызмет, уақыт* т.б сөздер шығу тегі араб, парсы сөздері болса да, ол туралы ештеңе айтылмаған. Жарайды, бұл сөздер фонетикалық өзгеріске ұшырап, қазақ тіліне етене болып кеткен сөздер делік. Ал «мен мұндалап» тұрған араб, парсы, сөздерінің өзі де қазақтың төл сөзі боп көрініс тапқан. Оларды да атап өткеніміз абзал. Мысалы, «Абай тілі сөздігінде» *мехнат, шаригат, ғұлама, хауып, күпір* сөздеріне де араб сөзі деген белгі қойылмаған. Тіпті бір сыңары араб, екіншісі парсы сөздерінен құралған *әсемпаз, әуесқой, бәлки, бейғам, бейкүнә, бейхабар, адамзат, бейшара, намазшам, күнәкәр, қамқор, патша, яки, құмарпаз* т.б сөздер де аталмыш жинақта қазақтың төл сөзі болып көрсетілуі, әрине, шындыққа жанаспайды.

Сөздікте Абай өз туындыларында дұрыс пайдаланған араб, парсы сөздерінен құралған «шаһбаз» лексемасын - парсы сөзі, мағынасы «сабаз, ер, патшадай» делінген. Дұрысында, бұл тіркестің бірінші «шаһ» - арабтың патша сөзі де, ал екінші сыңары «баз» - парсының сұңқар, қыран сөзі. Ұлы ақын қазіргі қазақ тілімізде *сабаз* болып кірігіп кеткен, адамның қасиетін білдіретін сөздің түп нұсқасын пайдаланып отыр. Сондай-ақ, сөздіктің 425- бетінде «ләп» сөзін - араб сөзі деп «ерін» болып аударылған. Арабтардың әдеби тілінде ерінді «шафат» дейді, ал «ләп» ерін мағынасында парсы тілінде кездеседі.

Кейбір араб, парсы сөздерінің сөздікте дұрыс транскрипциясы берілгенімен, аударылуы дұрыс емес. Мәселен, 680-бетте «*хадиб*» деген сөз беріліп, аудармасы «пайғамбардың айтып кеткен өсиет сөздері» деп көрсетілген. Бұл сөздің дұрыс аудармасы « пайғамбардың өмірінен, әдет ғұрпынан әңгіме, аңыз» болуы керек еді *خديده* [*хадийс*] - /рел. рассказ из жизни

пророка/. Сондай-ақ, сөздікте «*аят*» сөзіне сөздіктің 86 бетінде «құранның қағидасы» деп түсініктеме берілген. Бұл да көңілге қоныңқырамайды. Аят- құран сүресіндегі жеке шумақтар емес пе? *اية* - [айат] - /рел. стих Корана/.

Сөздіктің 448 бетінде «*мұбада*» деген сөз беріліп, аудармасы «егер, бір себеппен» деп көрсетілген. Бұл арабизмнің транскрипциясы бұрмаланып жазылуымен қатар, тәржімесі де дұрыс емес. Тіпті бұл сөз қазақтың төл сөзі болып танылған. Анығына келсек, [мұбада] - *مبداة* яғни /бастама, инициатива/ [Бұдан былайғы жерде араб сөзінің нақ аудармасын арабша-орысша сөздіктен алғанымызды ескертеміз]. Бұл сөздің түбірі [бад‘а] *بدا* / бастау/ етістігі болып шығуы тиіс еді.

Сөздікте бұл сияқты дұрыс түсініктеме берілмеген сөздер өте көп. Сөзіміз нақты болу үшін тағы мысалдар келтірейік. Мәселен, «ғафил» сөзі сөздікте «өкінушілік, опық жеушілік», ал ол арабтың ынтасыз, салғыр - салақтық *غافل* – [ғафил] / невнимательный, небрежный, беспечный/ деген сөзі.

Сөздікте «*мазлұм*» сөзі «момын, зұлым емес» боп аударылған, ал ол сөз «зәбір көруші, қорлық көруші» *مظلوم* [мазлум] - /угнетенный/. Сондай-ақ «*әзәли*» - «табиғи, әуелгі, ежелгі» боп түсіндірілген. Ал ол сөз арабтың «мәңгілік» деген сөзі *ازلى* - /вечный/. Ал «*жаһил*» сөзі «залым, жамандық істейтін адам» деп берілген. Оның аудармасы “ақымақ” емес пе? *جاهل* – /1. невежественный, 2. глупец, невежда, неуч/.

Ал аталмыш сөздікте кейбір сөздер керісінше аударылған. Мәселен, «*ғұрур*» сөзі – «алдаушы, өтірікші, жалғандық» *غرور* - обманывающий, обманчивый, ложный/, ал сөздікте - «алдаушылық, бекерге сенушілік, менмендік” . Сондай-ақ, «*табиғ*» сөзінің араб тіліндегі мағынасы - біреуге еруші. *تابع* - / идущий вслед/. Ал бұл сөздіктегі тәржімесі мүлдем теріс «еруші» емес, «ертуші».

Сондай-ақ, сөздікте бір сөзге екі түрлі анықтама берілген тұстар да кездеседі. Мысалы, «*сахиб*» сөзі 531-бетте «қожа»



боп аударылған, сол бетте «сахаба» сөзі – «дос, дос-жолдас» боп түсіндірілген. Ал шындығына келсек [сахиб] صاحب /1. спутник 2. товарищ, друг, приятель/. Яғни, «дос, жолдас», ал «сахаба» сөзінің түбірі «сахиб» сөзімен бір болғанымен, оның аудармасы дінге байланысты басқа мағына береді: [сахаба] صحابة - /рел. Сподвижники Мухаммеда/. Абайдың өз творчествосынан мысал келтірейік:

Пайғамбарымыз... “ақыр заманда бір жылдық, бір күн болар” дегенде сахаба - “кәрәмлар” бұл бір жылдық күнде намаз нешеу болар” деп сұрапты.

“Сахиб” ниғметке шүкірлігің жоқ болса әдепсіздікпенен күнәкәр болмайсың ба?

Сондай-ақ, «Абай тілі сөздігінің» 99-бетінде «*әһли*» деген сөзді «кітап» сөзімен тіркес алып, оған «кітаби», «қауымдық» деп түсінік берілген. [Әһли] арабтың اهلى - /народный, национальный, гражданский/ деген сөзін береді. Соған қарағанда, Абай «*әһли*» сөзін «*катиб*» - «жазушы» сөзімен тіркестіріп алған сияқты. Абайдың өз сөзімен айтсақ:

Күллі махлұқ өзгерер, алла өзгермес,  
*әһли катиб*! (кітап емес- Е.Ж.) бұл сөзді бекер демес.

Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен.

Бос сөзбен қастаспай түзу келмес.

Осылай болса, Абайдың айтпақ ойы оқушы қауымға түсінікті болар еді. Енді Абайдың жас шағында жазған бір шумақ рубағиына келейік.

Фаули, Шамси, Сәйхали

Новои, Сағди, Фирдоуси.

Хожа Хафиз - бу һәммәси

Мәдәт бер шағири фәрияд

Осы рубағида қазірігі ұғымға түсініксіз «*бу хәммәси*», «*мәдәт*», «*шағири*», «*фәрияд*» сөздерінің сөздіктегі көрінісі қандай? Алғашқы екі сөз жинақта дұрыс тәржімеленсе де, «*шағири*» сөзі «ақындар» болып көрініс тапқан. Арабша «ақын»

сөзі شاعر - [ша‘ир], ал көпше түрі شعراً [шу ара], ендеше «шағири» «ақындар» болып аударылмаса керек. Ол сөздің ғылыми транскрипциясы [ша‘ ири] яғни «менің ақындарым» деп тәржімеленсе дұрыс болар еді. Араб тілінде сөз соңында жалғанатын «ى» – «и» сөзге тәуелдік мағына үстейді. Соңғы «фарияд» сөзіне келетін болсақ, «Абай тілі сөздігінде» ол парсы сөзі делініп, «тілек, сыйыну түріне айтылатын зар, үн» деп түсініктеме берілген. Парсыларда ондай сөздің бары рас, бұл сөзі біздіңше парсы сөзі емес, «фурада» немесе «фурадан» فرادا فرادى, яғни, «бір-бірден, біріңнен соң бірің» деген араб сөзі болса керек. Енді текстің өзіне келер болсақ:

... Мәдәт бер шағири фурадан, - деп жазып, мағынасын «Ақындарым, әр қайсың маған кезектесіп жәрдем бер» деп аударсақ, сауатты да, мағынасы да көңілге қонымды болар еді.

Абайдың шығармаларында көптеп кездесетін «ғәділет», «әділет» сөздері жөнінде «Абай- ұлттық әдеби тілдің негізін қалаушы» деген мақаласында С. Исаев айтқан пікір өте орынды. «Абай байырғы мол сөздердің сан түрлі сырын ашып соны мағынада қолдану арқылы ұшқыр ой, кәнігі образ берумен бірге, тілімізге шығыс халықтарының тілінен енген сөздердің дублеттік жұбын әр мәнде қатар қолданып та ерекше экскурсия жасайды. Мысалы, әділетпен қатар қолданып ғәділетті жарыстыра жұмсау арқылы «Абай тілі сөздігінде» берілгендей екеуін бір мағынада емес, олардың мәнін ажыратып, ғәділетті дегенді ақ, турашыл мәнінде, әділет дегенді адал, шындық мәнінде жұмсаған» [43,162].

Осынша ақымақ болғаным:

көрінгенге қызықтым.

*Ғәділетті* жүректің

*әділетін* бұзыппын

Сондай-ақ, «көпшілік, халық, жұрт» мәнінде Абай «жамигат» сөзін қолданады да, «жамағат» дегенді «ағайын, туыс» мәнінде жұмсайды.

«Ол сипаттар лағаирууэләһуә» болып, бұлай айтуда бұлардан өз алдына *жамағат* яки *жамигат* шығып кетеді». «Абай тілі сөздігінде» бұл екі сөзді де «көпшілік, халық, жиылған жұрт» мәнінде берген.

«Жаһат» Абай тілі сөздігінде араб сөзі болып, аудармасы «ниет, ықылас, ынта» деп берілген. Бұл сөз біздің ойымызша *جَاهَات* [джаһат] парсы тілінде кездеседі. Мағынасы «сторона, направление» қазақшасы «жақ».

Ғылым - білімді көбейтуге екі қару бар адам ішінде: бірі мұлахазе қылу, екіншісі мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту *жаһатінде* болу керек.

Орайы келгенде айта кеткен абзал, бұл сөзге қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде “жақ” үстеу сөз деп анықтама берілген.

Бұл ойымызды сөздіктің 4 - томының 30-бетінде «*жаһатта*» сөзіне «жақта», «*жаһаттас*» сөзіне «жақтас» сондай-ақ, «*жаһаттау*» сөзіне «жақтау» деп берілген анықтамалар дәлелдей түскендей.

«Абай тілі сөздігі» жинағының соңында (730-734 беттерде) «Абай шығармаларында кездесетін, бірақ қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын араб, парсы сөздері» атты сөздік берілген. Ол сөздікте де біршама қателер бар. «*Әтә мурун әннәсә билбирри уа әхсину иналлаха иухиббул мухсинин*» деген тіркестің сөздіктегі ғылыми транскрипциясы да, тәржімесі де теріс. Сөздікте ол «адамға ізгілік істеуге бұйырыңыз, өйткені Алла ізгі сипаттарды сүйеді» деп көрсетілген. Осы тіркес туралы Ә.Дербісалиев өзінің «Ортақ міндет», Абай шығармашылығындағы араб сөздері дұрыс түсіндіріліп жүр ме? деген мақаласында, дұрыс аударманы көрсетеді: «*Ата марру аннаса би и бирри уа ахсану инне Аллаха йухиббу л-мухсинин*» яғни, «жұртқа жақсылық істеушіні жақсы көреді» болып берілуі керек еді» [2,17]. Бұған біз толықтай қосыламыз.

«Абай тілі сөздігінде» бір топ араб сөздеріне «қ» деген

белгі қойылған. Ал ол белгі туралы аталмыш сөздіктің өзінде мынадай анықтама берілген. «Араб және парсы тілдерінен тұтасымен алынған тұрақты тіркестердің құрамында келетін сөздерге жеке-жеке анықтама берілмей, оларға қосымша ғана түсінік берілді. Реестр сөзінің анықтамасының орнына «қ» деген белгі арқылы сілтеме жасалып, сөздің аты қойылды. Мәселен, «*дәфғы*» деген қ. *жәліб...* *мұзарат* деген тіркестегі ұғыммен байланысты түсінікті қараңыз деген ишарат» (Абай тілі сөздігі. 1968,15). Бұдан біз *жәліб* және *мұзарат* сөздерінің анықтамасын қарадық, бірақ ешқандай тәржіме жасалғанын көре алмадық. Сөздіктің өзіне келейік: 445-бетте «*мұзарат қ.жәліб манфағат...*» деп қана қойылған. Сөздікте осындай «қ» арқылы сілтеме жасалған сөздер өте көп. Мысалы: *уәәхсану, халидун, фатиха, уағалейқумуссәләм, тәхсил, тасдих, табарака, мүбәшара, тәфәккару, уәлләзинә, йухиббу, залимин, ғамалус, билбирри, әннәс, атамурун, мұхсиниң, йухиббул,әлинсан,ләһу, әсмаһи, ләма, ағламланған, заһри, ғалайһи, мақситин* т.б. сөздер. Ал бұл сөздердің өздері жеке-жеке мағына беретін лексемалар. Сөзімізді түйіндей келгенде, “Абай тілі сөздігіндегі” араб, парсы сөздерінің аудармасында келгенде мынадай мәселелерді айтқымыз келеді:

1. Кейбір араб және парсы сөздерінің ғылыми транскрипциясы дұрыс берілмеген.
2. Кей сөздердің мағынасы дұрыс ашылмаған.
3. Кей сөздер керісінше тәржімеленген.
4. “қ” арқылы сілтеме жасалған сөздер тіпті аударылмаған.
5. Абай туындыларындағы араб және парсы сөздерінің қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтындары көрсетіліп, қазақ тіліне ертеректе назардан тыс қалған.
6. Сөздікте Абай шығармаларындағы арабизмдер мен фарсизмдердің көбі қазақтың төл сөзі боп танылған.

Жалпы алғанда, «Абай тілі сөздігіндегі» араб, парсы сөздерінің бірсыпырасы дұрыс тәржімеленіп, ғылыми

Лингвистиканың өзекті мәселелері \_\_\_\_\_

транскрипцияланған, Абай шығармаларында қолданған төл сөздерімізбен қатар араб, парсы сөздерін рет-ретімен тізіп көрсеткен, оларға тиісті анықтама беріп жан-жақты сипаттаған. Ол дұрыс тәржімеленген сөздерді айтсақ: сиддиқ, сәмиғ, сәлім, иғтиқат, шарх, ниһаят, қираәт, ғафу, батыл, ихсан, кәрәм, қадим, кәлем, истанжа, мәтбух, зидди, мәдіх, инсан, батин, ләкин, жұмле, ғауам, басар, әсмаһи, бала'и, ирада, магрифат, ғазим, ғайри, ғәфләт т.б.

Бұл сөздердің дұрыс аударылуы сөздіктің Абай творчествосындағы араб, парсы сөздерін зерттеп, түсіндіру жолындағы үлкен жетістігі.

Дей тұрғанмен, біз жоғарыда көрсеткен кемшіліктер сөздіктің келесі басылымдарында ескерілгені мақұл демекпіз.

Қазақстан Ғылым Академиясының

Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1992, 6/78/.44-48 б.б.

#### Әдебиет

1. Абай тілі сөздігі. Алматы, 1968.
2. Қазақ Совет инциклопедиясы. Алматы, 1 том.
3. Дербісалиев А. Ортақ міндет // Лениншіл жас, 1978, 17 ақпан.

## **1.2. Абай шығармаларының тілдік дүниетанымдық сипаты**

Заманауи лингвистикада «адам және тіл», «тіл мен мәдениет», байланысын когнитивтік тұрғыдан қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Адам, тіл және мәдениет үштігі бір-бірімен тығыз байланыста ғана емес, олар сонымен қатар бір-біріне тікелей әсер етеді. Тіл біріншіден - мәдениеттің айнасы, ақпаратты жеткізу құралы болса, екінші жағынан мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөлігі.

Әрбір этностың мәдениетін, салт-дәстүрін, тарихын, дүниетанымын сол халықтың ұлттық тілімен бірлікте қарау

мәселесі лингвистикада өзіндік орны бар когнитивтік лингвистиканың мақсат-міндетінің бірі. Қазіргі кезеңде тіл ғылымында антропоцентристік бағыт ерекше дамып отыр. Бұған дейін ғылымизерттеулердің көпшілігінде тілдің құрылымдық жүйесіне мән беріліп келсе, қазіргі таңда тілді жаңаша кешенді түрде зерттеу, соның ішінде тілдің танымдық қызметіне, когнитивтік бағытқа баса назар аударылып отыр.

Абай тіліне когнитивтік талдау жасау негізінде жалпы қазақ халқының сонымен қатар тілдік тұлға Абайдың өзінің санасындағы әлемнің бейнесін, айнала қоршаған ортаның болмыс-бітімін тұтастай тануға болады. Тілдің болмысы мен табиғатын толыққанды тану үшін сол тілді жасайтын адаммен біртұтас қарау керек. Осы принципті басшылыққа алу заманауи антропоцентристік парадигма бағытының басты мақсаты болып табылады.

«Поэтикалық және қара сөзбен жазылған философиялық мазмұнға толы шығармадағы тілдік жүйенің құрылымын, ұлттық тілдің табиғатын шынайы танудың бір жолы-тілдік таңбаларды, оны құрайтын элементтерді, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде қарау болса, екінші жолы-олардың тілдік емес құндылықтарымен, яғни ақиқат өмір, ойлау, танымдық тұрғыда бір-бірімен тығыз байланыста қарау болмақ. Ал бұл тұрғыдан алғанда, көркем поэтикалық және қара сөзбен жазылған шығарма, ондағы тілдік бірліктер ақиқат өмірді, яғни ойлау мен тілді ұштастыратын категория ретінде танылады. Адамның когнитивті дүниесі оның ойлау әрекетінен көрінеді десек, сол әрекетті танытатын негізгі белгі оның тілі болып табылады» [3,11].

Абай шығармаларының тілінің қамтитын тақырыбы да, қолдану аясы да кең, сондай-ақ алуан түрлі, адамдар арасындағы коммуникативтік қарым-қатынастың сан қырлы жақтарын қамтиды. Абай шығармаларының негізі әлемді өз санасының елегінен өткізе отырып, дүниетаным моделін жинақтаған

тұлғаның ерекше сипатын аша түседі. Абай шығармалары мәтіндерін мынадай танымдық жіктемелерге бөлуге болады:

Адам мәселесіне байланысты дүниетаным (жақсы адам, сотты адам, даугер адам, байқаған адам, т.б);

- адамды қоршаған табиғатпен байланысты дүниетаным (тұман, жел, шаң-тозаң, т.б);

- ақын өмір сүрген қоғаммен байланысты дүниетаным (бай, кедей, болыс, атшабар, үкімет т.б);

- адам сезімімен байланысты дүниетаным (сағыныш, махаббат, ғашықтық т.б);

- философиялық дүниетаным (дүние - үлкен кел, заман - соққан жел).

Этномәдени байланыста өзінің ұлттық ерекшеліктерін өзге этностарға таныстырумен қатар өмірдің ерекшеліктерін бағамдап, өмірге өзіндік баға беру қазақ тарихында ерте замандардан басталады. Осындай дәстүрді Абай да сақтаған.

Өмір, дүние дегенің

Ағып жатқан су екен [1,182].

Заманауи лингвистикасында тілді ұлттық таным коды тұрғысынан зерделеу ерекше қолға алынып отыр. Әр ұлт қоршаған әлемді өзінше танып-біледі, әрбір ұлттың адам баласына тән ішкі және сыртқы құндылықтары, өзіндік менталдық ерекшеліктері сол этностың тілімен тығыз байланысты. Ұлттық тіл түрлі дүниетанымдық құрылымдардан, сан алуан лексикадан, мол сөздік қордан тұратыны белгілі. Сондықтан соңғы уақытта тілдің тек құрылымдық жағын ғана зерттемей, дүниетанымдық тұрғыдан кодтау, танымдық тұрғысынан қарастыру бүгінгі қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың негізгі нысаны. Яғни, қазіргі уақытта тілдің танымдық қызметін жіті зерттеудің қажеттілігі туып отыр. Бұл процесс тіл мен адам санасын бір тұтастықта қарастырады. Адамзат өзін қоршаған әлемдегі құбылыстарды, шындықты қабылдайды, ақпаратты өзінше танып, білімді меңгереді, талдайды, өңдейді,

қорытады, баға береді, тәжірибеде қолданады яғни әлемнің тілдік бейнесін жасайды және оны келесі ұрпаққа жеткізеді. Әлемнің бейнесін жасайтын дүниетанудың басты құралы – тіл. Әр тіл ең алдымен өзіне қатысты, өзі өмір сүретін ұлт әлемін сипаттайды.

Тіл - ұлттық дүниетаныммен тығыз байланысты. Әр этностың тек өзіне ғана тән дүниетанымдық түсініктері болады. Қай ұлт болмасын, қай этнос болмасын әлемді өзінше таниды, әлемнің тілдік бейнесін өзінше жасайды. Ол халықтың бірқатар ерекшелігіне байланысты:

1. Қоршаған ортасына, географиялық орнына;
1. Халықтың тарихына;
2. Әдет-ғұрпына;
3. Салт-дәстүріне;
4. Менталитетіне;
5. Ментальдық ерекшелігіне,
6. Халықтың психологиясына.

Сонымен адамның әлемге көзқарасы әлемнің тілдік бейнесін жасайды, әрбір жеке тілде көрініс тапқан әлем моделі жалпы ұлттық әлем бейнесіне ұласады. Әрбір жеке ұлт тілдің негізінде әлем бейнесін өзінше ерекше кескіндейді. Тіл субъектісінің санасындағы ақиқат дүниенің картинасы, ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы берілетін дәстүрлі білімдер жүйесі – **когнитивтік код** пайда болады. Кез-келген елдің ұлттық коды сол халықтың тіліне, оның мәдениеті, дәстүрлері мен дініне негізделген. Осы элементтердің ерекше үйлесімі кез-келген ұлт үшін ерекше ұлттық код жасайды. Бұл факторлар біздің еліміздің ұлттық кодын қалыптастыруға да әсер етті. Ұлттық кодымыз толеранттылық, икемділік, басқа этностарға және басқа діндерге деген құрмет қасиеттерін біріктіреді.

Белгілі Абайтанушы М.Мырзахметов: «...Енді жаңа дүниетаным тұрғысынан ойлап қарағанда, Абайдың әдеби мұрасы мен ақын дүниетанымын танып білу жолында



жүргізілетін бүгінгі ғылыми зерттеу жұмыстарымыз қандай бағыт бағдарда болатындығын айқындауға аса басым түрде мән беретін уақыт келді. Абайтану саласында 125 жылдық мерзімде жазылған өткендегі ғылыми творчестволық зерттеулерге де осы жаңа дүниетаным тұрғысынан қарап, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізге де сын көзімен қарап, бағалайтын боламыз. Бұл дегеніміз орасан зор қиын жұмыс болса да, қолға алатын тікелей парызымызға айналып тұр» [4,32] - деп көрсетеді.

Абай ұлттық дүниетанымды, қазақ халқының басқаларға ұқсамайтын өзіндік ерекшелігін, өмір сүру дағдысын, адамды және оның өз тіршілігіне деген көзқарасын өз шығармалары бойында көрсетеді, кейде сынап та алады. Мәселен Абай қазақ халқының мол қазынасы – мақал-мәтелдердің кейбірін танымдық тұрғыдан талдайды. Ол өзінің бесінші және алтыншы кара сөздерінде қазақтың кей мақал-мәтелін сынаған, олардың тереңіне үңіліп, мән-мағынасын ашып көрсеткен.

«Абайдың тілі зерттеліп келді дегенге екі түрлі ұғымды сыйғызуға болады, - дейді белгілі ғалым, Абайтанушы, профессор Рәбиға Сыздықова, - бірі ұлы қаламгердің тілі туралы жалпы пікір айту, екіншісі - Абай шығармалары тілінің өзін талдап таныту» [5,324].

Адамды мақалдарынан танырсың, әуелі: - «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «Мал - адамның бауыр еті», «Малдының беті - жарық, малсыздың беті - шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым - берген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Байдан үмітсіз - құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қаралы үйге шап», «Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без» деген мақалдарды талдайды. Абайды осы мақалдардың шығуы, ол мақалдар неге жиі айтылатындығы, неге адамдар кей мақалды дұрыс қолданбайтыны ойландырады, толғандырады.

Кеселді жалқау, қылжақбас,  
 Әзір тамақ, әзір ас,  
 Сыртың - пысық, ішің - нас,

Артын ойлап ұялмас, - болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық,-дейді ұлы ақын [2,30].

Абай Құнанбаев өзінің 29-шы қара сөзінде де бірнеше мақалды сынайды «Жарлы болсаң, арлы болма», «Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жок», «Атың шықпаса, жер өрте», «Алтын көрсе, періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті». Абай осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керектігін баса айтады. Ол «адам бейнесінің» жеке тұлғалық ерекшелігін басқа мақалдармен салыстыру арқылы көрсетеді: «Адал жүріп, адал тұр», «Адам баласына адам баласының бәрі - дос», «Адамшылықтың алды — махаббат, ғаделет» деп адамдар арасындағы адалдықты, достықты, адамшылықты, махаббатты дәріптейді.

«Абай өз шығармаларында адамгершілік тәрбиеге, қазақтардың өткені мен бүгініне, болашағына, салт-дәстүрі мен рухани мәдениетін жетілдіруге, жастарға адамгершілік тәрбие беру жолдарына үнемі орала береді. Бүгінгі уақыттың талабына сай ой түйіндейтін болсақ, хакімнің ойлау мәдениеті қазақтың менталитеті, болмыс бітімі қандай, оған тән кемшіліктерді қалай жоюға болады, деген сауалдар төңірегінде өрбіді. Ол өзінің бүкіл болмысын, білімі мен өмірлік тәжірибесін, поэзия мен прозасын, ой-толғанысы мен философиясын адам бойынан таба білді. Ол кісілік қасиеті, білімі мен парасатын елдің қамын ғана емес, адамзаттың мақсат-мүддесін ойлайтын, дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын адамды тәрбиелеуге жұмсады. Ұлы данышпанды адам өмірінің мәні, тұрмыс тіршілігі мен болмысы, ар – намысы сияқты мәселелер ерекше толғандырды» [7,11].

Абай шығармаларындағы дүниетаным оны қоршаған заттардың, құбылыстардың, оқиғалардың табиғаты Абайдың санасында түрліше көрініс табады: біреулері – көрнекі нақты

образдар арқылы берілсе (мысалы, қу шалбар, мәліш сауда, кеселді пысық, кер нағыз, үкімет зорлық, жас қуат), келесілері – қарапайым ұғымдармен (дос, береке, талап, абырой), үшіншілері – символдар (ар, намыс, ұят – қазақ халқының ұлттық символына айналған сөздер) кейпінде келеді.

Абай тілі қазақ халқының танымы мен бүкіл тұрмыс-тіршілігін суреттейді. Абайдың қай шығармасын алмайық халықтың тұнып тұрған тұрмысынан, тарихынан, мәдениетінен, дүниетанымынан хабар береді.

Ақынның дүниетанымындағы негізгі тұжырым, басты құндылық – адам болмысы. Абай шығармаларында адам мәселесі арқылы көптеген мәселелердің арақатынасы шешіледі. Атап айтсақ, жеке адамдардың тұрмыс-тіршілігін сипаттай отырып, Абай адамгершілік қасиеттер туралы ілімді дамытты. Адамның қоғамдағы моральдық жетілуінің гуманистік принциптерін алға тартты, эстетикалық мәселелерді қарастырды, адамның танымдық қабілеттері туралы мәселені зерттеді. Жалпы адамның болмысын, этикалық, эстетикалық көрінісін көрсетті, адамдардың мінез-құлқы, психологиясы арқылы олардың сезімдері мен ақыл-ойының әлемін, атадан қалған салт-дәстүр арқылы адам өмірінің мақсаты мен мәнін жырлады. Абай шығармаларында Адам мәселесін түрлі тіркестермен береді: жақсы адам, сотты адам, даугер адам, байқаған адам, жаман адам, адам баласы, бұлдаған адам, адамдықтың орны, адамның жаны, адамның баласы, адам жаулағандық, адамның қасиеті. Абайдың Адам концептінің фреймдері: адалдық, сабырлық, достық, махаббат, ел билеген адам т.б.

«Абайдың ойлау жүйесі, адам өмір сүруінің философиясы мен табиғатына, адамзат болашағына зор сенім негізінде қалыптасқан. Сонымен біз өскелең ұрпақ адамды Абайша түсінудің тұжырымдарын, құндылықтарын түсінуге бет бұруымыз қажет. Бұл әр адамнан парасат пен ерікті, ақыл мен

сезімді жұмылдыруды талап етеді. Абай жолы, Абай мұрасы – ізденіс пен ойланудың, кемелділік пен ізгілікті танудың үлгісі»[8,10].

Қорытындылай келе айтарымыз, қазақ халқының басынан кешкен тарихы, болмысы, дүниетанымы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, өмір тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, күнделікті тұрмысына қажет бұйымдары, талғамы әлемнің тілдік бейнесін жасаса, Абай тілінде осының бәрі көрініс табады. Абай өз шығармаларын қазақ ұлтының тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте жазған және ол ұлттық тіліміздің табиғатын шынайы танып білуге жол ашады.

Филология ғылымының докторы, профессор  
Рысалды Құсайын Тынысбайұлының 80- жылдық  
мерейтойына арналған «Қазіргі лингвистикалық  
парадигмалар» республикалық дөңгелек үстел материалдар  
жинағы. 2021 жыл, 32-40 б.б.

#### Әдебиет

1. Абай Құнанбайұлы. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: 1977. - I том.- 454 б.
2. Абай Құнанбайұлы. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: 1977. – II том- 321 б.
3. Әбікенова Г.Т Когнитивті лингвистика// Көркем шығарма тіліне когнитивтік талдау жасау негіздері. Оқу құралы. - Семей: М.О.Әуезов атындағы Семей университеті. 2008. – 118 б.
4. Мырзахметов М. Абайтану – ХХІ ғасыр көгінде // «Жұлдыз» журналы. – Алматы., 1970. - №37.- 12-20 б.
5. Сыздықова Р. Абай тағылымы. - Алматы: 1968 - 324 б.
6. М.Оңғарова, Абай туралы мақал-мәтел туралы [Электронный ресурс]. URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/31710/> (дата обращения: 24.11.2020).
7. Абай философиясындағы адам мәселесі [Электронный ресурс]. URL: <https://melimde.com/i-kirispe-ii-negizgi-bolim.html> (дата обращения: 24.11.2020).
8. А. Оралқызы, Абай поэзиясының тілі – қазақ әдеби тілінің дамуындағы жаңа белес [Электронный ресурс]. URL: <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ylymdar/41807/> (дата обращения: 24.11.2020).

### 1.3. Абай шығармаларын когнитивті зерттеудің негізі

Абай шығармаларының тілінің тақырыбы, қолдану аясы кең, сондай-ақ алуан түрлі. Абай шығармалары адамдар арасындағы коммуникативтік қарым-қатынастың сан қырлы жақтарын қамтиды. Олар:

1. Қоршаған ортаның қасиетін көрсететін *табиғатқа байланысты* танымдық сөздер;

2. Адамның дене мүшесінен бастап, табиғат танымы, материалдық мәдениетін, оқу-ағарту т.б. бейнелейтін *адамға* және оның *тіліне* байланысты танымдық сөздер;

3. Саяси-әлеуметтік *қоғамға* байланысты танымдық сөздер;

4. *Исламға* байланысты танымдық сөздер[2,25].

Абай тіліндегі когнитивтік сөздерін табиғат, адам (Абайда ең басты тақырып - адам), қоғам, ислам тұрғысынан қарастырғанда, біз қазақ халқының, рухани мәдениеті, тұрмыс тіршілігі, қоғамдық-әлеуметтік өмірі, дүниетанымы, діні қаншалықты бейнеленгендігін байқауымызға болады.

Осы орайда, Абай шығармаларына ғылыми дұрыс талдау жасап, ол жөнінде аса құнды еңбек қалдырған Қ.Жұбановтың пікірін келтіруді орынды деп санаймын. Ғалым Абайдың тілі туралы былай деп жазады: «Ол ескіні де, өз заманын да дәріптемейді. Ескі образды алғанда, оны сүйдіру үшін емес, ескіні бұзып, жаңа қылып, сонымен жаңаша ұғындыру үшін алады. Абайдың әдебиет, мәдениет істеріне қолы тиіп кетсе, ол тек сипап, сүртіп, шаңын кетіріп шықпайды, өзінше түзеп, өз қолының ізін қадырады. Өлеңнің ырғағы да, ұйқасы да, буыны да, әні де, тақырыбы да, сөз төсегі де, суреті де Абайдың қолынан өткенде, бұрын көрмеген жаңа нәрсе болып шығады... Бірақ сөйте тұрса да, Абай өлеңі – қазақ өлеңі, қазақ өмірінің суреті, қазақ тілімен жазылған, қазаққа түсінікті болып шығады» [3].

1939 жылы жарық көрген Абайдың толық жинағына

кіріспе сөзінде жазушы-ғалым С.Мұқанов та Абай тілі туралы: «Абайға шейін де, Абайдың тұсында да, қазақтың ұлт мәдениетін Абайдай көтерген акын жоқ... Абай ұлт қазынасы - тілді бірінші рет ұлт керегіне жұмсай біліп, сол тілмен болашағына басшылық қылған акын» [4] деп, А.Байтұрсыновтың «Абай -қазақтың бас ақыны» [5]құнды пікірін дұрыс қолданған.

Шынында да, Абай мұрасы терең танымдық идеяларға толы: онда бірінші орында тұрған Абайдың өзіне негізгі мәселе болып табылатын, Абайды ерекше толғандыратын Адам мәселесі.

Адам - Жер бетіндегі ең жоғарғы даму сатысындағы тіршілік иесі, қоғамдық-тарихи әрекет пен мәдениетті жасаушы. Адам – танымдық лингвистика, әлеуметтану, психология, философия, педагогика, физиология, медицина, т.б. ғылымдардың нысаны болып табылады. Адам мәселесі, оның пайда болуы, өмірде алатын орны, тіршілігінің мәні мен мақсаты адамзат танымының формалары – жалпы ғылымдағы ең негізгі мәселе.

Абайдың еңбектерінде «адам» концептісі интеграцияланған Абайдың адамы, яғни ақынның адам туралы ойлары мен түсініктерінің еңбектерінде өзінше орын алып, әрдайым өзгеріске ұшырап отырады. Мысалы:

- *«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»;*
- *«Адам болам десеңіз...»;*
- *Адал бол - бай тап, Адам бол - мал тап, Қуансаң қуан сол кезде»;*
- *«Адам деген даңқым бар» т.с.с.*

Абай шығармаларында адам мәселесі арқылы көптеген мәселелердің арақатынасы шешіледі. Атап айтсақ, Абай адамгершілік қасиеттер туралы ілімді дамытты, адамның моральдық жетілуінің гуманистік принциптерін алға тартты, эстетикалық мәселелерді қарастырды, адамның танымдық қабілеттері туралы мәселені зерттеді, адамның болмысын,

этикалық, эстетикалық көрінісін көрсетті, адам өмірінің мақсаты мен мәнін, оның сезімдері мен ақыл-ойының әлемін жырлады. Абай шығармаларында Адам мәселесін түрлі тіркестермен береді: жақсы адам, сотты адам, даугер адам, байқаған адам, жаман адам, адам баласы, бұлдаған адам, адамдықтың орны, адамның жаны, адамның баласы, адам жаулағандық, адамның қасиеті т.с.с. Абайдың Адам концептінің фреймдері: адалдық, сабырлық, достық, махаббат, ел билеген адам т.б.

Болыс, мал-жан аман ба?

Мынадайға кез болдың

Аума-төкпе заманда,

Ел билеген **адам** жоқ,

Ата менен бабанда [1,101].

Абайдың дүниетанымы шығармаларында қалыптасқан көзқарастар жүйесі ретінде көрінеді. Ғалымдар оның ертедегі шығармаларының үлгілері болмағандықтан, рухани жетілу кезеңдерін байқай алмайтынын айтады. Алайда оның әлемге және адамға деген көзқарастарын Абайдың замандас ақындарының дүниетанымымен салыстыра отырып, ерекше екенін байқауға болады. Абай олармен кез-келген маңызды мәселе бойынша, ең алдымен адамның қоғамдағы орны мәселесіне келгенде келіспеді. Адамға деген көзқарас және осы қатынастың көрінісі көбінесе әр уақыттың философиясын да, әдебиетін де, тілін де анықтайды. Қазіргі когнитивтік лингвистиканың ұстанымдары бойынша бүкіл тілдің негізгі сипаты – оның антропоөзектілігі, яғни «Тіл мен адам» біртұтас құбылыс немесе бір құбылыстың екі жағы. Міне, осы сабақтастық Абайдың шығармаларының өн бойында көрініс тапқан. Абайдың санасындағы әлемнің бейнесін, сонымен қатар оны айнала қоршаған ортаны тану негізінде жалпы қазақ халқының болмыс-бітімін тұтастай тануға болады. Заманауи антропоцентристік парадигма бағытының басты мақсатының өзі тілді сол тілді жасайтын адаммен біртұтас қарау болса, Абай шығармалары тілі халықпен біте қайнасқан деп айтуға болады.

Адам мәселесі көптеген ғылымның негізгі зерттеу нысандарының бірі екені көне заманнан белгілі. Алайда адам мәселесі әлі толық шешімін таппаған іргелі тақырып. «Барлық заттың өлшемі - адам» деп грек ойшылы Протагор айтса, қытай философы Лао Цзы: «Басқаларды білетін адам -ақылды, өзін танып білген адам – данышпан»,- деген екен. Ал ұлы данышпан Абай: «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген қанатты сөзімен адамның қазақ халқы үшін қаншалықты жоғары екендігін көрсеткен. Бұдан біз адам мәселесі және оның тарихи дамуы, адам жайындағы философиялық тұжырымдар Абайды да бей-жай қалдырмағаны көрінеді. Жаңа ғасырда өмір сүріп отырған біз Абайдың даналық ойларын санамызға сіңіре отырып, оның рухани әлемін әлі зерделеп келеміз. Абайды оқыған сайын, зерттеген сайын оның адамға деген көзқарасын, халқының қиын-қыстау өмірін суреттегенін, рухани болмыс тіршілігін жан-жақты сипаттағанын, өлеңдері мен қара сөздері арқылы бүкіл халыққа паш еткенін көреміз.

Адам болу туралы ойлар, әсіресе, ақынның қарасөздерінде молырақ таратылған. Ондағы «адам болу, адам, жарым адам, толық адам, адамның адамдығы, адамшылық, адамшылығының кәмалаттығы, пенделіктің кәмалаттығы, инсанияттың кәмалаттығы т. б. терминдік мәні бар сөздердің бәрі де толық адам жайлы пікірлерімен сабақтасып жатады[6].

Абайдың дүниетанымы, оның рухани әлемі ерекше және ол Абайдың өз замандастарынан барынша ерекшеленеді. Оның бүкіл шығармаларындағы басты және орталық мәселе - адам. Абай өзінің азаматтық парызын жоғары қояды, адамның орнын көрсету жолында көптеген жаңа ізденістер мен ерекше әрекеттер жасайды, адамды толық тану жолында көп жаңалықтар ашты. Абайдың басты мақсаты адамды барынша жоғары деңгейге жеткізу және болашақтағы адамның рөлін өзінше көрсетпек болды.

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап күлмес,  
«мені» мен «менікінің» айрылғанын,  
«өлді» деп ат қойыпты өнкей білмес [1,225]



Абайдың ойынша нағыз адам адамгершілігі мол, өзінің өмір сүру принциптері нақты, өмір сүру әрекеті дұрыс адам. Сол нағыз адамды Абай одан да жоғарыдан көргісі келеді. Сондықтан Абай адамның бес дұшпаны- Өсек, Өтірік, Мақтаншақ, Еріншек, Бекер мал шашпақ, ал адамды өсіретін бес асыл іс- Талап, Еңбек, Терең ой, Қанағат, Рақым екенін баса айтады.

Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз.  
Тілеуің, өмірің алдында,  
Оған қайғы жесеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның, білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой [1,65].

Абайдың дүниетанымы, оның рухани әлемі Абайдың өзіне ғана тән мынадай ерекшеліктерді көрсетеді:

1. Абай творчествосында негізгі, орталық, басты орын Адамға, адамның тарихи дамуына беріледі. Сондықтан Абайдың Адамы өлмейді. Атаның баласы емес адамның баласы болу доминантты ерекшелік.

2. Абай шығармаларында ең басты концепт «Адам». Адамды жасайтын қасиет ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Осы үш қасиет үлкен әлеуметтік ізгі күшке айналатын ғылым.

3. Абайдың өлеңдерінде адам болу қағидасы ерекше орын алады. Абайда нағыз адамды жасайтын компоненттер нақты, олар: Талап, Еңбек, Терең ой, Қанағат, Рақым.

4. Абайдың басты мақсаты – адам болу үшін ненің жаман, не жақсы екенін көрсетіп қана қоймай, жаманнан жирендіріп, жақсылыққа бастау. «Адам бол!» деген үндеуді паш ету.

5. Абай танымында Адамды болашаққа, алға жетелейтін – ар, намыс, ұят, ал оларды басқаратын – ақыл.

6. Абай танымында Адамның қасиеттері тек өзіне ғана емес, қоғамға да қатысты. Сондықтан «Адам» концептісіне байланысты танымдық сөздер бір-біріне қарсы жақсы, жаман, адалдық, арамдық сияқты ұғымдармен ұштасып жатады.

7. Абайдың адамы үнемі ізденіс үстінде жүреді, тек қана алға ұмтылады, жасампаз болуға талпынады, Абай Адам концептісіне Пендені қарама қарсы қояды,

8. Абайда қазақи болмысты, менталитетті көрсететін, әдет-ғұрыптық, адами қарым-қатынасты, туыстық қатынас ерекшеліктер көрсететін Әділет, Ар, Ағайын концептері айрықша орын алады.

9. Хәкім Абай танымында қазақи мінез-кұлық этикеті жоғары орын алады. Ол әсіресе туыстық қатынаста, ата-ана мен балалары арасындағы сыйластық түрінде көрінеді.

10. Абай дүниетанымында әлемнің тілдік бейнесін адам құндылықтарын көрсететін дос, береке, талап, абырой т.б. концептілер құрайды. Бұлардың ішінде ар, намыс, ұят, концептілері – қазақ халқының ұлттық символына айналған концепттер.

11. Абай үшін дүниенің басты құндылығы – Адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген толық адам.

Профессор М.М.Копыленконың 100- жылдық мерейтойына арналған «Тіл әдемі» халықаралық конференция материалдар жинағы. 2020 жыл, 23-24 қараша, 109-115 б.б.

### Әдебиет

1. Абай Құнанбайұлы. Толық шығармалар жинағы. Алматы, 1977.
2. Есеналиева Ж.Ж. Абай шығармаларындағы араб және парсы сөздерінің қолдану ерекшеліктері. Филология ғыл.кандидаты ғыл. дәрежесін алу дайын. дисс. авторефераты. Алматы: 1993, 25б.
3. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы: 1968, 225б.
4. Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі // Әдебиет майданы, 1934, №12-13.
5. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны // Қазақ, 1913, №43.
6. [https://adebiportal.kz/kz/news/view/mekemtas\\_mirzahmetuli\\_abai\\_12664](https://adebiportal.kz/kz/news/view/mekemtas_mirzahmetuli_abai_12664)
7. Кәкішев Т. Абайтану тарихының мәселелері. layPause abai-inst.kz

8. Салқынбаев М. Қазақ-араб әдеби байланысы. Астана : 2009, 205б.
9. Болатбекқызы Айгерим. Абай шығармаларындағы «толық адам» мәселесі / Айгерим Болатбекқызы.-Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2015. — № 8.1 (88.1). — С. 53-55. — URL: <https://moluch.ru/archive/88/17589/> (дата обращения: 08.11.2020).

#### **1.4. Абай шығармаларының Шығыспен лингвомәдени байланысы және когнитивтік сипаты**

Шығыспен лингвомәдени байланыс көптеген ғасырларға созылған ұзақ та күрделі процесс. Оған араб, парсы сөздерінің халық ауыз әдебиетінде де, түркі халықтарының өткендегі өміріне байланысты сан алуан ескерткіштері мен жазба мұраларында кездесетіндігі куә.

Араб және парсы тілдері түркі тілдерінің даму тарихында айтарлықтай қызмет атқарғанын, Орта және Таяу шығыс халықтарының тіл жағынан дамуына классикалық араб тілінің едәуір әсер еткендігін кезінде бірқатар көрнекті шығыстанушы ғалымдар да атап көрсеткен болатын. Әсіресе арабтардың жаулап алуы мен ислам дінін таратуға байланысты бұл тілдің мәні арта түскен.

Шығыс элементтерінің қазақ тіліне енуінің тағы бір ұйтқысы – арабтардың өздері. Жаулап алған елдеріне арабтар тек қылышын сүйретіп келген жоқ, сондай-ақ өздерінің жиһанды тәнті еткен ойлы да, өрнекті әдебиетін де, мәдениеттің де ала келді. Міне, сондықтан да орта ғасырларда бүкіл шығыс елдерінде әдебиеттің де, мәдениеттің де тілі тек араб тілі болды. Осы кезде жазатын зиялы ғалымдар, мәшһүр ақындар, өнер қайраткерлері шықты. Тіпті арыға бармай-ақ өз шығармаларын араб тілінде тудырған Қазақстан мен Орта Азия перзенттері, белгілі ғұламалар Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Али ибн Сина, Исхақ әл-Фараби және басқаларды атасақ та жетіп жатыр. Сонымен қатар төл әдебиетімізде қол созым жерде жатқан

парсы елінің әдебиеті мен тілінің әсері де аз болған жоқ. Осы ұлағаттардан ана тілімізге көптеген сөздер мен сөздік элементтер енді, еніп қана қойған жоқ, бір кездегі сөздік қорымызды байытуға да үлес қосты [1].

Сөз жоқ, араб және парсы сөздерінің қазақ тіліне енуіне ислам дінінің таралуы әсер етпей қойған жоқ. «Арабтар жаулап алған жерлерде қоғамдық өмірдегі аса маңызды өзгерістердің бірі жаңа мемлекеттік діннің – исламның, араб тілінің жазуының тарауы болды. Ежелгі түркі жазуы ығыстырылды, ал түркі лексикасына араб сөздері енді» [2,365].

Шығыс элементтерінің қазақ тіліне енуінің келесі бір себебі сол кездегі «кітаби тілдің» әсері еді. Бұл себепті Қ. Жұмалиевтің сөзімен айтсақ, «Шет тілдің қазақ еліне көп тарауына бір себеп болған нәрсе осы кездегі шағатай, түрік, татар тілдеріндегі басылып шыққан кітаптар еді» [3,49].

Біз жоғарыда саралаған шолуда араб және парсы тілдерінің лексикалық элементтерінің қазақ тіліне енуіне ықпал жасаған жәйттерге тоқталдық. Енді сол ықпалдың қайсысы басымдылық роль атқарды деген мәселеге келетін болсақ, «Ең бастысы – араб, парсы сөздерінің қазақ тіліне ауысуына ықпал жасаған тарихи, әлеуметтік, саяси және экономикалық факторлар болды. Өйткені тілдің дамуы – қоғамның даму тарихына тікелей байланысты болып келеді» [4,35].

Ұлы Абай туындылары да Шығыспен лингвомәдени байланыс негізінде жазылған. Оның бір көрінісі Абай тіліндегі араб және парсы сөздерінің жиі ұшырауы.

Абайдың кірме сөздерді қолдануы туралы Қ.Жұмалиев «Сол дәуірді алғанда, Абайдың өлеңдерінде шет сөз мүлде кездеспей, тап-таза қазақша неге болмайды десек, қателескен болар едік. Өйткені, тілдің даму заңы мұны көтермейді, ол – бір. Екінші, ол дәуірде кейбір шет сөздің (араб, парсы сөздерінің –Е.Ж) кіруі табиғи, заңды еді. Міне осылай қарасақ қана, Абайдың шет тілдерді қолдану мәселесі дұрыс», дейді. Ғалым

өз ойын ары қарай былай тұжырымдайды: «Мұсылман мектебінде оқып, дін кітаптарын көп аралап, араб, парсы тілдеріндегі классик әдеби мұраларды да терең зерттеп, бір кездегі оларға еліктеген ақынның сөздерінде араб, парсы сөздерінің кездесуі – таң қаларлық емес, заңды» [3,53]. Себебі сан ғасырдан келе жатқан діні бір, дүниетанымы жақын қазақ және араб мәдени қарым-қатынасының негізінде қазақ тілінің сөздік құрамында шығыстық кірме сөздердің болуы орынды.

Халықтар арасындағы байланыстың нақты көрінісінің бірі, әрі басымдылық қасиеті бары – лингвомәдени байланыс. Қоршаған ортаны тану барысында қазақ халқы араб және парсы тілдерінен көптеген тілдік бірліктерді алды.

Абай шығармаларында қазақ тіліне ертеде ертеде еніп, сіңісіп кеткен сөздерді де, кітаби лексикада кездесетін, халыққа біршама таныс сөздерді де, сондай-ақ өзінің қаламына ғана тән түсініксіз сөздерді де өте қомақты қолданған. Араб, парсы сөздерінің Абай тілінде тақырыбы, қолдану аясы кең, сондай-ақ алуан түрлі. Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздері адамдар арасындағы коммуникативтік қарым-қатынастың сан қырлы жақтарын қамтиды. Олар: табиғатқа байланысты танымдық сөздер; адамға және оның тіліне байланысты танымдық сөздер; қоғамға байланысты танымдық сөздер; исламға байланысты танымдық сөздер [5,25].

Абай тіліндегі араб, парсы сөздерін табиғат, адам (Абайда ең басты тақырып - адам), қоғам, ислам тұрғысынан қарастырудың өзі жат этникалық территорияда араб, парсылардың материалдық, рухани мәдениеті, тұрмыс тіршілігі, қоғамдық-әлеуметтік өмірі, дүниетанымы, діні қаншалықты бейнеленгендігін байқауға мүмкіндік береді. Уақыт өткен сайын араб, парсы сөздері мән-мағынасынан айрылып қана қоймай бастапқы формасынан айрылып қалуы мүмкін, немесе, керісінше, кейбір лексемалар концепт деңгейіне дейін көтерілуі ықтимал. Сондықтан да атауға негіз болған тілге сүйене отырып, Абай тіліндегі араб, парсы сөздерінің дефинициясын ашуға, әрі лексеманың алғашқы

формасын қалпына келтіруге болады.

Абай тіліндегі араб және парсы сөздерінің мағынасы дегенде жеке тұрған сөздерге қатысты және сөз (слово) және сөйлеу (речь) тұрғысынан қарастырған дұрыс. Себебі, сөз бар да, ақынның оны сөйлету, сөйлеу барысында қолдану шеберлігі бір басқа.

Жалпы, Абай араб және парсы сөздерін қолдануда мына мәселелерге ерекше көңіл бөлген:

1. ақын айтайын деп отырған ой;
2. жырланып отырған тақырып;
3. өлеңнің, сөздің кімге арналып отырғандығы;
4. ақынның тыңдаушымен (оқушымен) санасуы.

Абай тіліндегі араб және парсы сөздерін Абай осы төрт мәселеге байланысты араб, парсы сөздерін саналы түрде, орнымен қолданған. Мәселен, ақын туындыларында өз атынан сөйлеу, біреудің атынан ой түйіндеу (мысалы, Сократ атынан 27-сөз), өзіне сұрақ қоя отырып, қоғамдағы топтар мен таптарды сынап, талдау жасау, болған оқиғаны баяндау (мысалы, қазақ жерінде болыс сайлау үдерісін суреттеу 3-сөз), оқу-ағарту, білімді сөз ету, еңбек, кәсіп, шаруашылық жайларын баяндау, адамгершілік, мінез-құлық, мораль тақырыбын жырлау, дін, дүниеге көзқарасын білдіру сияқты дүниетанымдық сипаттағы өлеңдері мен қара сөздері бар. Абай қазақ халқына жат, ментальдық ерекшеліктеріне, тарихына, салт-дәстүрлеріне, географиялық ортасына қайшы келетін стереотиптік араб және парсы ұғымдарын және сөздерін пайдаланбаған. Абай араб, парсы сөздерін осы мәселеге байланысты тыңдаушымен санаса отырып, айтып отырған ой, жырланып отырған тақырып, ойға түрткі болған мәселеге байланысты қолданған. Бұл ерекшелікті Абайдың араб және парсы сөздерін қолданудағы төл ерекшелігі деп айтуға болады.

Осы орайда, Абай шығармаларына ғылыми дұрыс талдау жасап, ол жөнінде аса құнды еңбек қалдырған Қ.Жұбановтың пікірін келтіруді орынды деп санаймын. Ғалым Абайдың тілі

туралы былай деп жазады: «Ол ескіні де, өз заманын да дәріптемейді. Ескі образды алғанда, оны сүйдіру үшін емес, ескіні бұзып, жаңа қылып, сонымен жаңаша ұғындыру үшін алады. Абайдың әдебиет, мәдениет істеріне қолы тиіп кетсе, ол тек сипап, сүртіп, шаңын кетіріп шықпайды, өзінше түзеп, өз қолының ізін қадырады. Өлеңнің ырғағы да, ұйқасы да, буыны да, әні де, тақырыбы да, сөз төсегі де, суреті де Абайдың қолынан өткенде, бұрын көрмеген жаңа нәрсе болып шығады... Бірақ сөйте тұрса да, Абай өлеңі – қазақ өлеңі, қазақ өмірінің суреті, қазақ тілімен жазылған, қазаққа түсінікті болып шығады» [6].

1939 жылы жарық көрген Абайдың толық жинағына кіріспе сөзінде жазушы-ғалым С.Мұқанов та Абай тілі туралы: «Абайға шейін де, Абайдың тұсында да, қазақтың ұлт мәдениетін Абайдай көтерген акын жоқ... Абай ұлт қазынасы - тілді бірінші рет ұлт керегіне жұмсай біліп, сол тілмен болашағына басшылық қылған акын» [7] деп, А.Байтұрсыновтың «Абай -қазақтың бас ақыны» [8]күнды пікірін дұрыс қолданған.

А.Байтұрсыновтың, Қ.Жұбановтың, С.Мұқановтың бұл пікірлерін Абай шығармаларына берілген когнитивтік талдау деп түсінеміз, тіпті қазақ тіл біліміндегі алғашқы когнитивтік лингвистиканың негізі осы ғалымдарымыздың іргелі зерттеулерінен бастау алады.

Жалпы алғанда, Абай өз шығармаларында 6 мыңдай жеке дара сөз қолданған, біздің зерттеуіміз бойынша [5,25] соның 1000-ы араб және парсы сөздері (зат есім 75,9% , сын есім 17,7% , етістік 1,7%, үстеу 2,3 % , есімдік 1,7%, одағай 0,7 %) яғни, шамамен Абай лексикасының 16,6 пайыздайын ұстайды. Мұның өзі автордың араб, парсы сөздерінен саналы түрде қашқанын байқатса керек. Абай сияқты мұсылман мектебінде оқып, араб, парсы, шағатай әдебиетіндегі классик әдеби мұраларды көп зерттеп, өз шығармаларын ислам дінінің дәуірлеп тұрған шағында дүниеге әкелген ақынға араб, парсы сөздерінің бұл арасалмағын көп деуге болмайды.

Қазақ-араб-парсы лингвомәдени байланысын анықтау

арқылы бұрыннан келе жатқан шығыстық байланыс деп жалпы айтылып келе жатқан көптеген мәселелердің басы ашылады. Яғни қазақ-араб-парсы тілдері арасындағы тікелей байланыс анықталып, үш тіл арасындағы ықпалдастық нақты шығармалардағы деректер арқылы айқындалады. Үш тіл арасындағы әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді зерделеуге көмектеседі. «Ұлт мәдениетінің негізі саналатын көркем әдебиеттің өзімен-өзі тұйықталған әдебиет арқылы дамымай, жан-жақты, сан-саналы жетілу жолында болғанын анықтауға жаңа мүмкіндіктер ашылады» [9,14].

«Профессор Ө.Күмісбаевтың шығармашылығы және шығыстану мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.  
Алматы, 3сәуір, 2014, 15-20 б.б.

#### Әдебиет

1. Дербісалиев Ә.Б. Ортақ міндет // Лениншіл жас, 1978,17 ақпан.
2. Қазақ ССР тарихы, 1980, I-т, 365б.
3. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. Алматы,1948.
4. Рүстемов Л.З. Қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. Алматы, 1982.
5. Есеналиева Ж.Ж. Абай шығармаларындағы араб және парсы сөздерінің қолдану ерекшеліктері. Филология ғыл.кандидаты ғыл. дәрежесін алу дайын. дисс. авторефераты. Алматы: 1993, 25б.
6. Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі // Әдебиет майданы, 1934, №12-13.
7. Абай Құнанбайұлы .Толық шығармалар жинағы.Алматы, 1939.
8. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны //Қазақ, 1913, №43.
9. Салқынбаев М. Қазақ-араб әдеби байланысы.Астана : 2009, 205 б.



## **1.5. Абай тілі – қазақ ұлттық концептосферасының бастауы**

Әлемнің тілдік когнитивті бейнесі және оның түрлері концептосфера бойынша зерделенеді, жалпы, тілдік концепт туралы санадағы ақпараттар концептілік жүйеде құралады. Концептілік жүйенің негігі қызметі – ұлттық терең ұғымдарды бір мазмұнға реттеп топтастыра отырып, жүйелеу.

Концептосфера күрделі, біртұтас құрылым. Ол этностың тарихын, географиялық ортасын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, менталдық ерекшелігін, менталитетін қамтиды. Әр ұлттың тарихы, мәдениеті, әдебиеті, ғылымы, қаншалықты бай болса, әрбір халықтың концептосферасы соншалықты бай болады. Концептосфера ұлттық концептердің жиынтығы болса, концепт мағынасы тереңдетіліп, ерекше сипатқа ие болған этникалық бірлік. **Ұлттық концептосфера** халықтың дүниетанымның, салт-дәстүрдің, халықтық психологияның, ой-өрістің, білімнің, мәдениеттің, қарым-қатынас заңдарының, басқа ұлттарға деген көзқарастың, басқа этносқа деген толеранттылықтың, халықтың рухани жан-дүниесінің, материалдық құндылықтарының ерекше қасиеттерінің жиынтығы.

Концептосфера туралы сөз қозғала бастағанына көп бола қойған жоқ. Концептосфераның қазақ әдебиетіндегі орны туралы әлі де толық айтылмай отыр. Орыс әдебиетінде концептосфера туралы ұғымды енгізген және ол терминді ең алғаш қолданған академик Д.С. Лихачев. Концептілердің біртұтастығы, жиынтығы – концептосфера. Ол когнитивтік лингвистиканың ұғымдық аппаратында негізгі термині боп табылады. Концептосфера халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрін, халықтық психологиясын, халықтың рухани жан-дүниесін, халықтың ішкі және сыртқы құндылықтарын, халықтың менталитетін анықтаудың қайнар көзі болып табылады. И.А. Стернин: «Концептосфера – бұл халықтың

концептілерінің жиынтығы, ойлаудың ақпараттық базасы», [3,94] – деп анықтайды. Әлемнің когнитивтік және тілдік бейнесі концептосфера бойынша ұғынылады, жалпы, тілдік ұғым туралы санадағы ақпараттар концептілік жүйеде дұрысталады. Концептосфералық жүйенің негізгі функциясы – ұлттық, этникалық күрделі ұғымдарды ортақ жүйеге топтастырып, бір ізді жүйелеу. Қазақ тіл білімінде концептосфераны қарастыру енді ғана қолға алынғандықтан, концептілік жүйе, концептуализация, категоризация, әлем моделі немесе когнитивтік модель және оны құраушы бөліктер мәселесі әлі де зерттелу үстінде.

Д.С.Лихачев ұлттық тілдегі концептілердің сферасын, нақтырақ айтқанда ұлттық концептосфераны меңгеру халықтың мәдениетімен тығыз байланыста болу керек деген тұжырымға келген. Ол «Ұлттың мәдениеті, әдебиеті, фольклоры, ғылымы, бейнелеу өнері неғұрлым бай болса, ұлттық тілдің концептосферасы соғырлұм бай болады, концептосфера халықтың тарихи тәжірибесімен тығыз байланысты», -деп жазады. Ғалым өз ойын былай жалғастырады: «концептосфера - әр халықтың семантикалық сөз мағынасынан кең ұғым, ол халықтың не жеке адамның тілі мен ақыл-ойы». Д.С.Лихачев концептосфераның кең мағынада түсінілуін ұсынады: «В совокупности потенции, открываемые в словарном запасе отдельного человека, как и всего языка в целом» можно назвать *концептосферой*». Ғалымның ойынша, ұлттық тілдің тұтастай концептосферасы жеке адамның шындықты концептуализациялау нәтижесі болатын жеке индивидуалды концептосфералардан құралады. Индивидуалды концептосферадан өзге ұлттық қауым ішіндегі белгілі бір әлеуметтік және мәдени қауым концептосферасы да болады. Д.С.Лихачев осы ойды әрі қарай жалғастырып, орыс тілінің ұлттық концептосферасындағы мынадай концептосфераларды: «инженер-практик», «отбасы» концептосфераларын бөліп көрсете келе концептосфераны 3-ке

бөледі: индивидуалды, әлеуметтік, мәдени. [4,29].

Қазақстандық ғалымдардың да еңбектерінде концептосфера - когнитивтік лингвистикадағы маңызды тұжырымдамалардың бірі болып табылады. Ғалым Г.Хамитованың айтуынша «Концептосфера» термині өзіне көлемділіктің, тұтастықтың, үшқырлылықтың (трехмерность) образды коннотацияларын енгізіп, онтологиялық құбылыстың мәнін дәл бейнелейді». Концептосфера көп қырлы, кеңістіктік, тұтастықтық құбылыс ретінде көрінеді, әйтсе де ол халықтың әлемтануымен, әлемді қабылдауымен, тарихымен менталитетімен, мәдениетімен байланысты ашық жүйе. Кезкелген тілдің концептосферасының үшқырлылығы оның тілмен, рухани мәдениетпен, объективті шындықпен өзара байланысы мен өзара әсерлесуі нәтижесінде қалыптасады. Осыдан концептосфераның мынадай негізгі белгілері шығады:

1. көлемділік, ол халықтың мәдени тәжірибесі, мәдени дәстүрі мен түсініктерінің байланысын білдіреді;
2. тұтастық, себебі концептосфера белгілі бір халықтың тұтас ұлттық мәдениетін сипаттайды.
3. үшқырлылық, тілді халықтың мәдениеті, тарихы, әлемтануы мен әлемді қабылдауын өзіне енгізетін кеңістіктік, барлығын қамтитын құбылыс ретінде көрсетеді; [6,65].

Сонымен, біздің пайымдауымызша **концептосфера дегеніміз** нақты ұлттық-мәдени қауымдастыққа тән құрылым, оның ерекшелігі мен бірегейлігін көрсететін концепттердің жиынтығы. Ал ұлттық концептосфераны анықтаудың мынадай жолдарын көрсетеміз:

1. Концептосфераны құрастыру мен байытуда аса маңызды рөл атқаратын тұлғалар: жазушылар (әсіресе ақындар); халық ауыз әдебиетін таратушылар; белгілі бір кәсіп иелері;
2. Қандай да бір ұлттың ауыз әдебиетін және жазба әдебиетін зерттеу, тарихи мәдени тәжірибесін зерттеу, ол этностың концептілерін интерпретациялау;

3. Белгілі бір ұлттың тарихымен танысып, ұлт тағдырында маңызы зор ұғымдарды зерттеу;

4. Ұлттың мәдениетімен танысу арқылы олардың әр қырын ашу т.б.

Ұлттық концептосферасының бір қайнар көзі жазушылар мен ақындардың творчествосы болса, Абай шығармалары, Абай тілі қазақ ұлттық концептосферасының бастауы бола ала ма?

Абай шығармаларында адам болмысы толық суреттеледі. Абай қазақ даласына адам болмысының негізі ретінде білімді әкелді, оны даму принципімен байланыстырды[5]. Абайдың өлеңдерінде ақыл, білім, ғылым қатар жүреді. Ғылымды насихаттай отырып, жастарды тәрбиеге шақырады:

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге,

Ақын өлеңдерінде: «Ғалым болмай немене, балалықты қисаңыз», «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге», - деген соны ойлары Абайдың ғылым-білімге аса үлкен мән бергенін дәлелдейді. Абай тілінде адам болмысы эволюциялық жолмен Кәміл адамға (Толық адамға) ұласады. Кәміл адам портретін Абай өлеңдерінде бес жақсы, бес жаман концептерді бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы аша түседі:

Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз.  
Тілеуің, өмірің алдында,  
Оған қайғы жесеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның, білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой [1,65].

Адамға қатты кесірін тигізетін бес жаман қасиетті Абай «өсектен» бастайды. Шынында да, қазақ халқы Абайша айтқанда «өсекті жүндей сабайды». Өсектің адам өміріне де, бүкіл халықтың өміріне де тигізер зияны орасан зор. Өсектің әсерінен қаншама адам жазықсыз, бекерден бекер өмірмен қоштасты десеңізші! Қазіргі уақытта да осы өсектің кесірінен қаншама жыл бір мекемеде жұмыс істесе де мансабы өспей, жасаған қызметі бағаланбай жүрген жандар қаншама!

Ұлы Абай өсектен кейінгі жаман қасиеттерді *өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ* деп жалғастырады. Ал осы жаман қасиеттерге қарсы концептілер *талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым!* Осы қасиеттер адамды ішкі құндылықтарды бойына сіңіре өсуіне үлкен мүмкіндік береді. Кәміл адам (Толық адам) Абайдың қарасөздерінде де толысып, жалғасын табады. «Толық адам» ілімі арқылы жастарды тәрбиелей аламыз. Алланың бойындағы сегіз сипат адамда да бар, бірақ Алладағыдай толық емес. Сондықтан бойымыздағы сегіз сипатты Аллаға еліктей отырып күрделендіріп, жөндеуіміз керек. Соған ұмтылуымыз керек. «Толық адам» ілімі содан барып шығады», — дейді Мекемтас Мырзахмет.

Алайда, Абайдың сөзсаптауында жақсы адам жаман адам бір біріне қарсы суреттеліп, тереңделе түседі: *жақсы адам, адамшылық, сотты адам, даугер адам, байқаған адам, жарым адам т.б.* Концептосфера дегеніміз концептердің жиынтығы болса, Абайдың жоғарыдағы өлеңі бірнеше концептерді қамтыса, Абай тілі қазақ концептосферасының бастауы деп толық айтуымызға болады. Абай тілі концептосферасы әлеуметтік, қоғамдық, адамгершілік-моральдық мәселелерді көтеретін, тәрбиелік мәні бар жеке концептілерден тұрады.

Абайдың «Қансонарда бүркітші шағады аңға», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы», «Қартайдық, қайғы ойладық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» сынды туындыларындағы концептосфера қазақ тіліне ғана тән концептілерді құрайды.

Мәселен, «Қансонарда...» өлеңінде *қансонарда, томағасын тарту, қандыкөз, шыбын жан, қырық пышақ, сегіз найза, алтыс екі айла*, «Өлең сөздің патшасы...» өлеңіндегі *сөз сарасы, зар нала, жоқтан қармау, сөз қадірі, тілін безеу, сөз түзелді, өсекті жүндей сабау*, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңіндегі *ашыған у, өнерсіздің қылығы, еріншек ездiгi, шайтан өрмек, өзімнің иттігім*, «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңіндегі *қызыл жібек бозбала, мақтан күйлеу, нәпсіге еру, жеңсікқойлық, қылықты тамыршы, сасық ми, қабакпен имендіру, алты ала сияқты* Абай тілінде көптеп кездесетін сөздер мен сөз тіркестерін тек қазақ халқының сөз қоржынынан ғана кездестіретініміз хақ. Бұл Абайдың танымы шығармаларында ұлттық дүниетаныммен астасып жатқанының айғағы. «Көркем шығармалардағы ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін бірнеше жікке бөліп қарастыруға болады. Олар негізінен: ұлттық мәдениет; ұлттық өнер; діни дүниетаным мен ұлттық таным әлемі. Ұлттық мәдениет: ұлттық салт-дәстүр мен жол-жоралғының көркем шығармадағы тілдік көрінісі болып табылады. Ұлттық өнер: халықтың ұлттық тұрмыс-тіршілік нышандарының көркем сөзбен суреттеліп берілуі. Діни дүниетаным мен ұлттық таным әлемі: қазақ ұлтының діни дүниетанымдық түсініктері» [7,3].

Абай тілінде ұлттық мәдениет те, ұлттық өнер де, діни дүниетаным да, ұлттық таным әлемі де жырланған. Абайдың концептосферасы қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ментальдық ерекшелігі мен қазақ халқының психологиясын ашатын білім, ғылымды, адал еңбекті, талаптылықты, адамгершілікті уағыздайтын концептілер жиынтығынан тұрады.

Абай творчествосында негізгі, басты концепт - Адам. Абай тіліндегі Адам үнемі дамып отырады. Өлмейтін Адамның доминантты ерекшелігі- *Атаның баласы емес Адамның баласы болу*.

Адамды жасайтын қасиет *ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек*. Абайда нағыз адамды жасайтын концептілер нақты, олар: *Талап, Еңбек, Терең ой, Қанағат, Рақым*. Абайдың басты мақсаты – «Адам бол!» деген үндеуді паш ету.

Абай танымында Адамды болашаққа, алға жетелейтін – *ар, намыс, ұят*, ал оларды басқаратын – *ақыл*. Абай танымында Адамның қасиеттері тек өзіне ғана емес, қоғамға да қатысты. Сондықтан «Адам» концептісіне байланысты танымдық сөздер бір-біріне қарсы *жақсы, жаман, адалдық, арамдық* сияқты ұғымдармен ұштасып жатады. Абай Адам концептісіне Пендені қарама қарсы қояды.

Абайда қазақи болмысты, менталитетті көрсететін, әдет-ғұрыптық, адами қарым-қатынасты, туыстық қатынас ерекшеліктер көрсететін *Әділет, Ар, Ағайын* концептері айрықша орын алады. Абай танымында қазақи мінез-құлық этикеті жоғары орын алады. Ол әсіресе туыстық қатынаста, ата-ана мен балалары арасындағы сыйластық түрінде көрінеді.

Абай дүниетанымында әлемнің тілдік бейнесін, адам құндылықтарын көрсететін *дос, береке, талап, абырой* т.б. концептілер құрайды. Бұлардың ішінде *ар, намыс, ұят*, концептілері – қазақ халқының **ұлттық символына айналған концептілер**.

Абай үшін дүниенің басты құндылығы – Адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген Толық Адам.

Осылайша, Абай тілінің тұтастай концептосферасы жеке адамның шындықты концептуализациялау нәтижесі болатын жеке концептілерден құралады. Индивидуалды концептосферадан өзге ұлт ішіндегі белгілі бір әлеуметтік және мәдени қауым концептосферасы да болатынын көрдік.

Поэтикалық көркем шығарма тіліне когнитивтік талдау жасау негізінде сол ұлттың сонымен қатар жекелеген тілдік тұлғалардың санасындағы дүниенің бейнесін, айнала қоршаған ортаның болмыс-бітімін тұтастай тануға болады. Тілдің

болмысы мен табиғатын, оның ішкі иірімдерін, толыққанды тану үшін сол тілді жасайтын адаммен біртұтастықта қарау керек. Аталмыш принципті басшылыққа алатын болсақ антропоцентристік бағыт когнитивтік лингвистиканы дүниеге әкеледі»[7].

Концептосфера - халықтың менталитетін анықтаудың қайнар көзі. Концептосфера – халықтың және жеке тұлғаның когнитивті сана-сезімінің ақпараттық базасы болып табылады. Ақын-жазушылардың тілін зерттеу сайып келгенде, халықтың концептосферасын зерттеу болып табылады. Олай болатын болса, біз жоғарыдағы қойылған сұраққа жауап берейік. Абай тілі - қазақ ұлттық концептосферасының бастауы.

«Абай және Шығыс тілдері» монографиясынан

#### Әдебиет

1. Абай Құнанбайұлы. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: 1977.- I том.- 454б.
2. Абай Құнанбайұлы. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: 1977. – II том- 321б.
3. Стернин И.А. Общие особенности коммуникативного поведения народа: реальность или фикция? // Язык. Этнос. Сознание. Культура. М., 1994, с.94-95
4. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка //Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. М.: Академия. 1997.С. 280-282.
- 5 Абдираманова, А. Т. Абай философиясындағы адам мәселесі / А. Т. Абдираманова, Г. М. Ибраев. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2020. — № 18 (308). — С. 547-549.
6. Хамитова Г.А. Культурная концептосфера в языке и принципы ее вычленения // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2004. №2  
Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1985. – 8-том.
7. «Когнитивті лингвистика» Оқу құралы Әбікенова Г.Т. ф.ғ.к., - Семей: М.О.Әуезов атындағы Семей университеті. 2008. - 118 бет.



## **2. ШЕТ ТІЛІ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТИПОЛОГИЯ**

### **2.1. Көпөлшемді, жүйелі лингвистикалық типологияның даму үрдістері**

Жалпы тіл білімінде лингвистиканың ерекше саласы типологияның жаңа үрдістерін талдауда және оның орны, ролі, мақсат-міндеттерін анықтауда үш түрлі бағыт қалыптасқан:

- типологияны компаративистиканың бір тарауы, кезкелген тілді ішкі құрылымына байланыссыз салыстыратын ғылым ретінде түсіндіреді [1];

- лингвистикалық типология өзінің зерттеу пәніне салыстырудың барлық түрін, яғни генетикалық, құрылымдық, ареалды және салыстырмалы типологияны қамтитын жеке ғылыми пән ретінде интерпретацияланады [2];

- лингвистикалық типология ғылыми пән ретінде ұғынылады, алайда «тілдерді құрылымдық зерттеуден» (контрастивті лингвистика мен сипаттамалы лингвистикадан) түбегейлі ерекшеленеді. Әртипті тілдерді салғастыруда таңдап алынған критерийлер – «контенсивті типологиядағы» субъективті-объективті қатынастар [3;4]; «жүйелі типологиядағы» детерминанттар [5;6;7], яғни тілдерді салғастырғандағы қандай да бір зерттеудің мақсаты анық болып, белгілі бір параметрлерге негізделгенде ғана типологиялық зерттеу болып саналады.

Әрбір тілдің тілдік элементтердің (фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін) ішкі динамикасын, синхрондық және диахрондық бір-біріне бағыныштылығын, сәйкестілігін ашып көрсету үшін тілдік жүйенің басымдық сипатын, басым белгісін – оның доминанттық белгісін анықтап білу керек.

Мысалы, біздің пайымдауымызша, қазақ тілінің көзге бірден түсетін басым белгі- сингормонизм заңы болса, орыс тілінің доминантты белгісі-екпін.

Г.П.Мельников алғаш рет семит тілдерінің оның ішінде

араб тілінің құрылысын жүйелі лингвистика тарапынан қарастырып, ол тілдің басым белгісі яғни детерминанты жайында «тенденция к максимальной мотивированности слов с деривационным значением, выраженным морфологически» [8,212], деп пайымдаған.

Семит тілдері құрылысының ерекшеліктерін, сонымен қатар, қытай және ағылшын тілдерің грамматикасын, лексикасын зерттеу барысында ол тілдерде кездесетін деңгейаралық және деңгейлік корреляция құбылысын типологиялық ерекшеліктерінің бірі ретінде атап көрсеткен.

Бертін келе автор семит тілдерінің детерминантын максималды «грамматикализация» тұрғысынан түсіндірді. Оны семит тілдерінің әрбір сөз формасы мүмкіншілігінше формалды деривациялық бір буыннан өрбіген, өзіндік нақты жасалу жолы сараланған туынды сөздер болып табылады. Осыдан семит тілдерінің айрықша көрінетін, өзіне ғана тән мынадай тілдік ерекшелері туындайды: түбірдің «етістіктенуі», мысалы, كَتَبَ, كِتَابَةٌ **катаба, китааба** - жазу, ол жазды, түбірдің консонанттығы, мысалы, **ктб**, аффикстердің үзіктілігі (прерывность), көбіне түбірдің үш дауыссыздан тұратындығы, мысалы, جلس, **ктб, жлс**, т.б. және күрделі сөздерді қолдануға әуес еместігі т.б.

Араб грамматикасында сөз жасаудың шартты түрдегі үлгісі (модель) ретінде (істеу, жасау) түбір етістігі алынған. Түбірдің құрамындағы бірінші дыбыс ف әрпімен, екінші дыбыс ع, үшінші дыбыс ل әрпімен белгіленеді.

Ғалым қытай тілінің детерминанты деп «лексикализация» үрдісінің басымдығын атайды. Ол тілде барынша көп информацияның берілуі сөздердің грамматикалық мағынасындағы тіркесу емес, заттық мағынасындағы тіркесуі екендігін көрсетеді. Г.П.Мельников қытай тілінде мағынасы контекстен көрініп тұрса, қайсыбір информация берілмейді деп контекстен мағынасы түсінікті болса, кейбір сөздерді айтпаса да болады деп түсіндірген.

Тілдерді жеке семьяға бөлгенде оның ішіндегі басқа топтардың арасындағы ұқсастық - сол семьяның барлық

топтарына ортақ детерминанттың сақталғанының айғағы, ал алшақтық болса, детерминанттың фазасының әртүрлілігіне байланысты көрінеді.

Г.П.Мельниковтың пікірінше семит тілдерінің кейбірінде, мәселен, аналитизмнің өркендеуі, дауысты дыбыстар түбірдің элементі ретінде қарастырылуы, т.б.семит детерминантынан алшақтау екен[9,49].

Біз өз тарапымыздан **доминант** ұғымын *басым, басымдық, басымдылық* б а с ы баламасымен беретінімізді айтқан болатынбыз.

Профессор Қ.Т. Рысалды доминанттық белгіні «кіндік тұлға» деп атайды. Мысалы, ғалым өзінің «Сын дәрежесі категориясы: функционалды-коммуникативті табиғаты» атты докторлық диссертациясында типологиялық басымдық туралы былай дейді: «Сын дәрежесінің категориясы негізінде генетикалық, құрылымдық жағынан алшақ жатқан екі тілді салғастыра отырып, оның жүйелік-құрылымдық тұлғасын айқындау, семантикалық сын дәрежесінің жүйелік қалпындағы тілдік бірліктердің бір-бірімен аралық қатынастарын, байланыстарын және екі тілдегі типологиялық ерекшеліктерін ашу. Сын дәрежесінің функционалды-семантикалық өрісінің кіндік тұлғасы (доминантасы) морфологиялық шырай категориясының парадигмасын жаңа тұрғыдан дәйектеу» [10, 6].

Сонымен, әрбір тілде, тілдің құрылымдық, типологиялық табиғатында, ерекше көзге түсетін басым грамматикалық белгілер болады. Оны біз өз тарапымыздан типологиялық басымдылық деп атадық. Тілдегі типологиялық басымдылық кез келген тілді өзге тілдерден ерекшелендіріп тұрады және ол басымдылық тілдің бүкіл жүйесіне әсер етеді. Мәселен, қазақ тілінде ерекше көзге түсетін типологиялық басымдылық – сингормонизм заңы, сөздерге аффикстер жалғанғанда, сөздің морфологиялық құрамы күрделенгеніне қарамастан, сөздің түбірінің дыбыстық құрамы, негізінен алғанда, өзгермей, сол қалпында қалуы.

Біз осыған дейінгі зерттеулерімізде типологияның негізі ретінде типологиялық басымдылық ұғымымен қатар

қолданылатын тағы бір ұғым «белгілер кеңістігі» туралы айтқан болатынбыз. «Белгілер кеңістігі» ұғымы өте күрделі ұғым. Оның көпөлшемді тілдік жүйені терең талдауға септігі тиеді. Е.С.Кубрякова «белгілер кеңістігінің» көмегімен ғылыми ұғымдарды анықтау мәселесіне келгенде ерекше, ол ескі классификациялау принципінен жаңаға өту мүмкіншілігіне ие екенін айтқан болатын [12,281].

Әрбір тіл құрылымы мен қызметі бар, бүтін (тұтас) жүйелі құбылыс ретінде өмір сүреді. Дегенмен, жүйе құрылымнан ғана тұрмайды. Әрбір жүйе өзіне тән және бір-бірімен байланысты үш түрлі атрибуттың - құрылым мен субстанцияның және қызметтің ұштасып келуінен және олардың диалектикалық бірлігінен құралып, өмір сүреді, дамиды. Сонымен қатар, тіл - тек жүйе ғана емес, жүйелердің жүйесі. Ол бір белгіні ғана қамтымайды, бірнеше белгілердің жиынтығы болып табылады. Бұл жерде қандай да бір тілдік құбылыс классификацияланып, сараланып, сипатталып қана қоймайды, сонымен бірге, «белгілер кеңістігінің» өзіндік орны көрсетіледі.

«Белгілер кеңістігі» әрбір тілдің негізгі құрылымын көрсететін нақты тілдік категориялардың қызметтерінің жалпы сипатын анықтайды және бір-бірімен байланысты тілдік құбылыстардың түрленуінің сапалық айырмашылықтарының таралу диапазонының ауқымын айқындайды.

«Басым белгі» және «белгілер кеңістігі» ұғымдарының бір-бірімен тығыз байланыстылығына күмән жоқ. Өйткені, тілдің қандай-да бір деңгейінің қызметі мен ерекшелігін анықтайтын белгілер жиынтығының ішінен бір белгі б а с ы м келеді. Ол басымдылық белгілі деңгейде ерекше сипатқа ие болып, басқа белгілердің көрінуіне ұйтқы болады және тілдің бүкіл жүйесіне әсерін тигізеді.

Мәселен, қазақ тілінің құрылымында да типологиялық басым белгілер кездеседі.

Біз жоғарыда басым белгі, басымдылық (доминант) және басым белгінің тілдің типіне әсер ететін ерекшесі (детерминант) ұғымдарының аражігін ажыратамыз деген едік. Төменде біз

қазақ тілінің құрылымындағы басым белгілерді көрсетеміз. Детерминантты курсив арқылы белгілейміз.

Фонетикалық басым белгілер: 1) Сөз басы мен соңында дауыссыз дыбыстар тіркесінің болмауы; 2) *Үндестік заңының* болуы;

3) Үндестік заңымен жалғасатын фонетикалық сипаттардың бар болуы;

4) Сөздің фонетикалық тұтастығын сақтауға мүмкіндік беретін ассимиляциялық және диссимиляциялық құбылыстардың ықпалы.

Морфологиялық басым белгілер: 1) *Сөздің морфемалық құрылымының айқындылығы*; 2) Түбір морфеманың өзіндік тұрақты фонетикалық қалпын сақтауы; 3) Атау септігіндегі сөз негізі (түбір) бүкіл септеу парадигмасының орталығы (негізі) болып келуі; 4) Сөзжасам және сөз түрлендіру құбылыстары негізінен агглютинативті аффиксация есебінен жүзеге асуы (бұл жағдайда аффикстер тіпті өзгермейді); 5) Аффикстердің бір мағыналылығы және стандарттылығы; 6) Аффикстердің жалғану тәртібінің тұрақтылығы.

Синтаксистік басым белгілер: 1) *Сөздердің сөйлемдегі тұрақты орын тәртібі*; 2) Анықтауыш айқындалушы сөз алдында, толықтырушы сөз толықтауыш алдында, баяндауыш сөйлем соңында орналасады.

Әрбір деңгейдегі детерминант типологиялық басымдылықтың негізгісі болып табылады. Ол басқа белгілердің көрінуіне негіз болады, тіпті тілдің типінің анықталуына әсер етеді.

Әрбір деңгейдегі детерминант типологиялық басымдылықтың негізгісі болып табылады. Ол басқа белгілердің көрінуіне негіз болады, тіпті тілдің типінің анықталуына әсер етеді.

Орталық Азия университетінің хабаршысы,  
2013 / №3 (33).93-98 бб.

#### Әдебиет

1.Кацнельсон С.Д. Лингвистическая типология - Вопросы языкознания, 1983, №3.с.9-20; №4. С.19-34.

2.Макаев Э.А. Общая теория сравнительного языкознания. – М.:Наука 1977.-205с.

3.Ярцева В.Н. Принципы типологического исследования родственных и неродственных языков. В кн. Проблемы языкознания. Доклады и сообщения ученых X международном конгрессе лингвистов. М.: Наука, С.203-207.

4.Солнцев В.М. Язык как системно-структурное образование. –М.: Наука, 1977. -341с.

5.Буранов Дж. Типологические категории и сравнительное изучение языков. –Дисс... д-ра филол наук.- Ташкент, 1978. –543с.

6.Городецкий Б.Ю. Основы концептуального аппарата лингвистической типологии. – В кн.: Тезисы дискуссии «Типология как раздел языкознания». -М.: Наука (ГРВЛ), 1976. С.62-65.

7.Нерознак В.П. О границах типологического анализа языков. –В кн.: Литература – Язык – Культура. -М.: Наука, 1985.-387с.

8.Мельников Г.П. Системный анализ причин своеобразия семитского консонантизма (методические разработки) -М.: МГПИ, 1968. - 32с.

9.Мельников Г.П. Системная типология языков /принципы, методы, модели/ -Москва.: «Наука», 2003. -290с.

10.Мельников Г.П. Детерминанта – ведущая грамматическая тенденция языка.-В книге Фонетика. Фонология. Грамматика. /к 70-летию А.А.Реформатского/. –Москва.: Наука, 1971. -367с.

11.Рысалды Қ.Т. Сын дәрежесі категориясы: функционалды коммуникативтік табиғаты /Қазақ және неміс тілдері негізінде/. Филол. ғыл. докт.диссертацияның авторефераты –Алматы: 2007. -52б.

12.Кубрякова Е.С.// Общее языкознание. Внутренняя структура языка.-М.: «Наука», 1972.- 565с.

## 2.2. Тілдің жалпы және жеке типологиясы

Белгілі бір тілдің жүйесін оқып, үйренуді диалектикалық қарама-қайшылықтарға байланысты құру керек. Себебі кез келген нақты бір тілдің жүйесін сипаттау, жалпы алғанда, тілді сипаттау болып табылады. Толығырақ айтқанда, кез келген тілге сипаттама бергенде, ол тілдің аумағынан шығып, басқа тілдерді де қамтитын кез болады.

Ғылыми тіл білімінің алғашқы кезеңдерінің өзінде-ақ ғалымдар тілдерді салыстыра зерттей бастады. Кейінірек әлем тілдерінің шеңбері кеңейіне байланысты жеке тілдерді тек қана салыстыру жеткіліксіз болды, күн тәртібінде ол тілдердің ерекшеліктерін, айырмашылықтары мен сәйкестіктерін бір жүйеге түсіру мәселесі тұрды. Осылайша тілдерді сипаттау, ғылыми классификациялау жолындағы ізденіс базасы кейінірек лингвистикада тілдердің типологиясы деп атала бастады.

Әрбір ғылымның, пәннің зерттейтін нысаны болатыны сияқты жалпы типологияның да, жеке типологияның да өз зерттеу объектілері бар.

Дүние жүзіндегі барлық тілдерге ортақ жалпы мәселелер бар ма? Бар болса, олар қандай мәселелер? Дүние жүзі тілдерінің бір-бірінен нендей айырмашылықтары бар? Бір тілді екінші тілден айырып тұратын, сол тілге ғана тән айрықша, төл ерекшелік бола ма? Міне, типологияның шешуге тиісті өзекті мәселерінің бірі осылар.

Тілдерді типологиялық жағынан оқып, үйрену бірімен-бірі байланысты екі аспектіден тұрады:

1. Тілдерді ерекше белгілеріне қарай бір-бірінен айыру.
2. Тілдерді ортақ жүйелілік сипатына қарай біріктіру.

Бірінші аспект тіл білімінде кең көлемде көрініс тапқан деуге болады. Олай дейтін себебіміз, бұл мәселе оқулық ретінде, белгілі бір тілдің грамматикасы ретінде жеткілікті зерттелген нысан.

Екінші аспектінің жүгі ауырлау. Ол тек тілдің ерекшелігін ғана көрсету емес, оның құрылымын және жүйесін ғылыми тұрғыдан сипаттау ғана емес, сонымен қатар, сол тілдерге ортақ ерекше жүйелік заңдылықтарды табу, белгілі бір тілдердің тілдік механизміне ортақ ерекшеліктер мен сәйкестіктерге қарай әлгі тілдерді біріктіру болып табылады.

Типологияның дамуының алғашқы сатысында белгілі бір тілдер арасындағы туыстық қатыныстарды айыра білу талабы тұрды. Бұл құрылымдық ұқсастықты бір негізден тараған туыстас тілдердің яғни шығу тегі жағынан жақын тілдердің

арасындағы фонологиялық, морфологиялық және грамматикалық ерекшеліктерді зерттеумен айналысу кезеңі болды. Тілдердің өзімізге белгілі генетикалық типологиясының бастамасы осы болатын. Дегенмен, бір-біріне жақын, туыс тілдерді лингвистикалық талдау тіл білімінің алдына басқа мәселені қойды. Ол - ареалды типология туралы ұғым.

Ареалды типология тек кейбір мақсат пен міндеттерді ғана орындады. Себебі жақын және алыс ерекшелігіне қарай, ареалды типология тілдерді кейде аймақ бойынша, кейде туыстық жақындығына қарай, кейде географиялық ұстанымға сәйкес біріктірді.

Лингвистер тілдер арасынан терең ішкі категорияларды іздей бастады; тілдердің жақындығын ескеріп, лингвистикалық атлас жасағылары келді. Алайда, сипаттамалы типологияның бұл кезеңінде тілдерді біріктіру әзірше мүмкін емес еді. Тілдердің ерекше белгілері, шешілмеген мәселелері бұл жағдайды көтермеді.

Қазіргі лингвистиканың алдында тілдерді салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу кезек күттірмейтін мәселе. Өйткені типология болашақта әртүрлі тілдерді (шамамен 4000 аса тіл бар) біріктірудің үлкен, керемет картинасын жасап шығуы керек. Бұл мақсаттың типологиялық лингвистикада бірінші сапта тұрған себебі - әлем тілдерінің бәрін сипаттап, бір ізге түсірудің, сондай-ақ, оларды айыру және біріктіру мәселелерінің практикалық қажеттілігі пісіп жетілгендігі. Қазір тілдік типология саясаты тіл білімінің басты міндетінің бірі болып отыр. Тілдерді типологиялық зерттеудің негізгі бағыты - ең алдымен, тілдік механизмнің ерекше жақтарын анықтау, әрбір тілдің негізгі коммуникативтік қызметін көрсететін тілдік бірліктердің қалыптасуының жалпы заңдылықтарын ашып көрсету, одан ары әртүрлі тілдердің коммуникативтік құрылымының жалпы заңдылықтарын көрсету болып табылады.

Әртүрлі тілдердің тілдік материалына сүйенетін қандай да бір салғастырмалы-типологиялық зерттеу жалпы типологияның да, жеке типологияның да талаптарына сай келуі



ықтимал. Ол салғастырмалы-типологиялық зерттеудің алдына қойған нақты ғылыми әдісіне және тілді типологиялық талдаудағы мақсат, міндеттерге байланысты.

Типологияның бұл бағыты жалпы тілдің теориясымен ұштасып жатады. Себебі екеуінің де мақсаты тілдердің ең алдымен адамзат әрекетінің атрибуты ретінде қызмет ететіндігін айқындау. Типологияның бұл бағыты тілдердің универсалды ерекшеліктеріне сүйенеді, мақсаты белгілі бір тілді сипаттау, дәлірек айтсақ, жеке ерекшеліктерден жалпы ортақ мәселелерге қарай сипаттау болып табылады. Тілдердің әртүрлі ерекшеліктерін біріктіру және тілдерге ортақ универсалийлерді табу жалпы типологияға тән бірден бір әдіс. Лингвистикалық типологияда тілдік универсалийлерді тек тілдерді бір-бірімен салғастырғанда ғана анықтауға болады. Ол универсалийлер лингвистикалық универсалийлер деп аталады.

Универсалийлер - тілдердің негізгі сипатын ашып бере алатын көптеген тілдерге тән қасиеттер мен белгілер. Олар дедуктивті және индуктивті, абсолютті және статистикалық, синхронды және диахронды, жай және күрделі т.б. болып бөлінеді. Тілдік универсалийлер: а) егер тілде рай категориясы болса, онда ашық райдың болуы міндетті; б) тілдегі фонемалар саны 10-80 фонемадан аспайды; в) егер тілде дауыссыздар «жуан-жіңішке» болып бөлінсе, онда дауыстылар политонды болмайды; г) егер тілдегі сөздер бір буынды болса, ондағы морфемалар саны да біреу, яғни тілге музыкалды екпін тән; д) егер тілде дауыстылар болса, онда бұл жүйеге тілдің жоғары көтерілуін қарсы қоюға болады т.б. [1,398].

Сонымен лингвистикалық универсалийлер дегеніміз - әлемдегі әртүрлі тілдердің барлығына ортақ тілдік ерекшеліктер. Универсалийлердің мынадай негізгі типтерін көрсетуге болады: фонологиялық, грамматикалық, семантикалық және символикалық.

Типология шартты түрде жалпы және жеке типология болып екіге бөлінеді. Жалпы типология әлемдегі тілдер арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтарды тілдің

жалпы мәселелеріне байланысты қарастырады.

Әртүрлі генетикалық топқа енетін тілдер арасындағы жалпы ерекшеліктерді, жалпы өзгерістерді тілдердің деніне ортақ процестерді осы жалпы типология зерттейді. Мұндай зерттеу нысанына сондай-ақ, фонологиялық жүйедегі жалпы мәселелер, фонемалар мен буындарды айрықша белгілеріне байланысты топтастыру, сөз және сөз тіркесі құрылымындағы ерекшеліктер, сөздің морфологиялық структурасындағы типтерді айыру т.б.мәселелер енеді. И.А.Бодуэн де Куртенэнің сөзімен айтар болсақ: «Тілдерді осылайша салыстыру олардың фонетика, морфология, сонымен қатар семасиология салаларындағы ауқымды талдауларға негіз болады» [2,376].

Тілдердің жалпы типологиясын құрғанда (мәселен, туыс тілдерді типологиялық жағынан зерттегенде, айталық, славян, роман, герман тілдерін) алдымен олардың жалпы, ортақ ерекшелігіне баса назар аудара отырып, тілдің типін тұтас жүйе түрінде суреттеп, оны тілдің барлық қабатында қатал іріктеп алынған параметрлер бойынша жүйелеп баяндау қажет.

Ал жеке тілдердің типологиясы, керісінше, әр тілдің өзіндік ерекшелігіне сүйенеді. Бұл жерде де сипаттау құрылымдық талдау түрінде болады. Мұның өзі екі тілді салғастырғанда (бинарлы салыстыруда) өте қажет. Зерттеуде әр тілге әртүрлі жеке-жеке типологиялық сипаттама берілгені дұрыс. Универсалды және жеке типологияның мәселелерін шешуде зерттеуші-ғалымдар өз алдарына осындай міндеттер қойды. (Е.Д.Поливанов, Н.С.Трубецкой, А.А.Реформатский, Б.А.Серебрянников).

А.А.Реформатский былай деп жазады: «Тип языка надо определять исходя из его грамматического строя, наиболее устойчивого и тем типизирующего. Необходимо включать в эту характеристику и фонологическую структуру языка о чем писал В.Гумбольдт, но не мог осуществить, так как не было фонологии» [3,85].

Дүние жүзіндегі тілдер құрылысы жағынан алуан түрлі. Солай бола тұрса да, олардың бәріне бірдей тән ортақ қасиеттері,

ортақ заңдылықтары болады. Мәселен, тіл атаулының бәрі қатынас құралы қызметін атқарады. Бұл – дүние жүзіндегі барлық тілдер атқаратын қызметі жағынан ұқсастығының айғағы. Тілдердің бәрінде де дыбыс, сөз, грамматикалық форма, сөйлем дегендер болады. Бұл – дүние жүзі тілдерінің тілдік элементтері жағынан біркелкі болатындығының дәлелі.

Тіл атаулының бәрі заман өткен сайын өзгеріске ұшырап, дамып отырады. Бұл да тілдердің барлығына тән, ортақ қасиет. Айта берсек, барша тілдерге ортақ мұндай қасиет мол. Олай болса, лингвистикалық типология тіл атаулының барлығына тән осындай ортақ мәселелерді, ортақ заңдылықтарды тілдік универсалийлерді сөз етіп, қарастырады. Лингвистикалық типологияда тілдік универсалийлерді тек тілдерді бір-бірімен салыстырғанда ғана анықтауға болады. Олай болса, ол универсалийлерді лингвистикалық универсалийлер деп атаймыз.

Бұдан жалпы типология өз зерттеу нысанын өзгертіп, яғни тек туыс тілдерді ғана емес, сондай-ақ, құрылымы әртүрлі тілдерді де қарастырып, зерттеу материалын кеңейте отырып, жалпы тілдік мәселелерді шешуде ерекше рөл атқаратынын көреміз.

Жеке типологияның қарастыратын мәселесі жалпы типологияға қарағанда тарлау (шектеулі). Бұл бір тілді немесе белгілі бір тілдер тобын ғана типологиялық жағынан зерттеу. Генетикалық жағынан туыс тілдерді қарастыратын салыстырмалы-тарихи тіл білімінен бұл зерттеудің айырмашылығы жеке типология жалпы типология іспеттес бір негізден тараған туыстас тілдерді ғана емес, сонымен бірге, әр басқа негізден тараған тілдерді де қоса зерттейді. Бұл жерде бастыкөңілаударатын мәселе, туыс тілдерді салыстырғандағыдай материалдық форманың ортақтығы емес, туыстығы алыс тілдер арасындағы семантикалық жақындық, белгілі бір морфемалардың функцияларының ортақтығы болып табылады. Мысалы, құрылымы әртүрлі тілдердегі өздік есімдіктер жүйесі немесе морфемалардың суффиксальдық жүйесі жеке

типологияның зерттеу нысаны болуы мүмкін.

Алдына қойған нақты мақсат-міндеттерге байланысты жеке типология белгілі тілдер мен тілдік топтардың құрылымын, сонымен қатар, жеке тілдер жағдайының тарихи өзгерістерін оқып, зерттейтін тарихи, диахрондық типологияны біріктіреді. Мысалы, жеке типология тілдердің синтетикалық типтен аналитикалық типке өтуін де, тіл тарихындағы белгілі бір сөз табының өткені мен бүгінгі сипатын көрсететін грамматикалық категориялардың өзгерісін де қарастырады.

Лингвистикада салыстырылатын материал жөнінде мынадай екі пікір бар: 1.бүкіл тіл жүйесі бойынша салыстыру. 2.аспект бойынша салыстыру. Аспект бойынша салыстыру тіл жүйесінің (фонетика, грамматика, лексика сияқты) белгілі бір жағын ғана қарастырады, мысалы, тек категориясы, септіктер жүйесі, сөз таптарының жүйесі т.б. Бүкіл жүйе типологиясы тілдерді салыстыра отырып, олардың типін басым белгілерінің ортақтығына қарай белгілейді; тілдердің типін өзара байланысты тіл бірліктері мен құбылыстарының ерекшеліктерінің негізінде анықтайды. Мәселен, Ч.Е. Базел тілдердің типін зерттеу тілдің белгілі бір аспектісіне бағытталуы тиіс екендігін, сонан соң олардың негізінде екі не бірнеше тілді салыстыруға болатынын айтады [4,12].

Ал бүкіл тіл жүйесі бойынша салыстыру тіл құрылымының кейбір аспектілерінің (мысалы, сөз тіркесінің құрылысы, сөздің морфологиялық және мағыналық жағындағы өзара байланысы) бір-біріне тәуелділігінен шығады. Осындай жағдайларға сүйеніп, тіл ғалымдары бір тілдің ерекшелігін ашуға тырысады. Қандай да болмасын екі тілді (тегі басқа, тектес, т.б) салыстыруда универсалды, жалпы, типті және дербес белгілерді табуға болады.

Профессор Э.Д.Сүлейменова құрылымы әртүрлі тілдерді лингвистикалық тұрғыдан сипаттағанда мына мәселелердің ескерілуін айтады: а) екі тілге ортақ жалпы (универсалды) терминдер мен ұғымдар және категориялардың болуы шарт; б) әртүрлі тілдік фактілерді бағамдаған кезде ортақ әдістер мен

айырым белгілердің (критерийлер) пайдалануы шарт.

Контрастивті лингвистикада қолданылатын терминдер, екі тілде бірдей қолданылуы міндетті. Әйтсе де, әрбір термин тілдегі жалпы белгілерді біріктірумен қатар, әр тілдің өзіне ғана тиесілі ерекшелікті білдіретін белгілерді қоса көрсетеді. Осы шарттар орындалған кезде ғана тілдерді салғастыру мүмкіндігі туады [5, 33].

З.Қ. Ахметжанова құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыруда алты ұстанымды негізге алуды ұсынады: 1) семантикаға сүйену принципі; 2) тілдер функционалдық тұрғыдан салғастырылуы тиіс; 3) салғастырмалы зерттеулерде тілдік бірліктердің парадигматикалық және синтаксикалық қатынастарының ара салмағы есепке алынуы қажет; 4) міндетті түрде ұғым мен терминдерді сәйкестіру керек; 5) салғастырмалы функционалды-семантикалық зерттеулерде тілдік тәсілдердің семантикалық және құрылымдық функцияларын (қызметтерін) анық айыра білу керек; 6) тілдің құрылымын анықтау үшін қандай да бір ұғымдық концептке сүйенген және қандай да бір семантикалық қызмет (функция) атқаратын грамматикалық категорияларды да, тілдің механизмінің бөлшегі туралы хабар беретін формалды класстарын да жақсы білген абзал [6,58].

У.К.Юсупов контрастивті зерттеудің он төрт ұстанымын негіздейді. Ол салғастырудың жан-жақты болуына көңіл аударады да, ұстанымдар ауқымын тым жіктеп жіберген. Мысалы, жеңілдік ұстанымы (принцип простоты) - «сопоставительное описание должно быть предельно простым и понятным как для преподавателей, так и для студентов», қысқарту ұстанымы (принцип сокращения) - «... лингводидактических целях межязыковому сравнению подвешаются языковые явления неродного языка, включенные в программы и минимумы» [7,10]. Бұл ұстанымдар белгілі бір жағдайда ғана қажет болуы мүмкін, ал негізінде олардың ұстанылуы салғастырмалы типологияның бір жағынан жадағайландырып, екінші жағынан тарылтып жібереді [8,86].

Универсалды типология жеке тілдер типологиясынан

бөлек тұрған нәрсе емес. Ол сол жеке тілдер типологиясының тұжырымдарына негізделеді. Басқаша айтқанда, жеке тілдерді зерттеуден туған қорытындылар жалпы типологияға материал болады. Ал тіл білімінің жеке тілдерді зерттейтін саласы өз зерттеулерінде универсалды типология жасаған тұжырымдарға сүйенеді, соларды басшылыққа алады. Бұл - тілдің универсалды типологиясы тілдің жеке типологиясымен тығыз байланысты деген сөз.

М.Т.Сабитова өзінің «қазақ және неміс тілдерінің салғастырмалы фразеологиясының қалыптасуы» деген мақаласында А.Д.Рахштейн [9,96] лингвистикалық салғастырмалы талдаудың қиындығы мен аздығын көрсете отырып, тілдердің түрлі топтарына және салғастырудың кез келген деңгейінде қолдануға болатын кейбір ұстанымдарды анықтады деп, оларды жіктеп көрсетеді [10,69].

1. Жеке тілдерді зерттеу салыстыра, тұтастай және кезеңмен жүргізілуі тиіс, жеке тілді зерттеу тіларалық зерттеуден бұрын басталады;

2. Ұқастықтар мен айырмашылықтарға салғастырмалы талдау – салғастыру бірліктері арасындағы объективті ұқастыққа негізделеді;

3. Тілдегі бірліктерді салғастыру және тілдерді зерттеудің біртұтас теориясы негізінде жүргізілуі тиіс. Біртұтас ұғым – терминологиялық аппарат көмегі арқылы жүзеге асады;

4. Бір жақты немесе екі жақты салғастыру; оның нәтижелерінің салғастыру барысы, мазмұны біржақты (А тілінің ерекшелігін Б тілінің ерекшелігіне қатысты зерттеу немесе керісінше), немесе екі жақты (А және Б тілдерін қатар талдау) болуы мүмкін.

5. Салғастырмалы талдау тілдік формадан мазмұнға (семасиологиялық жол) немесе мазмұнын оның айтылым тәсіліне қарай (ономасиологиялық жол) бағытталады. Салғастыра зерттеуде осы екі жол өзара үйлесіп тұрады.

6. Салғастыра зерттеу синхронды-салғастыру немесе диахронды- салғастыру болуы мүмкін.

7.Салғастырмалы талдаудың көздері: салғастырылушы тілдің түпнұсқа материалдары.

Құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық зерттеуде жеке тілдің типологиясы болсын, жалпы типологияда болсын жоғарыда көрсетілген ұстанымдардың тигізер пайдасы орасан.

Типология зерттеу нысанына қарай жеке және жалпы типология сабақтастығына құрылғанын ескерсек, жалпы мен жалқының байланысы қазіргі зерттеулердің өзегіне айналып отыр. Жеке типология – бір тілдің құрылымдық ерекшеліктерін, жүйелік нормаларын сипаттай отырып, бір немесе бірнеше халықтар үшін маңыздылығын анықтауға бағытталса, жалпы типология – барлық тілдерге ортақ болатын қалыптасу, даму ұстанымдарын сұрыптауға негізделеді. Жеке типологияның дамуы арқылы, салғастырмалы-типологиялық зерттеулер негізінде қалыптасқан жалпы типологиялық мәселелер тілдерге тән толып жатқан ортақ сипаттардың, универсалды құбылыстардың табиғатын, себеп-салдарын ашуды мақсат етеді. Соның нәтижесінде лингвистикалық әр деңгейдің өз даму принциптерін сұрыптауға болатын ұстанымдар желісі анықталып, жалпы ереже – «тіл атаулының барлығына ортақ жалпы заң», жалқы ережелер - әрбір тілдің өзіндік даму ерекшеліктерін сипаттайтын нормалар болып есептеледі. Екі бағыттың да типологиялық тіл білімі үшін маңызы зор. Өйткені кез келген тілдің «қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы адам баласының тілін сипаттайтын жалпы заңдылықтармен» қатар «нақтылы бір тілдің өзіне тән, оны басқа тілдерден бөліп қарауға мүмкіндік беретін жеке заңдарын ажырата білу қажеттігі» орын алады. Сондықтан бүгінгі күні жеке тілдік фактілерді жалпы тіл табиғаты негізінде талдау қажеттігі сол байланыстың уәжді жалғасы болып табылады.

Сондықтан генетикалық жақтан бір-бірінен алыс тілдерді типологиялық жағынан салғастырғанымызда, жоғарыда көрсетілген ұстанымдардың барлығын дерлік пайдалан абзал.

Өз тарапымыздан құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырғанда мына ұстанымдарды назарда ұстағанды жөн санаймыз:

**1. Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырғанда жүйелілік сақталуы тиіс.** Даралық және жалпылық, ұқсастық және ерекшелік салыстыру, салғастырудың, оппозитивтің негізінде анықталады. Оппозитивтің өзі өз ішінде тағы да қарама-қарсылықтан тұрады. Бұл мәселе адамзат тіліне қатысты алынғанда, тілді тұтас жүйелі құрылым ретінде жинақтай алатын сипатқа ие болуы тиіс. Құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық жағынан салғастырғанда тілдің барлық деңгейлері бойынша, жүйелі типология тұрғысынан зерттелуі тиіс. Бұл ұстаным салғастырылып отырған тілдердің бүкіл жүйесі бойынша типологиялық басымдылықтарды анықтауға, ол басым белгілердің басқа белгілерге әсерін айқындау арқылы детерминантты анықтауға, ол басымдықтың зерттеліп отырған тіл үшін маңыздылығын айқындауға, соның негізінде бүкіл тілдің жүйелік құрылымын сипаттауға мүмкіндік береді.

**2. Тілдердегі кездейсоқ сәйкестіктер мен ерекшеліктер емес, тілдік үрдіс (тенденция) салғастырылуы дұрыс.** Сонда ғана тілдер табиғатындағы, тілдің жүйелік құрылымындағы басым белгі, типологиялық басымдықтар анықталады. Тілдің жеке-дара фактілерін салғастыру тіл білімі үшін ештеңе бермейді, тек жүйелілік қана тілдің төл ерекшелігін, тілдің табиғатын айқын көрсетуге мүмкіндік жасайды.

**3. Құрылымы әртүрлі тілдер алдын-ала таңдап алынған типологиялық параметрлер арқылы салғастырылуы қажет.** Тілдерді салғастыруда кездейсоқ салғастыру болмау үшін ол параметрлер таңдап алынуы қажет. Соның негізінде әр тіл бөлек-бөлек зерттеледі немесе өзіне дейінгі типологиялық зерттеулер негізінде тұжырымдар жасалады. Бұл белгілер кеңістігіндегі көпөлшемді тілдік жүйені терең талдауға мүмкіндік береді.

**4. Типологиялық зерттеуде белгілер кеңістігіндегі басым белгі, типологиялық басымдықтар арасынан міндетті түрде детерминант анықталуы тиіс.** Әр деңгей бойынша анықталған типологиялық басымдылық түрлері тіл үшін маңызы бірдей ме, әлде біреуі басымдылықтарды



анықтайтын басым белгі бола ма деген сауал әр деңгей тұрғысынан бағаланғаны абзал.

### **5. Салғастыруда тіл деңгейлері арасындағы иерархиялық, өзара байланыс қатаң сақталуы керек.**

Бұл ұстанымдарды лингвистикалық типологияда пайдалану салғастырмалы-типологияны дамытуға, лингвистикалық типологияның метатілін байытып, қалыптастыруға ықпал жасайды. Қазақ тілін басқа тілдермен салыстыра және салғастыра зерттеуді дамыту – ана тіліміздің аясын кеңейтіп, мемлекеттік тіл ретіндегі статусы мерейінің үстем болуына әсер ететіні сөзсіз.

Типологиялық зерттеулер тілдің барлық деңгейінде (фонология, морфология, лексика, синтаксис, сөзжасам) жүргізіледі, тіпті онда сөз типологиясының өзі арнайы қарастырылады. Мұндай жұмыстар циклы деңгейлік, аспектік, жүйелік типологияны құрайды.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы үздіксіз білім беру модернизациясы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары .  
23-24 май, 2007ж, Алматы. 171-176.б.б.

### **Әдебиет**

1.Кубрякова Е.С.// Общее языкознание. Внутренняя структура языка.-М.: «Наука», 1972.- 565с.

2.Бодуэн де Куртене И.А. Избранные труды по общему языкознанию. –М.: Изд-во АН СССР, 1963. Т 1. -384с.

3.Реформатский А.А. Очерки по фонологии, морфонологии и морфологии. М., 1979.

4.Базел Ч.Е. Лингвистическая типология.//Принципы типологического анализа языков различного строя. 1975.-282с.

5.Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. -Алматы: Демус, 1996. -205с.

6.Ахметжанова З.К. Валиханова Р.Е. Сопоставительно-функциональное исследование лексико-фразеологических систем казахского и русского языков. –Алматы: 1999. -183с.

7.Юсупов У.К. Сопоставительная лингвистика как самостоятельная

дисциплина //Методы сопоставительного изучения языков. -Москва: Наука,1988. -93с.

8.Рысалды Қ.Т. Тілдерді салғастыра зерттеудің бір бағыты – функционалды контенсивті типология. //Қазақстан республикасы ғаламдық мәдениет және тіларалық қауымдастықта (қазақ және әлем тілдері). -Алматы, 2006. -229 б.

9.Рахштейн А.Д. Сопоставительный анализ немецкой и русской фразеологии. –М., 1980.-195с.

10.Сабитова М.Т. Қазақ және неміс тілдерінің салғастырмалы фразеологиясының қалыптасуы // Қазақстан республикасы ғаламдық мәдениет және тіларалық қауымдастықта (қазақ және әлем тілдері). Алматы, 2006. -229 б.

### 2.3 Когнитивтік лингвистиканың теориялық негізі

Когнитивтік лингвистика заманауы лингвистиканың жаңа бағыттарының бірі. Ол үлкен екі ілімнен –жалпы тіл білімі мен когнитивтік ғылымнан негіз алады. Академик Е.Велиховтың пайымдауынша адам миы қызметі мен танымның жоғары психикалық қызметін когнитивтік ғылым зерттейді. Когнитивтік ғылым бүгінгі таңда биотехнология, информациялық технология және нанотехнология сияқты заманауы технологиялық ғылымдармен қатар қарастырылады. Когнитивтік ғылымды когнитивтік психология мен информатика теориясының қарым-қатынасының нәтижесі деуге болады. XX ғасырдың 60-жылдары көрініс тапқан «Когнитивтік төңкеріс» ғылыми бағыт – бихевиоризмнің орнына жаңа когнитивтік психологияның дүниеге келуімен байланысты еді.

Бихевиоризм (ағылш. *behavio(u)rism* - қылық, жүріс-тұрыс) XX ғасырдағы психология ғылымын сипаттайтын американдық бағыт. Ол адамның қылығын жіте қарастырады да, сананы негізгі зерттеу объектісі деп санамайды [1]. Бихевиоризмнің іргесін қалаушы Эдвар Торндайк (1874-1904). XX ғ. американдық психологиясының ағымы. Ғылыми зерттеудің пәні, сана емес, қылықтың әртүрлі формалары ретінде қараған

және организмнің сыртқы ортадағы стимулдарға реакциясын психика ретінде түсіндірген. Бихевиоризмнің алғашқы бағдарламасын құрастырған әйгілі американ психологі Д. Уотсон болды. Бихевиоризм эксперименталды зерттеулерінде басым болған әдістер — байқау және қоршаған ортаның әсеріне организмнің реакциясын тексеру, содан соң оның нәтижесін математикалық өңдеп сипаттау еді. Бихевиоризм ілімін жалғастырушы және қорғаушы ғалым, американ психологі Б.Скиннер және оның мектебі.

Бихевиоризм психологиялық бағыттардың бірі негізінде туған, бірақ психологияның ой-сана жайындағы зерттеулерін мойындамайды. Ол жеке адамдар мен топтардың іс-әрекетін талдауға негізделген әдістемелік бағыт. Бұл әдісті жақтаушылар саяси қызметтің барлық түрлерін адамдардың іс-әрекеттерін талдау арқылы түсініп білуге болады дейді. Психологияның мақсаты сананы тану емес, әрекет-қылықты зерттеу деп біледі. Бихевиоризм теориясын негізінде адам мен хайуанаттардың әрекет-қылығы сыртқы орта әсері не (стимул) болған организмнің кері (сөз, эмоция арқылы) жауаптарының жиынтығы деген түсінік жатыр. XIX-XX ғ.ғ. тоғысында бихевиоризм психологиясы жануарлар психикасына эксперимент жасау нәтижесінде пайда болды. Мұнда адам психикасын зерттеуде қолданылатын өзін-өзі бақылау тәсілін пайдалану мүмкін болмағандықтан, эксперимент жасау әдісі іске қосылды. Бұл әдісті бихевиористер адам психикасын зерттеуге де қолданды. Бихевиоризмнің жалпы әдіснамалық алғы шарты позитивизмнің философиялық принциптерінен шығады. Осы принциптерге сәйкес ғылым тек бақылау жүргізіп отырған затын баяндауы тиіс, ал бақылауға тікелей берілмеген мәліметтер мен ішкі механизмдерді талдау алдамшы екенін алға тартты. Осыдан барып, бихевиоризм психологиясы сананы емес, әрекет-қылықты зерттеуі керек деген негізгі тезисті тұжырымдады [1].

Бихевиористер сана деп адамның тек басынан кешкен субъективті мағлұматтар жиынтығын айтады. Сана сыртқы дүниені

бейнелейтін мидың нақты қызметі екенін олар мойындамайды, психиканың материалдық субстратын құрайтын физиологиясына қарсы шығады. Бихевиоризм ілімінің қарсыластарға тап болуы — сана, ойлау, ерік сияқты негізгі ұғымдарды психологиядан шығарып тастап, психиканың әлеуметтік жағын ескермеуінде болса керек. Бихевиоризм — бұл прагматикалық бағыт және ол тез дамушы капиталистік экономикалық сұраныстарының салдарынан пайда болды. Бихевиористердің мақсаты — психологияны «мінез-құлықты басқаратын және оны болжайтын» ғылым саласына айналдыру [2].

Дж. Уотсонның 1925 жылы шыққан «Бихевиоризм» кітабының мағынасы мынада: сыртқы тітіркендіргіштерге әсер ете отырып, кез келген мінез-құлық бар адамды «жасап шығуға» болады. Адамның өзіндік және туа біткен сенімдері ғана емес, оның қатынастары мен көзқарастары да теріске шығарылды. Бихевиоризмнің бұл бағдарламасы адамның ешқандай ерекшеліктерін ескермегендіктен антигуманды болды.

Алайда, 30-шы жылдары бихевиоризм идеялары шайқала бастады. Америкада кезекті экономикалық дағдарыс басталды, жұмыссыздық, қайыршылық пайда болды. Әлеуметтік ортаны және оған адамның қатынасын ескеру керек болды: оның сыртқы реакциясын ғана емес, оның мотивтерін, көңіл-күйін, көзқарастарын. Атақты американдық психолог Роберт Вудвортс (1869-1962) былай деп жазды: «Біз көп жағдайда адамның аяқтарын, қолдарын және вокальдық мүшелерін — олардың тілектерін басқару арқылы ғана басқара аламыз». Ол мотивация туралы ілімді жасай отырып, бихевиоризм ұсынған «стимул-реакция» схемасын ығыстырып, оған аралық бөлімді — ағза және оның бағыттарын енгізді. Осылайша «қатаң» бихевиоризм шайқалып, мінез-құлық психологиясын қайта құру басталды. Оны Эдвард Толмен және Кларк Халл басқарды, ал жаңа бағыт «необихевиоризм» деген атауға ие болды. Олар психологиядан дәстүрлі ұғымдарды — бейне, мотив және т.б. шығарып тастауға болмайды деп санап, олар реакция мен ынтаның (стимулдың) арасында болады деп болжады. Осы

мақсатпен олар «уақытша-айнымалылар» ұғымын енгізді. Бұл ұғым ретінде, тікелей ынталандырулар мен жауапты мінез-құлық арасында болатын, танымдық және себептік факторлар жиынтығы деп түсінілді. Бірақ мұның бәрі адамның үйренуінің психологиялық механизмдерін түсіндіре алмады[2].

Бихевиоризмге қарсыластардың көзқарастары әрине, өзгеше еді. Олардың ойынша, адамның мінез-құлқына әсер ететін сыртқы тітіркегіштер емес, адамның мінез-құлқына әсер ететін ерекше физиологиялық, психикалық, психологиялық, когнитивтік механизмдер мен процестер және адам когнициясының актив реттеушілері. Олар адамға туылғаннан когнитивтік карта, схема, қабылдау, информацияны өңдеу сияқты когнитивтік қабілеттілік және категориялар тән деп түсіндіреді. Когнитивтік ғылым мен когнитивтік лингвистика күн тәртібіне ең алдымен білім құрылымы, адам когнициясының жұмысы мен құрылысы, адамның танымдық қабілеті тағы сол сияқты мәселелерді қояды.

Тілді когнитивтік тұрғыдан адами когницияның түрі мен формасы, тіл мен сөйлеудегі психология бойынша зерделенген ең алғашқы зерттеуші, американ лингвисті Наом Хомский.

Когнитивтік төңкерістің себебі – бихевиорист Скиннердің кітабына деген сын және Наом Хомскийдің адамның тілдік және сөйлеу қабілеті туралы айтқан революциялық когнитивтік идеялары болды.

Ғылымдағы когнитивтік төңкерістің негізіне толығырақ тоқталатын болсақ, 30 жылдай бұрын гуманитарлық ғылымдардың зерттеу объектілері – когнитивтік құрылымдар мен ол құрылымдардың механизмдері болды. Кейінірек бұл үдеріс когнитивтік төңкеріс (cognitive revolution), когнитивтік бетбұрыс (cognitive turn) болып, когнитивтік ғылымның яғни когнитологияның, когитологияның пайда болуына негіз болды. Когнитивтік ғылым өзінің алдына: қабылдау, категоризация, классификация, әлемді түсіну, репрезентация, білімді сақтау сияқты процестерді зерттеуді қойды [3,56]. Когнитивтік лингвистика:

1. тілді когнитивтік механизм ретінде зерттеді;
2. тілдегі когницияға ерекше мән берді.

Когнитивтік төңкеріс тілді жүйе деп бір жақты қарастыратын лингвистикада бұрыннан қалыптасқан зерттеу тәсілдерінен өзгеше әдістерін жаңа, инновациялық әдіс-тәсілдермен алмастырып, прогрессивті көзқарастарды қалыптастырды.

С.Е.Исабековтің «Когнитивтік лингвистиканың негіздері» атты зерттеуінде когнитивтік лингвистиканың Еуропалық негізіне талдау жасайды. Сондай-ақ өз монографиясында ғалым қазіргі когнитивтік лингвистиканың екі бағытын жіктейді [3,85]:

1. ментальды-информациялық немесе американдық-батысеуропалық бағыт.
2. этномәдени немесе мәскеулік бағыт.

Ментальды-информациялық және этномәдени бағыттағы когнитивтік лингвистиканың қарастыратын өзекті мәселесі: адам және адамзат тілі. Алайда бұл екі бағыттың ол мәселеге көзқарасы әртүрлі.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистикада

1. адам - қандай да бір этносқа, мәдениетке қатыссыз ақпаратты қабылдаудың, сақтаудың және тасымалдаудың белгілі бір жүйесі ретінде қабылданады,

2. тіл - ментальдық ерекшелік яғни, адамдық когницияның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистикада нақты, жеке ұлттық тіл емес жалпы адамзат тілі сөз болады.

Жоғарыдағы екі бағыттың тағы бір ерекшелігі - олар әртүрлі когнитивтік құбылыстарды және мәселелерді қарастырады және оларды әрқалай түсіне отырып, алдарына әртүрлі зерттеу міндеттерін қояды.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистика көбіне зерделейтін ұғымдары: когниция, когнитивтік жүйе, адамның психикасы, адам когнициясының

құрылымы мен қызметі, адам организмінде болатын физиологиялық, психологиялық, когнитивтік процестер, білім, өзін-өзі тану, адамның танымдық қызметі, адамзат тілі т.б.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистиканың негізгі міндеті ретінде адам когнициясының негізі - миды, нейрондық жүйені, жадыны, жалпы тілдік танымды, ақпаратты өңдеудің құрылымын қояды.

Ментальды-информациялық бағыт негізі - *информация* болса, этномәдени немесе мәскеулік бағыттың басты мән беретін ұғымы – *мәдениет*, баса назар аударатын мәселе, бірінші мектеп *мәдениет* ұғымын мүлде қарастырмайды [4,47].

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистиканың тағы бір ұғымдарының бірі – «репрезентация». Табиғаты жағынан бұл ұғым да ментальды терминімен барабар. Шын мәнісінде адамның миы, адамның танымы ментальды. Ментальды-информациялық бағытта бірінші орында ментальдылық және концептуалдылық тұрады. Бұл әрбір тілдің артында концепт, концептуалдық құрылым тұратынын көрсетеді және когнитивтік лингвистиканың басты мақсаты – концептердің формасы мен құрылымын, жасалу заңдылықтарын ашу және көрсету деп С.Е.Исабеков екі бағыттың ерекшелігін саралап, жіктеп, ерекшеліктері мен өзгешеліктерін зерделеп көрсетеді.

Когнитивтік (танымдық) тіл білімі – тілдік ақпараттарды жию, меңгеру және пайдалану процестерін зерттейтін ғылым. Қазіргі кезде ғалымдар арасында «тіл когнитивтік құрылымның бейнесі» «когнитивтік құрылым мен тілдік құрылымның арасында байланыс бар» деген көзқарастар қалыптасқан. Бұл адамның тілдік әрекеті ойлау әрекетімен тығыз байланыстылығын көрсетеді. Когнитивті тіл білімі – таным (когниция) мен тілдің арасындағы байланысты, қарым-қатынасты, сәйкестікті білдіретін ғылым. Американдық белгілі лингвист Н.Хомский: «Когнитивтік төңкеріс ақыл-ой мен мидың жағдайын, олардың адамның когнитивті болмысына: біліміне, ұғымына, түсінігі мен сеніміне қалай ықпал ете алатынын зерттейді» (Хомский,1999) деп жазды. Адамның білімі мен

түрлі ақпараттарды қабылдауына қатысты процесс когнитивтік немесе когниция деп аталады[5,33].

Когнитивистикада когницияға ерекше мән беріледі, ол тек бақылауға алынған іс-әрекет деңгейінде зерттеліп қоймай, оның менталды репрезентациясы (ішкі қабылдау, модель), [6,356] символы, даму стратегиясы (білім енгізінде жүзеге асатын іс-әрекет) [7,152], адамның когнитивтік әлемімен қатар қаралады.

Когниция – танымның өзгеше сипаты, ол адамды қоршаған шынайы болмыс туралы жан-жақты мәлемет беретін сезім, эмоция, жады, қиял, қабылдау, ақыл-парасат, сияқты әрекеттермен бірлікте дамитын құбылыс ретінде айқындалады.

Оның өз мақсаты, өз міндеті, зерттейтін өз нысаны мен өз әдіс-тәсілдері бар. Когнитивті лингвистиканың мақсаты – тілді когнитивті лингвистика шеңберінде ғылыми ұғымдар мен ұстанымдарға негізделген әдіс – тәсілдер арқылы зерттей отырып, тіл құбылысы мен когнитивтік түсініктің сәйкестігін анықтау. Адам басында пайда болған тілдік сана әлемнің бейнесін белгілеу. Ал когнитивті лингвистиканың міндеті – адамдарға объективті қоршаған дүниені таныту.

Когнитивтік лингвистика адамның менталитетімен, білімімен байланысты болса, лингвистикалық мәдениеттану мәдениет пен тілдің арақатынасына көңіл бөледі. Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейді. Оның негізі мақсаты – халықтың ойлау ерекшелігі мен оның мәдениетін тіл арқылы ашу. Тіл мен мәдениеттің ажырамас бөлігі, әрі ол лингвомәдениеттануда рухани болмыс ретінде танылады, яғни, тілде ұлттың дүниетанымы, әдет – ғұрпы, дәстүрлері, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері – рухани өмірі көрініс табады.

Ш.Уалиханов атындағы

Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы.

Филология сериясы № 4 /2017 76 -79 бб.

#### Әдебиет

1. <http://bigox.kz/bixeviorizm/>
2. <http://kk.wikipedia.org/wiki/>



3.Исабеков С.Е. Основы когнитивной лингвистики.Астана, 2010 – С.381.

4.Исабеков С.Е.Избранные произведения. Усть-Каменогорск, 2013 – С.186.

5.Карасик В.И. Определение и типология концептов // Этнокультурная концептология. Межвуз.сб.научных трудов. Вып.1.Элиста, 2006.

6.Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 жыл.

7.Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. - 384 бет.

## **2.4 Тілдер типологиясы және салғастырмалы типология**

Жалпы тіл білімінің негізгі мәселелерінің бірі «тіл және қоғам», «тіл және ойлау» мәселелері болса, олардың толық шешілуі тілдер типологиясымен тығыз байланысты.

Жалпы тіл білімінде салғастырмалы типология еуропа тілдерінің, атап айтқанда, батыс үндіеуропа тілдерінің зерттеулеріне сүйенеді. Алайда, бұл тілдердің әртүрлігіне, олардың тілдік құрылысының күрделілігіне қарамастан, сол тілдерді ғана зерттеу арқылы әлемдегі барлық тілдердің құрылымдық типтерін жүйелі түрде, кешенді, жан-жақты айқындау мүмкін емес.

Тілдердің құрылымдық типтерін анықтау үшін ең алдымен, адамның танымдық және ойлау қабілетінің тілдік көрінісін көрсету керек. Ол үшін лингвистикалық типология барлық тілдік типтер мен құрылымдарды салыстырып, салғастырады. Бұл мәселені алғаш қозғаған 30-40 жылдары ірі лингвист-ғалымдар Н.Я.Март және И.И.Мещанинов [1,32].

Құрылымы жағынан әртүрлі тілдерді славян, иран, кавказ, түркі, монғол т.б.тілдерді зерттеу, салғастыру тілдерді типологиялық жағынан зерттеудің дамуына және осыған дейінгі тіл біліміндегі теориялық негіздерді қайта қарауға алып келді. Мұнан кейін толыққанды типологиялық зерттеулер жүргізу үшін тек Кеңес Одағы мен Еуропа халықтарының тілдері ғана

емес, сонымен қатар, шет елдік Азия, Африка, Америка және әлемнің басқа да тілдерін жан-жақты салғастыра зерттеу қажет болды. Осындай ауқымды типологиялық зерттеулердің нәтижесінде ғана адамзат ойының тілдік көрінісінің тәсілдерін зерделеуге мүмкіндік туады. Оларды толық көрсетіп, бір-бірімен салғастыруға, тілдік типтердің барлығын да айқындауға болады. Мәселеге осылайша қарағанда ғана толыққанды типологиялық бағытта жалпы тіл білімін құру мүмкіншілігі туады.

Лингвистикалық типология мәселесіне баса назар аударған шет елдік ғалымдардың бірі - Р.Якобсон. Ол 1957 жылы Осло қаласында өткен УІІ-ші халықаралық лингвистикалық конгресте «Типологиялық зерттеулер және олардың салғастырмалы-тарихи тіл біліміндегі орны» атты арнайы баяндама жасады.

Р.Якобсон өзінің баяндамасында жалпы тіл білімі типологиялық зерттеулерге немқұрайлы қарауына болмайтынын, өйткені типологиядағы изоморфизм құбылысы әртүрлі, тіпті туыс емес тілдер арасында да орын алатынын көрсетіп берді. Р.Якобсонның пайымдауынша, генетикалық әдіс тілдердің туыстығын айыру, ареалды әдіс тілдердің ұқсастықтарын айқындау, ал типологиялық зерттеу әртүрлі тілдер арасындағы изоморфизмді анықтау болып табылады. Изоморфизм әртүрлі тілдерде немесе қандай да бір тілдің әр түрлі жағдайында кездесе береді. Ғалымның өз сөзімен айтсақ: «... Независимо от того, существует ли они одновременно или разделены временем, являются ли сравниваемые языки смежными по территории, родственными или неродственными» [2,5].

Типологиялық зерттеулердің негізіне тілдің жеке элементтерінің инвентаризациясы емес, тілдік жүйенің құрылымдық талдауы жатады. Типологиялық салғастыру тілдік элементтердің күрделі иерархиясымен қоса, тілдік жүйенің айрықша ерекшелігінің барлығын толық қамтуы қажет. Сонда тіпті имплицативті құбылыстар да ашылады, әрбір тілдің ерекше фактілері айқындалады; осының негізінде түрлі тілдер арасында

кездесетін изоморфизмдер мен универсалийлер анықталады.

Шынында да, жеке тілдерді типологиялық тұрғыдан зерттей бастасақ, көптеген тілдерге ортақ белгілерді табуға болады. Мысалы, орыс, поляк, болгар тілдерінен бір түбірден өрбіген сөздерді көптеп кездестіруге болады. Бұл құбылыс ол тілдердің барлығы да славян тілдер тобына жататындығының айғағы. Соған қарамастан аталған тілдер арасынан да алломорфизмдерді кездестіруге болады. Мәселен, орыс тілінде алты септіктен тұратын септік категориясы болса, болгар тілінде септік жүйесі жоқ. Бұл екі тілдің туыстығына қарамастан, зат есімдер жүйесі де бір-бірінен алшақ.

Қазақ тілі мен қарақалпақ тілінің туыстас тіл екендігі дау туғызбайды. Бірақ туыстыс тілдердің барлығы да қазақ, қарақалпақ тілдері сияқты лексикалық, фонетикалық, грамматикалық жағынан толық сәйкес келе бермейді. Мысалы, түркі тілдері семьясына енетін қазақ тілі мен чуваш тілін салыстырып қарайтын болсақ, олардың арасында үлкен алшақтық бар. Түркі тілдес болса да, чуваш пен қазақ өз тілдерінде сөйлесе кетсе, бір-бірін түсіне алмайды.

Лингвистикалық типология тілдер құрылымындағы бірен-саран кездесетін ұқсастықтар мен ерекшеліктерді қарастырмайды. Оның нысаны жалпылық сипат алатын, көптеген біртектес белгілердің ауқымын қамтиды.

Бұдан біз типологияда «изоморфизм» ұғымы да ерекше рөл атқаратынын көреміз. Бұл термин грек сөзі, *isos* –бірдей, тең, ұқсас, *morphe* –түр, форма сөздерінің құралған. Тіл біліміне «изоморфизмді» термин ретінде енгізген поляк ғалымы Е. Курилович [3,69].

Дүние жүзінде тілдер өте көп. Олар құрылысы жағынан алуан түрлі. Солай бола тұрса да, олардың бәріне тән ортақ қасиеттері, ортақ заңдылықтары болады. Мәселен, тіл атаулының бәрі қатынас құралы қызметін атқарады. Бұл – дүние жүзіндегі барлық тілдер атқаратын қызметі жағынан ұқсас деген сөз. Тілдердің бәрінде де дыбыс, сөз, грамматикалық форма, сөйлем дегендер болады. Бұл – дүние жүзі тілдерінің

тілдік элементтері жағынан біркелкі болатындығының дәлелі [4, 3].

Тіл атаулының бәрі заман өткен сайын өзгеріске ұшырап, дамып отырады. Бұл да тілдердің барлығына тән, ортақ қасиет. Айта берсек, барша тілдерге ортақ мұндай қасиет көп. Олай болса, лингвистикалық типология тіл атаулының барлығына тән осындай ортақ мәселелерді, ортақ заңдылықтарды тілдік универсалийлерді сөз етіп, қарастырады. Лингвистикалық типологияда тілдік универсалийлерді тек тілдерді бір-бірімен салғастырғанда ғана, тілдер арасындағы изоморфизмдерді толық көрсеткенде ғана анықтауға болады.

Макаев Э.М. изоморфизм туралы былай дейді: «однотипность структуры конститутивных языковых единиц различных уровней, следствием чего является или может являться однотипность отношений между этими единицами на разных уровнях» [5,46]

Изоморфизмді толық түсіну үшін қазақ, орыс және араб тілдеріндегі сөз таптарын алайық. Үш тілге де сөз таптары тән. Етістіктің шақ категориясы көрсетілген үш тілде де бар құбылыс. Зат есімнің тілдік бірлігі ретінде грамматикалық категорияны қарастырсақ: мәселен, род категориясын - орыс тілінде мужской род, женский род, средний род, араб тілінде музаккар, муэннас кездесетін болса, қазақ тілінің құрылымына – род категориясы жат. Орыс тілі мен араб тілі бұл жерде ұқсастау, яғни оларға изоморфизм құбылысы тән, ал араб тілі мен қазақ тілі алшақтау, олардың құрылымында алломорфизм құбылысы орын алады.

Егер біз орыс, араб, қазақ, ағылшын тілдерінің құрылымын салғастыратын болсақ, олардың тілдік жүйесінен ұқсастықтарды байқаған болар едік. Бір тілде дауысты фонемалар көп те, дауыссыздар аз немесе керісінше болып келеді. Мәселен, араб тілінде үш дауысты, 25 дауыссыз фонема болса, ағылшын тілінде 10 монофтонг, 9 дифтонг, 2 дифтонгоид сонымен бірге, 25 дауыссыз фонема бар.

Бұлардан басқа, араб және ағылшын тілдерінен алшақ

тілдердің қай-қайсысында болмасын міндетті түрде фонемалар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Қысқасы, тілдік жүйеде фонемалардың дауысты, дауыссыз болып бөлінуі тілдердің барлығына тән, жалпы, универсалды сипат алады. Олай болса, изоморфизм - қандай да бір тілдерді салғастырғанда тілдік деңгейлерде кездесетін сәйкестіктер екен.

Құрылымдық-типологиялық салғастыру негізгі екі түрлі бағытты көздейді: «определение отношения отдельных систем одного языка к аналитичным системам другого и выявление черт, характерных для одного и отсутствующих в другом языке. Таким образом, основные задачи, стоящие перед любым сопоставлением – это выявление изоморфизма и алломорфизма разных языков и построение теории языка» [6,6].

Әлем тілдерінің әртүрлілігіне қарамастан олардың құрылымында барлық тілдерге тән ортақ сәйкестіктер жасырынып тұрады. Бұдан көпшілік тілдер ортақ бір үлгімен жасалатынын да көруге болады. Тілдік универсалийлер өзінің табиғаты жағынан, тілдік қасиеті жағынан жалпыға бірдей. Солардың негізінде лингвистикалық ортақ заңдылықтар қалыптастырып, жалпы адамзат мәдениеті жөнінде ой түйіндеуге мүмкіндік жасайды.

Универсалийлердің әртүрлі топтары бар:

1. Универсалийлердің бірінші тобы тілдерді тілдік емес дүниемен салыстыру негізінде анықталады (мысалы, тілдерді басқа белгілер жүйесімен, информация беру және сақтаудың басқа жүйелерімен салыстыру). Бұл жерде әңгіме, әрине, семиотикалық типология туралы болып отыр.

Тілдерді информацияның басқа жүйелерімен салыстырғанда мынадай жалпы сипаттағы универсалийлерді көруге болады: олардың тілдегі ара салмағы 50%. Мәселен, американдық лингвист Хоккет барлық табиғи тілдерге тән 16 жалпы сипаттағы универсалийлерді көрсеткен. Ғалым табиғи тіл деп (жазу тілі, жест тілі, дауылпаз тілі, ысқырық тілі т.б. тілдерді қоспайды) тек ауызша қарым-қатынас тілін, яғни адамзат тілін ғана ұғады.

2. Универсалийлердің екінші тобын анықтау жалпы тіл теориясымен ұштасып жатады. Себебі екеуінің де мақсаты тілдердің ең алдымен адамзат әрекетінің атрибуты ретінде қызмет ететіндігін айқындау. Типологияның бұл бағыты тілдердің универсалды ерекшеліктеріне сүйенеді. Мақсаты белгілі бір тілді жеке ерекшеліктерден жалпы ортақ мәселелерге қарай сипаттау. Тілдердің әртүрлі ерекшеліктерін біріктіру және тілдерге ортақ универсалийлерді табу жалпы типологияға тән бірден бір әдіс. Лингвистикалық типологияда тілдік универсалийлерді тек тілдерді бір-бірімен салыстырғанда ғана анықтауға болады. Олай болса, ол универсалийлерді *лингвистикалық универсалийлер* деп атауға болады.

Лингвистикалық универсалийлер дегеніміз - тілдердің негізгі сипатын ашып бере алатын көптеген тілдерге тән қасиеттер мен белгілер, әлемдегі әр- түрлі тілдердің барлығына ортақ тілдік ерекшеліктер.

Универсалийлердің негізгі типтері - фонологиялық, грамматикалық, семантикалық және символикалық типтер.

Фонологиялық универсалийлер: Әлемдегі тілдердің бәрінде де дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Барлық тілдерде дауыссыз дыбыстар жасалуына байланысты сараланады т.б.

Грамматикалық универсалийлер: Тілдердің барлығында сөз таптары бар. Жіктеу есімдігі үш жақта айтылады т.б.

Семантикалық универсалийлер: Семантикалық универсалийлер ұғым дамуының заңдылықтарын белгілейді. Мысалы, барлық тілдерде соматикалық ұғымдар жансыз заттармен тіркесіп, басқа ұғым береді: *иненің көзі*, (ушко иглы), *шәйнектің аузы* (носик чайника) т.б. Тілдердегі метафоралар дыбыстармен тікелей байланысты.

Отандық тіл білімінде Н.И.Букетова тілдердегі морфологиялық универсалий ретінде реликт-түбір морфемаларды қарастырды. Ғалым тілдердің барлығына тән реликт түбір морфемалар – типтік құбылыс деп тұжырымдайды [7,48].

Тіл білімі тұрғысынан алғанда жалпы адамзаттың ойлау жүйесі бірдей. Сондықтан олардың жаратылыстық және қоғамдық құбылыстар жөніндегі танымдары да бірдей. Оларды тек ой формасы болып табылатын тіл ғана бір-бірінен өзгешелендіріп тұрады. Бір сөзбен айтқанда, тіл біртүрлі мазмұнды түрліше формада бейнелейді. Басқаша айтқанда, әлемдегі барлық тілдер ортақ мазмұнды түрліше формада сипаттайды. Әйтсе де, ол тілдердің арасынан құрылымы жағынан, фонологиялық, грамматикалық, семантикалық универсалийлерді табуға болады.

Универсалийлер синхронды (мысалы, кейбір сәйкестіктер тіл дамуының белгілі бір кезеңінде ғана болады) және диахронды (тіл дамуындағы заңдылықтарды білдіретін сәйкестіктер) болып бөлінеді. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Себебі қандай да болмасын диахрондық процестердің жиынтығы тілдің синхронды жағдайын көрсетеді. Өйткені тілдің синхрондық жағдайынан тыс ешқандай диахрондық процестердің де болуы мүмкін емес.

Универсалийлер абсолюттік, статистикалық, дедуктивті және индуктивті болып жіктеледі.

Абсолюттік немесе толық сәйкестіктікте ешқандай ауытқушылық болмайды (мысалы, *табу* тілдердің барлығында кездеседі. Әлем тілдерінің барлығында дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді т.б.).

Статистикалық немесе толық емес универсалийлер көп кездеспейді. Аталмыш сәйкестіктер тіл жүйесінің басқа жүйеге өтпелі кезеңінде пайда болуы мүмкін. Мәселен, әлем тілдерінің барлығында (арант және абазин тілдерін қоспағанда) кем дегенде екі дауысты дыбыс бар.

Типологиядағы универсалийлер немесе сәйкестіктер дедуктивті (тілдерді зерттемей) және индуктивті (бірнеше тілдерді қатар салғастырып) әдіспен анықталуы да ықтимал. Бірінші жағдайда типологиялық заңдылықтар барлық тілдерге ортақ болуға тиіс деп қабылданатын теориялық болжамға негізделсе, екінші жағдайда нақты анықталған универсалды

сипаттамалар сөз болады. Лингвистикалық универсалий мәселелерін сұрыптау кезінде бұл аталған екі тәсілдердің екеуі де негізге алынады. Өйткені бірнеше тілдік фактілер арқылы жасалған дедуктивті пікірлер кейін индуктивті жолмен нақтыланып, ғылыми қорытындылар жасалады. Мысалы: тілдік деңгейлер бойынша қарастырылатын ортақ заңдылықтар қатарында әр тілдің құрылымдық-жүйелік ерекшелігін саралау, сөздердің сөз таптарына жіктелуі, сөз құрамының морфемалармен сипатталуы, қосымшалардың сөз тудырушы және форма түрлендіруші немесе деривациялық яки реляциялық қызметте жұмсалуды секілді мәселелерді барлық тілдерге қатысты анықтау – заңды нәрсе.

Өзінің сипаты жағынан универсалийлер элементарлық (белгілі бір тілдік құбылыстың кездесетінін білдіретін) және имплицативтік болып сараланады.

Имплицативтік сәйкестіктер екі тілдік құбылыстың арасындағы байланысты білдіреді. Имплицативтік сәйкестіктердің мазмұнын былайша түсіндіруге болады: «Егер тілде X құбылысы болса, онда ол тілде Y құбылысы да болады». Алайда, керісінше, олай болмауы да мүмкін. Яғни тілдегі Y құбылысының болуы ол тілде X құбылысының барлығын көрсетпейді. Мысалы, егер қандай да бір тілде септік категориясы немесе тек (род) категориясы болса, ол тілде сан-мөлшер категориясы да болады. Немесе егер тілде сан-мөлшер категориясының екілік түрі болса, онда ол тілде аталған категорияның көптік түрі де кездеседі. Бұл тұрғыда тілдерде белгілі бір құбылыстардың кездесуі логикалық байланыстың нәтижесі деп танылады. Мысалы, 1) Қарапайым (элементарлы) тұжырымдамаға сәйкес, «Барлық тілдерде A құбылысы бар, ол бәріне ортақ және оның кездесуі - заңды» деген сияқты пікір айтылады. Оған дәлел ретінде барлық тілдердің құрылымдық, жүйелік ерекшелігі, таңбалық сипаты айқындалған, тілдік деңгейлері мен бірліктері сұрыпталған секілді лингвистикалық қағидалар келтіріледі. 2) Күрделі (имплицативті) логикалық байланыстар «егер..., онда...» сияқты құрылымдық сәйкестіктер



негізінде жасалады. Айталық, «Егер тілде сөз тудырушы морфемалар болса, онда сөз түрлендіруші аффикстердің болуы – заңды құбылыс», немесе «егер тілдерде сабақтаса байланысу кездессе, онда салаласа байланысқан құрылымның орын алуы да заңды» және т.б.

Лингвистикалық сараптама мен статистика жүргізудің қиындығына көз жеткізу қиынға соқпайды. Дегенмен, іс жүзінде 30-ға жуық тілдер мен барлық тілдік семьяларды (Гринберг, 1970) зерттеген не болмаса 400 тілдік материалды (Соколовская, 1980) қамтыған фактілерді, 700 тілдің дыбыстық жүйесін талдауға арналған лингвистикалық еңбектерді алып қарайтын болсақ, универсалийлердің бұдан басқа сандық және сандық емес түрлері де кездесетініне көз жеткіземіз. Сандық универсалийлер тілдегі кейбір заңдылықтардың сандық көрсеткішін анықтайды (мәселен, барлық тілдерде фонемалардың саны 85-тен аспайды).

Тілдік универсалийлерді анықтау тек лингвистика үшін ғана емес, психолингвистика мен психология үшін де маңызды. Оның адам мінез-құлқының тілдік аспектілерінің заңдылықтарын айқындауда, оларды зерттейтін ғылым саласының дамуына да тигізетін әсері мол.

К.Аханов «әртүрлі тілдерді зерттеу барысында олардың өзара ортақ белгілері лексика саласынан ғана емес, сонымен бірге, грамматика саласынан да табылып, айқындала береді...», - дей келе, тілде тілдік ұқсастықтардың «тегіннен-тегін» болмайтынын ескертеді [7,137].

Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыру тілдердің типологиялық классификациясын құруға негіз бола отырып, тілдер арасындағы сәйкестіктер мен ерекшеліктерді дәл көрсетуге мүмкіндік береді [9,122]. Әртүрлі тілдерді құрылымдық талдау, сондай-ақ, тілдік универсалийлерді айқындауға көмектеседі. Жеке тілдік фактілерден жалпы тілдік фактілерге қарай талдауда тілдік универсалийлер тілдің құрылымын коммуникативтік жүйе ретінде қарастырады. Құрылымдық типология – қазіргі лингвистикада маңызды

мақсат-міндеттерді шешетін тіл білімінің негізгі саласы. Осы ретте мынадай басты үш ұғымның арақатынасын анықтап алған дұрыс:

- тілдік универсалийлер мен оларды дамытушы факторлар (яғни тілдік ұқсастықтардың таралу сипаты мен өзгешеліктері);
- танымдық универсалийлер мен оларды қалыптастырушы факторлардың сабақтастығы (танымның жалпыадамзаттық белгілері);
- тілтанымдық универсалийлердің актуалдану себептері (тіл мен таным қарым-қатынасының универсалды табиғаты).
- Лингвистикалық универсалийлер нақты тілдердің әртүрлі қабаттарынан, деңгейлерінен, тілдік жеке элементтерден бастап, тілдің бүтіндей жүйесіне негізделгенде ғана толық анықталады.

Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыру тілдердің типологиялық классификациясын құруға негіз бола отырып, тілдер арасындағы сәйкестіктер мен ерекшеліктерді дәл көрсетуге мүмкіндік береді. Әртүрлі тілдерді құрылымдық талдау тілдік универсалийлерді айқындауға көмектеседі. Жеке тілдік фактілерден жалпы тілдік фактілерге қарай талдауда тілдік универсалийлер тілдің құрылымын коммуникативтік жүйе ретінде қарастырады. Сондықтан да, құрылымдық типология – қазіргі лингвистикада маңызды мақсат, міндеттер шешілетін тіл білімінің негізгі саласы.

Лингвистикалық универсалийлер типологиялық зерттеу нақты тілдердің әртүрлі қабаттарынан, деңгейлерінен, тілдің жеке элементтерінен бастап, тілдің бүтіндей жүйесіне негізделгенде ғана толық анықталады.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі, типология және салғастырмалы лингвистика бір-бірінен тек мақсат-міндеттерімен емес, сонымен қатар, тілдерді зертеуде әдіс-тәсілдерімен де ерекшеленеді.

Салғастырмалы типологияда зерттеу салғастырмалы және типологиялық сипат алады. Салғастырмалы сипат нақты тілдерді салғастырудағы (әдетте екі тіл салғастырылады)

шыққан нәтижеге байланысты. Типологиялық сипат ол тілдер арасындағы анықталған ерекшеліктерге байланысты болады.

Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыру барысында анықталған универсалийлер де тілдің типін анықтауға септігін тигізеді.

Егер әртүрлі семья құрамына енетін салғастырылатын тілдердің саны көп болса немесе зерттеу барысында салғастыруға тартылатын тілдердің саны артса, ол зерттеудің типологиялық сипаты арта түседі. Мәселен, Г.М. Хашимовтың «Типология сложного предложения в разносистемных языках» (Ташкент, 2002) зерттеуінде барлығы 90 тілдей қамтылған. Мұндай зерттеуді «таза» типологиялық зерттеу деп те атауға болады.

Салыстырмалы тіл білімі тілдерді салыстыру арқылы тілдерді зерттейді. Салыстырмалы тіл білімінде қолданылатын «салыстыру» термині салғастырмалы лингвистикада қолданылатын «салғастыру» терминмен синонимдес болып келеді.

«Универсалий», «басымдылық», «фреквенталий» және «уникалий» деген терминдерді белгілі бір тілдік семьяға енетін тілді, топты салыстырғанда да, барлық әлем тілдерін салыстырғанда да қолдануға болады [10,65]. Біріншіден, бұл терминдер мына жағдайларда қолданылады:

- 1.әлемнің барлық тілдерінде (универсалийлер),
- 2.әлем тілдерінің көбінде (басымдылық),
- 3.әлемнің санаулы тілдерінде (фреквенталий),
- 4.әлем тілдерінің бірінде ғана (уникалий).

Екіншіден, бұл терминдер мына мәселеге қатысты қолданылады:

1.бір семьяға, топқа, типке енетін барлық тілдерде (универсалийлер),

2. бір семьяға, топқа, типке енетін тілдердің көбінде (басымдылық),

3. бір семьяға, топқа, типке енетін санаулысында (фреквенталий),

4. бір семьяға, топқа, типке енетін тілдің бірінде ғана (уникалий).

Типологиялық зерттеулерге осындай бір семьяға, топқа, типке енетін тілдерге тән тілдің типін, формалар типін, қатынастар типін, универсалий, басымдылық, фреквенталий және уникалийлерді анықтап, айқындау жатады.

Халықаралық ғылыми конференция  
2013, 14 қараша 315-321бб.

### Әдебиет

1. Языковые универсалии и лингвистическая типология. -М.- 1969.-342с.

2. P. Jakobson. Typological studies and their contribution to historical comparative linguistics- «Reports for the Eight international congress of linguists» suppl. Oslo, 1957.

3. Курилович Е. Понятие изоморфизма // очерки по лингвистике / перевод с польского. -М., 1962. -687с.

4. Қалиұлы Б. Жалпы тіл білімі. -Алматы, 2004. -120 б.

5. Ярцева В.Н. Современная типология и ее связи с контрастивной лингвистикой. //Филологические науки, 1978. -№5с. - С.14-19.

6. Букетова Н.И. Реликтовая корневая морфема как языковая универсалия. Автореферат дис. канд. филол. наук. -Алматы: 1994. -48с.

7. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. - Алматы: Санат, 1972. -216 б.

8. Мақаев Э.М. К вопросу об изоморфизме // Вопросы языкознания. -1961. -№5.

9. Климов Г.А. Вопросы континентно-типологического описания языков. - В кн.: Принципы описания языков мира. - М.: Наука, 1978, С.122-146.

10. Юсупов У.К. Теоретические основы сопоставительной лингвистики. Сопоставительная лингвистика как самостоятельная дисциплина // Методы сопоставительного изучения языков. -Москва: Наука, 1988. -93с.

### **3. ҚҰРЫЛЫМЫ ӘРТҮРЛІ ТІЛДЕРДІ САЛҒАСТЫРУДЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ**

#### **3.1. Тілдердің көпөлшемді классификациясы және тіл құрылымындағы типологиялық басымдылық**

Жаңа ғасыр таңында ұлтаралық қатынастардың дамуына байланысты, әртүрлі тілдік топтарды және құрылымы жағынан мүлдем алшақ тілдерді типологиялық тұрғыдан зерттеу дәстүрге айналып отыр. Ғылыми ізденістер тіларалық сәйкестіктердің теориялық негізінің жасалуына үлкен үлес қосуда. Дегенмен бұл проблеманың тіл ғылымының кейінгі жетістіктері тұрғысынан әлі де нақтылай түсетін, әлі де жүйелей түсетін тұстары жоқ емес. Мәселен, соңғы кездегі лингвистикалық зерттеулерде қайсыбір тіл құбылысын жаңаша зерделеу, бұрынғы дәстүрлі әдістен шығып өзгешерек түсіндіру бағыты байқала бастады. Мұндай жаңа нышан ішінара құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық жағынан зерттеу мәселесінде де сезіледі. Тіл ғылымындағы бұл сонылықты ескермейінше құрылымы алшақ тілдерді салғастырғанда, ол тілдердің ішкі жүйесінің заңдылықтарын да, олардың грамматикалық табиғатын да толық тану, жете сипаттау, әрине, мүмкін болмайды.

Қазіргі кезде тілдерді типологиялық жағынан зерттегенде мынадай негізгі ұғымдармен байланысты зерттеу қажеттігі туындап отыр. Ол ұғымдар, атап айтсақ, типологиялық жіктемелердің негіздері, тіл типі, тілдегі тип, типологиядағы метатіл, тілдердің көпөлшемді классификациясы, тіл құрылымындағы типологиялық басымдылық (доминанта), детерминант, «белгілер кеңістігі» т.б.

Құрылымы әртүрлі екі тілді салғастырғанда ол тілдердің грамматикалық өзіндік ерекшелігін, типологиялық табиғатын көрсететін басты көрсеткіш - тілдік жүйедегі типологиялық басымдылық (доминанттар). Әрбір тілдің жүйесі негізінен бір немесе бірнеше басым белгілер бойынша анықталады. Мұндай

салғастыруда тілдің жеке (атомарлық) элементтері емес, тіпті тілдің жеке деңгейлері де емес, тіл тұтас, бүтін жүйе бойынша салғастырылады.

Тіл аралық қатынастардың дамуына байланысты қазіргі тіл білімінде салыстырмалы типологиялық әдісті қолдану – генетикалық жағынан алыс тілдерді бір-бірімен салғастырғанда аса маңызға ие болады. Бұл әдіспен зерттеу нәтижесінде жеке тілдерге тән ерекшеліктер мен тіларалық сәйкестіктерді жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туады.

Лингвистер тіларалық сәйкестіктер мен олардың типологиялық сәйкестіктерінің спецификалық құбылыстарына байланысты әртүрлі теориялық еңбектер жазды. Тілдерді салғастыру тәсілдерінің негізгі ұстанымдары ресей және басқа елдердің тілші-ғалымдарының еңбектерінде молынан кездеседі [1,2,3,4,5].

Салғастырмалы типология жалпы тіл білімінің қомақты да маңызды салаларының бірі. Қазақ тілінің құрылымдық жүйесі басқа тілдермен салғастырылып, олардың тұлғалық жағынан ұқсастықтары мен ерекшеліктерін көрсететін, салғастырмалы-типологиялық бағытта орындалған көптеген ғылыми зерттеулер бар. Осы ретте М.М.Копыленко, С.С.Құнанбаева, Э.Д.Сүлейменова, З.Қ.Ахметжанова, М.К.Исаев, Н.И.Букетова, К.К.Дүйсекова, Н.А.Сәрсембаева, Қ.Т.Рысалды, Е.Н.Нұрахметов, Е.К.Сәбитова, С.Ж.Тәжібаева, Б.Қ.Мұрзалина, Г.С.Сағидолда, Ж.Н.Жүнісова, А.Д.Жакупова т.б. ғалымдардың іргелі еңбектерін ерекше атауға болады.

Тіл білімінің маңызды саласы – салғастырмалы типология соңғы жылдары қазақ тілін құрылымы өзге тілдермен салғастыра зерттеу мәселесінде бірталай жетістіктерге жетті. Мәселен, Т. Айнабекова, Ш.Аргинзинова, К.Ашинова, А.Бақытов, П. Дәулетова, Р.Жүсіпова, Р.Атаханова, Г.Карбозова, Ж.Есеналиева, Т.Қалибекұлы, Б.Мизамхан, Т.Мықтыбаева, Ж.Тұрсынәліқызы т.б. салғастырмалы зерттеулер жазды.

Лингвистикалық типологияда салғастырылатын материал жөнінде мынадай екі пікір бар: 1) бүкіл тіл жүйесі бойынша

салғастыру, 2) аспект бойынша салғастыру. Аспект бойынша салғастыру тіл жүйесінің (фонетика, грамматика, лексика сияқты) белгілі бір жағын ғана қарастырады, мысалы, септіктер жүйесі, шақ түрлерінің жүйесі, туыстық терминдері т.б. Ал бүкіл жүйе типологиясы тілдерді салғастыра отырып, олардың типін басым белгілерінің ортақтығына қарай белгілейді (Гухман М.М.) және тіл бірліктерінің өзара ықпалын, тәуелділігін зерттеп, барлық тілдердің типін бір-бірімен байланысты тіл құбылыстарының шоғырланған белгілерінің негізінде анықтайды.

Кейбір тіл ғалымдарының пікірі бойынша, бүкіл жүйе типологиясын құру мүмкін емес. Сондықтан тілдердің типін зерттеу тілдің белгілі бір аспектісіне бағытталуы тиіс (Базел Ч.Е), одан кейін солардың негізінде екі не бірнеше тілдерді салғастыруға болады екен.

Біздің ойымызша, аспект бойынша салғастыру қарастырылып отырған әр тілдің өзі жете зерттелмесе ғана тиімді келеді. Ал бүкіл жүйені салғастыру тіл жүйесінің кейбір аспектілерінің (мысалы, сөз тіркесінің құрылысы, сөздің морфологиялық және мағыналық жағындағы, олардың өзара байланысы т.б.) бір-бірімен байланыстылығынан шығады. Осындай жағдайларға сүйеніп лингвистер нақтылы бір тілдің негізгі ерекшелігін ашуға тырысады.

Жалпы тіл білімінде лингвистиканың ерекше саласы типологияның жаңа үрдістерін талдауда және оның орны, ролі, мақсат-міндеттерін анықтауда үш түрлі бағыт қалыптасқан:

- типологияны компаративистиканың бір тарауы, кез-келген тілді ішкі құрылымына байланыссыз салыстыратын ғылым ретінде түсіндіреді (С.Д.Кацнельсон [6]; Э.А.Макаев [7]; В.Н.Ярцева [8], 1967; В.М.Солнцев [ 9];

- лингвистикалық типология өзінің зерттеу пәніне салыстырудың барлық түрін, яғни генетикалық, құрылымдық, ареалды және салыстырмалы типологияны қамтитын жеке ғылыми пән ретінде интерпретацияланады (Дж.Буранов [10]; Б.Ю.Городецкий [11]; В.П.Нерознак [12 ];

- лингвистикалық типология ғылыми пән ретінде ұғынылады, алайда «тілдерді құрылымдық зерттеуден» (контрастивті лингвистика мен сипаттамалы лингвистикадан) түбегейлі ерекшеленеді. Әртіпті тілдерді салғастыруда таңдап алынған критерийлер – «контенсивті типологиядағы» субъективті-объективті қатынастар (Г.А.Климов [13; 14]; «жүйелі типологиядағы» детерминанттар (Г.П.Мельников [15;16;17], яғни тілдерді салғастырғандағы қандай да бір зерттеудің мақсаты анық болып, белгілі бір параметрлерге негізделгенде ғана типологиялық зерттеу болып саналады.

Бағыты мен бағдары сараланған теориялық тіл білімі жеке ғылым ретінде екі ғасыр өмір сүргеніне қарамастан, оның кейбір лингвистикалық концепциялары ғана тіл теориясын бүтіндей нақты түсіндіріп, ұғымдық аппараты мен әдістемелік базасын анықтап бере алады.

Зерттеуімізде ерекше мән беріп айрықша типологиялық ұстанымның негізі ретінде Г.П.Мельниковтың лингвистикалық концепциясын пайдаланамыз. Сондықтан ғалымның іргелі еңбегіне тоқталып өткенді жөн санаймыз.

Г.П.Мельниковтың зерттеулерінде негізгі жалпы лингвистикалық мәселелердің барлығы дерлік сөз етілген. Олардың негізгілерін атап айтатын болсақ: тіл білімінің нысаны, пәні, зерттеу әдістері; тіл және қоғам; тілдің функциясы; тіл және сөйлеу; жүйе және тілдің құрылымы; тіларалық жалпылық, ерекшелік және ортақ ерекшеліктердің табиғаты, тілдің дамуы, т.б.

Г.П.Мельниковтың еңбектері фонология, морфология, синтаксис, лексика сияқты тілдің барлық аспектілері мен деңгейлерін қамтиды.

Ғалым өз зерттеулерінде жалпы және жеке тіл білімінің өзекті мәселелерін тілдердің әртүрлі типтері мен семьяларының материалдары, атап айтсақ - үндіевропа, түркі тілдері, семит, банту, қытай-тибет тілдері негізінде қарастырады.

Ғалым өзінің тіл туралы теориясын әрдайым синтездеуші (синтезирующая) деп анықтап көрсетті. Ол тілдің бірін-бірі



толықтыратын тілдік аспектілерін оқытудың жинақтаушы нәтижелері тіл табиғаты туралы толық білім беретінін дәлелдеп, өзіне дейінгі В.фон Гумбольдт, И.И. Срезневский, А.А.Потебня, И.А. Бодуэн де Куртенэ қолданған синтездеу концепциясын жалғастырды.

Әлем тілдерін салыстырмалы типологиялық зерттеудің жоғары деңгейдегі репрезентативті сипатына ғалым Г.П.Мельниковтың «жүйелі лингвистика» немесе «жүйелі типология» деп аталатын тұжырымдамасы жатады. Ол «типологиялық монизм» негізінде құрылған лингвистиканың бір бөлігі болып табылады.

Г.П.Мельников кез келген тіл өзінше икемді, адаптивті динамикалық жүйе, тілдің жалпы қасиеті оның жеке элементтерінің ерекшеліктеріне және тілдік жүйенің элементтерінің арақатынасына байланысты екенін атап көрсетеді. Субстанциональды элементтер мен тілдік жүйенің арақатынасы өзара оптималды түрде тығыз бірлікте болатынына баса назар аударады.

Тілдік элементтердің ішкі динамикасын, синхрондық және диахрондық бір-біріне бағыныштылығын, сәйкестілігін ашып көрсету үшін тілдік жүйенің басымдық сипатын – оның *детерминантын* (доминантын Ж.Е.) анықтап білу керек. Ғалым детерминант туралы пікірін «является краткой формулировкой того способа функционирования, в соответствии с которым система выполняет свою функцию» [18,89], деп жалғайды.

Тілдің құрылымы мен субстанциясының бірлігі, жүйелік қарым-қатынасы нақты детерминанттың барлық деңгейінде жүреді. Ол туралы Г.П.Мельников былай дейді: «Говорящий и слушающий, хотя и бессознательно, но обязательно отбрасывают те языковые средства, которые не обеспечивают гармонии между функцией, структурой и субстанцией языковой системы» [18,68]. Тілдік жүйені детерминант тұрғысынан қарастырғанда жүйенің барлық нақты қасиеттері логикалық жағынан оның функционалдық ерекшелігінен өрбиді.

Г.П.Мельников алғаш рет семит тілдерінің құрылысын

жүйелі лингвистика тарапынан қарастырып, ол тілдердің детерминанты жайында «тенденция к максимальной мотивированности слов с деривационным значением, выраженным морфологически» [18,212], деп пайымдаған.

Семит тілдері құрылысының ерекшеліктерін, сонымен қатар, қытай және ағылшын тілдерің грамматикасын, лексикасын зерттеу барысында ол тілдерде кездесетін деңгейаралық және деңгейлік корреляция құбылысын типологиялық ерекшеліктерінің бірі ретінде атап көрсеткен.

Бертін келе автор семит тілдерінің детерминантын максималды «грамматикализация» тұрғысынан түсіндірді. Оны семит тілдерінің әрбір сөз формасы мүмкіншілігінше формалды деривациялық бір буыннан өрбіген, өзіндік нақты жасалу жолы сараланған туынды сөздер болып табылады. Осыдан семит тілдерінің айрықша көрінетін, өзіне ғана тән мынадай тілдік ерекшелері туындайды: түбірдің «етістіктенуі», түбірдің консонанттығы, аффикстердің үзіктілігі (прерывность), көбіне түбірдің үш дауыссыздан тұратындығы және күрделі сөздерді қолдануға әуес еместігі т.б.

Ғалым қытай тілінің детерминанты деп «лексикализация» үрдісінің басымдығын атайды. Ол тілде барынша көп информацияның берілуі сөздердің грамматикалық мағынасындағы тіркесу емес, заттық мағынасындағы тіркесуі екендігін көрсетеді. Г.П.Мельников қытай тілінде мағынасы контекстен көрініп тұрса, қайсыбір информация берілмейді деп контекстен мағынасы түсінікті болса, кейбір сөздерді айтпаса да болады деп түсіндірген. Мысалы, көптік мағынаны беретін арнайы лексема **мынь** - «есік, қақпа».

Ағылшын тілі туралы автор Британ аралына неміс қауымдастығы келгеннен кейін о баста сөзжасамның, сөз өзгертудің аса бай тәсілдері - түбірдің аффиксациясы, түбірдің апофониясы бола тұра, көнегерман тілдерінің құрылымы синтетикалық флективті екендігіне қарамастан, ағылшын тілінде аналитизмінің айқын белгілері орын ала бастағанын айтады. Бұдан ағылшын тілінің дамуындағы ерекшелік ретінде

тіл жүйесіндегі «грамматикалық» концепция бірте-бірте «лексикологиялық» концепцияға көшкендігін көруге болады.

Г.П.Мельниковтың пайымдауынша, сөздің тіркесу орны, тұлғаның морфемамен немесе басқа жеке сөзбен сәйкес келуі, сөз таптарының конверсиясы (грамматикалық және формалды категориялар арасындағы шекараның жойылуы), тағы басқалардың бәрі - ағылшын тілі мен қытай тілін типологиялық жағынан жақындастырады, сонымен бірге оны «грамматикалық» тілдер тобына жататын классикалық үндіуропа тілдерінен ерекшелейді.

Алтай тілдерінің детерминанты болса тілдегі көмекші элементтердің үнемделіп жұмсалу тенденциясы бойынша қалыптасады.

Г.П.Мельников барлығы 10 детерминант және 300 сабақты (переходные) тілдік типтерді көрсеткен. Ғалым нақты тілдік жүйелер арасындағы айырмашылықтың болуын «различия между конкретными языковыми системами как раз и возникают в связи с тем, что каждая из них может иметь специфический способ функционирования, который является его внутренней детерминантой» [17,361], деп жазды.

Кейінірек ғалым «жүйелік типологияда» белгілі бір типтің басты және негізгі тілдік инвариантының ерекшелігі – ішкі детерминант ұғымы екендігін айтып, «қазір 4 ерекше контрасты детерминант бар, олар: флективтік, агглютинативтік, түбір тілдер және инкорпорациялық» - деп жіктейді [17, 215]. Ғалымның ойынша, тілдік өзгерістердің болу себебі фонетикалық алмасулардың шоғырлануынан емес, акцентацияның орын ауыстыруынан емес, ойлау қабілетінің төменнен жоғарыға қарай өсуінен емес, тек тілдік жүйенің детерминантының өзгеруінен, тілдегі жетекші грамматикалық тенденцияның өзгеруінен болады екен.

Тілдерді жеке семьяға бөлгенде оның ішіндегі басқа топтардың арасындағы ұқсастық - сол семьяның барлық топтарына ортақ детерминанттың сақталғанының айғағы, ал алшақтық болса, детерминанттың фазасының әртүрлілігіне байланысты көрінеді.

Г.П.Мельниковтың пікірінше семит тілдерінің кейбірінде, мәселен, аналитизмнің өркендеуі, дауысты дыбыстар түбірдің элементі ретінде қарастырылуы, т.б.семит детерминантынан алшақтау екен.

Ғалым араб диалектілерін ең алғашқы семит детерминантынан алшақ кеткен жүйе ретінде қарастырады, себебі оларда жоғарыда айтылған ауытқушылықтар (неодетерминанттар) жиі кездеседі.

Біз өз тарапымыздан **доминант** ұғымын *басым, басымдық, басымдылық* баламасымен бергенді жөн санаймыз. Біздің бұл пайымдауымызды қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген анықтама нақтылай түскендей: *Басым* сын. 1.Мол, көп. 2. **Үстем**, күшті, мығым. *Басымдық* зат. Артықтық, көптік, күштілік. *Басымдылық* зат. Басым болушылық [19; 20,141].

*Басымдық* деген терминді қолданған ғалым Ә.Хасенов. Ол кісі «тілдерді типологиялық типтерге бөлгенде, ең алдымен ол тілдің грамматикасы қалай құрылған, ол тілде грамматикалық тәсілдің қай-қайсысы *басымдық* етеді деген мәселе басшылыққа алынады» [21,39], дейді де ойын: «тілдерді құрылымы мен құрылысына қарай топтастыруда басшылыққа алынатын негізгі белгілер: ең алдымен тілдердің грамматикалық жүйесінің қалай құрылғандығы, белгілі бір тілдердегі грамматикалық тәсілдердің қайсысы *басымдық* (доминант Е.Ж.) ететіні, сол тілдердегі сөздердің өзгеру, түрлену жолдары, ерекшеліктері, қысқасы, қайталап айтсақ, белгілі тілдердің құрылымы мен құрылысы» [21, 389], - деп аяқтайды.

Сонымен, әрбір тілде, тілдің типологиялық табиғатында, ерекше басым грамматикалық тенденциялар болады. Тілдегі типологиялық басымдылық кез келген тілді өзге тілдерден ерекшелендіріп тұрады және ол басымдылық тілдің бүкіл жүйесіне әсер етеді. Мәселен, қазақ тілінде ерекше көзге түсетін типологиялық басымдылық - сөздерге аффикстер жалғанғанда, сөздің морфологиялық құрамы күрделенгеніне қарамастан, сөздің түбірінің дыбыстық құрамы, негізінен алғанда, өзгермей, сол қалпында қалуы.

Біздің зерттеуіміздің негізі ретінде типологиялық басымдылық ұғымымен қатар қолданылатын тағы бір ұғым бар. Ол - «белгілер кеңістігі». «Белгілер кеңістігі» ұғымы өте күрделі ұғым. Оның көпөлшемді тілдік жүйені терең талдауға септігі тиеді.

Е.С.Кубрякованың айтуынша, «белгілер кеңістігінің» көмегімен ғылыми ұғымдарды анықтау мәселесінің ескі классификациялау принципінен жаңаға өту мүмкіншілігі зор [23,281].

Әрбір тіл құрылымы мен қызметі бар, бүтін (тұтас) жүйелі құбылыс ретінде өмір сүреді. Дегенмен, жүйе құрылымнан ғана тұрмайды. Әрбір жүйе өзіне тән және бір-бірімен байланысты үш түрлі атрибуттың - құрылым мен субстанцияның және қызметтің ұштасып келуінен және олардың диалектикалық бірлігінен құралып, өмір сүреді, дамиды. Сонымен қатар, тіл - тек жүйе ғана емес, жүйелердің жүйесі. Ол бір белгіні ғана қамтымайды, бірнеше белгілердің жиынтығы болып табылады. Бұл жерде қандай да бір тілдік құбылыс классификацияланып, сараланып, сипатталып қана қоймайды, сонымен бірге, «белгілер кеңістігінің» өзіндік орны көрсетіледі.

Тілдік құрылым әр тектес элементтердің арақатынасынан және бірлігінен тұрады. Ол элементтер мыналар: 1)дыбыс (фонема), 2)морфема, 3)сөз, 4)сөйлем, 5)мәтін. Бұл элементтердің арасындағы айырмашылықтар – сапалық айырмашылықтар. Демек, аталған элементтер бір-бірінен сапасы жағынан ажыратылады. Әрбір элементтің сапасын оның қызметі айқындап тұрады [24,62 ].

«Белгілер кеңістігі» әрбір тілдің негізгі құрылымын көрсететін нақты тілдік категориялардың қызметтерінің жалпы сипатын анықтайды және бір-бірімен байланысты тілдік құбылыстардың түрленуінің сапалық айырмашылықтарының таралу диапазонының ауқымын айқындайды.

«Басым белгі» және «белгілер кеңістігі» ұғымдарының бір-бірімен тығыз байланыстылығына күмән жоқ. Өйткені, тілдің қандай-да бір деңгейінің қызметі мен ерекшелігін

анықтайтын белгілер жиынтығының ішінен бір белгі *басым* келеді. Ол басымдылық белгілі деңгейде ерекше сипатқа ие болып, басқа белгілердің көрінуіне ұйтқы болады және тілдің бүкіл жүйесіне әсерін тигізеді.

ҚазХҚжӘТУ хабарлары «Филологиялық ғылымдар»  
сериясы, № 3-4, 2014 ж., Алматы, 91-99б.б.

### Әдебиет

1. Мишкүров Э.Н. Типология диалектного и литературного грамматического строя современного арабского языка. Диссертация на соискуч. ст. дфн. М.:1985. -350с.

2. Аракин В.Д. Сравнительная типология английского и русского языков.-Л.: Просвещение, 1979.-259с.

3. Солнцев В.М. Типология и тип языка /Вопросы языкознания. –М.:1978. -№2. С.26-41.

4. Буранов Дж. Сравнительная типология английского и тюркских языков.-Москва.: Высшая школа, 1983. – 220с.

5. Ярцева В.Н. Современная типология и ее связи с контрастивной лингвистикой. //Филологические науки, 1978. -№5с. - С.14-19.

6. Кацнельсон С.Д. Лингвистическая типология - Вопросы языкознания, 1983, №3.с.9-20; №4. С.19-34.

7. Макаев Э.А. Общая теория сравнительного языкознания. – М.:Наука 1977.-205с.

8. Ярцева В.Н. Принципы типологического исследования родственных и неродственных языков. В кн. Проблемы языкознания. Доклады и сообщения ученых X международном конгрессе лингвистов. М.,: Наука, С.203-207.

9. Солнцев В.М. Язык как системно-структурное образование. –М.: Наука, 1977. -341с.

10.Буранов Дж. Типологические категории и сравнительное изучение языков. –Дисс... д-ра филол наук.- Ташкент, 1978. –543с.

11.Городецкий Б.Ю. Основы концептуального аппарата лингвистической типологии. – В кн.: Тезисы дискуссии «Типология как раздел языкознания». -М.: Наука (ГРВЛ), 1976. С.62-65.

12.Нерознак В.П. О границах типологического анализа языков. –В кн.: Литература – Язык – Культура. -М.: Наука, 1985.-387с.

13.Климов Г.А. Вопросы контенсивно-типологического описания

языков. – В кн.: Принципы описания языков мира. – М.: Наука, 1978. – С.122-146.

15.Климов Г.А. Принципы контенсивной типологии. – М.: 1983, -224с.

16.Мельников Г.П. Системный анализ причин своеобразия семитского консонантизма (методические разработки) -М.: МГПИ, 1968. - 32с.

17.Мельников Г.П. Истоки и состояние системной типологии. – В кн.: Тезисы дискуссии «Типология как раздел языкознания» -М.: Наука, (ГРВЛ), 1976. –С.121-129.

18.Мельников Г.П. Системная типология языков /принципы, методы, модели/ -Москва.: «Наука», 2003. -290с.

19.Мельников Г.П. Детерминанта – ведущая грамматическая тенденция языка.-В книге Фонетика. Фонология. Грамматика. /к 70-летию А.А.Реформатского/. –Москва.: Наука, 1971. -367с.

20.Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-6 том. –Алматы: Арыс, 2006.

21.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. Б-Г. -Алматы: 1976. -695 б.

22.Хасенов Ә. Тіл білімі. –Алматы: Санат, 1996. -391б.

23.Кубрякова Е.С.// Общее языкознание. Внутренняя структура языка.-М.: «Наука», 1972.- 565с.

24.Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. -Алматы: Демус, 1996. -205с.

## 3.2 Тілдерді салғастырудың негізгі ұстанымдары

Тіл білімінің маңызды саласы – салғастырмалы типология өзінің ғылыми ұғымдық аппаратын айқындап, зерттеу нысаны мен нақты мақсат-міндеттерін нақтылап, шындалып, қарқынды даму үстінде. Тілдерді бір-бірімен салғастырғанда, бұған дейін олардың жеке бірліктерінің тұлғалары мен қызметтерінің ерекшеліктерін немесе ұқсастық қасиеттерін негізге ала отырып, морфологиялық, синтаксистік, фонетикалық деңгейлерінің кейбір мәселелері қарастырылды, олардың жеке категориялық ерекшеліктері сарапқа салынды.

Кейінгі жылдары ұлтаралық қатынастардың дамуына байланысты, әртүрлі тілдік топтарды және құрылымы жағынан мүлдем алшақ тілдерді типологиялық тұрғыдан зерттеу дәстүрге

айналды. Ғылыми ізденістер тіларалық сәйкестіктердің теориялық негізінің жасалуына үлкен үлес қосты. Дегенмен, бұл проблеманың тіл ғылымының кейінгі жетістіктері тұрғысынан әлі де нақтылай түсетін, әлі де жүйелей түсетін тұстары жоқ емес. Мәселен, соңғы кездегі лингвистикалық зерттеулерде қайсыбір тіл құбылысын жанаша зерделеу, бұрынғы дәстүрлі әдістен шығып, өзгешерек түсіндіру бағыты байқала бастады. Мұндай жаңа нышан ішінара құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық жағынан зерттеу мәселесінде де сезіледі. Тіл ғылымындағы бұл сонылықты ескермейінше құрылымы алшақ тілдерді салғастырғанда, ол тілдердің ішкі жүйесінің заңдылықтарын, олардың грамматикалық табиғатын толық тану, жете сипаттау, әрине, мүмкін болмайды. Тілдерді типологиялық жағынан зерттегенде белгілі бір ұстанымдарға сүйену керек.

Профессор М.К.Исаев қандай да болмасын контрастивті зерттеу жүйелілік ұстанымын сақтағанда ғана өзінің негізгі мақсатына жетеді. Екі тілдің біртекті фактілерін салғастырылған жағдайда тілдер екіжақты, тең құқұқты ұстаныммен салғастырылуы керек екендігін айтады /М.К.Исаев /.

У.К.Юсупов контрастивті зерттеудің он төрт ұстанымын ұсынады. Ол кісі салғастырудың жан-жақты болуына көп көңіл аударып, ұстанымдар ауқымын тым жіктеп жіберген. Мысалы, жеңілдік принципі, қысқарту принципі т.б. Бұл принциптер белгілі бір жағдайда ғана қажет болуы мүмкін. Ал негізінде олар салғастырмалы типологияны бір жағынан жадағайландырып, екінші жағынан тарылтып жібереді.

Профессор З.Қ.Ахметжанова құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырмалы зерттеудің 6 ерекше ұстанымдарын негізге алуды ұсынады: 1. *Семантикаға сүйену принципі*. Салғастырмалы тіл білімі әрқашан тілді оқытудың практикасына негізделді, ал шет тілді оқытудың негізі назардан тысқары қалды, ол мағына, семантика, тілдің мағыналық жағы болуы керек еді. Ол бір. Екіншіден, семантикалық мазмұн генетикалық жағынан алыс тілдер арасындағы тілдік категорияларды салғастыруда сенімді негіз болатыны сөзсіз. Үшіншіден, мазмұнды категорияларға сүйене отырып салғастыру салыстырылып отырған тілдердің



әрқайсысының өзіне тән ерекшелігін яғни спецификасын айқындауға жағдай жасайды. Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырудың негізгі шартының бірі ретінде семантикаға сүйену ұстанымын ұсына отырып, ғалым негізгі ұғымдық категорияларды мәселен, уақыт, мекен, сан, сапа және басқаларды универсалды деп айтамыз дейді. Себебі олар барлық тілдерде кездеседі.

Семантикаға сүйену принципіне негізделген салғастырмалы зерттеулер тілдер арасындағы типологиялық қызық фактілерді анықтауда негізгі аргумент болып табылады.

Типология тілдік құрылымның сәйкестіктері мен ерекшеліктерін, варианттылық пен инварианттылықты қарастыратын ілім болса, онда мазмұн типологияға да қатысты деп, түйінін жасайды З.Қ.Ахметжанова. Өйткені, тілдің мазмұндық жағында да сәйкестіктер мен ерекшеліктер кездеседі.

Тілдерді типологиялық тұрғыдан салғастырудың 2-ұстанымы деп З.Қ.Ахметжанова *тілдер функционалдық тұрғыдан салғастырылуы тиіс* екендігін айтады. Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырғанда ол тілдердің грамматикалық инвентары ғана салыстырылмай, ондағы тілдік бірліктердің қызметтеріне тән ортақ қасиеттерді, сәйкестіктерді салғастыру абзал. Олардың ерекшеліктері қандай, айырмашылықтары неде, нақты сөйлеу әрекеті кезінде дыбыстар қандай қисында тіркеседі деген мәселелер қамтылуы қажет.

Бұл бір шет тілін оқытудың практикасына немесе аударма практикасына бағытталған салғастырмалы зерттеулердің бағыт-бағдарына байланысты шыққан қорытынды грамматика үшін де өте маңызды. Егер қандай да бір тілдік тәсілдердің қолдануының ерекшеліктері зерттелсе, ол белгілі грамматикалық ұғымдардың категориялық қызметін анықтауда да, лингводидактикалық мақсаттар үшін де маңызды болып табылады.

3) Салғастырмалы зерттеулерде тілдік бірліктердің *парадигматикалық* және *синтагматикалық* қатынастарының ара салмағы есепке алынуы қажет.

Парадигматикалық қатынастар дегеніміз – тілдің

грамматикалық құрылымының (строй) бір семантика-функционалды қатарындағы грамматикалық формалар арасындағы қатынас. Тілдік бірліктердегі семантикалық құрылымдарына талдау жасау сол құрылым ішіне енетін парадигманың басқа мүшелеріне байланыссыз мүмкін емес. Функционалды тұрғыдан қарағанда, парадигматикалық қатар белгілі бір функционалды-семантикалық категорияның барлық айтылу құралдарын (средство выражения) құрайды.

Одан ары ғалым З.Қ.Ахметжанова орыс тіліндегі *купить* лексемасының құрылымын *продать*, *иметь*, *наследовать*, *украсть* лексемаларымен салыстыра отырып, олардың ара қатынасын белгілеуге болады, яғни, X дегеніміз У, X-тің У-і бар конструкциялары арқылы да айқындауға болатынын айтады. Тілдік бірліктерді функционалды-парадигматикалық қатардың функционалды-семантикалық құрылымының орнын айқындауға көмектеседі және талдап отырған тілдік бірліктің тілге қатысты немесе тілден тысқары (периферия языка) екендігін анықтауға көмектеседі,-дейді.

Функционалды салғастыру тілдік бірліктердің мәтін түзу кезінде семантикалық құрылымға әсер ететін синтагматикалық қатынасты есепке алуды көздейді. Бұл тұрғыда ғалым З.Қ.Ахметжанова *иметь дом* және *иметь возможность* деген сөз тіркестерін салыстырып, ара-жігін көрсетеді: бірінші мысалда *дом* зат есіммен тіркесіп, *иметь* сөзі «ие болу» қатынасын білдіреді, екінші жағдайда *иметь* етістігі абстракты зат есіммен тіркесіп, «мүмкіншілігі бар» деген мағынаға ие болып тұр. *Семьялы адам* немесе *сыйлы адам* тіркестерінің бірінші жағдайында қатыстық сын есім нақты зат есімге тіркесіп, поссессивтік қатынасты білдірсе, екіншісінде абстракты зат есімге (сый) тіркесіп, объектінің жағдайын білдіріп тұр.

Парадигматикалық қатынас тілге қатысты, синтагматикалық қатынас сөйлеуге қатысты дей келе, парадигматикалық және синтагматикалық қатынастарды есепке алу ұстанымын ұсынған ғалым З.Қ.Ахметжанова, салғастырмалы зерттеуде жалпы тілдік бірліктерді қарастыру ғана емес, олардың қолдану ерекшеліктерін көрсету қажет, тілдік бірліктердің қолданысын көрсету, мұндай салғастыру ол

тілдік бірліктердің потенциясын көрсетумен қатар, сол потенцияны өзгертуге әсер ететін факторларды да анықтауға мүмкіндік жасайтынын зерделейді.

4) Міндетті түрде *ұғым мен терминнің сәйкестігі* болуы шарт. Тілдерді салғастыра, салыстыра зерттеу өз мәресіне жету үшін тілдердегі белгілі құбылысты бір өлшеммен, ұғыммен сипаттау қажет. Себебі тілдерді зерттеу барысында қандай да бір термин әр тілде әртүрлі ұғымды беруі ықтимал. Осыған байланысты ұғымдар мен терминдерді сәйкестендіріп, жалпыға ортақ бірегей қорытындыға келу керек. Терминдер мен ұғымдарды сәйкестендіру ұстанымы сипаттама лингвистика бойынша зерттеулерге қойылатын талапқа сәйкес терминологиялық ақпараттың негізіне сүйенеді. 5) Салғастырмалы функционалды-семантикалық зерттеулерде тілдік тәсілдердің *семантикалық және құрылымдық функцияларын* анық айыра білу керек. Бұл шет тілін оқыту практикасында интерференциялық сипаттағы қателерге жол бермеу үшін өте қажет болып табылады.

6) Тілдің құрылымын анықтау үшін қандай да бір ұғымдық концептке сүйенген және қандай да бір семантикалық қызмет атқаратын грамматикалық категорияларды да, тілдің механизмінің бөлшегі туралы хабар беретін формалды класстарын да жақсы білген абзал. Семантикалық негізгі категориялар мен формалды кластар арасындағы айырмашылықтар интерференцияның сипатын да, ара салмағын да көрсетеді /З.Қ.Ахметжанова/.

Профессор Қ.Т.Рысалды «бұл принциптер функционалды-семантикалық грамматиканың А.В.Бондарко айқындаған тілдің құрылымдық-функционалдық бірлестігі принципімен, интегративтік және бір бірліктің мағыналық-функционалдық қабілеттерін басқа бірліктердің толтыру ұстанымымен ұштасып, жалпы функционалды грамматиканың және оған қоса осы тұрғыдағы салғастырмалы типологияның негізін қалады, сонымен функционалды контенсивті типологияның теориясын дамытуға ықпал етті,»- деп ерекше бағалайды / Қ.Т.Рысалды /.

Профессор М.Т.Сабитова өзінің «Қазақ және неміс тілдерінің салғастырмалы фразеологиясының қалыптасуы»

деген мақаласында: «А.Д.Рахштейн лингвистикалық салғастырмалы талдаудың қиындығы мен аздығын көрсете отырып, тілдердің түрлі топтарына және салғастырудың кез келген деңгейінде қолдануға болатын кейбір ұстанымдарды анықтады,» - деп, оларды жіктеп көрсетеді:

1. Жеке тілдерді зерттеу, салыстыра, тұтастай және кезеңмен жүргізілуі тиіс, жеке тілді зерттеу тіларалық зерттеуден бұрын басталады;

2. Ұқсастықтар мен айырмашылықтарға салғастырмалы талдау – салғастыру бірліктері арасындағы объективті ұқсастыққа негізделеді;

3. Тілдегі бірліктерді салғастыру және тілдерді зерттеудің біртұтас теориясы негізінде жүргізілуі тиіс. Біртұтас ұғым – терминалогиялық аппарат көмегі арқылы жүзеге асады;

4. Бір жақты немесе екі жақты салғастыру; оның нәтижелерінің салғастыру барысы, мазмұны біржақты (А тілінің ерекшелігін Б тілінің ерекшелігіне қатысты зерттеу немесе керісінше), екі жақты (А және Б тілдерін қатар талдау) болуы мүмкін.

5. Салғастырмалы талдау тілдік формадан мазмұнға (семасиологиялық жол) немесе мазмұнын оның айтылым тәсіліне қарай (ономасиологиялық жол) бағытталады. Салғастыра зерттеуде осы екі жол өзара үйлесіп тұрады.

6. Салғастыра зерттеу синхронды-салғастыру немесе диахронды- салғастыру болуы мүмкін.

7. Салғастырмалы талдаудың көздері: салғастырылушы тілдің түпнұсқасы, материалдары.

Құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық зерттеуде жоғарыда көрсетілген ұстанымдардың тигізер пайдасы орасан. Бұл принциптер мен ұстанымдарды лингвистикалық типологияда пайдалану салғастырмалы-типологияны дамытуға ықпал жасайды. Қазақ тілін басқа тілдермен салыстыра және салғастыра зерттеуді дамыту –ана тіліміздің аясын кеңейтіп, мемлекеттік тіл ретіндегі статусы мерейінің үстем болуына әсер ететіні сөзсіз.

Өз тарапымыздан құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырғанда мына ұстанымдарды назарда ұстағанды жөн санаймыз:

**1. Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырғанда жүйелілік сақталуы тиіс.** Даралық және жалпылық, ұқсастық және ерекшелік салыстыру, салғастырудың, оппозитивтің негізінде анықталады. Оппозитивтің өзі өз ішінде тағы да қарама-қарсылықтан тұрады. Бұл мәселе адамзат тіліне қатысты алынғанда, тілді тұтас жүйелі құрылым ретінде жинақтай алатын сипатқа ие болуы тиіс. Құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық жағынан салғастырғанда тілдің барлық деңгейлері бойынша, жүйелі типология тұрғысынан зерттелуі тиіс. Бұл ұстаным салғастырылып отырған тілдердің бүкіл жүйесі бойынша типологиялық басымдылықтарды анықтауға, ол басым белгілердің басқа белгілерге әсерін айқындау арқылы детерминантты анықтауға, ол басымдықтың зерттеліп отырған тіл үшін маңыздылығын айқындауға, соның негізінде бүкіл тілдің жүйелік құрылымын сипаттауға мүмкіндік береді.

**2. Тілдердегі кездейсоқ сәйкестіктер мен ерекшеліктер емес, тілдік үрдіс (тенденция) салғастырылуы дұрыс.** Сонда ғана тілдер табиғатындағы, тілдің жүйелік құрылымындағы басым белгі, типологиялық басымдықтар анықталады. Тілдің жеке-дара фактілерін салғастыру тіл білімі үшін ештеңе бермейді, тек жүйелілік қана тілдің төл ерекшелігін, тілдің табиғатын айқын көрсетуге мүмкіндік жасайды.

**3. Құрылымы әртүрлі тілдер алдын-ала таңдап алынған типологиялық параметрлер арқылы салғастырылуы қажет.** Тілдерді салғастыруда кездейсоқ салғастыру болмау үшін ол параметрлер таңдап алынуы қажет. Соның негізінде әр тіл бөлек-бөлек зерттеледі немесе өзіне дейінгі типологиялық зерттеулер негізінде тұжырымдар жасалады. Бұл белгілер кеңістігіндегі көпөлшемді тілдік жүйені терең талдауға мүмкіндік береді.

**4. Типологиялық зерттеуде белгілер кеңістігіндегі басым белгі, типологиялық басымдылықтар арасынан міндетті түрде детерминант анықталуы тиіс.** Әр деңгей бойынша анықталған типологиялық басымдылық түрлері тіл үшін маңызы бірдей ме, әлде біреуі басымдылықтарды анықтайтын басым белгі бола ма деген сауал әр деңгей тұрғысынан бағаланғаны абзал.

## **5. Салғастыруда тіл деңгейлері арасындағы иерархиялық, өзара байланыс қатаң сақталуы керек.**

Бұл ұстанымдарды лингвистикалық типологияда пайдалану салғастырмалы-типологияны дамытуға, лингвистикалық типологияның метатілін байытып, қалыптастыруға ықпал жасайды. Қазақ тілін басқа тілдермен салыстыра және салғастыра зерттеуді дамыту – ана тіліміздің аясын кеңейтіп, мемлекеттік тіл ретіндегі статусы мерейінің үстем болуына әсер ететіні сөзсіз.

Типологиялық зерттеулер тілдің барлық деңгейінде (фонология, морфология, лексика, синтаксис, сөзжасам) жүргізіледі, тіпті онда сөз типологиясының өзі арнайы қарастырылады. Мұндай жұмыстар циклы деңгейлік, аспектік, жүйелік типологияны құрайды.

Профессор Б.Б.Қалиевтің 80 жылдығына арналған «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, 25 қаңтар, 2019 жыл, Алматы. 324-329 бб.

### **Әдебиет**

1. Есеналиева Ж.Ж. Лингвистикалық типология негіздері (Жоғары оқу орындарының студенттеріне және магистранттарға арналған оқулық). Алматы, 2009.

2. Рысалды Қ.Т. Тілдерді салғастыра зерттеудің бір бағыты – функционалды контенсивті типология. //Қазақстан республикасы ғаламдық мәдениет және тілдерлік қауымдастықта (қазақ және әлем тілдері). Алматы, 2006.

3. Поливанов Е.Д. Русская грамматика в сопоставлении с узбекским языком. 1934.

4. Аракин В.Д. Сравнительная типология английского и русского языков М., 2000.

5. Буранов Дж. Типологические категории и сравнительное изучение языков. –Дисс... д-ра филол наук.- Ташкент, 1978. –543с.

6. Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г., Краткий словарь когнитивных терминов /Под общей ред. Е.С.Кубряковой. – М.: Наука., 1996. – 340 с.

## **3.3 Тілдердің құрылымдық типтерін анықтау мәселесіне**

Заманауи лингвистиканың негізгі мәселелерінің бірі «тіл және қоғам», «тіл және ойлау» мәселелері болса, олардың толық

шешілуі тілдер типологиясымен тығыз байланысты.

Салғастырмалы типология еуропа тілдерінің, атап айтқанда, батыс үндіеуропа тілдерінің зерттеулеріне сүйенеді. Алайда, бұл тілдердің әртүрлігіне, олардың тілдік құрылысының күрделілігіне қарамастан, сол тілдерді ғана зерттеу арқылы әлемдегі барлық тілдердің құрылымдық типтерін жүйелі түрде, кешенді, жан-жақты айқындау мүмкін емес.

Тілдердің құрылымдық типтерін анықтау үшін ең алдымен, адамның танымдық және ойлау қабілетінің тілдік көрінісін көрсету керек. Ол үшін лингвистикалық типология барлық тілдік типтер мен құрылымдарды салыстырып, салғастырады. Бұл мәселені алғаш қозғаған өткен ғасырдың 30-40 жылдары ірі лингвист-ғалымдар Н.Я.Марр және И.И.Мещанинов [1].

Құрылымы жағынан әртүрлі тілдерді славян, иран, кавказ, түркі, монғол т.б.тілдерді зерттеу, салғастыру тілдерді типологиялық жағынан зерттеудің дамуына және осыған дейінгі тіл біліміндегі теориялық негіздерді қайта қарауға алып келді. Мұнан кейін толыққанды типологиялық зерттеулер жүргізу үшін тек Кеңес Одағы мен Еуропа халықтарының тілдері ғана емес, сонымен қатар, шет елдік Азия, Африка, Америка және әлемнің басқа да тілдерін жан-жақты салғастыра зерттеу қажет болды. Осындай ауқымды типологиялық зерттеулердің нәтижесінде ғана адамзат ойының тілдік көрінісінің тәсілдерін зерделеуге мүмкіндік береді. Оларды толық көрсетіп, бір-бірімен салғастыруға, тілдік типтердің барлығын да айқындауға болады. Мәселеге осылайша қарағанда ғана толыққанды типологиялық бағытта жалпы тіл білімін құру мүмкіншілігі туады.

Типологиялық зерттеулердің негізіне тілдің жеке элементтерінің инвентаризациясы емес, тілдік жүйенің құрылымдық талдауы жатады. Типологиялық салғастыру тілдік элементтердің күрделі иерархиясымен қоса, тілдік жүйенің айрықша ерекшелігінің барлығын толық қамтуы қажет. Сонда тіпті имплицативті құбылыстар да ашылады, әрбір тілдің ерекше фактілері айқындалады; осының негізінде түрлі тілдер арасында кездесетін изоморфизмдер мен универсалийлер анықталады.

Шынында да, жеке тілдерді типологиялық тұрғыдан зерттей бастасак, көптеген тілдерге ортақ белгілерді табуға болады. Мысалы, орыс, поляк, болгар тілдерінен бір түбірден өрбіген сөздерді көптеп кездестіруге болады. Бұл құбылыс ол тілдердің барлығы да славян тілдер тобына жататындығының айғағы. Соған қарамастан аталған тілдер арасынан да алломорфизмдерді кездестіруге болады. Мәселен, орыс тілінде алты септіктен тұратын септік категориясы болса, болгар тілінде септік жүйесі жоқ. Бұл екі тілдің туыстығына қарамастан, зат есімдер жүйесі де бір-бірінен алшақ.

Қазақ тілі мен қарақалпақ тілінің туыстас тіл екендігі дау туғызбайды. Бірақ туыстыс тілдердің барлығы да қазақ, қарақалпақ тілдері сияқты лексикалық, фонетикалық, грамматикалық жағынан толық сәйкес келе бермейді. Мысалы, түркі тілдері семьясына енетін қазақ тілі мен чуваш тілін салыстырып қарайтын болсақ, олардың арасында үлкен алшақтық бар. Түркі тілдес болса да, чуваш пен қазақ өз тілдерінде сөйлесе кетсе, бір-бірін түсіне алмайды.

Лингвистикалық типология тілдер құрылымындағы бірен-саран кездесетін ұқсастықтар мен ерекшеліктерді қарастырмайды. Оның нысаны жалпылық сипат алатын, көптеген біртектес белгілердің ауқымын қамтиды.

Құрылымдық-типологиялық салғастыру негізгі екі түрлі бағытты көздейді: «определение отношения отдельных систем одного языка к аналичным системам другого и выявление черт, характерных для одного и отсутствующих в другом языке. Таким образом, основные задачи, стоящие перед любым сопоставлением – это выявление изоморфизма и алломорфизма разных языков и построение теории языка» [2,3].

Әлем тілдерінің әртүрлілігіне қарамастан олардың құрылымында барлық тілдерге тән ортақ сәйкестіктер жасырынып тұрады. Бұдан көпшілік тілдер ортақ бір үлгімен жасалатынын да көруге болады. Тілдік универсалийлер өзінің табиғаты жағынан, тілдік қасиеті жағынан жалпыға бірдей. Солардың негізінде лингвистикалық ортақ заңдылықтар қалыптастырып, жалпы адамзат мәдениеті жөнінде ой түйіндеуге мүмкіндік жасайды.



Универсалийлердің әртүрлі топтары бар:

1. Универсалийлердің бірінші тобы тілдерді тілдік емес дүниемен салыстыру негізінде анықталады (мысалы, тілдерді басқа белгілер жүйесімен, информация беру және сақтаудың басқа жүйелерімен салыстыру). Бұл жерде әңгіме, әрине, семиотикалық типология туралы болып отыр.

Тілдерді информацияның басқа жүйелерімен салыстырғанда мынадай жалпы сипаттағы универсалийлерді көруге болады: олардың тілдегі ара салмағы 50%. Мәселен, американдық лингвист Хоккет барлық табиғи тілдерге тән 16 жалпы сипаттағы универсалийлерді көрсеткен. Ғалым табиғи тіл деп (жазу тілі, жест тілі, дауылпаз тілі, ысқырық тілі т.б. тілдерді қоспайды) тек ауызша қарым-қатынас тілін, яғни адамзат тілін ғана ұғады.

2. Универсалийлердің екінші тобын анықтау жалпы тіл теориясымен ұштасып жатады. Себебі екеуінің де мақсаты тілдердің ең алдымен адамзат әрекетінің атрибуты ретінде қызмет ететіндігін айқындау. Типологияның бұл бағыты тілдердің универсалды ерекшеліктеріне сүйенеді. Мақсаты белгілі бір тілді жеке ерекшеліктерден жалпы ортақ мәселелерге қарай сипаттау. Тілдердің әртүрлі ерекшеліктерін біріктіру және тілдерге ортақ универсалийлерді табу жалпы типологияға тән бірден бір әдіс. Лингвистикалық типологияда тілдік универсалийлерді тек тілдерді бір-бірімен салыстырғанда ғана анықтауға болады. Олай болса, ол универсалийлерді *лингвистикалық универсалийлер* деп атауға болады.

Лингвистикалық универсалийлер дегеніміз - тілдердің негізгі сипатын ашып бере алатын көптеген тілдерге тән қасиеттер мен белгілер, әлемдегі әртүрлі тілдердің барлығына ортақ тілдік ерекшеліктер.

Универсалийлердің негізгі типтері - фонологиялық, грамматикалық, семантикалық және символикалық типтер.

Фонологиялық универсалийлер: Әлемдегі тілдердің бәрінде де дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Барлық тілдерде дауыссыз дыбыстар жасалуына байланысты сараланады т.б.

Грамматикалық универсалийлер: Тілдердің барлығында сөз таптары бар. Жіктеу есімдігі үш жақта айтылады т.б.

Семантикалық универсалийлер: Семантикалық универсалийлер ұғым дамуының заңдылықтарын белгілейді. Мысалы, барлық тілдерде соматикалық ұғымдар жансыз заттармен тіркесіп, басқа ұғым береді: *иненің көзі*, (ушко иглы), *шәйнектің аузы* (носик чайника) т.б. Тілдердегі метафоралар дыбыстармен тікелей байланысты.

Отандық тіл білімінде Н.И.Букетова тілдердегі морфологиялық универсалий ретінде реликт-түбір морфемаларды қарастырды. Ғалым тілдердің барлығына тән реликт түбір морфемалар – типтік құбылыс деп тұжырымдайды [4,48].

Тіл білімі тұрғысынан алғанда жалпы адамзаттың ойлау жүйесі бірдей. Сондықтан олардың жаратылыстық және қоғамдық құбылыстар жөніндегі танымдары да бірдей. Оларды тек ой формасы болып табылатын тіл ғана бір-бірінен өзгешелендіріп тұрады. Бір сөзбен айтқанда, тіл біртүрлі мазмұнды түрліше формада бейнелейді. Басқаша айтқанда, әлемдегі барлық тілдер ортақ мазмұнды түрліше формада сипаттайды. Әйтсе де, ол тілдердің арасынан құрылымы жағынан, фонологиялық, грамматикалық, семантикалық универсалийлерді табуға болады.

Универсалийлер синхронды (мысалы, кейбір сәйкестіктер тіл дамуының белгілі бір кезеңінде ғана болады) және диахронды (тіл дамуындағы заңдылықтарды білдіретін сәйкестіктер) болып бөлінеді. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Себебі қандай да болмасын диахроникалық процестердің жиынтығы тілдің синхронды жағдайын көрсетеді. Өйткені тілдің синхрондық жағдайынан тыс ешқандай диахроникалық процестердің де болуы мүмкін емес.

Универсалийлер абсолюттік, статистикалық, дедуктивті және индуктивті болып жіктеледі.

Абсолюттік немесе толық сәйкестіктікте ешқандай ауытқушылық болмайды (мысалы, *табу* тілдердің барлығында кездеседі. Әлем тілдерінің барлығында дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді т.б.).

Статистикалық немесе толық емес универсалийлер көп кездеспейді. Аталмыш сәйкестіктер тіл жүйесінің басқа жүйеге өтпелі кезеңінде пайда болуы мүмкін. Мәселен, әлем тілдерінің барлығында (арант және абазин тілдерін қоспағанда) кем

дегенде екі дауысты дыбыс бар.

Типологиядағы универсалийлер немесе сәйкестіктер дедуктивті (тілдерді зерттемей) және индуктивті (бірнеше тілдерді қатар салғастырып) әдіспен анықталуы да ықтимал. Бірінші жағдайда типологиялық заңдылықтар барлық тілдерге ортақ болуға тиіс деп қабылданатын теориялық болжамға негізделсе, екінші жағдайда нақты анықталған универсалды сипаттамалар сөз болады. Лингвистикалық универсалий мәселелерін сұрыптау кезінде бұл аталған екі тәсілдердің екеуі де негізге алынады. Өйткені бірнеше тілдік фактілер арқылы жасалған дедуктивті пікірлер кейін индуктивті жолмен нақтыланып, ғылыми қорытындылар жасалады. Мысалы: тілдік деңгейлер бойынша қарастырылатын ортақ заңдылықтар қатарында әр тілдің құрылымдық-жүйелік ерекшелігін саралау, сөздердің сөз таптарына жіктелуі, сөз құрамының морфемалармен сипатталуы, қосымшалардың сөз тудырушы және форма түрлендіруші немесе деривациялық яки реляциялық қызметте жұмсалуды секілді мәселелерді барлық тілдерге қатысты анықтау – заңды нәрсе.

Өзінің сипаты жағынан универсалийлер элементарлық (белгілі бір тілдік құбылыстың кездесетінін білдіретін) және имплицативтік болып сараланады.

Имплицативтік сәйкестіктер екі тілдік құбылыстың арасындағы байланысты білдіреді. Имплицативтік сәйкестіктердің мазмұнын былайша түсіндіруге болады: «Егер тілде Х құбылысы болса, онда ол тілде У құбылысы да болады». Алайда, керісінше, олай болмауы да мүмкін. Яғни тілдегі У құбылысының болуы ол тілде Х құбылысының барлығын көрсетпейді. Мысалы, егер қандай да бір тілде септік категориясы немесе тек (род) категориясы болса, ол тілде сан-мөлшер категориясы да болады. Немесе егер тілде сан-мөлшер категориясының екілік түрі болса, онда ол тілде аталған категорияның көптік түрі де кездеседі. Бұл тұрғыда тілдерде белгілі бір құбылыстардың кездесуі логикалық байланыстың нәтижесі деп танылады. Мысалы:

1) Қарапайым (элементарлы) тұжырымдамаға сәйкес, «Барлық тілдерде А құбылысы бар, ол бәріне ортақ және оның кездесуі - заңды» деген сияқты пікір айтылады. Оған дәлел

ретінде барлық тілдердің құрылымдық, жүйелік ерекшелігі, таңбалық сипаты айқындалған, тілдік деңгейлері мен бірліктері сұрыпталған секілді лингвистикалық қағидалар келтіріледі.

2) Күрделі (имплицитивті) логикалық байланыстар «егер... онда...» сияқты құрылымдық сәйкестіктер негізінде жасалады. Айталық, «Егер тілде сөз тудырушы морфемалар болса, онда сөз түрлендіруші аффикстердің болуы – заңды құбылыс», немесе «егер тілдерде сабақтаса байланысу кездесе, онда салаласа байланысқан құрылымның орын алуы да заңды» және т.б.

Лингвистикалық сараптама мен статистика жүргізудің қиындығына көз жеткізу қиынға соқпайды. Дегенмен, іс жүзінде 30-ға жуық тілдер мен барлық тілдік семьяларды (Гринберг, 1970) зерттеген не болмаса 400 тілдік материалды (Соколовская, 1980) қамтыған фактілерді, 700 тілдің дыбыстық жүйесін талдауға арналған лингвистикалық еңбектерді алып қарайтын болсақ, универсалийлердің бұдан басқа сандық және сандық емес түрлері де кездесетініне көз жеткіземіз. Сандық универсалийлер тілдегі кейбір заңдылықтардың сандық көрсеткішін анықтайды (мәселен, барлық тілдерде фонемалардың саны 85-тен аспайды).

Тілдік универсалийлерді анықтау тек лингвистика үшін ғана емес, психолингвистика мен психология үшін де маңызды. Оның адам мінез-құлқының тілдік аспектілерінің заңдылықтарын айқындауда, оларды зерттейтін ғылым саласының дамуына да тигізетін әсері мол.

К.Аханов «әртүрлі тілдерді зерттеу барысында олардың өзара ортақ белгілері лексика саласынан ғана емес, сонымен бірге, грамматика саласынан да табылып, айқындала береді...», - дей келе, тілде тілдік ұқсастықтардың «тегіннен-тегін» болмайтынын ескертеді [5,137].

Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыру тілдердің типологиялық классификациясын құруға негіз бола отырып, тілдер арасындағы сәйкестіктер мен ерекшеліктерді дәл көрсетуге мүмкіндік береді [6,122]. Әртүрлі тілдерді құрылымдық талдау, сондай-ақ, тілдік универсалийлерді айқындауға көмектеседі. Жеке тілдік фактілерден жалпы тілдік фактілерге қарай талдауда тілдік универсалийлер тілдің құрылымын коммуникативтік жүйе ретінде қарастырады. Құрылымдық типология – қазіргі

лингвистикада маңызды мақсат-міндеттерді шешетін тіл білімінің негізгі саласы. Осы ретте мынадай басты үш ұғымның арақатынасын анықтап алған дұрыс:

- тілдік универсалийлер мен оларды дамытушы факторлар (яғни тілдік ұқсастықтардың таралу сипаты мен өзгешеліктері);
- танымдық универсалийлер мен оларды қалыптастырушы факторлардың сабақтастығы (танымның жалпыадамзаттық белгілері);
- тілтанымдық универсалийлердің актуалдану себептері (тіл мен таным қарым-қатынасының универсалды табиғаты).
- лингвистикалық универсалийлер нақты тілдердің әртүрлі қабаттарынан,

деңгейлерінен, тілдік жеке элементтерден бастап, тілдің бүтіндей жүйесіне негізделгенде ғана толық анықталады.

Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыру тілдердің типологиялық классификациясын құруға негіз бола отырып, тілдер арасындағы сәйкестіктер мен ерекшеліктерді дәл көрсетуге мүмкіндік береді. Әртүрлі тілдерді құрылымдық талдау тілдік универсалийлерді айқындауға көмектеседі. Жеке тілдік фактілерден жалпы тілдік фактілерге қарай талдауда тілдік универсалийлер тілдің құрылымын коммуникативтік жүйе ретінде қарастырады. Сондықтан да, құрылымдық типология – қазіргі лингвистикада маңызды мақсат, міндеттер шешілетін тіл білімінің негізгі саласы.

Лингвистикалық универсалийлер типологиялық зерттеу нақты тілдердің әртүрлі қабаттарынан, деңгейлерінен, тілдің жеке элементтерінен бастап, тілдің бүтіндей жүйесіне негізделгенде ғана толық анықталады.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі, типология және салғастырмалы лингвистика бір-бірінен тек мақсат-міндеттерімен емес, сонымен қатар, тілдерді зертеуде әдіс-тәсілдерімен де ерекшеленеді.

Салғастырмалы типологияда зерттеу салғастырмалы және типологиялық сипат алады. Салғастырмалы сипат нақты тілдерді салғастырудағы (әдетте екі тіл салғастырылады)

шыққан нәтижеге байланысты. Типологиялық сипат ол тілдер арасындағы анықталған ерекшеліктерге байланысты болады.

Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыру барысында анықталған универсалийлер де тілдің типін анықтауға септігін тигізеді.

Егер әртүрлі семья құрамына енетін салғастырылатын тілдердің саны көп болса немесе зерттеу барысында салғастыруға тартылатын тілдердің саны артса, ол зерттеудің типологиялық сипаты арта түседі. Мәселен, Г.М. Хашимовтың «Типология сложного предложения в разносистемных языках» (Ташкент, 2002) зерттеуінде барлығы 90 тілдей қамтылған. Мұндай зерттеуді «таза» типологиялық зерттеу деп те атайды.

Салыстырмалы тіл білімі тілдерді салыстыру арқылы тілдерді зерттейді. Салыстырмалы тіл білімінде қолданылатын «салыстыру» термині салғастырмалы лингвистикада қолданылатын «салғастыру» терминмен синонимдес болып келеді.

«Универсалий», «басымдылық», «фреквенталий» және «уникалий» деген терминдерді белгілі бір тілдік семьяға енетін тілді, топты салыстырғанда да, барлық әлем тілдерін салыстырғанда да қолдануға болады [7,65]. Біріншіден, бұл терминдер мына жағдайларда қолданылады:

1. әлемнің барлық тілдерінде (универсалийлер),
2. әлем тілдерінің көбінде (басымдылық),
3. әлемнің санаулы тілдерінде (фреквенталий),
4. әлем тілдерінің бірінде ғана (уникалий).

Екіншіден, бұл терминдер мына мәселеге қатысты қолданылады:

1. бір семьяға, топқа, типке енетін барлық тілдерде (универсалийлер),
2. бір семьяға, топқа, типке енетін тілдердің көбінде (басымдылық),
3. бір семьяға, топқа, типке енетін санаулысында (фреквенталий),
4. бір семьяға, топқа, типке енетін тілдің бірінде ғана (уникалий).

Типологиялық зерттеулерге осындай бір семьяға, топқа, типке енетін тілдерге тән тілдің типін, формалар типін,

қатынастар типін, универсалий, басымдылық, фреквенталий және уникалийлерді анықтап, айқындау жатады.

Ш.Уалиханов атындағы  
Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы,  
Филология сериясы № 1 /2015 120 -125 бб.

#### Әдебиет

1. Языковые универсалии и лингвистическая типология. - М., 1969. - 342с.
2. Ярцева В.Н. Современная типология и ее связи с контрастивной лингвистикой //Филологические науки.- 1978. -№5. - С.14-19.
3. Кацнельсон С.Д. Лингвистическая типология //Вопросы языкознания.- 1983.- №3.- С.9-20; №4.- С.19-34.
4. Букетова Н.И. Реликтовая корневая морфема как языковая универсалия: автореф. ... канд. филол. наук. –Алматы, 1994. – 48с.
5. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1972. - 216 б.
6. Климов Г.А. Вопросы континентно-типологического описания языков // Принципы описания языков мира. – М.: Наука, 1978, - С.122-146.
7. Юсупов У.К. Теоретические основы сопоставительной лингвистики. Сопоставительная лингвистика как самостоятельная дисциплина // Методы сопоставительного изучения языков. –М.: Наука, 1988. – 93с.

### **3.4. Заманауи лингвистикалық типологиядағы құрылымдық-салғастырмалы парадигма**

Адамзат танымының әр саласы өз зерттеуіне ерекше мән беруді талап етеді. Тіл білімі ғылымы да өзінің тарихи даму барысында әртүрлі зерттеу тәсілдеріне икемделді.

Салғастырмалы типология тілдерді салғастыруды салыстырмалы- типологиялық әдіс арқылы жүзеге асырады. Оның зерттеу тәсілі – салғастыру болып табылады. Бұл әдіс толық күйінде салыстырмалы-салғастырмалы әдіс деп аталатын болса, сондай-ақ тарихи-салыстырмалы әдіс тілдің өткені (диахрония) мен бүгінгісіне көңіл бөлсе, салғастырмалы әдіс бірнеше тілдің қазіргі кезеңіне (синхрония) көңіл аударады [1].

Салғастырмалы әдіс арқылы шыққан зерттеу нәтижесі

ана тілі мен шет тілін салғастыра оқыту әдістемесінде кең түрде пайдаланылады. Әсіресе, шет тілін үйренуде оның маңызы өте зор. Салғастырмалы типологиялық зерттеуде әдеттегідей тілдік жүйедегі жеке элементтер емес, тілдің өзіне тән бүкіл жүйелік құрылымы салғастырылады.

Ғылымда «типологиялық зерттеуді сипаттама зерттеудің жалғасы, соның екінші басқышы» деген пікір бар. Бұл орынды да, өйткені типологиялық салғастыру үшін, алдымен дүние жүзіндегі тілдердің әрқайсысының құрылымдық сипаттары жеке-жеке зерттелген болуы керек. Типология сол айқындалған құрылымдық сипаттарды өзара салыстыра қарау арқылы тілдерде болатын ортақ қасиеттерді, типологиялық белгілерді айқындайды.

Типологиялық зерттеу мәні, функциясы жағынан тілдердің барлығына немесе көпшілігіне ортақ, жалпылық сипаты бар нысандарды салғастырады. Мұндай нысан фонология саласында да, семантикалық, грамматикалық салаларында да болады. Типология тілдердің осы аталған жүйелеріндегі жалпылық мәні бар нысандарды бір-біріне салғастыра қарау арқылы олардың арасындағы ұқсастықтар мен өзгешіліктерді ашады. Мысалға фонология саласында дыбыстардың дауысты, дауыссыз, шұғыл, ызың болып бөлінуі, болмаса морфемалардың лексикалық, грамматикалық болып бөлінуі, т.с.с. тілдердің барлығына немесе басым көпшілігіне тән типтік белгілерді алуға болады. Типологиялық зерттеуде осылар сияқты универсалды тұлғалар салғастырылады[2,125].

Типологиялық әдістің тіл білімінде қолданыла бастағанына біраз уақыт өткенімен, ол туралы әр елдің көрнекті лингвистерінің көпшілігі пікір айтқандарымен бұл мәселе күні бүгінге дейін өз шешімін тапқан жоқ.

Компоненттік талдау әдісі – мағыналы тіл бірліктерінің мазмұндық жағын зерттеу әдісі. Оның мақсаты мағынаның ең кіші семантикалық бөлшектерін ажырату. Компоненттік талдау әдісі алғашында (20ғ. 50 жылдары) лексиканы зерттеуде әртүрлі тілдердегі лексикалық бірліктердің шағын тобын (мысалы, туыстық терминдерді, қимыл етістіктерді) сипаттау үшін пайдаланылған. Ол - әрбір тіл бірлігінің мағынасы семантикалық белгілерден (семалардан) тұратыны, тілдің сөздік құрамы



шағын семантикалық белгілердің көмегімен анықталуы мүмкін деген ғылыми болжамға негізделген. Компоненттік талдау әдісі тіл туралы жүйелі-парадигматикалық түсініктермен, мәселен, өріс теориясымен тығыз байланысты. Болжам бойынша, жалпы категориялық семантикалық белгілер универсалдық сипатта болып, көптеген тілдерде кездесуі мүмкін.

Лексикалық мағынаның компоненттік құрамы ұғымның деректі-дерексіздігіне байланысты. Нақты заттық ұғымы бар сөздерді (піл, қарағай) компоненттік талдауда, олардың осы сөзді сипаттайтын жеке белгілеріне мән беріледі (пілдің тұмсығы, қарағайдың бұтағы). Сөйтіп, сөздің семантикалық белгісінің мазмұны мен оны білдіретін зат белгісінің сәйкес келуі мүмкіндігі артады.

Сөздерді сөйлеу кезіндегі қызметіне байланысты компоненттік талдау әдісін синтагмада қолдануда бірқатар заңдылықтар бар. Мысалы, олар сөздердің сұрыпталу шегін анықтау (Дж.Кац, Дж.Фодор), лексикалық мағыналарды білдіру (Ю.Д.Апресян), семантикалық келістіру (В.Г.Гак) т.б. Осылардың негізінде сөз тіркесінде сөздерді дұрыс қолдану ережелері қалыптасады. 20ғ. 70-80 жылдары компоненттік талдау әдісі грамматикада, әсіресе морфологияда қолданыла бастады [3,212].

Қазақстандық тіл білімінде қазақ және орыс тілдеріндегі эмотивтік лексика (З.Х.Ибадильдина) етістіктер семантикасы (Т.Ж.Тоқтарова), әлемнің тілдік бейнесіндегі етістіктердің орны (Р.Д.Ашимбетова), «Уақыт» ұғымының лексика-семантикалық топтары (С.Қ.Смат), экзистенциальды етістіктердің ерекшеліктері (М.С.Қойшибаева), «адам»және «көпшілік» ұғымдарының ара-қатынасы (Б.Аязбаева), қоғамдық-саяси лексикадағы полисеманттардың типологиясы (И.Оразбаева), аспектуалды семантиканың формамен мазмұн сипатын (М.Ж.Жолшаева) т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде компоненттік әдісті қолданып, зерттеу тұжырымдарын жасады.

Компоненттік талдау әдісі – тілдік бірліктерді ұсақ бөліктерге бөлу бойынша зерттеу мен сипаттау тәсілі. Қазіргі тіл білімінде компоненттік талдау әдісін қабылдаған бірден бір деңгей – дихотомиялық фонология. Мәселен, Якобсон мен Халле тындаушыға дыбыстардың акустикалық белгілері керек

болғандықтан, тек акустикаға аса көңіл бөлген. Дыбыстарды талдау арқылы, олар дифференциалды белгілер табуды мақсат етті. Олардың дифференциалды белгілері мынандай ерекшеліктерге ие: 1. белгілер артикуляциялы емес, акустикалы мінезде болады; 2. дифференциялы белгілер жүйесі - универсалды; 3. жүйе дихотомиялы (әр белгісі тек бар-жоқ деген екі мағынаға ие) яғни бинарлы. Ғалымдар компоненттік талдау әдісінің негізінде акустикалық фонетиканың тілдерде ұшырасатын 12 түрлі қосалқы ажырату белгілерін көрсетті.

Дихотомиялық жүйені құрастыру барысында қиындықтар кездесуі де мүмкін. Өйткені тілдердегі барлық белгілер бірдей емес. Бір тілге тән белгі келесі тілде жоқ болуы мүмкін. Әр тілде бір белгінің әртүрлі көрінуі де кездесіп жатады. Мысалы, мұрын жолды-ауыз жолды компоненттік талдау белгісі орыс, қазақ, ағылшын тілдерінде тек дауыссыздарға тән болса, француз және поляк тілдерінде бұл белгі дауыстыларға да қатысты. Р.О.Якобсонның сөзі бойынша: компоненттік талдау грамматикада да, лексикада да қолданыла бастады: оларда семантикалық көбейткіштерге бөлу (разложение на семантические множители) тәсілі қолданылады. Мысалы, туыстық терминдер: *әке, ана, ұл, қыз, ана, аға* сөздері семантикалық көбейткіштерге талданады: жыныс: *ер адам - әйел адам*; туысқандық: *тура-жананама*; ұрпақ: *үлкен-кіші*. Бұл талдау әдісі - тілдік бірліктердің мағыналық жақтарын зерттеу тәсілі. Оның мақсаты – мағынаны ең кіші семантикалық, грамматикалық бөлшектерге бөліп қарастыру. Компоненттік талдау әдісі – лингвистикалық типологияның ажырамас бір бөлігі болып табылады. Мұнда сөз - морфемдік, сөйлем - мүшелік бөлшектерге талданады. Компоненттік талдау бүтін элементтерінің парадигматикалық және синтагматикалық қатарларының түйісуін, жеткізу өрісі мен мазмұн өрісінің өзара әрекетін анықтауды көздейді. Сөз мағынасын былай талдау мазмұнның ең кіші бірлігі – семаны айқындайды. Компоненттік талдау жасау сөз құрамындағы (түбір элемент, деривациялық элемент, реляциялық элемент), сөз тіркесіндегі (негізгі сыңар, қосалқы сыңар), сөйлемдегі (предикаттайтын компонент, предикатталатын компонент) негізгі бөліктерінің грамматикалық көздерін анықтап, белгілейді.

Тілдің құрылымдық ерекшелігін зерттеуде қолданылатын келесі әдіс – құрылымдық (структуралық) әдіс. Бұл әдістің құрылымдық деп аталуының себебі, мұны қолданушылар тілді тығыз байланыста, шартты қатынаста тұратын, біріне-бірі тәуелді бөлшектерден құралған біртұтас, бірбүтін құрылым деп есептесе, лингвистиканың міндеті сол құрылымын көрсету болып табылады.

Бұл әдіс үстіміздегі ғасырдың 20-жылдарынан бастап қолдана бастады. Оны алғаш қолданушылар - Чехославакия мен Дания лингвистері. Бұл көзқарасты жақтаушылар, яғни құрылымдық әдісті қолдана отырып, тілдің құрылымын зерттеу – тіл білімінің бірден-бір міндеті деп санайтындар – структуралистер деп аталады. Структуралық әдістің мақсаты - жоғарыда айтқанымыздай, тілді құрылымдық жүйе ретінде қарастыру. Структуралық әдіс тілдік бірліктердің қарым-қатынастары мен байланыстарын ашуға, оның жүйелік құрылымын көрсетуге талпынады.

Структуралық әдіс көп жағдайда сипаттамалы әдіске өте жақын. Бұл екі әдістің айырмашылығы: сипаттама әдістің ерекше назар аударып, негізге алатыны - тілдік элементтер мен категориялар, тілдік деңгейлер /қабаттар/, олардың жиынтығы болса, структуралық әдістің ерекше мән беріп басшылыққа алатыны – сол элементтер мен категориялар деңгейлерінің арасындағы қарым-қатынастар мен байланыстар, олардың бір-біріне тәуелділігі.

Тілді структуралық әдіспен зерттегенде тек тілдік элементтерді ғана емес немесе тілдік ерекшеліктер мен айырмашылықтар, сәйкестіктер мен ұқсастықтар т.б. ғана емес осы элементтерді және сол элементтердің арасындағы қарым-қатынастар мен байланыстарды бірге алып, екеуін бірлікте қарастыру керек.

Тіл фактілерінің ерекшеліктері мен өзіндік қасиеттерін ғылыми негізде дұрыс түсінуге, оларды белгілі бір жүйеге келтіріп қарауға мүмкіндік туғызған тағы бір тәсіл - салыстырмалы-тарихи әдіс болып табылады. Бұл әдіс тіл білімінде көптеген күрделі проблемаларды зерттеп, олардың қыр-сырын дұрыс зерделеуге бірқатар мүмкіндік жасады. Мәселен, бұл тәсіл өміргекелгеннен кейін туыстас тілдердің

өзара қарым-қатынасын, туыстығын, сондай-ақ, әрбір нақты тілдің дамуын кезең-кезеңдерге бөлу тәрізді мәселелер қарала бастады. Салыстырмалы-тарихи тәсілдің көмегімен жеке тілдер мен тіл топтарының ғылыми тарихын жасауға қадам жасалды.

Қазақ тіл білімінде Р.Ф.Сыздық, Ә.Т.Қайдар, Ш.Ш.Сарыбаев, С.Аманжолов, Б.Әбілқасымов, Ә.Жүнісбеков, К.Ш.Құсайынов, Ж.Манкеева, З.К.Сәбитова т.б. ғалымдар өз зерттеулерін салыстырмалы-тарихи сипатта жазды. Сөйтіп, ғылыми тәсіл тіл білімінің жеке, дербес пән ретінде дамуына жол ашып берді.

Салыстырмалы-тарихи зерттеу - өзара туыстас, төркіндес тілдерді жеке, жеке зерттегені болмаса, құрылымы әртүрлі тілдерді бір-бірімен салғастыра жинақтап қарау, сөйтіп дүние жүзіндегі тілдердің барлығына немесе көпшілігіне ортақ типтік сипаттарды ашу ісіне келгенде дәрменсіз. Жалпы тіл білімі тек тілдер туыстығын айқындауды ғана көздемейді, ол дүние жүзіндегі тілдердің жалпы сипаттарын, типтік белгілерін ашып, тіл атаулының барлығын да қамти алатын типологиялық классификация жасауды да көздейді. Осы мақсатты іске асыру үшін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеумен қатар салыстырудың екінші түрі - типологиялық салғастыру дүниеге келді. Лингвистикада зерттеудің бұл түрі салғастырмалы әдіс, типологиялық әдіс, типологиялық лингвистика немесе тілдер типологиясы деп түрліше аталады. Егер салыстырмалы-тарихи әдіс тілдің өткені мен бүгінгісіне көңіл бөлсе, салғастырмалы әдіс бірнеше тілдің қазіргі кезеңіне көңіл аударады.

Екеуінде де тіл фактілерін салыстыру болғанмен, типологиялық зерттеу – салыстырмалы-тарихи зерттеуден өзгеше. Бұлардың зерттеу нысандарында да, көздейтін түпкі мақсаттарында да өзгешеліктер кездеседі. Типологиялық зерттеуде туыстас тілдер ғана емес, бір-бірімен ешқандай туыстық жақындығы жоқ тілдік фактілері де салғастырылады. Екіншіден, салыстырмалы-тарихи әдістегідей тілдік жүйедегі жеке элементтер емес, олардың жүйе құрылымы салыстырылады. Үшіншіден, мұнда тілдік тұлғалардың материалдық туыстығын ашу көзделмейді, салыстырылып отырған тілдердің ортақ белгілерін, типтік сипаттарын айқындау, сөйтіп, тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жіктеу көзделеді. Типологиялық

зерттеудің алға қоятын мақсаты – барлық тілдерге немесе тілдердің көпшілігіне ортақ универсалды, типтік белгілерді ашу [3,195].

Отандық ғалымдардың Қ.Жұбанов, С.С.Құнанбаева, Э.Д.Сүлейменова, З.Қ.Ахметжанова, З.К.Сәбитова, К.К.Дүйсекова, Н.А.Сәрсембаева, Қ.Т.Рысалды, Н.И.Букетова, С.Ж.Тәжібаева, Б.Қ.Мырзалина т.б. еңбектері типологиялық әдісті қолданған зерттеулер.

Салғастырмалы әдіс арқылы шыққан зерттеу нәтижесі ана тілі мен шет тілін салыстыра оқыту әдістемесінде кең түрде пайдаланылды. Әсіресе, шет тілін үйренуде оның маңызы өте зор. Салғастырмалы типологиялық зерттеуде әдеттегідей тілдік жүйедегі жеке элементтер емес, тілдің өзіне тән жүйелік құрылымы салыстырылады.

Лингвистикалық типологияда оппозициялық талдау әдісі де кеңінен қолданылады. «Оппозиция» сөзі латынның «*opposito*» қарама-қарсы деген сөзінің негізінде пайда болған. Лингвистикада оппозиция деп кез-келген минималды жұпты айтады. Мәселен, антоним сөздер, бастауыш пен баяндауыш, дауысты мен дауыссыз т.б. тіл бірліктерінде осы жұптарды біріктіре отырып зерттеу көптеген лингвистикалық мектептерге тән. Бұл талдаудың негізінде Н.С.Трубецкойдың оппозиция теориясы жатыр. Фонологиялық оппозициялар теориясын жасаушы ғалым фонологиялық оппозиция терминін функционалды тіл бірліктерімен қатар функционалды емес бірліктерге қатысты қолданды.

Н.С.Трубецкойдың алғаш рет оппозиция типтерін жүйеледі және оларды үш ұстаным бойынша топтастырды [5,35]:

1. Аталмыш оппозицияның бүкіл оппозиция жүйесіне қатысы;
2. Оппозиция мүшелері арасындағы қатынастар бойынша;
3. Мағына ажырату мүмкіндіктерінің көлеміне қарай.

Қазіргі кезеңде салғастырмалы типология тіл білімінің негізгі бір саласы. Ол өзінің даму барысында түбегейлі қалыптасып, зерттеу нысаны мен әдісін саралап, даралап келеді. Салғастырмалы зерттеу мен жалпы лингвистикалық типологияның ішінде ара жігі ажыратыла қарастырылып жүр.

Салыстырмалы зерттеу өзара туыс тілдерді салыстыра зерттеп, олардың туыстық деңгейін анықтауға бағытталса, салғастырмалы әдіс туыс емес, құрылымы әртүрлі тілдерді синхронды қалыпта салғастыра зерттеу болып табылады.

Тілдерді типологиялық топтастыруда басшылыққа алынатын негізгі белгілер: ең алдымен тілдердің грамматикалық жүйесінің қалай құрылғандығы, белгілі бір тілдердегі грамматикалық тәсілдердің қайсысы басымдық ететіні, сол тілдердегі сөздердің өзгеру, түрлену жолдары, ерекшеліктері, белгілі тілдердің құрылымы мен құрылысы [22,676.]. Тілдерді типологиялық жағынан классификациялау дегеніміз – оларды тектігіне, туыстығына қарап бөлмей, сырт ұқсастығы мен грамматикалық құрылымының ерекшеліктеріне қарай топтастыру.

Салғастырмалы типология тілдерді салыстыруды салғастырмалы-типологиялық әдіс арқылы жүзеге асырады, сондықтан зерттеуіміздің өн бойында біздің бірінші басшылыққа алатын зерттеу әдісіміз – салыстыру (салғастыру) болып табылады.

Салғастырмалы әдістің мақсаты – екі не одан да көп туыс емес тілдердегі бір типтес тілдік құбылыстар мен категорияларды бір-бірімен салғастыра отырып, олардың бүкіл тілдік материалдарын сипаттап беру. Сол арқылы әлгі тілдердің фонетикалық, морфологиялық, сөзжасамдық, грамматикалық құрылымындағы айырым-өзгешеліктер мен ұқсастықтарды көрсету.

Зерттеу жұмысында структуралық әдістің де орны бөлек. Структуралық әдістің мақсаты - әрбір тілді құрылымдық жүйе ретінде қарастыру. Бұл әдіс тілдерді типологиялық тұрғыдан әрі негізгі базалық деңгейлер бойынша сипаттағанда оның қарым-қатынастары мен байланыстарын ашуға, оның жүйелік құрылымын көрсетуге мүмкіндік береді.

Оппозициялық тәсіл көбіне фонология деңгейі бойынша (бинарлық, консонантты-вокалды, айтылу белгісіне қарай, және тон белгісіне қарай) қолданылады.

Компоненттік талдауға келсек деңгейлік және деңгейаралық (фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік) типологиялық басымдылықтарды анықтауда көмегі зор.

Зерттеу әдістері ретінде модельдеу, жалпылама жинақтау әдісі, сандық (количественный) әдістері қолданылады. Тіл тарихын, оның ішінде типологиялық тіл білімінің тарихын, өткені мен бүгінін танып-білуге негізделген сипаттама әдісіне де жүгінуге болады.

Тіл білімі дүние жүзіндегі барлық тілдерді туыстығы мен шығу тегі, даму жағдайларының ортақтығына қарай 60 шақты семьяға топтаса, сол тілдер құрамы мен құрылысына қарай ірі-ірі төрт типке ғана бөлінеді.

Тілдерді құрылымы мен құрылысына қарай топтастыру типологиялық классификация деп аталатындығын жоғарыда айттық. Тілдерді бұлайша топтастыруда басшылыққа алынатын негізгі белгілер: ең алдымен тілдердің грамматикалық жүйесінің қалай құрылғандығы, белгілі бір тілдерде грамматикалық тәсілдердің қайсысы басымдық ететіні, сол тілдердегі сөздердің өзгеру-түрлену жолдарының ерекшеліктері.

Жалпы тіл білімінің тілдердің құрылымы мен құрылысын зерттейтін саласы - типологиялық тіл білімі. Типологиялық тіл білімі туыстас тілдердің де, бір-бірімен туыс емес тілдердің де сәйкестіктері мен ұқсастықтары, сондай-ақ, қарама-қарсы өзгешіліктері сияқты мәселелерге көңіл бөледі. Типологиялық тіл білімінің мұндай мәселелерді қарастыратын саласын лингвистикалық типология деп те атайды.

Салғастырудың нәтижесінде әртүрлі тілдер құрылымындағы ортақ сәйкестіктерді анықтау мүмкіншілігі артады. Тілдерді географиялық белгілеріне қарай топтастыруды санамағанда (қазіргі уақытта тілдер толық зерттелмеген жағдайда қолданылып жүр) оларды типологиялық айырым-белгісіне (критерий) қарай жеке топтарға бөлу, ертеден қолданып келе жатқан зерттеудің бір түрі [6,186].

Типологиялық зерттеулердің нәтижесінде біз барлық тілдерге тән қандай да бір белгілерді немесе тілдерде тіпті кездеспейтін ерекше белгілерді анықтай аламыз. Соның нәтижесінде нақты типологиялық заңдылықтарды ашамыз. Осылайша тілдердің ортақ белгілері туралы айта аламыз.

Лингвистикалық типологияның негізгі мақсат-міндеті – барлық тілдерге тән тілдік универсалийлерді анықтау, яғни тілдің жалпы теориясын құру. Сонымен қатар, типология тек

кейбір тілдерге ғана тән ерекшеліктерді де анықтай алады. Соның негізінде типологиялық классификация жасалынады.

Салғастырмалы әдіс арқылы шыққан зерттеу нәтижесі ана тілі мен шет тілін салыстыра оқыту әдістемесінде кең түрде пайдаланады. Әсіресе, шет тілін үйренуде оның маңызы өте зор. Салғастырмалы типологиялық зерттеуде әдеттегідей тілдік жүйедегі жеке элементтер емес, тілдің өзіне тән жүйелік құрылымы салыстырылады.

Типологиялық зерттеу мәні, функциясы жағынан тілдердің барлығына немесе көпшілігіне ортақ, жалпылық сипаты бар объектілерді салғастырады. Мұндай объекті фонология саласында да, семантикалық, грамматикалық салаларында да болады. Типология тілдердің осы аталған жүйелеріндегі жалпылық мәні бар объектілерді бір-біріне салғастыра қарау арқылы олар арасындағы ұқсастықтар мен өзгешіліктер ашылады [7,251].

Типологиялық зерттеуде тіл жүйесіндегі ішінара кездесетін ұқсастықтар емес, осылар сияқты универсалды тұлғалар мен тілдік тенденция салғастырылады.

Салғастырмалы типология лингвистикалық типологияның ең басты тармағының бірі. Оның өзіндік міндеті мен мақсаттары бар. Салғастырмалы типологияның зерттеу нысаны – зерттеліп отырған тілдің жүйесі.

Лингвистикалық типология әлемдегі тілдердің жүйесін салыстырудың жалпы принциптерін белгілейді. Сондай-ақ ол тілдерді салыстыруды бір ізге түсіру (жүйелі түрде салғастыру) мәселелерін де қарастырады. Генетикалық, құрылымдық, тағы басқа ерекшеліктеріне байланысты тілдердің жалпы және жеке белгілерін анықтайды. Тілдерді типтік белгілеріне байланысты классификациялаудың негізін береді.

Лингвистикалық типология алғашында генеалогиялық классификацияның бір тарауы ретінде пайда болса, біртіндеп тіл білімінің жеке бір саласына айналды. Қазіргі кезде лингвистикалық типологияның пәні, зерттеу объектісі мақсаты мен міндеті толық анықталған.

Типология жеке тілдерді зерттеумен шұғылданып, жалпы тіл біліміндегі тілдің құрылымы мен қызметі жөнінде айтылған тұжырымдарды да пайдаланады. Зерттеу пәніне байланысты



функциональды типология (әлеуметтік лингвистика) және құрылымдық типология ерекше қарастырылады. Функциональды типология байланыс құралы ретіндегі тілдің әлеуметтік қызметін зерттесе, құрылымдық типология - тілді жүйе ретінде алып, ішкі құрылысын зерттейді.

Ш.Уалиханов атындағы  
Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы.  
Филология сериясы № 1 /2015 126 -132 бб.

### Әдебиет

- 1.Языковые универсалии и лингвистическая типология. - М., 1969. - 342 с.
- 2.Климов Г.А. Вопросы контенсивно-типологического описания языков. – В кн.: Принципы описания языков мира. – М.: Наука, 1978, С. 122-146.
- 3.Юсупов У.К. Теоретические основы сопоставительной лингвистики. Сопоставительная лингвистика как самостоятельная дисциплина // Методы сопоставительного изучения языков. - Москва: Наука,1988. - 93 с.
- 4.Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. -Алматы, 1999. -190 б.
- 5.Трубецкой Н.С. Основы фонологии. Пер.с немецкого. - М.: Изд-во иностр.лит., 1960. - 342 с.
- 6.Звегинцев В.А. История языкознания XIX и XX веков в очерках и извлечениях. ч. II. -М.: Учпедгиз, 1960. - 406 с.
- 7.Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. - 783 б.

**ФОТОГАЛЕРЕЯ**



*Филология ғылымдарының докторы, профессор*

**ЖАНАР ЖОРАБЕКҚЫЗЫ  
ЕСЕНАЛИЕВА**



*Докторлық диссертация қорғау кезі.  
Есеналиева Жанар Жорабекқызы 26 ақпан, 2010 жыл.*



*Докторлық диссертацияға оппонент-филология ғылымдарының  
докторы, профессор Қ. Рысалды 26 ақпан, 2010 жыл.*



*Докторлық диссертацияның ғылыми жетекшісі-профессор  
Зауреш Қанаиқызы Ахметжанова*



*Докторлық диссертация қорғау кезі 26 ақпан, 2010 жыл.*



*Оффлайн сабақ 26 наурыз, 2021 жыл.*



*Ашық сабақ. Көшпенділердің мәдени мұрасы.  
4 декабрь, 2019 жыл.*



*Құрмет орденінің иегері Рақыш Сәтұлы Әмірдің  
90 жылдық мерейтойы 17 қаңтар, 2020 жыл.*



*Профессор Байынқол Қалиұлы Қалиевтің 80 жылдығына  
арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция,  
25 қаңтар, 2019 жыл.*



*«Bona Sforza» Италия-полялық қор ұйымдастыруымен Массафра (Италия) қаласында өткен «Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар зерттеудің бағыттары мен өзекті мәселелері» атты курс*



*Филология ғылымдарының докторы, профессор В.И.Карасик (Ресей федерациясы) «Аксиологиялық лингвистиканың өзекті мәселелері» курсында Алматы, 4-16 қараша, 2013 жыл.*



*Атақты ағалардың ортасында «Білім беру саласының үздігі»  
медалін алған кез. 21 мамыр, 2018 жыл.*



*Студенттер ортасында. 16 сәуір, 2019 жыл.*





*2015 жыл. Венеция*



*2015 жыл Италия. Рим.*



*9 октябрь, 1993 жыл.*

**ОТБАСЫЛЫҚ АРХИВТЕРДЕН ЕСТЕЛІК**






*Әкем Өтегенов Жорабек, анам Есеналиева Тұрғын 1958 жыл.*



*Әкем Өтегенов Жорабек, анам Есеналиева Тұрғын.*



*6 класс. 1973 жыл.*



*КазГУ-ді бітірген  
1985 жыл.*



*2021 жыл*



*Жорабековтар әулеті. 1988 жыл.*



*Жорабековтар әулеті дастархан басында*



*Нағашы апам Мінәйім. 1977 жыл.*



*Қурстастар кездесуі желтоқсан 2019жыл. Астана*



*Шерубай Құрманбайұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор.  
Тіл білімі институты, Наурыз, 1990*



*Солдан оңға қарай ф.ғ.к. Н.Әшімбаева, ф.ғ.д. Ә.Ибатов, Р.Сарқұлова, академик  
Р.Сыздықова, Г.Нұрғазиева, Ж.Есеналиева, ф.ғ.д. Б.Әбілқасымов.  
Наурыз. 1992 жыл.*



*Сіңлілерім Жайсан, Ляззат, Ақмаралмен бірге. 2020 жыл.*



*Жақын құрбым Тілеулес. 2020 жыл.*





*Антальяда 2019 жыл*



*Бурабай. 2014 жыл.*

## 4. ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА

### 4.1. Коммуникативтік мінез-құлық ерекшеліктері

Лингвистикада әрбір нақты тіл әлемді тану мен қабылдаудың әдісі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар әрбір тіл қолданушы осы бір ерекше жүйе негізінде өзін қоршаған тілдік емес шындық болмысты өзінше қабылдаумен қатар, лексикалық бірліктердің семантикасын, сонымен бірге морфологиялық және синтаксистік құрылымдардың, қандай да бір категориялар мен сөзжасам жүйесіндегі (оның ішіне әлемнің тілдік бейнесі де кіреді) ерекшеліктерін жинақтайды.

Тіл білімі тұрғысынан алғанда жалпы адамзаттың ойлау жүйесі бірдей. Сондықтан олардың жаратылыстық және қоғамдық құбылыстар жөніндегі танымдары да бірдей. Оларды тек ой формасы болып табылатын тіл ғана бір-бірінен өзгешелендіріп тұрады. Бір сөзбен айтқанда, тіл біртүрлі мазмұнды түрліше формада бейнелейді. Басқаша айтқанда, әлемдегі барлық тілдер ортақ мазмұнды түрліше формада сипаттайды. Әйтсе де, ол тілдердің арасынан семантикалық, танымдық универсалийлерді табуға болады.

Танымдық универсалийлер синхронды (мысалы, кейбір сәйкестіктер тіл дамуының белгілі бір кезеңінде ғана болады) және диахронды (тіл дамуындағы заңдылықтарды білдіретін сәйкестіктер) болып бөлінеді. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Себебі қандай да болмасын диахроникалық процестердің жиынтығы тілдің синхронды жағдайын көрсетеді. Өйткені тілдің синхрондық жағдайынан тыс ешқандай диахроникалық процестердің де болуы мүмкін емес.

Танымдық универсалийлерді анықтау тек лингвистика үшін ғана емес, психоллингвистика мен когнитивтік лингвистика үшін де маңызды екені белгілі. Оның адам мінез-құлқының тілдік аспектілерінің заңдылықтарын айқындауда, оларды зерттейтін ғылым саласының дамуына да тигізетін әсері мол [1,58].

К.Аханов «әртүрлі тілдерді зерттеу барысында олардың өзара ортақ белгілері лексика саласынан ғана емес, сонымен бірге, грамматика саласынан да табылып, айқындала береді...», - дей келе, тілде тілдік ұқсастықтардың «тегіннен-тегін» болмайтынын ескертеді.

Әртүрлі тілдерді талдау, танымдық универсалийлерді айқындауға көмектеседі. Жеке тілдік фактілерден жалпы тілдік фактілерге қарай талдауда тілдер арасындағы танымдық универсалийлер тілдің құрылымын коммуникативтік жүйе ретінде қарастырады. Осы ретте мынадай басты үш ұғымның арақатынасын анықтап алған дұрыс:

- танымдық универсалийлер мен оларды дамытушы факторлар (яғни тілдік ұқсастықтардың таралу сипаты мен өзгешеліктері);

- танымдық универсалийлер мен оларды қалыптастырушы факторлардың сабақтастығы (танымның жалпы адамзаттық белгілері);

- тілтанымдық универсалийлердің актуалдану себептері (тіл мен таным қарым-қатынасының универсалды табиғаты) [2,53].

Танымдық универсалийлер нақты тілдердің әртүрлі қабаттарынан, деңгейлерінен, тілдік жеке элементтерден бастап, тілдің бүтіндей жүйесіне негізделгенде ғана толық анықталады.

Жалпыға бірдей мәдениет болмаса, жалпыға бірдей мінез-құлық та болмайды. Басқа мәдениет өкілінің мінез-құлқын түсіну үшін, оларға тән дәстүрлі қандай мінез-құлық бар екенін анықтау керек. Әр ұлттың өзіне тән ұлттық мінез-құлқы бар. Ұлттық мінез-құлық дегеніміз белгілі бір ұлттық қоғамға тән әлеуметтік-психологиялық белгілері және рухы көрнісінің жиынтығы. Ұлттық мінез-құлқы пен ұлттық менталитет тығыз байланысты. Ұлттық менталитет адамның қоршаған ортаны қабылдаудағы және оның қоршаған ортаны сезіну, оған әсер ету ерекшелігі. Бұл өз кезеңінде тарихи тұрғыдан экономикалық, саяси шарттарға негізделеді, соған байланысты анықталады. Ұлттық мінез-құлық тарихи құбылыс. Ол қоғамдық қарым-

қатынастың нәтижесі.

Коммуникативті мінез-құлық - адамдардың белгілі бір тобының қарым-қатынас пен нормалар жиынтығы. Ол ұлттық мінез-құлықпен тығыз байланысты. Ұлттық коммуникативті мінез-құлық - белгілі бір қатынастың нормалары мен дәстүрлерінің жиынтығы. Лингвомәдени бірлестік - халықтың бірлігі, оның тілі мен мәдениеті. Коммуникативті мәдениет – ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі, халықтың коммуникативті мінез-құлық, ұлттық мәдениеттің үзіндісі іспеттес. Халықтың коммуникативті мінез-құлық сипаттау ұстанымдары болу керек.

Мәдени мінез-құлықтың маңызды факторларының біріне жағдаят жатады. Э.Холл оны «Мәдени көзілдірік» деп атайды. Әдетте адам өзінің мінез-құлық үлгілері мен оны қабылдауы тек өз мәдениетінің ықпалы екенін түсіне білмейді, сондықтан да басқа мәдениет иелерінің басқа көзқарасын, басқа мәдени нормалары мен мәдени құндылықтары бар екенін бірден қабылдай алуы қиынға соғады. Адамдардың көбінің күнделікті мінез-құлықтары аңғырт реализм арқылы сипатталады. Олардың түсінігінше қоршаған орта, әлем өзі қалай түсінсе, солай қабылданылуы керек. Әлемдегі заттар, құбылыстар, адамдар, оқиғалар т.б. мұндай адамдар өзінен-өзі түсінікті, заңды әдетті жағдаяттар деп қабылдайды. Мұндай жағдай басқа мәдениет нормалары мен құндылықтарын асыра бағалауға әкеліп соғады.

Әр адам саналы болсын, санасыз болсын өз мәдениетінде қалыптасқан мінез-құлықтарын ұстанады. Мысалы, мінез-құлық түрлері әртүрлі мәдениетте әртүрлі көрініс табады. Егер Мексикада әйелдер мен ерлер шіркеуге бірге барып, үндемей тұратын болса, Иранда әйелдер мен ерлер мешітке бірге бармайды, бөлек отырып құран оқиды, Қазақстанда мешітке олар бірге бара береді.

Әр мәдениетте өзіне тән әдеттер жүйесі қалыптасады. Ол белгілі – бір жағдаятқа байланысты. Сондықтан олардың негізгі белгілері қоғам өмірі бейнесіне сәйкес келеді. Бір қарағанда

бәріне ортақ әдет-ғұрып әр мәдениетте өзіндік мағынаға ие, мысалы – баланың дүниеге келу, үйлену тойлары әдеттері. Оларды қалай өткізу әр халықта қалыптасқан салт-дәстүрге байланысты.

Құқық – мінез-құлықтың белгіленген міндетті ережелер жүйесі. Ол адамдардың мінез-құлық ережелері туралы адамдардың бірлескен келісімі. Бұл ережелер барлық азаматтар үшін міндетті, ал оның орындалуы қадағаланылады.

Құндылықтар категориясы адам санасында әртүрлі құбылыстарды салыстыру арқылы қалыптасады. Дүниені танып білу арқылы ол өзіне не қажет, не қажет емес, не өз өміріне маңызды, не маңызды емес т.б. екенін шешеді. Осының салдарынан адамда қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы қалыптасады. Сол арқылы адам не маңызды, не маңызды еместігін анықтайды. Мәдениетте құндылық үлкен маңызға ие, себебі ол адамның табиғатқа, социумға, айналасына деген көз-қарасын, қатынасын белгілейді.

Мәдени құндылықтар әр адам өмірінде әртүрлі мағынаға ие. Сондықтан кей адамдар коллективті, ұжымдық құндылықтарды, ал басқалары – жеке басты, индивидуалды құндылықтарды мойындайды. Мәселен, АҚШ-та бірінші кезеңде жеке басты құндылық, тек содан кейін ғана әлеуметтік ортаның құндылығы тұрады, ал Жапонияда керісінше, әр адам алдымен қоғам мүшесі, содан кейін ғана жеке басы, яғни индивид ретінде түсіндіріледі. Құндылықтардың қайсысы адамдарға маңызды, қайсысы онша маңызды емес екендігі мәдениетке байланысты. Олардың құрылмы мен маңыздылығы мәдениет ерекшеліктерін белгілейді. Өз мәдениетінің құндылықтары басқа мәдениет иелерімен қарым-қатынас кезінде ғана бағаланып айқындалады. Коммуникация кезінде әртүрлі мәдениеттердің бір-біріне әсері, айырмашылығы мен ерекшеліктерін, құндылық бағдарын түсіне аламыз. Міне, осы кезде әртүрлі түсінбеушілік, келіспеушілік, есеңгіреу, ашулану, ренжу, бір-бірінен алыстау т.б. сол сияқты ситуациялар пайда болады.

Мәдениетаралық коммуникацияның ойдағыдай табысты

өтуі адамдардың бір-бірінің мәдениетіндегі құндылықтар ережелерін жақсы біліп меңгеруіне байланысты.

«Мәдениетаралық компетенция» дегеніміз Н.Д.Галькованың пікірінше мыналар:

- басқа этностың мәдениетіне сезімталдықпен қарап, оны қабылдау, түсіну, өз мәдени құндылықтарымен салыстыра отырып, араларындағы ұқсастық пен ерекшеліктерді анықтау;
- өзге өмірге, өзге санаға, өзге құндылықтарды танып біліп, олармен қарым-қатынасқа түсе отырып өзінің әлем туралы бейнесін толықтыру [3,35].

Ол үшін тіл иелерінің өмір сүру ерекшеліктері мен тұрмыс жағдайларымен танысу, сол елге тән вербалды емес мінез-құлықтың этикасын меңгеру, мәдениетімен, әлеуметтік проблемалары мен бағыттарымен т.б. танысу қажет. Мәдениетаралық коммуникация кезіндегі қиыншылықтар бір жағынан тілге, екінші жағынан мәдениет ерекшеліктерінен туындайды.

Қазіргі заманда, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, аккумуляция процесінің ең тиымды стратегиясына интеграция жатады. Оның іске асуы мәдениетаралық біліктілікке байланысты. Ұлттық мінез-құлық дегеніміз не? Ол белгілі бір ұлттық қоғамға тән социалды-психологиялық белгілері және халық рухы көрінісінің жиынтығы. Ұлттық мінез-құлық пен ұлттық менталитет тығыз бір-бірімен байланысты. Ұлттық менталитет – адамның қоршаған ортаны қабылдаудағы және оның қоршаған ортаны сезіну, оған әсер ету ерекшелігі. Бұл өз кезеңінде тарихи тұрғыдан экономикалық, саяси шарттарға негізделеді, сол арқылы анықталады. Ұлттық мінез-құлық тарихи құбылысқа жатады. Ол – қоғамдағы қарым-қатынастың нәтижесі. Ұлт менталитеті ұлт өкілінің ақыл-ойы, ойлау көрінісі, рухы. Осылардың бәрі бірігіп әлем бейнесін, ұлттың мәдени құндылықтарын біріктіреді.

Этностың менталитетін және ұлттың ойсаналық архетипіне барып тірелетін, тілдің концептуалды жүйесінің аксеологиялық сипаттарын құрайтын тілдік бірліктердің қай-қайсысы да – когнитивтік лингвистика үшін аса маңызды

проблемалардың бірі. Бұндай тілдік бірліктерді Е.М.Верещагин мен В.Г.Костамаров [4,36]. өздерінің «Тіл және мәдениет» атты кітаптарында «**баламасыз лексика**» деген атаумен топтастырып жүр. В.Муравьев [5,65]. бір тілдегі сөздің басқа тілде эквивалентінің болмауын «**лакуна**» терминімен атады. М.М.Копыленко және З.Қ.Ахметжанова [6,95]. басқа тілде эквиваленті жоқ бір лексемалы атауларды «**универб**» деп, ал ол сөзді түсіндіретін сөз тіркесін «**перифраз**» деп атағанды жөн санайды. Мысалы: қазақ тіліндегі «сүйінші» сөзі орыс тілінде «подарок тому, кто сообщил добрую весть» болады. Немесе орыс тіліндегі «масленка» қазақша «май салатын ыдыс». Бұл жерде универб сөздер «сүйінші» және «масленка» болса, перифраз сол ұғымдардың сипаттама түсіндірмесі болып табылады [6,95]. Кейінгі жылдардағы салыстырмалы тіл білімі бойынша зерттеулерде осындай тілдік бірліктер лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика ғылымдарымен тығыз байланыста қарастырыла бастады. Ізденушілер мен зерттеушілер әсіресе концептілер мен лингвокультуремалардың аудармада қалай берілетіндігін жаңа позициялар шеңберінде талдауға кірісті.

Халықаралық ғылыми симпозиумге арналған жинақ.

16-17 наурыз 2017 жыл, 563-567 б.б.

#### Әдебиет

1.Есеналиева Ж.Ж. Лингвистикалық типология негіздері (Жоғары оқу орындарының студенттеріне және магистранттарға арналған оқулық). Алматы, 2009.

2.Копыленко М.М. К построению семантической типологии (универбы и перифразы).//Проблемы семантической лексикологии. Минск,1973.

3.Верещагин Е.М., Костамаров В.Г.Язык и культура. Изд.3 М., 1983.

4.Муравьев В.Л. К вопросу об этнографических лакунах // Ученые записки Владимирского пед.института. Серия «Иностранный язык». Владимир,1977.

5.Муравьев В.Л. Лексические лакуны. Владимир, 1975.

6.Ахметжанова З.К., Валиханова Р.Е. Сопоставительно-функциональное исследование лексико-фразеологических систем казахского и русского языков. Алматы, 1

## 4.2. Тіл мен мәдениеттің бір-біріне әсері

Тіл мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты десек те, ол әлі күнге дейін бірізді шешімін таппаған мәселе. Заманауи тіл білімі мен лингвомәдениет тарапынан жасалған болжамдардың бәрі екі түрлі гипотезаға алып келеді:

1. Тіл мен мәдениет бір-бірімен байланысты емес;4
2. Тіл мен мәдениет бір-бірімен байланысты.

Лингвистика мен философиядағы тіл мен мәдениеттің бір-біріне тәуелсіздігі туралы гипотезаға байланысты концепциялар кейде қарама-қайшы келеді. Кейбір зерттеушілер тіл мен мәдениет мазмұны жағынан да, қызметі жағынан да ұқсамайды дегенді айтады. Мәселен, мәдениетті адамзаттың жетістігі десек, тіл олай емес. Бұл бағытты ұстанатын зерттеушілер тіл қоғамдық, мәдени және басқа жағдайларға тәуелді емес, тек өз ішкі заңдарына ғана бағынатын имманенттік жүйе деген постулатқа жүгінеді. «Тіл тек өзінің тәртібіне ғана бағынатын жүйе»[ Соссюр Ф. 1977. – с. 66].

Солай бола тұрса да, қазіргі таңда тіл білімі мен философияда зерттеушілердің көпшілігі тіл мен мәдениеттің байланыстылығы туралы гипотезаны қолдайды. Тіл мен мәдениеттің байланысын ең алғашқылардың бірі болып В. фон Гумбольдт өз зерттеулерінде қарастырады. Ғалым әлемді ерекше танудың негізінде тілде көрініс табатын ұлттық нақыштағы мәдениет идеясының негізін салды.Тіл мен мәдениет бір-бірімен тілдік бірліктер арқылы байланысқан, тіл мен мәдениеттің онтологиялық бірлігін қамтамасыз ететін, әрқайсысы жеке дара феномен болып табылады.

Тіл арқылы адами мәдениеттің сабақтастығы, бұрын қалыптасқан тәжірибенің игерілуі мен жинақталуы атадан балаға берілуі арқылы іске асады. Тіл идеологияны, ұлттық характерді, өмір сүру салтын, мінез-құлықты, адамды қалыптастырады.

Тіл мен мәдениет әртүрлі семиотикалық жүйеге енеді, оларды қарастырғанда осыны ескеру қажет.Тіл мен мәдениеттің ұқсас жақтары да айырмашылықтары да бар.



Тіл мен мәдениеттің айырмашылықтары:

1. Мәдениетте элитарлық қатынас орын алса, тілде адресат бұқара болып табылады;

2. Мәдениет те тіл секілді таңбалар жүйесі болса да, өзінен-өзі пайда болмайды.

В.А. Маслова тіл мен мәдениеттің ұқсас жақтарын лингвомәдениеттануда қалыптасқан дәстүр бойынша былай көрсетеді [Маслова В.А.2001. – 208 с.]:

1. Мәдениет, тіл сияқты, адамның дүниетанымын көрсететін сананың бір формасы;

2. Мәдениет және тіл өзара қарым-қатынаста, диалогта өмір сүреді;

3. Мәдениет пен тілдің субъектісі,- бұл әрқашан жеке тұлға, индивид және қоғам.

Бұған қарап, тіл мен мәдениеттің коммуникация кезінде, тілдік қарым-қатынас процесінде, онтогенезде (тілдік қабілеттіліктің пайда болуы), филогенезде (қоғам адамының қалыптасуы) бір-бірімен тығыз байланыста болатынын көреміз.

Тіл және мәдениет арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын маңызды ерекшеліктерді анықтай отырып, біз олардың арасындағы өзара әсер ету деңгейін анықтауға тырыстық: мәдениет қандай дәрежеде тілді анықтайды, қалай оған әсер етеді және тіл мен мәдениеттің бір-біріне әсер ету шегі қандай?

Лингвистиканың, мәдениеттанудың қазіргі заманғы зерттеушілерінің көпшілігі мәдениеттің тілге әсері айқын екендігі туралы пікірді айтады. Тілдер бір-бірінен өте ерекшеленеді және бұл тілдік айырмашылықтар ол тілдердегі дамыған мәдениеттің маңызды айырмашылықтармен және үйрену тәсілдерімен байланысты болса керек.

Мәдениеттердегі айырмашылықтар әртүрлі тілдерде сөздердің семантикасы ерекшеленуі мүмкін. Орысша «күн» деген сөз өзбек тіліндегі «куешь» және тәжіктің «офтоб» деген сөзінен ерекшеленеді. Фон айырмашылықтарына байланысты, көптеген сөздер толығымен трансляцияланбайды; барлық

фразеологиялық сөздер іс жүзінде аударылмайды. Кез келген сөздіктен біз басқа тілдерде біркелкі аудармалары жоқ сөздерді таба аламыз. Бұл эквивалентсіз сөздік деп аталады – және ол жергілікті мәдениеттің ерекше құбылыстарының белгілері. Мысалы, Эскимос тілінде ағылшын тілімен салыстырғанда қарды сипаттайтын сөздер өте көп.

Мәдениеттің тілге әсері әртүрлі мәдениеттердегі қарым-қатынас процесінің бірегейлігімен ерекшеленеді, бұл лексика мен грамматиканың кейбір ерекшеліктеріне, сондай-ақ тілдің нормативтік-стистикалық әдістерінің ерекшеліктеріне әсер етеді. Сөйлеу - рөлдік ойын тәрізді, адам мінезінің маңызды құрамдас бөлігі: «Әртүрлі халықтарда сөйлеу барысында (мысалы, ерлі-зайыптылар, әке мен ұл арасындағы, танымайтын адамдар арасындағы сөйлеу) әртүрлі стилистикалық тоналдылықта болады» [Тимашева О.В. 2004. – С. 72].

Мәдениеттің тілге әсері айқын, біз осы фактіні дәлелдейтін маңызды аспектілерді көрсетуге тырыстық. Дегенмен, тілдің мәдениетке кері әсері туралы мәселе бүгінгі күнге дейін ғылымда шешуін таппаған мәселе дейді кейбір ғалымдар.

Зерттеушілер мәдениетке тілдің әсер ету дәрежесі туралы әртүрлі жорамал айтады. В.А. Маслова, Л.С. Касьяненко қазіргі заманғы лингвистикада, философияда, антропологияда және этнографияда осы мәселені шешудің бірнеше жолы бар екенін атап өтеді.

Бірінші тәсілді қолдаған ресейлік философтар С.А. Атановский, Г.А.Брутян, Э.И.Кукушкин, Е.М. Маркарян. Мұндай көзқарастың негізгі ұстанымы - тілге «мәдениет айнасы» ретінде қарау. Мұндай көзқараспен қарым-қатынас «тіл мәдениеті» бір бағытта сипатталады. Мәселенің бұл көзқарасы бізге «бір жақты» сияқты көрінеді, өйткені бұл жағдайда тілдің рөлі пассивті болып көрінеді, мәдениет фактілерінің ресми көрінісіне түседі, тіл тек қана өз тәуелсіздігінің құралы ретінде көрінеді.

Екінші тәсілдің өкілдері ойлау үрдісінде тіл белсенді рөл атқаратынын алға тартады, тілдің тікелей мәдениетке әсерін таниды. Лингвистикалық салыстырмалық гипотезасын

әзірлеген американдық зерттеушілер Е. Сепир мен Б. Уорф тіл мен мәдениет арасындағы себеп-салдардың байланысын және әлеуметтік шындықты қабылдаудың негізі ретінде **тіл** басым, шешуші рөл атқаратынын айтты. Мәдениет және тіл, олардың ойынша, тұтастықтың бір түрі болып табылады: тіл мәдениетке «ұласады, өседі», тұтастай алғанда бүкіл мәдениетті дамытудың міндетті шарты тіл болып табылады.

Адам өмір сүретін нақты әлем белгілі бір қоғамның тілдік нормаларына сәйкес пайда болады. Әр түрлі қоғамдар өмір сүретін әлем әртүрлі тілдерді қолданатын бір әлем емес, бірнеше әлемді құрайды. Бұл гипотезаға сәйкес, адамдар өздерінің ана тілі арқылы әлемді қабылдайды, әр тіл әлемдік шындықты өзінше көрсетеді: «Біз кез келген құбылыстарды әр түрлі көреміз, естіміз және қабылдаймыз, негізінен, біздің қоғамдағы лингвистикалық нормаларға сәйкес қабылдаймыз» [Сепир Э. 1993. – С. 261]. Мұндай идеялар лингвистикада көптеген қайшылықтар туғызды.

Дегенмен, тіл адамның ойлау мен танымдық белсенділігіне белгілі бір әсер ету фактісі жоққа шығарылмайды, өйткені ойлау мен таным тек тіл негізінде ғана іске асуы мүмкін, когнитивті әрекеттің нәтижелері алдыңғы ұрпақтар тілінде көрініс табады, яғни тіл - эмоционалдық әсер ету құралы болып та табылады [Кацнельсон С.Д. 1965. – 111 с.].

Ең дұрыс деп саналатын үшінші тәсілдің мәні - бұл тіл мен мәдениет диалектикалық бірлікте екенін көрсетеді. Олар автономды тілдік таңбалар жүйесі бола тұра, бір-біріне тәуелді және бір-бірімен үнемі өзара әрекетте болады.

Тіл мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады, оның негізгі құралы - біздің рухымыздың шындығы. Тіл ұлттық ой-сананың ерекшеліктерін көрсетеді. Тіл - адам алдында сананы ашатын механизм. Екінші жағынан, мәдениет те тілдің құрамына кіреді, себебі мәдениет мәтінде көрініс табады.

Бұл көзқарасты қазіргі заманғы лингвисттердің көпшілігі құптайды. Бұл бағыт лингвомәдени теорияның кілті болып табылады.

Бұл теорияда тіл әлемнің алғашқы концептуализациясы-

ның әмбебап нысаны ретінде қарастырылады; ата-бабаларынан мұраға қалған мәдениеттің бір бөлігі; мәдениетті игеретін құрал; қабылдаушы, ақпаратты сақтаушы және тасымалдаушы және білімді, бүкіл әлем туралы ақпаратты жеткізуші құрал болып табылады.

Сонымен қатар, тіл тек мәдениеттегі нәрсені атап ғана қоймайды, оны («тілдің пассивті функциясын») көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар, мәдениетті қалыптастырады, (тілдің белсенді рөлін) «қалыптастырып қана қоймайды», сонымен қатар мәдениетте тілдің өзі де дамиды.

Лингвистикалық-мәдени тұрғыдан алғанда, мәдениет ең алдымен, көп ұрпақ жинақтаған ұлттың шексіз тәжірибесі ретінде түсіндіріледі. Алайда, мәдениет генетикалық мұра болып табылмайды сондықтан оны болашақ ұрпаққа жеткізу үшін, беру үшін тасымалдаушы керек, ол тіл болып табылады. Мәдениет болмаса, тілдің болмауы сияқты, тілдің де мәдениетсіз өмір сүруі мүмкін емес.

Мәдениет – халық дамуындағы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын ұлттық құндылықтар жиынтығы. Әр ұлттың ана тілінде оның бүкіл өмірі, тарихы, тыныс-тіршілігі, жан дүниесі, яғни, мәдениеті көрініс табады. Тіл мен мәдениет-қоғам дамуының әлеуметтік азығы. Тілдің әлеуметтік маңызы тіл мен мәдениетті, тіл мен қоғамды бірге алып қарағанда ғана ашылады. Адамның жан дүниесі мен болмысының, мәдениетінің қалыптасуына үлкен үлес қосатын халықтың баға жетпес байлығы – оның тілі. Тіл – мәдениеттің көзі, ұлт өмірінің айнасы. Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді, себебі ол мәдениеттің бір көрінісі. Ал, кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, тілдің кумулятивтік қызметі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі.

Сонымен, тіл – халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, қадір тұтатын заттары мен құндылықтар дүниесінің, қоршаған ортаның т.б. өмір сүру үлгілерінен хабардар ететін құрал. Мәдениет – адамның тілде көрініс табатын бүкіл рухани өмірі, тәжірибесі.

Қазіргі таңда «тіл мен мәдениет», «адам және тіл» байланысын когнитивтік тұрғыдан қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Когнитивті бағыттың маңыздылығы мен өзектілігі оның тек теориялық лингвистикадағы контексті полипарадигматизміндегі доминанттылығында емес, сонымен бірге ауқымды кең ғылыми бағдар ұсынуында, мәселен, тілдік құбылыстарды экспликациалау, тіл мен мәдениет байланысындағы адамның рөлі, адам және тіл мәселесі, басқа тіл құбылыстарын және аппаратын қарастыру (Е.С.Кубрякова, Ю.Д.Апресян, В.З.Демьянков, В.В.Колесов, Е.В.Рахилина, В.Б.Касевич, Ю.С.Степанов және т.б.).

Когнитивтік лингвистика лингвистикалық зерттеулердің шеңберін маңызды түрде күшейте түсетін қазіргі антропоцентристік парадигмалар шегіндегі когнитивизм негізінде туындайды.

Кез келген қарым-қатынас, коммуникация тіл арқылы жүзеге асады. Бұдан барып мәдениетаралық коммуникация теориясы да «адам – тіл - мәдениет» үштігіне (триадасына) сүйенеді. Осыған орай алдымен коммуникация, тіл және мәдениет деген ұғымдарға түсінік берілген жөн.

Коммуникация – өзара түсінікті мақсат етіп қойған және түрлі құралдардың көмегі арқылы берілетін түрлі сипаттағы және мазмұндағы ақпарат алмасудың әлеуметтік шартты үрдісі. Коммуникация – ой алмасу.

Тіл – адамзат болмысы, адамзат жаратылысының негізгі қасиеті. Оның дамуы – қоғамның дамуымен бірге жүретін егіз құбылыс. Тіл халықтың танымы мен бүкіл тұрмыс – тіршілігін суреттейтін қатынас құралы, құндылығы. Қай халықтың тілін алмайық, сол халықтың тұнып тұрған тұрмысынан, тарихынан, мәдениетінен, дүниетанымынан хабар береді. Тіл құдіреті сөз мағынасында. Сөз мағыналарына үңіле отырып, жан-жақты өмір саласынан мағлұмат алуға болады. Тіл – адамдардың қарым-қатынас, коммуникация құралы. Коммуникация мәдениетаралық тұрғыдан түрлі мәдениет иелерінің арасындағы қатынас құралы ретінде қарастырылады, бұл коммуникация

үрдісіне мәдениеттанулық көзқарас тұрғысынан қарауды қажет етеді. Коммуникация тіл арқылы (вербалды немесе вербалды емес) іске асады. Ендеше тіл мен мәдениет өзара тығыз байланысты.

Мәдениетаралық коммуникация өзінің мазмұны жағынан бірнеше ғылым саласымен тығыз байланысты. Қарым-қатынастың негізгі кейіпкері-адам. Ендеше адам табиғатын, әлемдегі құбылыстарға адамның қатынасын, әсерін зерттейтін ғылым саласы – антропология. Мәдениетаралық коммуникацияда ұлт өкілдерінің мінез-құлқы – психология, әр адам белгілі бір қоғамның, ұлттың, топтың т.б. мүшесі – социология, тіл мен тіл иесі адам санасының тұтастықта қарастырып, тілді адам дүниетанымының кілті, адам санасында әлем туралы түсінікті құраушы, сана қызметінің нәтижесі деп қарайтын-**когнитивтік лингвистикамен** тікелей байланысты.

Мәдениетаралық коммуникация кең көлемді ұғым. Әр ғылым саласы мәдениет ұғымын қалай қарастырса, мәдениетаралық коммуникация да солай қарастырады. Олардың ішінде мәдениетаралық коммуникация теориясын психологиялық, әлеуметтік және лингвистикалық тұрғыдан зерттеу ерекше орынға ие. Мәдениетаралық коммуникация теориясы сөйлеу қатынасы мен жалпы коммуникация теориясының жеке дара көрінісі. Мәдениетаралық ерекшеліктерінің психологиясы – әртүрлі этникалық топтарға жататын индивидтердің психологиясындағы ерекшеліктерді, мәдениет арасындағы ерекшеліктерді зерттейді. мәдениетаралық коммуникация теориясының социологиялық тұрғыдан зерттеудің мәні ерекше. Негізгі ұғымдары тіл және қоғам. Адам, тіл және мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты. Қазіргі тіл білімінде қандай жаңа бағыттар болса, мәдениетаралық коммуникация теориясында зерттеудің де сондай бағыттары бар: этнолингвистикалық сипаттағы бағыт, **когнитивтік бағыт**, лингвомәдени бағыт т.б.

Мәдениетаралық коммуникация – әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынас. Қай ұлт болмасын өзінің өмір сүрген дәуіріне қарай, күн көріс, тұрмыс-тіршілігі, сол ұлтқа

тән әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, мәдениеті бар. Осылардың бәрін зерттеп білу, оларды өз мәдениетіндегі жағдаяттармен салыстыра бағалай білу, ондағы ерекшеліктер мен айырмашылықтарды коммуникация кезінде дұрыс пайдалана білу керек. Белгілі бір концепт төңірегіндегі тіл бірліктерін дұрыс түсініп қолдана білу мәдениетаралық коммуникацияда ерекше мәнге ие.

Қазақстанның ғылымы мен өмірі.

№4 (81) 2019,233-238 бб.

#### Әдебиет

1 Соссюр Ф. Курс общей лингвистики. – В кн.: Ф. Соссюр Труды по языкознанию. – М., 1977. – С. 66

2 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.

3 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Прогресс, 1993. – С. 261

4 Тимашева О.В. Введение в теорию межкультурной коммуникации. – М.: УРАО, 2004. – С. 72

5 Кацнельсон С.Д. Содержание слова, значение и обозначение. – М – Л: Наука, 1965. – 111 с.

### 4.3. Ұлттық концептосфераны анықтаудың жолдары

Когнитивтік лингвистика – тіл білімінің заманауи бағыттарының бірі, антропоцентристік парадигманың шеңберіне енетін тоғыспалы ғылым саласы. Когнитивтік лингвистика тілдің танымдық табиғи болмысын зерттейтін, тілдің танымдық қызметін көрсететін ғылым. Когнитивтік лингвистиканың, танымдық лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі – **концептосфера**.

Бұл терминді алғаш қолданған академик Д.С. Лихачев. Ғалым: «концептосфера - әр халықтың семантикалық сөз мағынасынан кең ұғым, ол халықтың не жеке адамның тілі мен ақыл-ойы»,- дейді. Д.С.Лихачев концептосфераның кең мағынада түсінілуін ұсынады: «В совокупности потенции, открываемые в словарном запасе отдельного человека, как и

всего языка в целом» можно назвать *концептосферой*». Ғалымның ойынша, ұлттық тілдің тұтастай концептосферасы жеке адамның шындықты концептуализациялау нәтижесі болатын жеке индивидуалды концептосфералардан құралады. Индивидуалды концептосферадан өзге ұлттық қауым ішіндегі белгілі бір әлеуметтік және мәдени қауым концептосферасы да болады. Д.С.Лихачев осы ойды әрі қарай жалғастырып, орыс тілінің ұлттық концептосферасындағы мынадай концептосфераларды: «инженер-практик», «отбасы» концептосфераларын бөліп көрсете келе концептосфераны 3-ке бөледі: индивидуалды, әлеуметтік, мәдени. [Лихачев Д.С., 1993, с29].

Индивидуалды концепт жеке индивидтің ойлау және сөйлеу белсенділігі- мен тығыз байланысты, тікелей адамның тәжірибесіне сүйенетін концепт. Әлемді қабылдау және эмоцианалды тәжірибе, әр индивидтің осы тәжірибені әр түрде түсінуі концептті түрлендіреді, жаңа ақпарат қосады, кеңейтеді, және жаңа концепт тууына әсер етеді.

Адам кей уақытта ойланады, сезінеді, уайымдайды, сол себепті адамның өмір сүру салты өзгеріп кетуі мүмкін. Сондықтан индивидуалды концепт - динамикалық білім. Бірақ, басқа жағынан қарағанда, әр индивидтің тәжірибиесі - жеке тәжірибе. Сондықтан индивидуалды концепт субъективті бағытта қаралады. Индивидуалды тәжірибие белгілі ортаға тән бола алмайды, себебі ол тек жеке адамның өзіне ғана байланысты. Индивидуалды концепт өзінің индивидуалдылығына қарамастан бағыт-бағдары кең. Ол өте кең контексте - әлемді жеке тұлғаның қалай қабылдауына қарап қалыптасады.

Мәдени концепт – ұлт мәдениетінің ерекше қасиетін хабарлаушы ақпарат. Э.Оразалиева бұл мәселе туралы мынадай пікір білдіреді: «Мәдени концепті когнитивті концепті сөзінің беретін мәнінен өзгеше. Мәдени концепт – лингвомәдени таным бірлігі, онда ұлттық мәдениет көріністерінің жиынтығын бейнеленеді» [Оразалиева Э., 2007, 1286].

Қазақ халқының дүниетанымында, рухани болмысы мен тіршілігінде, қазақ «әлемінің тілдік бейнесінде» көптеген іргелі



концептілер мен олардың өрісіне енетін культуремалар жүйесі кездеседі. Ол концептілерді тұтас мәдени концептосфера аясында қарастыруға болады. Мәдени концептің жеке индивидуалды концептен айырмашылығы ол жеке адамның сөйлеу және ойлау құрылымдарымен тығыз байланысты емес, ол халықтың мәдениетімен байланысты. Мәдени концепті зерттеушілер концепті мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Мысалы Ю.С.Степанов: «Мәдениет-бұл концептілердің жиынтығы және олардың арасындағы қарым-қатынас», -деп көрсеткен. В.И.Карасик және Г.Г.Слышкин концепт және мәдениеттің қарым-қатынасы жайлы: «Мәдениет концепті анықтайды. Концепт-мәдени жобаның ментальды элементі» деген еді.

Танымал шетелдік лингвист А. Вежбицкая «концепт» терминінің орнына «мәдениеттің түйінді сөздері» деген ұғымды қолданады. Бұл да мәдени концептпен бірдей. Түйінді сөздер ғалымның айтуы бойынша, мәдениет үшін маңызды және айрықша орын алатын сөздер [Вежбицкая А., 1996, с.152].

Ал З.Д. Попова, И.А. Стернин концептосфераны белгілі бір халықтың концептілерінің реттелген бір жиынтығы, ойлаудың ақпараттық базасы деп анықтайды.

Біз бұл жұмысымызда қазақ тіл білімінде осы концептосфера термині қалай қолданылады және ұлттық концептосфераны анықтау жолдары қандай деген мәселеге тоқталмақпыз. Одан бұрын қазіргі заманауи когнитивтік лингвистиканың екі бағытын жіктеп көрсеткіміз келеді:

1.ментальды-информациялық немесе американдық-батысеуропалық бағыт.

2.этномәдени немесе мәскеулік бағыт.

Ментальды-информациялық және этномәдени бағыттағы когнитивтік лингвистиканың қарастыратын өзекті мәселесі: адам және адамзат тілі. Алайда бұл екі бағыттың ол мәселеге көзқарасы әртүрлі.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистикада

1. адам - қандай да бір этносқа, мәдениетке қатыссыз ақпаратты қабылдаудың, сақтаудың және тасымалдаудың белгілі бір жүйесі ретінде қабылданады,

2. тіл - ментальдық ерекшелік яғни, адамдық когницияның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистикада нақты, жеке ұлттық тіл емес жалпы адамзат тілі сөз болады» [Исабеков С.Е., 2010, с.216].

Жоғарыдағы екі бағыттың тағы бір ерекшелігі - олар әртүрлі когнитивтік құбылыстарды және мәселелерді қарастырады және оларды әрқалай түсіне отырып, алдарына әртүрлі зерттеу міндеттерін қояды.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистика көбіне зерделейтін ұғымдары: когниция, когнитивтік жүйе, адамның психикасы, адам когнициясының құрылымы мен қызметі, адам организмінде болатын физиологиялық, психологиялық, когнитивтік процестер, білім, өзін-өзі тану, адамның танымдық қызметі, адамзат тілі т.б.

Этномәдени бағыттағы когнитивтік лингвистиканың ерекшелігі - ол әртүрлі когнитивтік құбылыстарды және мәселелерді қарастырады және оларды әрқалай түсіне отырып, алдына әртүрлі зерттеу міндеттерін қояды.

Этномәдени бағыттағы когнитивтік лингвистиканың басты назар аударатын негізгі ұғымдары: «әлем бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі», «әлем моделі» немесе «когнитивтік модель».

Қазақ тіл білімі осы екі бағыттың қайсысының жолымен келеді деген сұраққа жауап берсек, этномәдени немесе мәскеулік бағытты ұстанып келеміз.

Қазақстандық ғалымдардың да еңбектерінде концептосфера - когнитивтік лингвистикадағы маңызды тұжырымдамалардың бірі болып табылады. Ғалым Г.Хамитованың айтуынша «Концептосфера» термині өзіне көлемділіктің, тұтастықтың, үшқырлылықтың (трехмерность) образды коннотацияларын енгізіп, онтологиялық құбылыстың мәнін дәл

бейнелейді». Концептосфера көп қырлы, кеңістіктік, тұтастықтық құбылыс ретінде көрінеді, әйтсе де ол халықтың әлемтануымен, әлемді қабылдауымен, тарихымен менталитетімен, мәдениетімен байланысты ашық жүйе. Кез-келген тілдің концептосферасының үшқырлылығы оның тілмен, рухани мәдениетпен, объективті шындықпен өзара байланысы мен өзара әсерлесуі нәтижесінде қалыптасады. Осыдан концептосфераның мынадай негізгі белгілері шығады:

1.көлемділік, ол халықтың мәдени тәжірибесі, мәдени дәстүрі мен түсініктерінің байланысын білдіреді;

2.тұтастық, себебі концептосфера белгілі бір халықтың тұтас ұлттық мәдениетін сипаттайды.

3.үшқырлылық, тілді халықтың мәдениеті, тарихы, әлемтануы мен әлемді қабылдауын өзіне енгізетін кеңістіктік, барлығын қамтитын құбылыс ретінде көрсетеді; [Хамитова Г., 2004, 65 б.].

Профессор З.Ахметжанова қазақ ұлттық концептосферасына тән мынадай ерекшеліктерді көрсетеді:

1. Қазақ концептосферасында негізгі орын Адамға, адамның әлеуметтік жағдайына беріледі. Сондықтан Адамға қойылатын доминантты сұрақтар: «Сен кімсің?», «Өмірдегі, қоғамдағы сенің орның қандай?», «Сен қоғаммен, адамдармен қалай араласасың?».

2. Қазақ концептосферасында ең басты концепт «Адам». Кәміл адам (Е.Ж) жасайтын факторлар: тәрбие, еңбек, білім.

3. Кәміл адам үш негізгі компоненттен тұрады: ақыл (рационалды) + жүрек (эмоционалды) + қайрат (қиыншылықты жеңуге көмектесетін ішкі күш).

4. Адам - социумның бір бөлігі. Адамның қасиеттері тек өзіне ғана емес, қоғамға да қатысты. Сондықтан «Адам» концептісіне байланысты фразеологизмдер мен паремиялар бір-біріне қарсы «жақсылық», «жамандық» сияқты концептілермен ұштасып жатады.

5. Қазақ лингвомәдениетінде адамды алға жетелейтін - ақыл.

6. Ақыл сезімді нокталайды,

7. Ақыл біліммен қосылса үлкен жетістікке жеткізеді,

8. Ақылды адам басқаларға қандайда бір жағдайда дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

9. Қазақ концептосферасында қазақи менталитетті көрсететін, бойында философиялық, экономикалық мотивтер мен әдет-ғұрыптық, адамдық қарым-қатынас нормалары, сонымен қатар туыстық қатынас ерекшеліктер қамтылған «Туыстық», «Ағайын» концептері айрықша орын алады.

10. Қазақ лингвомәдениетіндегі концептосферада ерте дәуірден біздің заманымызға дейін ерекше нақтыланған мінез-құлық этикеті орын алады. Ол әсіресе туыстық қатынаста: үлкендер мен кішілер арасындағы, алыс-жақын туыстар арасындағы, күйеуі мен әйелі арасындағы, ата-ана мен балалары арасындағы сыйластық түрінде көрінеді.

11. Қазақ концептосферасындағы әлемнің тілдік бейнесін адам құндылықтарын көрсететін «Намыс», «Қанағат», «Қонақжайлық», «Дастархан», т.б. ядролық концептілер құрайды. Бұлардың ішінде «Намыс», «Қанағат» концептілері – ұлттық символға айналған концепттер [Ахметжанова З.Қ., 2012, с.37].

Осылайша, ұлттық тілдің тұтастай концептосферасы жеке адамның шындықты концептуализациялау нәтижесі болатын жеке индивидуалды концептосфералардан құралады. Индивидуалды концептосферадан өзге ұлттық қауым ішіндегі белгілі бір әлеуметтік және мәдени қауым концептосферасы да болатынын көрдік.

Белгілі бір тілде сөйлеуші адамдар қалыптастырған және олардың жадында сақталған концептілер тілдің концептосферасын құрайды. Концептосфера - концептілерді жасаудың, халықтың менталитетін анықтаудың қайнар көзі. Концептосфера – бұл ой-пікір сферасы, халықтың және жеке тұлғаның когнитивті сана-сезімнің ақпараттық базасы болып табылады. Дүние жүзінде тілдің зерттелуі халықтың концептосферасын зерттеуге септігін тигізеді, себебі концептосфера әлемнің когнитивті мүшеленуін белгілейді. Тіл арқылы біз концептосфераға қол жеткізе аламыз. Ұлттық концептосфера

әрбір этномәдени қауымдастық өкілдерінің тілдік бейнесінде өзіндік ерекше белгілермен көрініс табады. Әрбір концептінің вербалдануының нақты этномәдени тәсілі болады. Белгілі бір концептінің мағыналық мәні оның тілдік, қарым-қатынастық меңгерілуінен байқалады.

Сөзімізді түйіндей келе, екі сұраққа жауап бергіміз келеді.

1. Концептосфера деген не?

• Белгілі бір халықтың концептосферасы нақты ұлттық-мәдени қауымдастыққа тән және оның спецификасы мен бірегейлігін көрсететін концепттердің жиынтығы болып табылады;

• Концептосфераны тіл білімінің аясы ретінде қарасақ, оның бірліктері концепттер болады;

• Әр ұлттың концептосферасын үніліп зерттесек, сол ұлттың белгілі уақыттағы құндылықтарын анықтауға болады;

• Концептосфера бір-бірімен байланысты концептілердің бір ізді жиынтығы.

2. Ұлттық концептосфераны қалай анықтауға болады?

• Ұлттық концептосфера жеке адамның шындықты концептуализациялау нәтижесі болатын жеке индивидуалды концептосфералардан құралады;

• Ұлттық концептосфераны халықтың мәдениетінің ерекшеліктерін зерттеу арқылы анықтауға болады;

• Концептосфераны құрастыру мен байытуда аса маңызды рөл атқаратын тұлғалар: жазушылар (әсіресе ақындар); халық ауыз әдебиетін таратушылар; белгілі бір кәсіп иелері;

• Ұлттық концептосфераны анықтаудың жолы: сол ұлттың ауыз әдебиетін және жазба әдебиетін зерттеу, тарихи мәдени тәжірибесін зерттеу, ол этностың концептілерін интерпретациялау;

• Ұлттық концептосфераны анықтау үшін оны құраушы концептілер арасындағы байланысты білу қажет. Бұл байланыс адам мәдениетінің деңгейімен, белгілі бір қауымға кіретіндігімен және оның жеке даралығымен айқындалады;

- Белгілі бір ұлттың тарихымен танысып, ұлт тағдырында маңызы зор ұғымдарды зерттеу;
- Ұлттың мәдениетімен танысу арқылы олардың әр қырын ашу т.б.

Қазақстанның ғылымы мен өмірі.  
№4/2019,76-79 бб.

### Әдебиет

1 Нұрдәулетова Б.И. «Когнитивтік лингвистика» («5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» және «5В012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектертердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарына арналған оқулық): Оқулық. – Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. – 515б.

2 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка //Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. М.: Академия. 1997.С. 280-282.

3 Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы: Ан Арыс, 2007. – 312 б.

4 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. М.: Русские словари, 1996, - 416с.

5 Исабеков С.Е. Основы когнитивной лингвистики. Астана, 2010 – С.381.

6 Сүлейменова Э.Д, Мәдиева Т., Шаймерденова Н. Және т.б: жалпы ред. бастк, Сүлейменова Э.Д. Тіл білімі сөздігі. –Алматы: Ғылым, 1998. –540б.

7 Хамитова Г.А. Культурная концептосфера в языке и принципы ее вычленения // ҚазҰУ хабаршысы. Филолоия сериясы. 2004. №2

8 Ахметжанова З.К. Очерки по национальной концептологии. Издательство «Елтаным», 2012.

9 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1985. – 8-том.

## 4.4 Когнитивтік лингвистикадағы концептуалды метафора

Тіл білімінде «Метафора» ұғымын әдетте әдебиетпен байланысты қолданамыз. Көркем әдебиетте тілді ерекшелендіріп айшықтау, әсерлеп, әсемдеу, құбылту үшін қолданамыз және ассоциациялаймыз. Алайда метафоралардың когнитивтік және

танымдық қызметіне көп көңіл бөлмейміз. Шын мәнінде, метафораларды адамдар ғасырлар бойы, ұзақ жасайды. Метафораларды жасағанда адам санасы үлкен танымдық, концептуалдық әрекетті іске асырады. Бір нәрсені өзге бір нәрсеге ұқсату үшін алдымен осы нәрсені тану керек, ол заттың тілдік бейнесін жасау қажет.

Қоршаған ортаны танудың, әлемді концептуализациялаудың ең ауқымды тараған түрлерінің бірі – концептуалды метафора. Концептуалды метафора ұғымды, түсінікті, бейнені категоризациялап қана қоймайды, сонымен бірге, ол жиналған білімді еске сақтауды да қамтамасыз етеді.

Қазіргі қазақ тілінде метафоралардың зерттелу бағыттарын былайша саралауға болады:

- қазіргі метафоралардың тілдік табиғатын ашу, оған қазіргі тілге сай ғылыми анықтама беру;
- метафораның түрлерін айқындау;
- жаңа мағына жасаудағы метафораның танымдық рөлін көрсету;
- әлемнің тілдегі көрінісін танып білуде метафораның қызметін көрсету;
- көркем мәтіндегі ұлттық еркешелікті көрсетудегі метафораның маңызы;
- метафораның концептуалдық қызметі, номинативті мағына жасау қызметі.

Қазақ тіл білімінде метафораны ұзақ уақыт бір жақты түсіну орын алып келгенін жоғарыда айттық. Метафора – тек көркем шығармадағы көріктеу амал-тәсілдерінің бірі ретінде, бұған дейінгі жазылып, зерттеліп жүрген дүниелердің барлығында көркем шығарманың тілдік аспектісінде ғана троптың түрі ретінде, стильдік ыңғайда сөз етіліп келді. Қазақ ғалымдары да метафораны тек осы тұрғыдан қарастырып, зерттеді.

Тіл – қоғаммен, оның ой-санасы, қоғамдағы таным-біліммен бірге өзгеріп, бірге дамып келе жатқан, бірінен бірі ажырамас құбылыс. Тілдің лексикалық құрамының үнемі жаңа

сөздермен қоғамдық диалектілермен өзгеріп, толығып, дамып отыруы заңдылық. Қазіргі заманда қазақ халқының саяси, әлеуметтік мәдени өміріне, ғылым-біліміне көптеген жаңа технологиялар мен жаңалықтар енді. Жаңа бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстарында метафораның түрлеріне, өзіндік жасалу жолдарына және олардың қолдану ерекшеліктеріне қатысты соны пікірлер пайда болды.

Ең алдымен біз метафораларды жаңа, тың қырынан зерттеген Джордж Лакофф туралы және оның метафоралар мен әлем туралы ойларына тоқталған абзал. Джордж Лакофф (George Lakoff) – америкалық лингвист, Калифорнияның Беркли университетінің профессоры. Ғалым ндивидтің ойлауындағы метафораның басым рөлі туралы еңбектерімен белгілі болған. Лакофф кейін Хомскийдің трансформациялық грамматика бағытын жалғастырған. Еңбектері: “Women, fire, and dangerous things”. («Әйелдер, от және қатерлі заттар») 1987; “A field guide to poetic metaphor” («Поэтикалық метафораға бастаушы») 1989; “Philosophy of the flesh: the embodied mind” («Тән философиясы: денелік сана») 1999; “Metaphors we live by” («Біз метафоралармен өмір сүреміз») 2003 (1980).

Соңғы еңбегінде ғалым метафоралар туралы іргелі ойларын білдірген және сол зерттеуінде ол ерекше ғылыми пайымдауларыарқылы өзін когнитивист ғалым ретінде танытқан. «Metaphors we live by» еңбегін Джордж Лакофф 1980 жылы Марк Джонсонмен бірігіп жазды. Орыс ғылыми әдебиетінде бұл еңбек «Метафоры, которыми мы живем» болып аударылып жүр, кейбір қазақ аудармашылары еңбектің атын «Біз метафоралардың арасында өмір сүреміз» [Лакофф Джордж, Джонсон Марк. Метафоры, которыми мы живем 2004] деп көрсетеді. Дегенмен бұл еңбекті, дәлме-дәл, сөзбе сөз «Біз метафоралармен өмір сүреміз», аударса дұрыс болар ма еді? Метафоралар әлемді тану, білім жинау, ақпарат алу, өңдеу, ақпарат алмасу, тілдік қарым-қатынас жасау үшін маңызды рөл атқарады.



Америкалық тіл білімінде Джордж Лакоффқа дейінгі ғалымдар метафораларды тек тілдік құбылыс, троптың ерекше түрі деп есептеді де, көркем-әдеби тұрғыдан ғана зерттеді. Лакофф алғаш рет метафораларды когнитивтік, танымдық тұрғыдан зерттеп, үлкен жаңалық ашты. Кітапта тек метафоралар мен олардың жасалу жолдары туралы ғана емес, концептілер, концептілердің метафораларда көрініс табуы, метафоралардың бірізділігі, субъективизм және объективизм туралы да жазылған. Автордың өзі «кітапта тек тілге деген жаңаша көзқарас қана емес, өмірдің өзіне, адамның жинаған өмірлік тәжірибесіне деген тың көзқарас көрініс табады» деп көрсеткен.

«Біз өмір сүретін концептілер» бөлімінде Лакофф мынадай негізгі постулаттарды атайды:

- Метафорасыз өмір жоқ, өмірдің өзі метафоралық құбылыс

- Концепт (Лакофф «концепт» және «ұғым» сөздерін синоним ретінде қолданады) метафоралар арқылы жүйеленеді

- Метафоралар адамның өмірлік тәжірибесін бір жүйеге түсіруге көмектеседі

- Концепт метафоралық тұрғыдан жүйеленген, әрекет метафоралық тұрғыдан жүйеленген, сәйкесінше, тіл метафоралық тұрғыдан жүйеленген

Мысал ретінде «дау деген – соғыс» концептуалды метафорасын талдайық. Бұл ретте дау мен соғысты бір нәрсе деп тұрғанымыз жоқ, дауды соғысқа теңеу орын алып тұр. Бұл метафорадан мынадай метафоралық бірліктер келіп шығады:

Ағылшын тілінде	Орыс тілінде	Қазақ тілінде
To demolish the arguments - to demolish the opponent in the war	Разбить аргументацию – разбить противника на войне	Дауда қарсыласты тас-талқан ету – соғыста қарсыласты тас-талқан ету
His words were right on target – his arrow was right on target	Его слова били точно в цель – его стрела била точно в цель	Сөзі дөп тиді – оғы дөп тиді. Айтылған сөз – атылған оқ.
To win the argument – to win the war	Выиграть спор – выиграть войну	Дауда жеңіп шығу – соғыста жеңіп шығу

Демек, бір ұғым туралы екінші бір ұғымның терминдерін қолданып сөз етеміз де, екі ұғымды да бір метафора арқылы бейнелейміз.

Ағылшын тіліндегі «time is money» (уақыт деген – ақша) метафорасы.

Ағылшын тілінде	Орыс тілінде	Қазақ тілінде
To spend time – to spend money	Тратить время – тратить деньги	Ақша жұмсау – уақыт жұмсау
To spare money – to spare time	Выделять деньги – выделять время	Ақша бөлу – уақыт бөлу
Don't waste your money – don't waste your time	Не трать деньги зря – не трать время зря	Ақшаны босқа құртпа – уақытыңды зая кетірме

Екі концептіні біріне бірін теңеуді күшейту үшін, бірдей тілдік бірліктерді пайдаланамыз. Қазақ тіліндегі «қымбат уақыт», «алтын уақыт» деген секілді метафоралар да «уақыт деген – ақша» метафорасымен салғастырылады. Дегенмен, қазақи менталитет пен ұлтымыздың психологиясына, тарихымыз бен географиямызға байланысты біз Батыстан гөрі кішкене жайбасарлау халықпыз, оны мойындау қажет. Сол үшін уақытты ақшаға теңеу, одан пайда табуды көздеу, үнемі асығу қазақ халқына тән емес.

Сонымен, концептілер мен ұғымдар метафоралар арқылы жүйеленеді. Бірақ егер екі ұғым метафоралар арқылы толығымен жүйеленсе, бұл екі ұғым бір-біріне тең болар еді. Тілде олай емес.

Мысалға, соғыстың мақсаты – жауды жою, қыру, өлтіру болса, даудың мақсаты – келісімге келу. Кейбір мәдениеттерде дау соғыспен емес, бимен салыстырылуы мүмкін, себебі дауда екі жақ та бірдей маңызды.

«Уақыт деген – ақша» метафорасын алар болсақ, тағы да уақыт пен шын ақшаның, яки материалды құндылықтың арасында бірқатар айырмашылықтар бар. Уақытты банктен ала алмаймыз. Уақыт қарызға берілмейді. Зая кеткен уақыт қайта келмейді. «Мен сізге уақыт жұмсасам, сіз маған ол уақытты қайтарып бере алмайсыз, бірақ маған дәл сондай уақыт жұмсай аласыз» (Дж.Лакофф).

Демек, метафора арқылы ұғымдар бір-біріне толығымен теңестірілмейді, тек осы ұғымдардың неғұрлым анық, ұқсас аспектілері салыстырылады. «Өмір – өзен» десек, өмір де, өзен сияқты тез ағып өтетіні, яғни жылдамдық екеуіне ортақ ұқсастық болса, ал өзеннің жағасының болуы, өмір жағалауынаың шығу мүмкін емес.

Біз көрсеткен Дж.Лакоффың философ М. Джонсонмен бірлесіп жазған «Біз метафорлармен бірге өмір сүреміз» атты еңбегінде метафораны тілде көрініс табатын жаңа когнитивтік ұғымдарды қалыптастырудың құралы ретінде сипаттайды.

А.Ченки «метафора – өнім, метафора - процесс» деп, мәтіндегі метафора мен концептуалды метафораның ара жігін ажыратады.

Тілдегі метафоралық құбылыстарды зерттеумен концептуалды метафора теориясы (conceptual metaphor theory) айналысады.

Концептуалды метафора ұғымды, түсінікті категоризациялап қана қоймайды, сонымен бірге, ол жинақталған білімді еске сақтауды қамтамасыз етеді.

Когнитивтік лингвистикаға когнитивтік ғылымының көрнекі өкілдері психологтар - Э.Рош, Д.Слобин, С.Палмер; философтар – М.Джонсон, Дж.Серл, П.Черчланд; жасанды интеллект бойынша мамандар, нейрофизиологтар - П.Черчланд және А.Дамасио өздерінің іргелі зерттеулерімен үлестерін қосты.

Тарихи тұрғыда когнитивтік лингвистика Н.Хомскийдің генеративизміне альтернатив ретінде пайда болды. Қазіргі когнитивтік лингвистика да екі теориялық бағытқа жіктеліп отыр. Бірі ол теорияны қабылдаса, екіншісі Хомскийдің теориялық ұстанымын мүлде қолдамайды.

Қазіргі таңда когнитивтік лингвистиканың басты орталығы Калифорния университетінің Беркли және Сан-Диего бөлімдері, сондай-ақ, Буффалодағы Нью-Йорк университетінің Когнитивті ғылымдар орталығы. Европада когнитивті лингвистика әсіресе Голландияда, Германияда ерекше дамуда.

Ресейде когнитивтік лингвистика бағыты бойынша А.Н. Баранов, Е.С.Кубрякова, В.И.Карасик, Н.Н. Болдырев т.б. ғалымдар аса маңызды зерттеулер жүргізуде және бүгінгі таңда «когнитивтік лингвистика» лингвистиканың ерекше бағытының біріне айналды. Қазақ тіл білімінде профессор Б.Қалиевтің еңбектерін атап өтуге болады [Б.Қалиұлы 2008.- 91 б. Б.Қалиұлы 2012.- 232 б].

Концептуалды анализдің негізгі тәсілдерінің бірі - концептінің концептуалды белгілерін анықтау арқылы оны сипаттау. Концептінің құрылымын қалыптастыратын белгілерді анықтау арқылы оны сипаттау әдістемесі осы не өзге мәдениеттегі тіл иелерінің білімі мен тәжірибесінің бейнеленуінің этноспецификасы туралы мәлімет алуға көмектеседі. Осы әдістемеге байланысты зерттеу мынадай кезеңдерден тұрады [А.Сыбанбаева. 2002. -162 б]:

1. Атау-сөз концептінің этимологиясы зерттеледі, сөз мағынасының тарихы қарастырылады, концептінің уәжді белгілері анықталады.

2. Компонентті анализ әдісі арқылы атау - сөздің сөздіктегі дефинициясы және синонимиялық қатардағы сөздердің дефинициясы зерттеледі, нәтижесінде түсіндірмелі белгілері анықталады.

3. Метафоралық үйлесімділігі зерттеліп, нәтижесінде концептің бейнелі белгілері анықталады.

4. Зерттеудің барлық кезеңдерінде концептің анықталған белгілері топтастырылады. Бұл топтар род немесе түр мінезі негізінде бірігіп концептуализацияның осы не өзге тәсілін сипаттайтын белгілердің жиынтығынан құралады. Осы не өзге топтың белгілерінің сандық көрінісі негізінде Әлемнің тілдік бейнесінде концептіні танудағы белгілі бір когнитивті белгілерінің маңыздылығы туралы қорытындылар жасалады.

Сенсорика деп аталатын осы сезім мүшелерінің жүйесі арқылы біз қоршаған ортаның жылы не суық, шулы не тыныш, жарық не қараңғы, тәтті не ащы екенін біле аламыз.

Алайда қоршаған ортада естуге, көруге, дәмін татуға

болмайтын абстракт ұғымдар мен концептілер бар. Адам барлық ақпаратты өз денесі арқылы қабылдайтындықтан, осы абстракт ұғымдарды материалды заттарға теңей бастайды. Бұл осы абстракт ұғымдарды тереңірек тану үшін жасалады. Сөйтіп ерекше ориентациялық, «денелік» метафоралар пайда болады.

Ориентациялық метафоралар. Жоғары мен төменді қарсы қою.

Happy is up, sad is down. (Бақыт – жоғары, қайғы – төмен)

Сонымен, Джордж Лакофф келтірілген мысалдар арқылы мынадай постулаттарды дәлелдей түседі:

- Әрбір метафора түрлі метафоралық тіркестер арқылы жүйеленеді

- Метафоралар да, метонимиялар да адамның ұзақ жылдар бойы жинаған тәжірибесі негізінде пайда болады

- Метафоралар, әсіресе онтологиялық (денелік) метафоралар әлемді жақсырақ тануға көмектеседі

- Бұдан бөлек когнитивті лингвистика аясында «концептіні концепт ететін бірліктердің бірі – метафора» деген тұжырым жасауға болады.

Метафора мен метонимия Джордж Лакоффтың зерттеуіне дейін тек әдеби тілді айшықтау құралдары ретінде зерттеліп келді. Көбінесе авторлық, «әдемі» метафоралар зерттеу объектісі болды. Джордж Лакофф болса, дәстүрлі, «өлі», тіпті біз метафора деп қабылдамайтын үйреншікті тіркестерді зерттеп, метафораның адамның әлемді тану әрекетінің бір бөлшегі екенін дәлелдеді. Адам когнитивтік процесте алған білімін метафоралар мен метонимияларға балайды да, осы білімді жеткізеді. Сол себепті метафора тек троптың түрі ғана емес, сонымен бірге – әлемді тану құралы, әлемнің тілдік бейнесін жасау құралы.

Концептуалды метафора – тілдің атауыштық, ұғымдық және семантикалық аппаратын байыту құралы. Ол тілде адамның танымдық процесіне байланысты туып, ғылыми ұғымның атауы ретінде қолданады. Концептуалды метафорадағы бейнелілік тілдік және поэтикалық метафораға қарағанда

бәсеңдеу, алайда оларда міндетті түрде азды-көпті бейнелілік болуға тиісті дейді, профессор Б.Қ.Қалиев. Әйтпесе ол концептуалды метафора деп аталмас еді.

Бұл ұстанымның мақсаты – дүниетану кезінде тікелей танылуы өте қиын немесе күрделі нәрсені метафора арқылы танылуы оңай, қарапайым және нақтылы нәрсеге теңеу, болмаса ұқсату. Ол сайып келгенде когнитивтік тіл білімінде аналогия бойынша бейнелеу (кескіндеу, кейіптеу) деп аталатын іс-әрекет (процесс) болып табылады. Алайда бұл іс-әрекеттің мәнін түсіну- когнитивтік модельдер мен құрылымдардың қатысуынсыз мүмкін емес.

Қазақстанның ғылымы мен өмірі.

№4 (81)/2019, 228-233бб.

#### Әдебиет

1 Лакофф Джордж, Джонсон Марк. Метафоры, қотормасы мы жием. А.Н. Баранов аудармасы. Мәскеу, 2004

2 Б.Қалиұлы. Қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесі. Алматы, 2008.- 91 б.

3 Б.Қалиұлы. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін. Алматы, 2012.- 232 б.

4 А.Сыбанбаева. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. Алматы, Қазақ университеті, 2002. -162 б.

#### 4.5. Когнитивтік лингвистиканың лингвомәдениеттанумен байланысы

XX ғасырдың қол жеткізген үлкен жетістіктерінің бірі – ғылымның түрлі салаларының өзара байланысы мен шектес пәндердің дүниеге келуі. Гуманитарлық пәнаралық синтезді мәдениеттің феномені ретіндегі мәдениеттанулық зерттеулерден көруге болады. Зерттеуші ғалым В.Н.Телия сөзімен айтсақ: «... қазіргі уақытта тіл мен мәдениеттің ара-қатынасын зерттеу мәдениеттану ғылымының негізгі міндеті болып табылады» (Телия, 1996).

Лингвомәдениеттану ғылымын зерттеуші В.Н.Маслова

пәннің мақсаты мен міндеттеріне тоқтала келіп, тілдік бірліктер негізінде ғана мәдени бірліктердің көзі ашылмайды, керісінше, мәдени бірліктер арқылы тіл бірліктерінің табиғатын ашуға әбден болады деген пікір айтады (Маслова, 1997).

Қазіргі таңда «тіл мен мәдениет», «адам және тіл» байланысын когнитивтік тұрғыдан қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Когнитивтік лингвистика зерттеулердің шеңберін маңызды түрде күшейте түсетін қазіргі антропоцентристік парадигмалар болып табылады.

Когнитивтік лингвистика адамның менталитетімен, білімімен байланысты болса, лингвистикалық мәдениеттану мәдениет пен тілдің арақатынасына көңіл бөледі. Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейді. Оның негізі мақсаты – халықтың ойлау ерекшелігі мен оның мәдениетін тіл арқылы ашу. Тіл мен мәдениеттің ажырамас бөлігі, әрі ол лингвомәдениеттануда рухани болмыс ретінде танылады, яғни, тілде ұлттың дүниетанымы, әдет – ғұрпы, дәстүрлері, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері – рухани өмірі көрініс табады.

Тіл зерттеушілері арқылы халықтың менталитетін, дүниеге, қоғамға, өздеріне көзқарасын түсінуге болады деп есептейді. Халықтың өмірі, дүниеге көзқарасы мақал – мәтелдерде, фразеологизмдерде, метафоралар мен символдарда сақталып қалған. Олар халықтың мәдениеті мен менталитетінің ең бағалы мәліметтерінің дереккөздері. Лингвомәдениеттану мәдениетте метафора мен символдардың, ғасырлар бойы тілде сақталып келген фразеологизмдердің рөлін анықтауға тырысады, себебі фразеологизмдер халықтың көзқарасын, белгілі қоғамдық кезеңдегі сол заманның идеологиясын жанама түрде жеткізеді, яғни, халықтың мәдениеті фразеологизмдерде, метафораларда, символдарда бейнеленген.

Әлемдік және отандық тіл білімінің қазіргі таңдағы дамуы лингвистикалық зерттеулердің антропоцентристік зерттеулерге көшу XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы тіл білімінің ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Себебі тілдік құбылыстарды зерттеуде лингвистика тек қана тілдік, атап

айтқанда, фонетикалық, грамматикалық, лексикалық т.б. жүйелермен шектеліп қана қоймайды.

Тіл – ұлттық мәдениеттің көрінісі. Осы ұлттық мәдениет, қоғамдық өзгерістер мен инновациялық атаулының барлығы тілдік көрініс табуы заңды құбылыс. Себебі тіл – халықтың рухани және материалдық мәдениетінің, барлық бітім–болмысының айнасы іспетті. Тіл біліміндегі таңба теориясының танымдық негізін салушы В.фон Гумбольдтың: «Халықтың тілі барда оның рухы бар, халықтың рухы бар да оның тілі бар, ал өзіме осыларға тең келетін нәрсені елестету қиын», деген пікірі осы ойды негіздей түседі.

Адам өзін қоршаған ортаны бейнелейтін көптеген қызмет түрлерін – еңбекті, өнерді және т.б. шығармашылық, өндірістік салаларды біледі. Олардың әрқайсысы шындыққа апаратын психикалық болмыстың дербес жүйесін көздейді. Осымен байланысты танымдық деңгейге қатысты қазірде жиі айтылатын «концептуалдық ғылым» шындықты ұғынудың негізгі тәсілі болып табылады. Дүниетанымының құрылысы негіздерін анықтауға бағытталған тілдік бейненің когнитивті модельдері ғылыми талдаулар жасауға мүмкіндік береді. Дүниедегі заттар мен құбылыстардың жер шарын мекендейтін адамдарға ортақ болуымен қатар, әр халық сол заттар мен құбылыстарды өз мәдениетіне, танымына, болмысына қарай ыңғайлап, өзінің таным – түсінігінің деңгейі мен тану мүмкіндігіне сәйкес атау береді.

Атаудың танымдық – қызметтік табиғатын терең тану үшін оның теориялық негізін қалаушылардың ғылыми пайымдауларының маңызы зор. Ғалым А.А.Потебня еңбектерінде антропологиялық тіл білімі адамның шығармашылық рухы туралы әлемдік ілімнің ең ірі бөлігі ретінде концептілік негізде зерттеулерге бастау болғандығы белгілі.

Когнитивтік лингвистика терминдерді зерттеуде жаңа бағыттарға жол ашады. Өйткені бұған дейінгі дәстүрлі семантикалық, жүйелі – құрылымдық парадигмалар жоққа шығарылмай, қайта керісінше, терминологиялық процестерді жаңа тұрғыдан зерттеп ұғынуға ұмтылыс жасайды. Когнитивтік



лингвистика жалпы лингвистиканың аумағынан шыға отырып, философия, психология, логика, әлеуметтану пәндерімен байланыс жасап, осы саладағы ғылымның ауқымын кеңейтеді.

Қоршаған дүние – адам мен оның ортасының өзара байланысы, ал дүние белгісі – адам мен оның ортасы жайлы ақпараттарды өңдеудің нәтижесі. Дүние бейнесі – «тұрақсыз, үнемі өзгермелі құбылыс». Қазіргі таңда ғаламның тілдік бейнесі мәселесі Е.С.Кубрякова, В.И.Постовалова, Ю.М.Караулов, В.Н.Телия, А.А.Уфимцева және т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылып жүр.

Әр ұлт тілінде, әлем туралы түсініктер, ұғымдар түрлі тілдік деректер арқылы таңбаланып, қоршаған әлемнің тілдік бейнесі, адамдар санасындағы дүниенің логикалық бейнеленуі жағынан ұқсас болып келеді. Құбылыстар арасындағы ұқсастықтар ұғым категорияларын жасайтын лексемалардың толығына әсер етеді. Сол ұғым түрлерінің тұтастай алғандағы атаулары тілдің негізін құраса, әлемнің ондағы құбылыстардың тілдегі бейнесінен ұлт ерекшеліктерін танып-білуге болады.

«Шаңырақ» сөзінің талдануы

Лексикалық бірлік	Ұғым	Концепт
Киіз үйдің уықтарын біріктіріп ұстап тұратын күлдіреуіштері бар үлкен шеңбер [100, 137 б.].	Қазақ халқының киіз үйінің бір бөлшегі.	Туған үй, отан, Ата мекен мағыналарының менталды білім жиынтығын бере алады (қара шаңырақ, үлкен шаңырақ, шаңырақ көтеру, шаңыраққа қара).

Е.С.Кубрякова, Б.А.Серебренников, А.А.Уфимцова т.б. ғалымдар әлемнің концептуалдық бейнесін тілдік бейнеге қарағанда әлдеқайда бай деп есептейді. Ғалымдардың пікірінше, әлемнің ғылыми бейнесін құруға ойлаудың түрлі типтері бейвербалды түрлері де қатысады.

Әлемнің ғылыми бейнесі мен тілдік бейнесі арасындағы айырмашылықтар турасында ғалым В.В.Воробьев төмендегідей тұжырымды ұсынады:

1. Когнитивтік жүйе әмбебап сипатта болады, оның көлемі мен тұтастығындағы айырмашылық түрлі ұлт өкілдері өркениетінің деңгейіне байланысты. Лексикалық жүйе ұлттық сипатта болады, түрлі тілдердің лексикалық жүйесі арасындағы айырмашылық, алдымен, ішкі бөліктерге бөлінуіне байланысты.

2. Функционалдық айырмашылықтарға келсек, когнитивтік жүйе тану процесі мен еңбек әрекетене бағытталған болса, лексикалық жүйе коммуникацияға бағытталған.

3. Генетикалық тұрғыдан когнитивтік жүйе лексикалық жүйеге қарағанда алғашқы болып табылады және табиғатынан консервативтік саналатын лексикалық жүйеге қарағанда тезірек қарқынды жетіліп, дамып отырады.

4. Когнитивтік жүйе лексикалық жүйеге және жалпы тілдік жүйеге қарағанда толығырақ, байырақ болып көрінеді, лексикалық жүйе когнитивтік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

5. Когнитивтік жүйе арқылы адам дүниені танып, өз көзқарасын лексикалық жүйенің көмегімен суреттей алады. Дүниенің әлдебір тұрақты ұлттық моделін айқындау үшін, ұлттық өмір элементтерінің өзара қарым – қатынасын, құрылысын білуге тырысу қажет.

Когнитивтік лингвистика когнитивтік құрылымдарды қарастырумен қатар, адам санасында тілдік және тілдік емес білімдер жүйесінің құрылымын, сондай – ақ тілдік және тілдік емес ақпараттарды 1.игеру, 2.өңдеу, 3.қолдану тәрізді әрекеттердің жүзеге асуын қарастырады. Тілдік таңба арқылы кодқа салынған ақпараттарды ашып немесе ақпараттарды кодқа салу тәрізді әрекеттер когнитивтік лингвистиканың құзырына жатады.

Зерттеуші С.Г.Воркачаевтың тіл мен таным, тіл мен ойлау мәселесі жөнінде мынадай пікірі бар: «Тіл мен таным процестерінің арақатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның арақатысы адам баласының интеллектуалды өмірінде құндылықтар қаншалықты рөл атқаратынын белгілеп береді. Тіл мен таным арақатысын сипаттайтын ұғымдар белгілі бір құрылымға түседі».

Әлемнің тілдік, ғылыми бейнесі әр этноста әртүрлі болуы этностың тәжірибесі мен біліміне байланысты. Себебі тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен тікелей байланысында емес, адамның өмірінен көрген – білген, көңілге түйген білімінің негізінде болып табылады. Әр халықтың тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, ғаламның тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесі де, адамдар тәжірибесі де әртүрлі болуы – заңды құбылыс. Осы ретте әлем бейнесі, әлем тілдік бейнесі, әлемнің ғылыми бейнесі, ұғым, концепт сияқты термин – ұғымдардың маңызы ерекше. Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша, ұғым мен концепт арасында айырмашылық бар: концепт – ұжымдық білімнің бірлігі, сана (жоғары рухани құндылықтарға жол ашушы) этномәдени ерекшелігі бар тілдік бірлік ретінде таңбаланады.

Ұғым белгілі бір нысанның ең мәнді және жалпылама белгілерін анықтайтын сананың нәтижесі болып табылады. Ал концептіде нысанның маңызды белгілерімен аралас маңызды емес белгілері де қамтылуы мүмкін. Сондықтан да терминологиялық бірліктер де аса күрделі таңба болғандықтан, оларды дәстүрлі тілдік тұрғыдан қарастыру ғана жеткіліксіз болады. Өйткені терминдер мазмұны көптеген экстралингвистикалық факторларға байланысты болып келеді де, адам санасында тілдік және тілдік емес білімдер жүйесін құрайды. Терминдер ұлттың, халықтың тәжірибесін, қоғамдағы адамдардың бір – бірімен байланысын, шаруашылығын, рухани, материалды мәдениетін т.б. концептуалдық ғылым кешенінде өз бойына жинақтайды. Осы тұрғыдан терминдер антропоцентристік бағытта қарқынды дамып келе жатқан когнитивтік лингвистиканың жаңа саласы ретіндегі когнитивтік терминология арнасында зерттелуі тиіс.

Изденис//Поиск. Гуманитарлық ғылымдар сериясы және  
жаратылыс, техника ғылымдарының сериясы.  
2(4) /2014ж. 37-41бб.

#### **Әдебиет**

1. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологические аспекты.- М., 1996.- 285 с.

2. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. –М., 1997.-289с.
3. Пузиков П.Д. Понятие и их определение. –Минск.: Наука и техника, 1970, -70с.
4. Қасым Б.Қ. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектісі (мақалалар жинағы) Алматы, 2010, -370б.
5. Аскольдов С.А. Концепт и значение. –М.: Знание. 1981. -175с.
6. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. М.: Русские словари, 1996, -416с.
7. Краткий словарь когнитивных терминов.- М., 1996, -245с.
8. Ли.В.С. Парадигма знания в современной лингвистике.- Алматы, 2003. -137с.
9. Шалбаева А. Жақсылық/жамандық концептілерінің танымдық көрінісі. Фил. ғыл. канд. диссертациясының авторефераты, Алматы, 2010,-24б.
10. Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары. Алматы, 2005 -210б.
11. Алимжанова Г.М. Сопоставительная лингвокультурология: взаимодействие языка, культуры и человека. Алматы, 2010,-319с.
12. Костин А.В. Способы концептуализации обиходно-бытовых понятий в разножанровых произведениях В.И.Даля: Автореф. дис...канд. филол наук.-Саратов, 2004.-24с.
13. Файзулла Г.Ф. Когнитивтік лингвистика ұғымдарының ерекшеліктері //Жана ғасырдағы Қазақстанның тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелері. Алматы.-2008, -919б.
14. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана – Алматы: «Ғылым», 1998.-140б.

#### **4.6. Қазіргі когнитивтік лингвистиканың негізгі бағыттары және категоризациялау теориясы**

Заманауи когнитивтік лингвистика теориясы 5-6 ғалым тұжырымдаған бірнеше жеке зерттеу программасынан тұрады. Бірақ ол жеке зерттеу программасы когнитивтік лингвистикада бірізді теорияны бермейді.

XX ғасырдың 90-жылдары когнитивизмде 4 негізгі бағыт орын алды:

1. Реакция мен стимулдың бір-біріне әсерін түсіндіретін ментальды механизмді түсіндіру және суреттеу.
2. Ойлау жүйесін жүзеге асыруда негізгі ролді субъект атқарады; ол- барлық істі жүргізетін инициатор.

3. Адамның ішкі ойлау табиғатын зерттеу.

4. Аффект кезіндегі когнитивтік процестерді зерттеу.

Зерттеушілердің көрсетуінше, қазіргі кезде когнитивтік лингвистика іштей бірнеше бөлімдерден тұрады:

**1. Табиғи тілдің түсінілуі және жасалу процесін зерттеу;** Тарихи жағынан біршама бұрынғы зерттеу түрі. Мәтіннің туылуы мен түсінілуін компьютерлік модельдеуге бағытталады. Бұл бағытта елеулі жұмыс атқарған, яғни сананың категорияларын және оның негізгі ұғымдарын зерттеген У. Чейфтің еңбектері белгілі.

**2. Тілдік категоризация ұстанымын зерттеу;** Бұл салада Э.Роштың идеяларын ілгері дамыту арқылы Дж. Лакофф біршама табыстарға қол жеткізді. Э.Рош категория туралы дәстүрлі түсінікті (Аристотельден бастау алған) жоққа шығарып, категориялардың мүшелері бірыңғай белгілермен сипатталатынын эксперимент арқылы дәлелдеді.

**3. Ұғымдық құрылым мен оның тілдік қатынасын зерттеу;** Бұл жұмыстар да жасанды интеллект шеңберінде (олардың өкілдері фрейм және сценарий сияқты негізгі категориялардың авторлары – М.Минский, Р.Шенк, Р.Абельсон) қалыптасып, одан кейін Ч. Филлмор еңбектерінде лингвистикалық зерттеулердің қажетіне қарай жалғастырылған. Бұл жағдайда когнитивтік лингвистика зерттеуі әлеуметтанумен және мәдениеттанумен іргелес жүргізеді.

**4. Когнитивті – семантикалық суперкатегорияларды зерттеу;** Бұл мәселе әсіресе реттелген иерархиялық форма түзуші жүйе – категорияларды анықтауды мақсат еткен Л. Талми еңбектерінен көрінеді. Категориялар арқылы табиғи тіл шындық болмыстың (когнитивтік жағдай категориясы, конфигурациялық құрылым категориясы олардың әрқайсысы күрделі құрылым болып табылады) концептуалдық құрылымын қалыптастырады. Бұл мәселелер Дж.Лакофф және Р.Лэнекер еңбектерінде басқаша қарастырылады.

**5. Тілдегі қозғалыстың концептуализациялау типтерін және кеңістік қатынастарын зерттеу;** Бұл когнитивтік

лингвистиканың негізгі бағдарламаларының түйісетін жері. Мәселен, тілдік сәйкестіктерді көрсететін образды схема (image-schema) ұғымын және оның типтерін қарастырған Дж.Лакофф зерттеулері; форма түзуші жүйе – категорияларды анықтауды, яғни конфигурациялық құрылым категориясын жан-жақты зерттеген Л.Талми еңбектері; кеңістік қатынастарындағы сананы зерделеген Джэкендофф және Р.Лэнекердің зерттеулері.

**6. Адам санасы мен тілінің денелік базисін зерттеу.** Бұл мәселенің негізі концепттің нақты іске асуы (conceptualembodiment) идеясы. Адамның ұғымдық әлемі (табиғи тілдің семантикасымен қоса) адамның биологиялық табиғатына және оның әлеуметтік әлеммен қарым-қатынасына байланысты. Дүниені қабылдау, оның тілде бейнеленуінің аралық шеңберінде адамның денесі мен тілі тұрады. Осындай идеяға негізделген теорияны шет елдерде Дж. Лакофф, М. Джонсон, Ф. Варель, Э. Рош негіздесе, Ресейде осындай идея тілдің антропоцентристігі (Ю. Д. Апресян) терминімен аталатын теория түрінде қалыптасқан. Концептуалды нақты іске асыру доктринасы практика жүзінде семиотикалық зерттеулермен сәйкеседі.

**7. Тілдегі метафоралық және метонимиялық құбылыстарды зерттеу;**

Дж.Лакоффтың философ М. Джонсонмен бірлесіп жазған «Біз метафорлармен бірге өмір сүреміз» атты еңбегінде метафораны тілде көрініс табатын жаңа когнитивтік ұғымдарды қалыптастырудың құралы ретінде сипаттайды.

А.Ченки «метафора – өнім, метафора - процесс» деп, мәтіндегі метафора мен концептуалды метафораның ара жігін ажыратады.

Тілдегі метафоралық құбылыстарды зерттеумен **концептуалды метафора теориясы** (conceptual metaphor theory) қысқаша СМТ айналысады.

Концептуалды метафора ұғымды, түсінікті категоризациялап қана қоймайды, сонымен бірге, ол жинақталған білімді еске сақтауды қамтамасыз етеді.

Когнитивтік лингвистикаға когнитивтік ғылымның көрнекі өкілдері психологтар - Э.Рощ, Д.Слобин, С.Палмер; философтар – М.Джонсон, ДЖ.Серл, П.Черчланд; жасанды интеллект бойынша мамандар, нейрофизиологтар - П.Черчланд және А.Дамасио өздерінің іргелі зерттеулерімен үлестерін қосты.

Тарихи тұрғыда когнитивтік лингвистика Н.Хомскийдің генеративизміне альтернатив ретінде пайда болды. Қазіргі когнитивтік лингвистика да екі теориялық бағытқа жіктеліп отыр. Бірі ол теорияны қабылдаса, екіншісі Хомскийдің теориялық ұстанымын мүлде қолдамайды.

Қазіргі таңда когнитивтік лингвистиканың басты орталығы Калифорния университетінің Беркли және Сан-Диего бөлімдері, сондай-ақ, Буффалодағы Нью-Йорк университетінің Когнитивті ғылымдар орталығы. Европада когнитивті лингвистика әсіресе Голландияда, Германияда ерекше дамуда. Үнемі халықаралық конференциялар өткізіліп тұрады.

Ресейде когнитивтік лингвистика бағыты бойынша А.Н. Баранов, Е.С.Кубрякова, В.И.Карасик, Н.Н. Болдырев т.б. ғалымдар аса маңызды зерттеулер жүргізуде және бүгінгі таңда «когнитивтік лингвистика» лингвистиканың ерекше бағытының біріне айналды.

Ал Когнитивтік лингвистикадағы категоризациялау теориясына келер болсақ, категоризация дегеніміз – білім бірліктерін белгілі бір категорияларға жіктеу. Категория – адам ойының танымдық формаларының бірі. Ол - адам тәжірибесін жалпылауға және жіктеуге мүмкіндік беретін ұғым.

Категоризацияның екі аспектісін көрсетуге болады: статистикалық аспект және динамикалық аспект.

- Статистикалық аспект – категория жүйесін тақырыптарға бөлу;
- Динамикалық аспект - қандай да бір элементтерді белгілі бір категорияға жіктеп, оларға атау беру.

Прототиптік бағыттың негізгі қағидалары:

1.Шынайы әлем – құрылым. Ол біздің санамызда

объектілерді белгілі ойлау жүйесінің құрылымдары – категорияларға топтауға мүмкіндік береді. Әлем онтологиясы біздің санамызда белгілі категория жүйесі бойынша көрініс табады.

2.Категория элементтерінің бәрі бірдей емес, психологиялық категориялар басқаларға қарағанда ерекше. Бұл ерекшелік категорияның ішкі құрылымын яғни, орталық, типтік элементтерді (прототиптерді, прототиптік ядроны, типтік жағынан төмен элементтерді) айқындауға септігін тигізеді.

3.Категориялар тірек ұғымдар яғни, прототиптер негізінде қалыптасып, дамиды.

4.Прототиптер категорияның ерекше белгілерін бойына жинақтайды. Объектінің, нысанның белгілі бір категорияға тиесілілігі оның прототиппен ұқсастығына байланысты айқындалады.

5. Категорияларды бір-бірінен ерекшелейтін айқын шекара болмайды.

6.Категориялардың ішкі құрылымы бастапқы қызметтің әртүрлілігімен айқындалады.

7. Категориялардың прототиптік элементтері басқа категориялардан өзіндік айрықша белгілермен ерекшеленеді, максималды түрде бір-біріне қарама-қарсы қойылады.

Категорияларда прототиптік емес элементтердің де орын алуы ықтимал. Ол категориялардың нақты шекараларының жойылуын тудырады, сөйтіп, категориялар арасында өтпелі зонаның пайда болуына әкеп соғады.

Ерекше типтік прототиптерді былайша топтауға болады: жемістер (алма, жүзім, өрік); көкөністер (картоп, қияр, қызанақ); құстар (малиновка, қараторғай); транспорт (машина, поезд); қару-жарақ (мылтық); үй жиһазы (диван, стөл) т.б.

Типтік белгісі төмен прототиптер: транспорт – лифт, қару-жарақ – аяқ киім, оқтау, үй жиһазы – кондиционер т.б.

Жалпы прототиптерді төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1.ерекше типтік прототиптер ( жемістер, көкөністер, құстар, транспорт);



1. әлеуметтік стереотиптер (типтік ана – үй шаруасындағы әйел);
2. идеалды прототиптер (керемет күйеу, жақсы әйел);
3. образды прототиптер (шық бермес Шығайбай, Плюшкин – сарандықтың образы);
4. метонимиялық модельдер (етістік категориясының прототипі – акционалды етістіктер);
5. жеке моделдер прототипі (керемет оқу орны – Гарвард, Оксфорд университеттері);
6. көзге түсетін ерекше белгілер прототипі ( көрші – интеллигент, жолаушы - маскүнем) т.б.

Тілдік категорияларды ресей когнитивист-ғалымы Н.Н.Болдырев үшке бөліп қарастырады:

- лексикалық категориялар (құс, киім, ағаш, үй жиһазы т.б. сияқты нысандарды біріктіретін сөздер);

- грамматикалық категориялар (лексика-грамматикалық) (шак, жақ, сөз таптары т.б. грамматикалық формаларды біріктіретін сөздер);

- модустық категориялар (интерпретациялаушы категориялар) (мақұлдау, салыстыру, ұқсату, экспрессивті-эмоционалды, аппроксимациялық, қарсылық білдіруді лексикалық және грамматикалық бірліктерді біріктіру арқылы жасалатын сөздер). Н.Н.Болдырев.

Қорыта айтқанда, категоризация ұғымы екі түрлі қолданыспен сипатталады: *тар мағынада* ол тек тәжірибеге сүйене топтауды білдірсе, *кең мағынада* оған категориялардың жасалу процесі, адамның ішкі және сыртқы әлемін оның қимыл-әрекеті мен тіршілігіне сай жіктеу мәселелері жатқызылады. Категория адамның танымдық әрекетін сипаттайтын маңызды ұғымдардың бірі. Ол барлық танымдық қабілеттермен әрі жүйелермен байланысқа түсе алады, сол арқылы ойлау процесінде жүзеге асатын салыстыру, ұқсату т.б. амалдармен де тығыз сабақтасады. Классификациялау үлгілері адамның бойында өте ерте кезден қалыптасатынына қарамастан, жүре келе, ол тәжірибе мен тіл меңгеру негізінде өзгеріп, тереңдейді, сол себепті кейбір ғалымдар категорияны лингвистикалық

құбылысқа жатқызу керек деп тұжырымдайды. Оған дәлел ретінде зерттеушілер сөз бен оның толық мағынасын белгілі бір категорияны танытушы нысан тұрғысынан зерделеп талдайды.

Бүгінгі күні танымдық категория негізгі ерекшеліктеріне қоса, жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз етіліп, адамның когнитивті әрекетімен, яғни әртүрлі заттарды белгілі бір қасиеттеріне орай жіктеу, топтау негіздерімен, материя мен оның қимыл-әрекеттерін сипаттар көп қырлы формаларды объективті түрде кластарға, топтарға біріктіру мүмкіндіктерімен сабақтаса дамып келеді [9,123].

Филология ғылымдарының докторы, профессор  
Ә.Т.Қайдардың 90 жасқа толу мерейтойына арналған  
2014 жылы 7 қарашада «Ғылымдағы ғұмыр: ана тілі және  
түркі әлемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық  
конференция

#### Әдебиет

1. Карасик В.И. Определение и типология концептов // Этнокультурная концептология. Межвуз. сб. научных трудов. Вып. 1. Элиста, 2006.

2. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. М.: Гнозис, 2004. – С.390.

3. Болдырев Н.Н. Когнитивная семантика. Изд-во Тамбовского университета, 2001. – С. 123.

4. Воркачев С.Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепт: становление антропоцентрической парадигмы в языкознании // Вестник МГУ. Лингвистика и межкультурная коммуникация. 2002. №4. С.64-72.

5. Стернин И.А., Ларина Т.В., Стернина М.А. Очерк английского коммуникативного поведения, - Воронеж: Истоки, 2003. – С.23-44.

6. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М. 2001.

7. Куликова Л.В. Межкультурная коммуникация: теоретические и прикладные аспекты. Красноярск: РИО КГПУ 2004.- С.86-89.

8. Слышкин Г.Г. Концептологический анализ институционального дискурса. М.: «Школа», 2001. С34.

9. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика. – Алматы: «АН Арыс» баспасы. 2006.-312б.

#### **4.7 Категоризациялау теориясының методологиялық негізі**

Категория – объектілерді концептуалды негізде біріктіру. Кез келген категорияның қалыптасуының негізі – нақты концепт болып табылады. Концептердің әртүрлілігі категориялардың да әртүрлілігінің айғағы. Барлық білім адамзат санасында категориалды формада сақталады.

Категорияның қалыптасуы туралы үш көзқарас бар:

- классикалық;
- «семьялық ұқсастық» категориясы;
- прототиптік.

І. *Категорияның қалыптасуындағы классикалық көзқарас* белгілі ойшыл Аристотельден басталады. Оның пайымдауынша, әр категория өзіне қажет және тануға жеткілікті белгілермен сипатталады. Классикалық бағыттың ерекшеліктері:

Категорияның барлық мүшелері міндетті түрде ерекше белгілерге ие;

1. Категорияның барлық мүшелері өздерінің белгілері бойынша бірдей;
2. Категориялардың шекаралары анық;
3. Категорияның барлық белгілері бір-бірімен бинарлы байланыста болады (категориядағы белгілер оппозициялық қатынаста құрылады).

Классикалық бағыт лингвистикада тіл деңгейлері бойынша көрініс тапты:

1. Фонологияда: Мәселен, Р.Якобсон лингвистикаға фонемалардың дифференциалды белгілерін енгізіп, акустикалық фонетиканың нәтижесінде тілдерде ұшырасатын 12 түрлі қосалқы ажырату белгілерін көрсетті. Ғалым ұсынған бұл тұжырым тілдердің фонологиялық жүйесінің типологиясының бірден-бір көрсеткіші десек қателеспейміз. Ол фонемаларды бір-бірінен айтылу белгісіне қарай (признак звучности) және тон белгісіне қарай (признак тона) деп, айырудың екі ұстанымын көрсетті. Ғалымның ойынша, айтылу белгісіне қарай, тілдердің фонологиялық жүйесі мына бинарлы белгілер бойынша ерекшеленеді:

2. Дауысты – дауысты емес;
3. Дауыссыз – дауыссыз емес;
4. Компакты – диффузды;
5. Қуатты – қуатсыз;
6. Ұяң – қатаң;
7. Мұрын қуысты – ауыз қуысты;
8. Ұзақ (үздікті) – ұзақ емес (үздіксіз);
9. Ашық – күңгірт;
10. Абруптивті – абруптивті емес.

Ғалым тон белгісіне қарай мынадай қосалқы ажыратушы оппозицияларды көрсеткен:

1. Диез тонал – жай тонал;
2. Төменгі тонал – жоғарғы тонал;
3. Бемол тонал – жай тонал.

Бұл бинарлы белгілер бірде-бір тілде түгел кездеспейді. Олардың ара салмағы әрқалай, бір тілде аз болуы да, көп болуы да мүмкін. Алайда олардың көмегімен кез келген тілді сипаттауға болады.

Грамматикада: Фонологиядан енді ( өкілдері: Р.Якобсон, Н.Хомский)

Трансформациялық грамматикада және генеративтік семантикада (Дж Катц, П.Постал, Дж.Форор)

Құрылымдық семантикада: компоненттік анализ, семалар, компоненттер, семантикалық белгілер туралы (Ю.Найда, В. Скаличка, Дж.Катц), семантикалық қатынастардың типтері, бөлшектің бүтінге қатысы, мәселен, гипероним-гипоним (Дж. Лайонз)

П.«Семьялық ұқсастық» категориясының негізін салушы Л.Витгенштейн. Ғалым «Ойын» категориясы негізінде бірнеше тұжырым жасайды:

- Элементтер арасындағы ұқсастықтар біресе пайда болып, ұлғаяды, біресе жоғалады;
- Элементтер арасындағы ұқсастықтар қиылысу және қиылыспау жүйесі бойынша айқындалады;
- Адамзат категориялар туралы білімді образдар негізінде алады. Оны «Ойын» категориясы дейді.

Л.Витгенштейннің «Ойын» категориясы екі бағытта дамыды: 1.«Семьялық ұқсастық» категориясы идеясының дамуы. Категорияның әртүрлі элементтерінің арасында айтарлықтай айырмашылық болады. Бір категорияға адамның психологиялық ерекшелігін көрсететін (егер ол жеке тәжірибенің фрагменттерін көрсететін болса) кез келген объектіні біріктіруге болады.

2.Категорияның орталық, ерекше көрінетін типтік образын іздеу.

### III. Прототиптік бағыт:

4. Р.Браунның еңбектерінен көрінеді. Әлемді категоризациялаудың универсалды принциптерін іздеу. Категория объектілердің кез-келген класын біріктіре алады. Категорияның негізгі деңгейі сана қызметі арқылы белгіленеді деп қарастырылатындықтан негізгі немесе иерархиялық байланыстар ескерілмейді. Р.Браунның айтуынша белгілі бір заттың атауын бергенде адамдар оның категориялық белгілеріне сүйенеді.

2.Б.Берлин, П.Кейдің еңбектері – түр-түс кеңістігін категоризациялау мәселелерін біріктіреді. Олар эксперимент арқылы түр-түсті категоризациялау процесінде *фокустық түр* деген тірек ұғымның болатынын дәлелдеді. Бұл нәтиже категория туралы:

а) категорияның барлық элементтері бірдей;

б) олар адамға тәуелді емес, - деген классикалық постулаттарға күмән келтірді.

Фокустық түр: 1.адамның зейінін бірден өзіне аударады; 2.бірден танылып, есте тез сақталады; 3.Үнемі атауы болады. Фокустық түр өз айналасына түр-түс кеңістігін категоризациялайтын табиғи прототип болып табылады.

3.Прототиптік бағытты насихаттайтын тағы бір көрнекті өкіл - Э.Рош. Ол категоризациялау процесін негізгі екі *прототип* және *объект* (нысан) ұғымдарымен байланыстыра қарастырады. Ғалым *фокустық түр* деген тірек ұғым тек тілдік емес, сонымен қатар когнитивтік статусты, яғни, ойлау жүйесіне де қатысты екенін эксперимент түрінде дәлелдейді. Фокустық түр

категоризациялау процесінде ерекше роль атқарады деп, былайша зерделейді:

а) объектіні таңдауда адамның зейінін бірден өзіне аударады;

б) бірден танылып, бұрынғы бар біліммен салыстырылып, жүйеленеді;

в) атауы болады, алайда кейбір когнитивтік категориялар атаусыз қалады.

Ғылыми және логикалық категорияларға қарағанда, табиғи категория құрамына енетін мүшелердің бір-бірімен толық сәйкес келуі міндеттелмейтін бұл нысанның негізін тегі бойынша ұқсату немесе прототипке сүйене отырып топтау үлгілері құрайды. Э.Рош аталмыш дейгейді ең жоғары және ең төмен сатылардың ортасынан орын алатын көрсеткіш ретінде бағалайды, сол себепті оны алуан түрлі мәселелерді шешу кезінде пайдаға асатын аралық деңгей деп түсіндіреді (Оразалиева).

Прототиптік бағыттың негізгі қағидалары:

1.Шынайы әлем – құрылым. Ол біздің санамызда объектілерді белгілі ойлау жүйесінің құрылымдары – категорияларға топтауға мүмкіндік береді. Әлем онтологиясы біздің санамызда белгілі категория жүйесі бойынша көрініс табады.

2.Категория элементтерінің бәрі бірдей емес, психологиялық категориялар басқаларға қарағанда ерекше. Бұл ерекшелік категорияның ішкі құрылымын яғни, орталық, типтік элементтерді (прототиптерді, прототиптік ядроны, типтік жағынан төмен элементтерді) айқындауға септігін тигізеді.

3.Категориялар тірек ұғымдар яғни, прототиптер негізінде қалыптасып, дамиды.

4.Прототиптер категорияның ерекше белгілерін бойына жинақтайды. Объектінің, нысанның белгілі бір категорияға тиесілілігі оның прототиппен ұқсастығына байланысты айқындалады.

5. Категорияларды бір-бірінен ерекшелейтін айқын шекара болмайды.

6. Категориялардың ішкі құрылымы бастапқы қызметтің әртүрлілігімен айқындалады.

7. Категориялардың прототиптік элементтері басқа категориялардан өзіндік айрықша белгілермен ерекшеленеді, максималды түрде бір-біріне қарама-қарсы қойылады.

Категорияларда прототиптік емес элементтердің де орын алуы ықтимал. Ол категориялардың нақты шекараларының жойылуын тудырады, сөйтіп, категориялар арасында өтпелі зонаның пайда болуына әкеп соғады.

Ерекше типтік прототиптерді былайша топтауға болады: жемістер (алма, жүзім, өрік); көкөністер (картоп, қияр, қызанақ); құстар (малиновка, қараторғай); транспорт (машина, поезд); қару-жарақ (мылтық); үй жиһазы (диван, стөл) т.б.

Типтік белгісі төмен прототиптер: транспорт – лифт, қару-жарақ – аяқ киім, оқтау, үй жиһазы – кондиционер т.б.

Жалпы прототиптерді төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1. ерекше типтік прототиптер (жемістер, көкөністер, құстар, транспорт);

2. әлеуметтік стереотиптер (типтік ана – үй шаруасындағы әйел);

3. идеалды прототиптер (керемет күйеу, жақсы әйел);

4. образды прототиптер (шық бермес Шығайбай, Плюшкин – сараңдықтың образы);

5. метонимиялық модельдер (етістік категориясының прототипі – акционалды етістіктер);

6. жеке моделдер прототипі (керемет оқу орны – Гарвард, Оксфорд университеттері);

7. көзге түсетін ерекше белгілер прототипі ( көрші – интеллигент, жолаушы - маскүнем) т.б.

Тілдік категорияларды ресей когнитивист-ғалымы Н.Н.Болдырев үшке бөліп қарастырады:

• лексикалық категориялар (құс, киім, ағаш, үй жиһазы т.б. сияқты нысандарды біріктіретін сөздер);

• грамматикалық категориялар (лексика-грамматикалық) (шақ, жақ, сөз таптары т.б. грамматикалық формаларды біріктіретін сөздер);

• модустық категориялар (интерпретациялаушы категориялар) (мақұлдау, салыстыру, ұқсату, экспрессивті-эмоционалды, аппроксимациялық, қарсылық білдіруді лексикалық және грамматикалық бірліктерді біріктіру арқылы жасалатын сөздер) (Н.Н.Болдырев).

Қорыта айтқанда, категоризация ұғымы екі түрлі қолданыспен сипатталады: *тар мағынада* ол тек тәжірибеге сүйене топтауды білдірсе, *кең мағынада* оған категориялардың жасалу процесі, адамның ішкі және сыртқы әлемін оның қимыл-әрекеті мен тіршілігіне сай жіктеу мәселелері жатқызылады. Категория адамның танымдық әрекетін сипаттайтын маңызды ұғымдардың бірі. Ол барлық танымдық қабілеттермен әрі жүйелермен байланысқа түсе алады, сол арқылы ойлау процесінде жүзеге асатын салыстыру, ұқсату т.б. амалдармен де тығыз сабақтасады. Классификациялау үлгілері адамның бойында өте ерте кезден қалыптасатынына қарамастан, жүре келе, ол тәжірибе мен тіл меңгеру негізінде өзгеріп, тереңдейді, сол себепті кейбір ғалымдар категорияны лингвистикалық құбылысқа жатқызу керек деп тұжырымдайды. Оған дәлел ретінде зерттеушілер сөз бен оның толық мағынасын белгілі бір категорияны танытушы нысан тұрғысынан зерделеп талдайды.

Бүгінгі күні танымдық категория негізгі ерекшеліктеріне қоса, жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз етіліп, адамның когнитивті әрекетімен, яғни әртүрлі заттарды белгілі бір қасиеттеріне орай жіктеу, топтау негіздерімен, материя мен оның қимыл-әрекеттерін сипаттар көп қырлы формаларды объективті түрде кластарға, топтарға біріктіру мүмкіндіктерімен сабақтаса дамып келеді (1).

Сонымен, категоризация дегеніміз – білім бірліктерін белгілі бір категорияларға жіктеу. Категория – адам ойының танымдық формаларының бірі. Ол - адам тәжірибесін жалпылауға және жіктеуге мүмкіндік беретін ұғым.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, хабаршысы.  
Шығыстану сериясы. №4 (70), 2014.71-74

#### Әдебиет

1. Оразалинова Э. Когнитивтік лингвистика. – Алматы: «АН Арыс» баспасы. 2006.-312б.



2. Пузиков П.Д. Понятие и их определение. – Минск.: Наука и техника, 1970, -70с.
3. Қасым Б.Қ. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектісі (мақалалар жинағы) Алматы, 2010, -370б.
4. Минский М. Фреймы для представления знаний. – М.: Энергия, 1979, -151с.
5. Аскольдов С.А. Концепт и значение. – М.: Знание. 1981. -175с.
6. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. М.: Русские словари, 1996, -416с.
7. Краткий словарь когнитивных терминов. - М., 1996, -245с.
8. Ли.В.С. Парадигма знания в современной лингвистике.- Алматы, 2003. -137с.
9. Шалбаева А. Жақсылық/жамандық концептілерінің танымдық көрінісі. Фил. ғыл. кан. диссертациясының авторефераты, Алматы, 2010,-24б.
10. Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары. Алматы, 2005 -210б.

#### **4.8. Менталды-информациялық немесе американдық-батысеуропалық когнитивтік лингвистика**

Когнитивтік лингвистиканың теориялық негіздеріне тоқталмас бұрын бүгінгі лингвистикада екі үлкен бағыттың өмір сүріп отырғанын атап өткен жөн: американдық-батысеуропалық когнитивтік лингвистика және ресейлік когнитивтік лингвистика.

Замануы лингвистикада бірізге түскен когнитивтік лингвистика жоқ, когнитивтік лингвистиканың модельдері мен болжамдары ғана бар. Соның ішінде әлемдік деңгейдегі бірегейі – американдық –батысеуропалық моделі. Ментальды-информациялық немесе американдық-батысеуропалық когнитивтік лингвистика когнитивтік төңкерістің себептері мен оның өкілдерін жан-жақты сипаттайды. Когнитивтік төңкерістің себебі – бихевиоризмге деген сын және Наом Хомскийдің адамның тілдік және сөйлеу қабілеті туралы айтқан

революциялық когнитивтік идеялары болды.

Ғылымдағы когнитивтік төңкерістің негізіне толығырақ тоқталатын болсақ. «30 жылдай бұрын гуманитарлық ғылымдардың зерттеу объектілері – когнитивтік құрылымдар мен ол құрылымдардың механизмдері болды. Кейінірек бұл үдеріс когнитивтік төңкеріс (cognitive revolution), когнитивтік бетбұрыс (cognitive turn) болып, когнитивтік ғылымның яғни когнитологияның, когитологияның пайда болуына негіз болды. Когнитивтік ғылым өзінің алдына: қабылдау, категоризация, классификация, әлемді түсіну, репрезентация, білімді сақтау сияқты процестерді зерттеуді қойды. Когнитивтік лингвистика 1.тілді когнитивтік механизм ретінде зерттеді; 2. тілдегі когницияға ерекше мән берді» [Будаев 2007].

Когнитивтік төңкеріс тілді жүйе деп бір жақты қарастыратын лингвистикада бұрыннан қалыптасқан зерттеу тәсілдерінен өзгеше әдістерін жаңа, инновациялық әдіс-тәсілдермен алмастырып, прогрессивті көзқарастарды қалыптастырды.

Т.Г.Скрещцова американдық-батысеуропалық когнитивтік лингвистиканың дамып, жетілуін былай сипаттайды: Лингвистика тарихнамасында когнитивтік лингвистиканың пайда болуы – 1989 жыл. Сол жылы Дуйсбургте /ФРГ/ бірінші ғылыми конференцияда болды. Халықаралық когнитивтік лингвистика ассоциациясы құрылды және кейіннен журнал шығып тұрды, сөйтіп, когнитивті лингвистика лингвистиканың жеке бағыты дүниеге келді.

Американдық-батысеуропалық когнитивтік лингвистика алдына екі проблеманы шешуді қойды:

1. адамның тілдік қабілеті;
2. барлық когнитивтік құрылымдар мен процестердің жиынтығы.

Алайда бұл айтылған проблемалар жеке этникалық тілдерге емес, жалпы адамзат тіліне қатысты қарастырылды. Бұл мәселелерді зерделейтін когнитивтік лингвистикада *компьютерлік метафора* және *функционализм* сияқты екі тірек

ұғым ерекше көзге түседі. Компьютерлік метафора адамның ми қабілетін зерттеуге талпынса, ал функционализм адами когниция, адам миының құрылымынан көрі, олардың функциясы яғни ми жұмысы қызықтырады. Осы мәселе бойынша американдық-батысеуропалық когнитивтік лингвистика адам миы компьютер сияқты жұмыс жасайды деген гипотеза ұсынған.

Американдық-батысеуропалық когнитивтік лингвистиканың өкілі А.Ченки «когнитивтік лингвистика» терминіне бір-бірімен тығыз байланысты теориялық принциптерді енгізеді:

- Тіл – танымның ажырымас бөлігі;
- Тіл – мәдени-функционалды, коммуникативті және психологиялық қарым-қатынасты көрсетеді [Ченки 2002].

Американдық-батысеуропалық когнитивтік лингвистиканың басты мақсаты – адами когницияны зерттеу: «когнитивтік, психологиялық, ментальдық ерекшеліктердің пайда болуының негізі адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасының әсері және адамның танымдық қабілеті болып табылады. Әлемді адами когниция автоматты режимде қабылдайды» [Исабеков, 2010].

Когницияның негізінде адам қоршаған ортаны танып қана қоймайды, сонымен бірге адамзаттың игілігіне жаратады. Адамның бойына негізгі когнитивтік қабілетті көрсететін және когнитивтік белсенділіктің барлық түрлеріне негіз болатын өте мықты нейрондар тән.

Американдық-батысеуропалық когнитивтік лингвистиканың негізгі ерекшелігі :

- когницияны кең ауқымда түсініп, оған мына мәселелерді енгізеді: адам рухы, ақыл-ой, пайым, сана, ойлау, ми, қабылдау, зейін, тіл т.б.
- тіл менталды феномен ретінде, атап айтсақ, когницияның ерекше автономды бөлігі, яғни когнитивті модуль болып саналады.

Американдық-батысеуропалық когнитивтік лингвистика мынадай іргелі проблемаларды қарастырады:

- когнитивтік құрылымдар,
- когнитивтік модулдер,
- когнитивтік процестер,
- адамның жады,
- адамның миы,
- тілді меңгерудің когнитивтік негіздері,
- әртүрлі тілдік бірліктер типтерін, сөзді, тілді қабылдау және қайта өңдеудің когнитивтік негіздері,
- сөйлеудің когнитивтік негіздері.

Американдық-батысеуропалық когнитивтік лингвистиканың әдіс-тәсілдерінің ішінен символикалық немесе компьютерлік, коррекциялық, нейрологиялық әдістер ерекшеленеді.

Когнитивтік лингвистиканың американдық-батысеуропалық моделінің мынадай басым (доминантты) белгілерін атап айтуға болады:

**1. Менталдылық.** Батысеуропалық когнитивтік лингвистиканың тіл мен сөйлеуді зерттеуінің негізінде менталды теория жатыр. Ол теорияның *мақсаты* – жалпы адамның менталды жүйесінде тілдік жүйенің репрезентациясын зерттеу, соның негізінде адамдық рух, адами когниция, ақыл-ой, сана, ми т.б. зерделеуге жол ашады.

**2. Динамикалылық.** Рух пен когниция, адам, этнос интеллекті күндіз, түні үнемі даму үстінде болады. Сондықтан когнитивтік лингвистика тілдік және сөйлеу компетенциясының даму механизмдерінің детерминант (ерекше белгісін) көрсетеді.

**3. Интегративтік.** Тілдік жүйенің барлық репрезентациялық, процессуалдық аспектілерін есепке алады. Сондай-ақ бір-біріне әсерін қарастырады.

**4. Пәнаралылық.** Американдық-батысеуропалық когнитивтік лингвистика өз зерттеулерінде әртүрлі ғылымдардың нәтижелерін де пайдаланады.

Өз кезінде В.Гумбольдт айтқандай, тіл – адам баласының болмысы мен танымының барлық саласына араласа алатын адамзат рухының ең басты әрекеті. Тіл зерттеушілері когнитивтік

тіл білімі арқылы танымның шарттары мен құралы ретіндегі тілдің рөлін айқындауға мүмкіндік алады.

Когнитивтік лингвистиканың қалыптасуының төмендегідей кезеңдерін көрсетуге болады.

«Когнитивтік грамматика» термині 1975 жылы Дж. Лакофф пен Г. Томпсонның «Когнитивті лингвистиканы таныстырамыз» атты мақаласында қолданылады. 1987 жылы Р. Ланкагердің «Когнитивті лингвистиканың негіздемесі» еңбегінің бірінші томы жарық көрді. Сондай-ақ осы бағытқа арналған Дж. Лакоффтың «Әйелдер, от және қатерлі заттар» атты еңбегі, М. Джонсонның «Ойлаудағы дене» аталатын кітабы жарияланды.

Когнитивтік лингвистиканың екінші бастауы лингвистикалық семантика болып табылады. Когнитивтік лингвистиканы «тереңдетілген семантика» ретінде, яғни семантикалық идеялардың дамуы ретінде қарастыру: адам санасы арқылы әлемді тану болса, лингвистикалық семантиканың когнитивтік грамматикаға ұласуы американдық ғалымдар Л. Тальми және Р. Ланкагердің еңбектерінде талқыланған.

XX ғасырдың 80 жылдарында Л. Тальми, Ч. Фильмор, У. Чейфтің мақалалары когнитивті лингвистиканың дамуындағы ерекше кезең болды. XX ғасырдың 90 жылдарының басына дейін когнитивті лингвистика ғылымы бір-бірімен байланысы жоқ жеке зерттеулермен толықты. Бұл – Дж. Лакоффтың, Р. Ланкагердің, Т. ван Дейктің (Нидерландтық), Дж. Хэйманнның (Канадалық) зерттеу бағдарламалары.

90 жылдардың ортасында Европада когнитивті лингвистикаға арналған алғашқы оқулықтар жарық көре бастады, олар: Ф. Укегер мен Х. Шмидтің «Когнитивтік лингвистикаға кіріспе» (1996) және Б. Хайненің «Грамматиканың когнитивті неіземесі» (1997).

Шетел ғалымы Ж.Фоконье танымдық тіл ғылымының пайда болуына қатысты «алғаш рет мағына мен оның даму деңгейлігін біріктіру туралы нағыз ғылым байланыстырыла бастады; сондай-ақ танымдық тіл ғылымында ескі көзқараспен

тілге сөз мазмұнын беру мен жеткізу құралы ретінде қарау сақталғанмен, оның әдісі мен нәтижесі мүлдем жаңаша» – деп, тілдік зерттеудің жаңа бағытын қолдайтынын білдіреді.

Ф.Варела, Э.Томпсон мен Элеонора Рош еңбектерінде «танымдық ғылым кеңістігінде ең басты пәндер деп танымдық психология, нейрондық ғылым танымы, жасанды интеллект қалыптастырушы ғылым (искусственный интеллект), тіл ғылымы және философия деп көрсетіледі. Ал Т.Бивер, Дж. Кэрролл и Л.Миллерлердің көзқарасынша, танымдық ғылымның басты мақсаты тілдің, адамзаттың ойлауы мен жүріс-тұрысының шектескен (интегративті) бейнесін жасау болып табылуы тиіс» – деп айтылғанын түсіндіріп көрсетеді танымдық зерттеудің білімдік бағдарламасын жасаған ғалым И.Протопопова .

Шетелдік зерттеушілер таным ілімін ғылыми бағыт етіп ұстау арқылы танымдық тіл ғылымының жаңа ғылыми теориялық негізін де қалыптастыруда. Танымдық тіл ғылымының негізін жасауға тіл құрылымына, тілге жалаң теориялық сипат беру; тілдік құрылымға, тіл негізіне үстірт қараушылық және осыларға қарама қарсы тұратын тілдік мағына, «лингвистикалық прагматика», мәтін теориясының пайда бола бастауы себеп болып отыр. Танымдық тіл ғылымында тілдік деректерді ашып түсіндіру адамның сөйлеу қабілетінің заңдылығына байланысты делінеді.

С.Е.Исабеков «Когнитивтік лингвистиканың негіздері» атты зерттеуінде когнитивтік лингвистиканың Еуропалық негізіне талдау жасайды. Сондай-ақ өз монографиясында ғалым қазіргі когнитивтік лингвистиканың екі бағытын жіктейді:

1.ментальды-информациялық немесе американдық-батысеуропалық бағыт.

2.этномәдени немесе мәскеулік бағыт.

Ментальды-информациялық және этномәдени бағыттағы когнитивтік лингвистиканың қарастыратын өзекті мәселесі: адам және адамзат тілі. Алайда бұл екі бағыттың ол мәселеге көзқарасы әртүрлі.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистикада

1. адам - қандай да бір этносқа, мәдениетке қатыссыз ақпаратты қабылдаудың, сақтаудың және тасымалдаудың белгілі бір жүйесі ретінде қабылданады,

2. тіл - ментальдық ерекшелік яғни, адамдық когницияның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистикада нақты, жеке ұлттық тіл емес жалпы адамзат тілі сөз болады.

Жоғарыдағы екі бағыттың тағы бір ерекшелігі - олар әртүрлі когнитивтік құбылыстарды және мәселелерді қарастырады және оларды әрқалай түсіне отырып, алдарына әртүрлі зерттеу міндеттерін қояды.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистика көбіне зерделейтін ұғымдары: когниция, когнитивтік жүйе, адамның психикасы, адам когнициясының құрылымы мен қызметі, адам организмінде болатын физиологиялық, психологиялық, когнитивтік процестер, білім, өзін-өзі тану, адамның танымдық қызметі, адамзат тілі т.б.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистиканың негізгі міндеті ретінде адам когнициясының негізі - миды, нейрондық жүйені, жадыны, жалпы тілдік танымды, ақпаратты өндеудің құрылымын қояды.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі – «репрезентация». Табиғаты жағынан бұл ұғым да ментальды терминімен барабар. Шын мәнісінде адамның миы, адамның танымы ментальды. Ментальды-информациялық бағытта бірінші орында ментальдылық және концептуалдылық тұрады. Бұл әрбір тілдің артында концепт, концептуалдық құрылым тұратынын көрсетеді және когнитивтік лингвистиканың басты мақсаты – концептердің формасы мен құрылымын, жасалу заңдылықтарын ашу және көрсету деп С.Е.Исабеков екі бағыттың ерекшелігін саралап, жіктеп, ерекшеліктері мен өзгешеліктері зерделеп көрсетеді.

Адамзатта туғаннан қалыптасатын когнитивтік құрылым бар, ол жүздеген жылдар бойы эволюциялық даму үстінде болады және қазір де автономды режимде жұмыс істейді [Исабеков,2013].

Адамның когнитивтік инфраструктурасын және когнитивтік жүйесін зерттейтін ғылым саласы когнитивтік психология мен жасанды сананы зерттейтін когнитивтік ғылым болым болып табылады.

Этномәдени немесе мәскеулік бағыттағы когнитивтік лингвистика да ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистика сияқты қарастыратын өзекті мәселесі: *адам және адамзат тілі*. Алайда бұл екі бағыттың ол мәселеге көзқарасы әртүрлі.

Ұлы жеңістің қазіргі таңдағы ғылыми-тарихи маңызы»  
атты Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары  
2015 жылдың 16 сәуірі 161-167 бб.

#### Әдебиет

1. Есеналиева Ж.Ж. Когнитивтік лингвистиканың негізі - американдық-батысеуропалық бағыт туралы // Орталық Азия университетінің хабаршысы, 2012, №4.
2. Исабеков С.Е. Избранные произведения. Усть-Каменогорск, 2013.
3. Карасик В.И. Определение и типология концептов // Этнокультурная концептология. Межвуз. сб. научных трудов. Вып. 1. Элиста, 2006.
4. Ахметжанова З.К. Очерки по национальной концептологии. Издательство «Елтаным», 2012
5. Джамбаева Ж. Аксиологические стереотипы языкового сознания казахстанцев. Дисс. докт. филол. н. Кокшетау, 2010

### **4.9 Қазақстандағы когнитивтік лингвистиканың бағыт-бағдары**

Қазақстанда когнитивтік, концептологиялық зерттеулердің ден алып қарқынды дамуы өткен ғасырдың 90-жылдарынан басталды деуге болады.

Қазақстандағы когнитивтік зерттеулердің сипаты қандай, жеткен жетістіктер қандай дәрежеде, жалпы қандай бағытта



деген мәселеге келетін болсақ, біз өз тарапымыздан Қазақстандағы концептологиялық зерттеулерді шартты түрде бірнеше топқа бөліп қарастырғанды жөн санаймыз:

**1. Когнитивтік лингвистиканың пайда болуының өзегі, негізі болған, оған алғышарт болған зерттеулер.** Тілді антропоцентристік парадигма бағытында зерттеудің бір саласы – ұлттық мәдениетімен, салт-дәстүрімен рухани болмысымен сабақтастыра қарастыру. Осы бағыттың басты көрінісі тіл білімінің этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану тәрізді салалармен негізделді.

Бұл мәселемен шұғылданған ғалымдар жалпы, қазақ ғылымында когнитивистика жайында көзқарас білдіргендер деп Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, М. Копыленко, Р.Сыздықова, Ж. Манкеева сияқты ғалымдарды атауға болады, өйткені бұл ғалымдар этнолингвистика шеңберінде концептілер туралы да пікірлер айтқан.

Ұлттық тілді әрбір этностың дүниетанымымен, ұлттық мәдениетімен, өткен тарихымен, салт-дәстүрлерімен бірлікте қарау мәселесі тіл ғылымында ерекше өріс алып келе жатқан когнитивтік лингвистика сияқты жаңа бағыттың тууына себепші болды. Қазіргі кезеңде тіл ғылымы жаңа антропоцентристік бағытта дамып келеді. Жалпы зерттеулердің көпшілігінде тілдің құрылымдық жүйесіне мән беріліп келсе, қазіргі кезде тілді жаңаша кешенді түрде зерттеу, соның ішінде танымдық бағытқа баса назар аударылып отыр.

**2. Қазақ тілі мен мәдениетінің концептеріне талдау жасаған зерттеулер.**

Концепт» термині орыс тіл білімінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдары қоршаған орта құбылыстарының тіл әлемінде бейнеленуін зерттеумен байланысты пайда болды. С. А. Аскольдов-Алексеевтің 1928 жылғы «Русская речь» жинағында жарық көрген «Концепт и слово» деген еңбегінде концептілерді танымдық (познавательные) және көркемдік (художественные) түрлеріне жіктейді, бірақ олардың аралық шегінің өзгеріп, кейде бір-бірімен астасып отыратынын да жоққа шығармайды.

«Концепт» терминінің теориялық негіздері Д.С. Лихачев, П.Д. Арутюнова, Е.С. Кубрякова, А.Н. Мороховский, Н.К. Рябцева, В.А. Маслова, А.Я. Гуревич, А. Вежбицкаяның еңбектерінде әртүрлі қырынан қарастырылды.

Қазіргі лингвистикада концепті үш түрлі бағытта талданып, қарастырылады: лингвистикалық, когнитивтік, мәдениеттанымдық.

Концептіні лингвистикалық тұрғыдан қарастыруды дұрыс деп санайтын зерттеушілер (С. А. Аскольдов, Д. С. Лихачев, В. В. Колесов, В. Н. Телия) концептіні сөздің коннотативті элементтерімен қоса алғандағы барлық мағыналық әлеуеті, концепт сөздің кез келген мағынасында өмір сүреді деп қарайды.

Концептіні көптеген зерттеушілер бір тілде сөйлеушілерге ортақ концептуалдық ойлау жүйесі, «менталдылықтың негізгі бірлігі», «мәдениеттің кілт сөздері», «ұлттық колориті», «ойлау мен қарым-қатынас құралы ретіндегі тілдің символдық-мағыналық қызметі арқылы көрінетін неғұрлым мүмкін мағыналар» ретінде қарап, бір сөзбен концепт дегеніміз мазмұндық формасында әрі символ, әрі бейне, әрі ұғым деп көрсетеді.

Концептінің мәнін когнитивтік тұрғыда қарастыруды ұсынатын зерттеушілер (З.Д. Попова, И.А. Стернин сондай-ақ, «Краткий словарь когнитивных терминов» сөздігінің авторлары С. Кубрякова, В.З. Демьянков, Ю.Г. Панкрац концептіні менталды ойлаудың бірлігі ретінде қарастырады. З.Д. Попова, И.А. Стернин концептіні «ауқымды ойлаудың бірлігі» ретінде қарастыра келіп, концептінің тілдегі фразеологизмдерге, сөз тіркестеріне, сөйлемдерге, мәтіндерге, мәтіндер байланыстылығына талдау арқылы жан-жақты ашылып түсіндірілетінін жазады [1,35]. Концептінің тілдік көрінісін талдау арқылы тілді тұтынушының санасындағы концепт мазмұнын тани аламыз.

**Үшінші бағытты ұстанушылар** концептінің мәдениеттанымдық аспектісіне ерекше мән береді. Концепт олардың анықтауынша, адамның ментальды ойлау дүниесіндегі «мәдениеттің негізгі ұясы» ретінде түсіндіріледі. Концептіні

түрлі қырынан қарастыру барысында сол концепт арқылы берілетін мәдени ақпараттың мазмұнына ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Осы бағыттың өкілі Ю. С. Степанов концептіні мәдениеттің микромоделі ретінде қарастырады. Оның түсіндіруінше, «мәдениеттің ұйытқысы» бола отырып, концепт экстралингвистикалық, прагматикалық, яғни тілден тыс ақпараттарды білдіреді.

Ғалым **Э.Д. Сүлейменованың** пікірі бойынша, ғаламның тілдік бейнесі, көбінесе, «түрлі дүниетаным мәселесі ретінде қаралады. Бүгінгі таңда ғаламның тілдік бейнесі ұғымында екі түрлі сипат бар. Оның біріншісінің нақты тілдерге және олардың арасындағы айырмашылықтарға қатысы жоқ болса, екіншісі нақты ұлт тілдерінің қатысуымен қалыптасқан лексикалық аталымдар жүйесі тәрізді тілдер арасындағы айырмашылықтарға бағыт – бағдар жасаушы ғаламның тілдік бейнесімен байланысты» [2,39].

Автордың пайымдауынша, ғаламның тілдік бейнесі негізгі екі қызмет арқылы айқындалады: 1) ғаламның негізгі бейнесін негізгі элементтер білдіреді; 2) тілдік тәсілдердің көмегімен ғаламның ғылыми бейнесі түсіндіріледі.

Ғалым **А.Ислам** концептіге мынадай анықтама береді: «Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым» [3, 213].

Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың қалыптасуында **Э.Д.Сүлейменова**, **Н.Ж.Шаймерденова**, **Г.Г.Гиздатов**, **Ж.Манкеева**, **Қ.Жаманбаева**, **Г.Смағұлова**, **Б.Хасанов**, **Б.Қасым**, **А.Ислам** еңбектерінің маңызы зор.

Мәдени концепт – ұлт мәдениетінің ерекше қасиетін хабарлаушы ақпарат. **Э.Оразалиева** бұл мәселе туралы мынадай пікір білдіреді: «Мәдени концепті когнитивті концепті сөзінің беретін мәнінен өзгеше. Мәдени концепт – лингвомәдени таным бірлігі, онда ұлттық мәдениет көріністерінің жиынтығын бейнеленеді» [4,135].

Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың қалыптасуында **Э.Д.Сүлейменова**, **А.Исламмен** қатар **Г.Г.Гиздатов** [5], **Ж.**

Манкеева [6], Қ.Жаманбаева [7] еңбектерінің маңызы зор.

Концепт» терминіне әртүрлі анықтама беру және түсіндіру, оның екі жақтылығын көрсетеді: біріншіден, тілдік таңба ретінде (лингвистикалық, мәдени және лингвомәдени бағыттар), екіншіден, ментальдықты көрсететін тілдің мазмұндық жағы (когнитивтік бағыт). Бұл бағыттар бірін-бірі жоққа шығармайды, қайта бір-бірімен тығыз байланыста болып, концепт менталды құрылым ретінде адам санасында социумның концептосфераға, одан кейін мәдениетке шығуы болып табылады. Концепт мәдениеттің ажырамас бірлігі ретінде ұжымдық тәжірибенің нәтижесі.

Енді екінші топтағы зерттеулерге қайта оралсақ, ол зерттеулер концепт болғанда, қазақ этносының санасында материалдық объектілерді көрсететін, образды-ассоциативті жоғарғы деңгейде бағаланған «қамшы», «домбыра», «атамекен», «ұрпақ» сияқты концептер, сонымен қатар, ұлттық діліміздегі адами қасиеттерді көрсететін «намыс», «сабырлық», «қанағаттық», «ағайындық», тағы сол сияқты концептерді зерттеген жұмыстар.

### **3. Концептерге талдау жасаған зерттеулердің үшінші тобына құрылымы әртүрлі екі немесе одан да көп тілдердің концептерін салғастырған жұмыстарды жатқыздық.**

Ғалым З.Қ.Ахметжанованың пайымдауынша, салғастырмалы концептология Кеңес заманында етек жайған салғастырмалы тіл білімінің жалғасы іспеттес. Зерттеуші бұл топтағы зерттеуге қазақ, ұйғыр, араб, корей тілдеріндегі «әйел» концептісінің, сондай-ақ, қазақ және француз тілдеріндегі «өзім»-«өзге» концептерінің ерекшеліктерін көрсеткен зерттеуді атайды.

Зерттеушілер универсал концептілердің қатарында «Шындық», «Заң», «Сүйіспеншілік», «Сөз», «Жан дүние», «Күнә», «Ғылым», «От пен су», «Сан», «Уақыт», «Туған жер», «Тіл» дегендерді көрсетеді. А.Вежбицкая орыс мәдениетінде тек үш қана концепт бар деп көрсетеді; олар: «Тағдыр», «Қайғы» және «Ерік» (А. Вежбицкая). Ал Е. Кубрякова «Краткий словарь когнитивных терминов» деген лексикографиялық еңбекте А. Вежбицкая айтатын концептілер – бастапқы концептілер;

басқалары осылардан туындайды дейді [8, 90 б.]. В. Маслова: «Наши наблюдения показывают, что число концептов превышает несколько сот» [9, 49]. Сонымен қатар ұлттық концептілердің санының қанша екендігін анықтау мүмкін емес дегенді де кездестіреміз.

Әрбір халықтың тіліндегі концептілердің санын шамалап көрсетудің мүмкін болмайтындығының себептерін зерттеушілер былайша қорытады:

– бұл, біріншіден, когнитивті лингвистиканың әлі жас ғылым, зерттелетін жақтарының әлі де бар екендігіне байланысты;

– әрбір халықтың концептілер жүйесінің салыстырмалы түрде және аударматану ғылымының әдістерімен қарастырылмағаны себепкер.

**4. Төртінші топқа енген зерттеулер көп емес. Ол зерттеулердің теориялық мәні басым, өйткені, олар концептерді зерттеудің әдіснамалық негізін, вербальды емес қатынастағы және аударматанудағы көкейкесті мәселелерді қарастыруға септігін тигізеді.**

Қазақ тілін когнитивтік зерттеуге арнаған алғашқы жұмыстардың бірі ретінде Қ.Ә.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясын атауға болады. Бұл жұмыста тілдік сана құрылымы, гештальт теориясы, тілдік сана және мәтін құрылымы, тілдік модельдер, мұң концептісі т.б. когнитивтік мәселелер қарастырылған [7,156].

Профессор Ж.Манкееваның «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты мақаласында М.Бирвиш, Хомский, Лакофф, Коок, Г.В.Колшанский, Ю.Д.Апресян және тағы басқалардың есімдерімен байланысты когнитивтік лингвистиканың пайда болуы мен дамуына қысқаша шолу жасалады [6,40].

Бұл топтағы іргелі зерттеу деп **С.Е.Исабековтің «Когнитивтік лингвистиканың негіздері»** атты сүбелі зерттеуін жатқызамыз. Өз монографиясында ғалым қазіргі когнитивтік лингвистиканың екі бағытын көрсетеді:

1. ментальды-информациялық немесе американдық-батысеуропалық бағыт.

2. этномәдени немесе мәскеулік бағыт [ 10,376].

Ментальды-информациялық және этномәдени бағыттағы когнитивтік лингвистиканың қарастыратын өзекті мәселесі: адам және адамзат тілі. Алайда бұл екі бағыттың ол мәселеге көзқарасы әртүрлі.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистикада:

1.адам - қандай да бір этносқа, мәдениетке қатыссыз ақпаратты қабылдаудың, сақтаудың және тасымалдаудың белгілі бір жүйесі ретінде қабылданады,

2.тіл - ментальдық ерекшелік яғни, адамдық когницияның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистикада нақты, жеке ұлттық тіл емес жалпы адамзат тілі сөз болады.

Жоғарыдағы екі бағыттың тағы бір ерекшелігі - олар әртүрлі когнитивтік құбылыстарды және мәселелерді қарастырады және оларды әрқалай түсіне отырып, алдарына әртүрлі зерттеу міндеттерін қояды.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистика көбіне зерделейтін ұғымдары: когниция, когнитивтік жүйе, адамның психикасы, адам когнициясының құрылымы мен қызметі, адам организмінде болатын физиологиялық, психологиялық, когнитивтік процестер, білім, өзін-өзі тану, адамның танымдық қызметі, адамзат тілі т.б.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистиканың негізгі міндеті ретінде адам когнициясының негізі - миды, нейрондық жүйені, жадыны, жалпы тілдік танымды, ақпаратты өңдеудің құрылымын қояды.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі – «репрезентация». Табиғаты жағынан бұл ұғым да ментальды терминімен барабар. Шын мәнісінде адамның миы, адамның танымы ментальды. Ментальды-информациялық бағытта бірінші орында ментальдылық және концептуалдылық тұрады. Бұл әрбір тілдің артында концепт, концептуалдық құрылым тұратынын көрсетеді

және когнитивтік лингвистиканың басты мақсаты – концептердің формасы мен құрылымын, жасалу заңдылықтарын ашу және көрсету деп Серік Ергалиевич екі бағыттың ерекшелігін саралап, жіктеп, ерекшеліктері мен өзгешеліктерін зерделеп көрсетеді.

**5. Бесінші топқа ғалым белгілі ғалым З.Қ.Ахметжанованың ұлттық концептологиялық когнитивтік зерттеулерін жатқызамыз.** Зерттеуші Қазақстандағы концептологиялық зерттеулерді шартты түрде бірнеше топқа бөліп қарастырады да, «намыс», «тіл», «ағайын», «сөз», «бақыт» сияқты ұлттық концептерді жан-жақты зерттейді [11,56]. З.Қ.Ахметжанова Қазақстандағы ұлттық концептологияның негізін салушы.

Қорыта айтқанда когнитивтік лингвистикада бәріне бірдей ортақ мәселе «ақыл - ой - тіл - репрезентациялау - концептуализациялау – категоризациялау - қабылдау» ұғымдарының когнитивтік шынжырдағы өзара қарым-қатынасын анықтау мәселесі болып отыр [12,126]. Қазақстандағы когнитивтік лингвистиканың бағдары этномәдени немесе мәскеулік бағыттан өріс алған деп тұжырымдауға болады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, хабаршысы.  
Шығыстану сериясы. №2 (63),2015.79-82 бб.

#### **Әдебиет**

1. Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г., Краткий словарь когнитивных терминов / Под общей ред. Е.С.Кубряковой. – М.: Наука., 1996. – 340 с.
2. Сүлейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алматы: Мектеп, 1989. – 152 с.
3. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингво-мәдени сараптама): филол.ғыл. док. дисс. – Алматы, 2004. -228 б.
4. Э.Оразалиева Танымдық қазақ тілі. Алматы, 2005.
5. Гиздатов Г. Типология и динамика когнитивных моделей в речевой деятельности дисс.док филол наук. –Алматы., 1999.250с
6. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. –Алматы: Ғылым, 1998. -140 б.

7. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. - Алматы, 2001. № 4. -39-43-б.
8. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. Москва., 1996
9. Маслова В.А. Лингвокультурология /Учебное пособие для студентов высш. учебн. зав. – М.: Академия, 2001. - 208 с.
10. Исабеков С.Е. Основы когнитивной лингвистики. Астана, 2010, 390с.
11. Ахметжанова З.Қ. Очерки по национальной концептологии. Издательство «Елтаным», Алматы, 2012, 146с.
12. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. Минск.: Тетра Системе, 2004. – 225с.

## 5. ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУ

### 5.1 Үш санының когнитивтік сипаты: көне түркі руникалық ескерткіштерінен қазіргі дәуірге дейін

Сандар ұғымы өте ерте заманда туған. Бұл ұғым ғасырлар бойы кеңейтіліп әрі жалпылана түскен. Қазақ халқы киеге үлкен мән берген. «Киелі ұғымдар» наным-сенім негізінде пайда болған құбылыс.

Ұлы ғалым Пифагор: «Әр сан өзіндік ерекшелікке ие» – деген екен. Сандар адам баласының ертедегі өмірінде уақыт өлшемі, көлемдік өлшемі жағынан ерекше қызмет атқарған. Таныммен байланысты ескілікті наным-сенім түрлерінің тілдік көріністері, әсіресе сан атауларымен келген тұрақты сөз оралымдарында өте көп кездеседі. Байырғы кездерде халық әр алуан құбылысқа нәзік бақылау жасай келіп, олардың ортақ қасиеттері мен сипаттарын санмен түйіп, санамалап айтып отырған. Таным деп отырғанымыздың өзі – адамның ішкі ойлау жүйесі. «Киелі ұғымдар» наным-сенім негізінде пайда болған құбылыс. Сандар адам баласының ертедегі өмірінде уақыт өлшемі, көлемдік өлшемі жағынан ерекше қызмет атқарған. Сонымен қатар бұл құбылыстың тарихы да ертеде жатқаны байқалады. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 сандарының қадір-қасиетін



біле отырып, әрбір сан жайлы ой толғанысын тудыру, білімге құштарлықты оятады.

Соңғы ширек ғасырда түркі халықтарының сан есімдері жөнінде бірталай еңбектер жазылып, диссертациялар қорғалды. Мәселен, академик В.А.Гордлевскийдің «Түркі тіліндегі елу сан есімі» атты арнайы еңбегі бар. Автор түркі халықтарының сан есімдерін өзіне дейін зерттеген В.В.Радлов, Н.Я.Марр, В.В.Бартольд сияқты академиктердің пікірлерін зерттеуінің негізіне алады. Сондай-ақ Г.Н.Потаниннің жалпы фольклор туралы, түркі-моңғол, славян, Скандинавия, Еуропа халықтарының шығармалары жайында жазған еңбектерінде де сандар туралы мәліметтер көптеп кездеседі. Ғалым өзіне дейінгі еңбектерге сүйене отырып, 3, 7, 9 сандарын киелі, қасиетті деп, ауыз әдебиетінде көбірек ұшырасатынын айтады. Бұл құбылыстың себебін Г.Н.Потанин аспандағы жеті планетаны дәріптеуден іздеу дұрыс емес екенін ескертеді. Мұндай пікірді басқа да көрнекті ғалымдардың еңбектерінен көруге болады. Бұл еңбектерде жалпы сандардың білдіретін ұғымдары, олардың адамның қоғамдық санасымен байланысты қаралады. Қазақ тілінде сандарды әртүрлі қырынан зерттеу үрдісі байқалады. Мәселен, сандардың ішінен киелі сандарды бөліп алып қарастыру үрдісі бар, сондай-ақ сан төңірегінде шоғырланған ойлардың мағынасы мен тарихы, сандардың жалпы фольклордағы немесе әдебиеттегі қызметі, көркемдік ерекшелігі, сандардың этнолингвистикалық сипаты, лингвомәдени мәнділігі де қаралып келеді.

Осындай зерттеулердің бастамасы ретінде І.Кеңесбаевтың еңбегін айтуға болады. Ғалым біршама фразеологизмдерге ұйытқы болған сандардың семантикалық қызметін аша отырып, олар көне замандағы діни сенімдермен байланысты болып шыққан киелі сандар деп қорытынды жасайды. Бұдан кейінгі жылдары да сандарға қатысты әртүрлі мақсаттағы лингвистикалық зерттеулер жүргізілді, мәселен, Л.Базен, Э.Р.Тенишев, В.И.Чернышев, Э.А.Умаров және т.б.

Қазақ тіл білімінде сандар жоғарыда көрсеткен І.

Кеңесбаевтың, сонымен бірге Ә.Хасенов, Ә.Қайдар, Н.Уәлиұлы, Т.Жанұзақов, Е.Қойшыбаев, Н.Оралбаева, Т.Сайрамбаев, Ж.Байзақов, А.Машанов, А.Елешева, Қ.Ғабитханұлы, Г.Шаһарман, Қ.Тажиев, Қ.Дүсіпбаеваның еңбектерінде әр түрлі аспектілерде қарастырылды.

Сан есім мәселесіне арнап 1927 жылы Ленинград қаласында «Сандарға қатысты тілдік мәселелер» атты үлкен конференция өтті. Бұл конференция ғалымдарды сандарды тек грамматикалық тұрғыда ғана емес, басқа жақтан да, атап айтқанда, дүниетаныммен байланысты зерттеу керектігін түсінгендігін көрсетті. Конференция негізінде жарық көрген мақалаларда «санға байланысты мәселелер шешуі қиын, өзекті, болашақта тынымсыз ізденуді талап ететін, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын зерттеу жұмысын қажет етеді» деген қорытынды ойлар жиі ұшырасады. Бұған дейін Ресейде сандарды тілдік тұрғыда зерттеп жүрген ғалымдардың «Сандар тобы» құрылған. Бұл топтың мүшелері: славян-албан тілдерінің маманы Н. С. Державин, славист М. П. Долобко, урал-алтаист Н. Н. Поппе (финтанушы, монголист), түркітанушы А. Н. Самойлович, үнді-еуропатанушы Л. П. Якубинский, египет сан есімі бойынша П. И. Воробьев, В. П. Томашевский, Я.Марр.

Жалпы түркі тілдеріндегі сан есімдер XVII ғасырдан бері қаралып келеді: В. В. Бартольд. «Система счисления Орхонских надписей в современном диалекте». XIX ғасырда жазылған еңбектердің ішінен Г. И. Рамstedтің еңбектерін де айта кету керек. Рамstedтің сандар саусаққа қатысты шыққан деген тұжырымын әсіресе бес сан есімінің этимологиясын білекпен байланыстыруын сол тұста ғалымдар жоғары бағалап, осы бағытта ізденістер жүргізді. Көне түркі жазба ескерткіштерінде де үш санымен келген этникалық және географиялық атаулар кездеседі.

Қазақ халқы тілге бай. Әр сөзін талдай білген, әр сөзіне мән берген халық. Қазақ үшін әр сөздің ғана емес, әр санның өзіндік қасиеті, шарифатқа қатысы, тәрбиелік мәні, саналы орны болған. Расында қазақ бір санынан бастап, әр санның қадірі мен

қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелігін саралай білген, орнына, маңызына сай қолданған. Әр санда өзіндік ие болатынын мақсаты мен мағынасы болатынын сезе, түйсіне білген.

Жалпы түркі халықтарында, соның ішінде қазақ халқында үш саны қасиетті болып есептелінеді. Мысалы:

Анаңды меккеге үш рет арқалап апарсаң барсаң да,  
қарызыңнан құтыла алмайсың;

Үш сөзін қазақ халқы жиі қолданады.

Ер кезегі үшке дейін.

Үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Үйірімен үш тоғыз.

Үш ұйықтаса түсіне кірмейді.

Жау үш шапса, жан қалмайды.

Жұт үш оралса, мал қалмайды.

Үш қат : Жоғары қат (аспан), Ортаңғы қат (жер үсті),  
Төменгі қат (жер асты).

Үш жүз: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз.

Үш тәтті: жан, мал, жар.

Үш дана: Абай, Шоқан, Ыбырай.

Үш жұрт: Өз жұрты, Қайын жұрты, Нағашы жұрты.

Үш асыл: көз, тіл, көңіл.

Үш кем: надандық, еріншектік, зұлымдық.

Үш сауап: Шөлде құдық қазу, өзенге көпір салу, жол бойына ағаш отырғызу.

Үш тағылым: Мейірімнен - сауап, жақсылықтан – марапат,  
жамандықтан – кесапат.

Үш ақиқат: Қымбат – шындық, арзан – өтірік, дауасыз –  
кәрілік.

Үш ғайып: Ажал ғайып, қонақ ғайып, несібе ғайып,

Үш тұл: Қайратсыз ашу тұл, қалусыз ғашық тұл, шәкіртсіз  
ұстаз тұл.

Үш қуат: ақыл, жүрек, тіл.

Үш байлық: денсаулық, ақ жаулық, он саулық.

Үш артық: адалдық, еңбексүйгіштік, өнерпаздық.

Үш кедейлік: кесірлік, менмендік, ұйқышылдық.

Үш билік: Дәулет, білім, патшалық.

Үш бақытсыздық: Жаман ат, жаман әйел, жаман көрші.

Үш ынтық: Еркін өмір, құрметке бөлену, пайдалы іспен айналысу.

Үш арсыз: Ұйқы арсыз, күлкі арсыз, тамақ арсыз.

Үш қуаныш: Алғысқа бөлену, көпке керек болу, артыңда ізгі іс қалу.

Үш қадірлі: Ырыс, бақ, дәулет.

Үш би: Үйсін Төле би, арғын Қазыбек би, алшын Әйтеке би.

Сан есім мәселесіне арнап 1927 жылы Ленинград қаласында «Сандарға қатысты тілдік мәселелер» атты үлкен конференция өтті. Бұл конференция ғалымдарды сандарды тек грамматикалық тұрғыда ғана емес, басқа жақтан да, атап айтқанда, дүниетаныммен байланысты зерттеу керектігін түсінгендігін көрсетті. Конференция негізінде жарық көрген мақалаларда «санға байланысты мәселелер шешуі қиын, өзекті, болашақта тынымсыз ізденуді талап ететін, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын зерттеу жұмысын қажет етеді» деген қорытынды ойлар жиі ұшырасады. Бұған дейін Ресейде сандарды тілдік тұрғыда зерттеп жүрген ғалымдардың «Сандар тобы» құрылған. Бұл топтың мүшелері: славян-албан тілдерінің маманы Н. С. Державин, славист М. П. Долобко, урал-алтаист Н. Н. Поппе (финтанушы, монголист), түркітанушы А. Н. Самойлович, үнді-еуропатанушы Л. П. Якубинский, египет сан есімі бойынша П. И. Воробьев, В. П. Томашевский, Я. Марр.

Орталық Азия университетінің хабаршысы,  
2013 / №4 (34).112-11466.

### Әдебиет

1. Е. Е. Түйте, А. Ғ. Әбдіғали. Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

2. Қазақ Энциклопедиясы, 7 том.

3. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005.

4. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Ғылымтану. Жалпы

редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын- Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006.

5. Уәлиев Н. Жұмбақ сандар // Жалын. 1988. 105-108 бб.

6. Киелі сан есімдер әлемі // «Шоқан тағлымы»-8. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. -Көкшетау: Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, 2003. - 28-33- б.

7. Қырық қазына. Ә. Доспамбетов. Алматы 1987

## **5.2 Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі шешендік сөздердің когнитивтік сипаты.**

Түркі халықтарының тарихи мұралары тарих, мәдениет, әсіресе тіл тұрғысынан алғанда аса құнды қазына екенін бағалай білу, таныту – кезек күттірмейтін негізгі міндеттердің бірі.

Аса құнды тарихи құндылықтардың бірі, қилы-қилы замандар өтсе де өшпей, өлмей, бүгінгі күнге жеткен, бүкіл түркі әлемінің рухын көтеріп, ұлылығын танытып отырған ескерткіштер – көне түркі ескерткіштері. Жазба мәдениетіміздің куәсі болған бұл ескерткіште ата-бабаларымыздың қилы кезеңдердегі ел үшін, жер үшін, еркіндік пен тәуелсіздік үшін жүргізген күресінің ерлік шежіресі сақталған.

Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, қол жеткізу арман болған осынау көненің көздерін тану, білу, дұрыс бағалау арқылы көне түркі ескерткіштерінің танымдық, тәрбиелік мәнін айқындауға болады.

Түркі қағандығының ел қорғаған қолбасылары Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегіннің ерлік істері туралы көне ескерткіш тілінде ерлікті, туған жер, атамекенді сүюді үйрететін ерекше жәдігерлер.

Көне түркі ескерткіштерінің ерекшеліктерін білу, мазмұнына үңілу, толық зерттеу - өскелең ұрпаққа ескерткіштердің танымдық-тәрбиелік мәнін көрсету үшін маңызды. Ұрпаққа ұлағат болатын көне түркі ескерткіштерінің тарихын тану, оның тілдік ерекшеліктеріне, рухани мазмұнына лайық баға беру, көне түркі ескерткіштерінің танымдық,

тәрбиелік мәнін ашуға өз септігін тигізеді.

Түркі халықтарының ең ежелгі жазба мәдениеті Орхон-Енисей жазуларынан басталады. Бұлардың ішінде мазмұны жағынан күрделі, көлемі жағынан үлкен ескерткіштер – Күлтегін мен Тоныкөк.

Бұлар «мен» арқылы баяндалатын шежіре, қағандар мен алыптардың, қаған қасындағы білгелердің (сәуегей шешендердің) жорықтары мен ел басқару ісін баяндайтын шежіре. Ал осы шежіреде Сыпыра жырауша, Асан қайғыша шешен сөйлеп, кету, толғап кету, мақалдап кету бар [1,58].

Шешендік сөз дегеніміз – тауып айтылған тапқыр сөз, ақылға қозғау салып, ой түсіретін даналық сөз, қиялға әсер етіп, сезімді қозғайтын көрікті де әсерлі сөз, бұра тартпас дәлелімен тамсандырып, таңдай қақтыратын білгір-білімді сөз, өтіп кеткен не өтіп жатқан оқиғаны жанды суреттей көз алдына алып келетін суретті сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жеткізетін терең мағыналы түйінді сөз [2,4].

Шешендік сөздің негізгі белгілері – А.Байтұрсынов айтқан баяндау, сипаттау, түсіндіріп беру сөзі қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кету. Р.Сыздықова айтқандай, шешендік сөздің әлеуметтік мәні бар тақырыпқа құрылуы, сүйенер дәлелінің мықты болуы, тыңдаушыға әсер ететін эстетикалық қасиетінің болуы, оларды белгілі бір іс-әрекетке ұмтылдыратын сөз болуы, Аристотель айтқан айқындылық пен түсініктілік – шешендік сөздің сапалары.

V-VIII ғасырдан сақталған сақталған, Орхон-Енисей, Талас өзендерінің бойынан табылған тастарға табылған тастарға таңбаланып мәңгілікке өз тарихын қалдырған ескі түркі жазба ескерткіштері түркі халықтарының тарихы, әдебиеті, тілі, салт-дәстүрі жайлы мағлұмат береді.

Ескерткіштердің Күлтегін, Білге қаған мен Тоныкөк туралы жазбаларында Ел атауын қастерлеп, Ел құру, Ел орнату тіркестерінің кездесуі туыстас хандықтардың ынтымағын, бейбіт өмір сүруін армандауынан келіп шыққан [3,17].

Бабаларымыз Бумын қаған, Істеми қаған, Елтеріс қаған, Күлтегін батыр, Білге қағандар Сары өзеннен (Хуанке ) Дунайға дейін созылып жатқан түркі тайпаларын біріктіріп, бір мемлекет құру мақсатын іс жүзінде асырған еді.

Мынау қағидалы сөздер олардың еліне, жұртына деген сүйіспеншілігін дәлелдейді:

Түрк бүдүн үчүн  
түн ұдымадым,  
күнтүз олұрмадым.

Чыған будунығ бай қылтым,  
аз будунығ уқыш қылтым.

Таңрі куч біртүк үчүн қаным  
қаған сүсі борі тағ армыс,  
йағысы қон тағ арміс

Түрік халқы үшін

түн ұйықтамадым,  
күндүз отырмадым.

Жоқ-жітік жұртты бай қылдым,  
аз жұртты көбейттім.

Тәңрі күш берген соң қаған  
атамның әскеі бөрідей  
жауы қойдай болды

«Осылар тәрізді халық эстетикасы қалыптастырған әсерлі сөз кестелері суреттемелі тізбектері ұтымды ақыл-нақылға саятын қаусырма бунақтар, салыстырма тармақтар т.б. өрнектер ескерткіш тілінде баршылық. Олардың бәрі де жазба мұралардың негізгі желісіне өріліп, онтайын тауып орныққан» [4,29].

Дүние жүзі мәдениетінің тарихында өзіндік орны бар Орхон ескерткіштерінің жазуларында бірде мадақтау, бірде жоқтау, бірде өсиет түрінде айтылған шешендік сөздердің, мақал-мәтелдердің алғашқы үлгілерін көреміз.

Ұза кок таңрі, асра йағыз йір Төбеде көк аспан, төменде қоңыр  
жер

Қылынтукда акін ара  
Кісі оғлы қылынмыс.

жаралғанда, екі ортасында адам  
ұлы жаратылған.

Йқа қалун болсар,  
топлағлук алп арміс,  
йіншіге йоған болсар,  
узгулук алп арміс.

Жұқа қалың болса,  
топтаған қалың ер.  
жіңішке жуандаса,  
Үзген – ер.





атауы да толық, түпкілікті қалыптасқанын көреміз: ол дәуірде *ой, ақыл* мағынасындағы *өге, білгә* сөздері қызмет еткен [1,60]. Әрі бұл сөздер жеке кісілердің сындық-сапалық қасиетін білдіріп, олардың атымен бірге қосарланып та айтылатын болған: *Білгә Тонүкүк бан өзүм* (Білге <ақылды> Тонүкүк мен өзім) [5,61]; *қағаны алп ерміс, айғучысы білгә ерміс* (ханы алып екен, айтушысы <кеңесшісі> ақылды екен) [5,63].

Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілін зертеуші ҚӨмірәлиев «сонау VIII ғасырда ауыз әдебиетінің белгілі жанры шешендік сөздің, шешендік толғау сөздің болуы шешендік толғау сөз ғана емес, оның өзіне негіз болған мақал-мәтелдердің тарихын да бұл дәуірден көп әріге сілтейді», - дейді [1,61].

Әрине, Орхон-Енисей жазуы дәуіренен жеткен жеткен мақалдарды біз дәл біле бермейміз. Бірақ:

//Йуіқа/ қалын/ болсар,//

//Топлағулық/алп/ерміс;//

//Йінчгэ/йоған/болсар,//

//Үзгүлүк/алп/ерміс,//, - деген шешендік сөзде шартты райдың *-са* жұрнағы мен есімшенің *-міс* жұрнағы жұптық бірлік жасаған. Тіпті Күлтегін ескерткішінде «*ырақ ерсэр, ағы бірүр; йағұқ ерсе, едгү ағы бірүр*» (Жырақ болсаң жаман ағы берер, жақын болсаң, езгі ағы берер) деген сөз мақалға өте жақын: мұның баяндауыш формалары, *-сар, -үр; -сар, -үр* түрінде жұп жасап қайталанса, өзге сөздері жырақ (*ырақ*) – жақын (*йағұқ*) ; жаман (*йаблақ*) – жақсы (*едгү*) түрінде жұп жасалған. Ал бұлар XI ғасырдағы жазба ескерткіштерінде кездесетін (бол) –са және (бол) – ар жұптығындағы мақал формаларын еске түсіреді [1,62].

Ph.D докторы, зерттеуші Н.Абдраимова да бұл ойды жалғастыра түседі: «Монғолия мен Енисейде табылған руналық жазулар маңызды тарихи деректер ғана болып қоймай, сонымен қатар көрнекті әдеби шығармалар қатарына жатады. Ерекше Білге қаған мен Күлтегінге ескерткішке жазылған тарихи шығарманы ерекше атап өтуге болады. Шығармадағы батырлар ерлігін бейнелеудегі шешендік өнер ерекше көзге түседі....

Орхон ескерткіштерінде, Ұлы Түрік қағанатының елеулі оқиғалары мен қағандардың өмірі, жүргізілген соғыстар нәтижелері мен ұрпақтарға қалдырған өсиеттері жазылған. Бұл өсиеттер өткенді жаңғыртуға және болашаққа көз салуға мүмкіндік береді» [10,45].

Б.Адамбаевтың зеттеулерінде қазақтың шешендік өнері тарихта, тарихи аңыздарда есімдері, сөздері сақталған Майқы би мен Аяз биден басталады. Бұл - XI-XIII ғасырлар аралығы. Мұны ғалым қазақ шешендік өнерінің бірінші кезеңі деп таниды.

Қазақ шешендік өнерінің екінші кезеңі XII-XVI ғ.ғ. камтиды да, оған Асан қайғы мен Жиренше шешен есімдерін жатқызады.

Қазақ шешендік өнерінің үшінші кезеңіне Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек секілді атақты батырлармен қатар Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты айтулы шешендер шыққан XV-XVI ғасырды жатқызады.

XVII-XIX ғасырларда өмір сүрген би-шешендер екіге бөлінеді: «Хан-сұлтандарға қарсы шешендер» деп, оған Байдалы би, Ер Жәнібек, Тіленші би, Шалқар шешендердің есімдерін жатқызады. Бұларды төртінші кезең деп есептейді.

Ал бесінші кезең «Бек-болыстарға қарсы шешендер» деп атап, оларға Сырым Датұлы, Досбол Қорлыбай баласы, Балаби Есенәлі баласы сияқты шешендерді, солардың есімдерімен байланысты шешендік сөздерді жатқызады.

Б.Адамбаевтың зеттеулерінде қазақтың шешендік өнерін осылайша бес кезеңге бөліп қарастырса, сол қазақтың шешендік өнерінің пайда болуының бастауы, өзегі, негізі болған, оған алғышарт болған осы Орхон-Енисей жазба ескерткіштері деп айтуға әбден болады.

Қорыта келгенде, «өз кезінің ұраншысы да, уағызшысы да болған көсем тілдің өрнекті сөз толғамдарын өзіне мықты арқау еткен» Орхон-Енисей көне жазба ескерткіштері түркі халықтарының сөз мәдениетінің басы ғана емес, шешендік сөздің де басы болып табылады.

Көне түркі руникалық ескерткіштері тек қана біздің заманымызға дейін сақталып жеткен тас үстіндегі жазулар ғана емес, сонымен бірге біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында қалыптасқан айрықша да бірегей дүниетанымдық құбылыс ретінде қарастыру қажет.

«Абылай ханның 300 жылдығына арналған  
Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары  
10 желтоқсан 2013 жыл, 334-337 бб

### Әдебиет

1. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы: «Ғылым» баспасы, 1976. - 267 бет.
2. Қосымова Г. Қазақ тілі: Шешендік өнер. Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. - 192 бет.
3. Нұрмаханов А. Түркі фразеологиясы. 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1998. - 272 б.
4. Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі. Алматы: 1996. - 174б.
5. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.Л.1951.-70с.
6. Сөз атасы. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер (V-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары бойынша құрастырылған жинақ). Алматы: «Жазушы» баспасы, 1987.-206б.
7. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1971.
8. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Оқу құралы. – Алматы, 1986.
9. Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Оқу құралы. – Алматы, 1996.
10. Абдраимова Н. Тянь-Шаньның солтүстігіндегі түркі мәдениетінің дамуы //Қаз ҰУ хабаршысы. №4 (49). 2009.

### 5.3 Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Тәңір» концептісінің лексикалық деривациясы

Көне түркілердің мәдениетін, тарихын, жазба мұраларын зерттеуші ғалымдар мемлекеттік қоғамда тәңіршілдік негізгі дін болғанын көлденең тартады. Десе де бұл діннің негізгі ұстанымдары мен шарттарын ешкім таратып айтып бере алмайды. Сақтар, үйсіндер, ғұндар, қаңлылар ұлы жаратушы тәңір ретінде Көкке табынған. Тасқа жазылған түрік бітігінде Тәңірінің мекені көкте деп көрсетілген. Көк аспан - тәңірінің бір сипаты. Аспан әлемі – шексіздіктің белгісі. Байырғы түркілер оны жақсы білген. Олар тәңіріні ешнәрсемен теңестіруге болмайтындығын түсінген. Ол кездегі түсінік бойынша Күн мен Көк аспан тәңірінің ұлықтығын білдіретін. Сол себептен де бұл екеуі «тәңір» сөзінің баламасы ретінде қолданған.

Көк Тәңіріне сыйынған көкке табынған көне түркілердің діні – Тәңіршілдік. Тәңірге табынудың басты объектісі – Тәңір. «Тәңір» сөзінің дефинициясын С.Ақатаев: «Таң» және «ер» сөздерінің бірігуінен шығуы мүмкін деп қарастырады. Бірінші буын «Таң» автордың пікірінше күннің шығуымен байланысты болса, «ер» - түркі тілдерінде ер адамды білдіреді. Осы тұрғыда Тәңір «Күн адам», «Аспан адам», яғни құдай дегенді білдіреді [1,67].

Түрік қағандығы кезінде тасқа қашалған түрік бітігін оқығанда да түркілер көк тәңірге сыйынғанын байқаймыз. Күлтегін және Тоныккөк ескерткіштерінде Тәңірі – түркілердің желеп-жебеушісі. Түркі халқы жойылмасын деп, ел болсын деп қағандарды жоғары көтерген тәңірінің өзі. Тас жазуларда өзге сыйынарлықтай құдірет иесі аталмайды [2,129].

Зерттеуші Ж.Сүлейменова «аспан немесе ғарыш түркілері» деген салыстырмалы трафаретті образды ұсынады: «Көк түркілер – «аспан немесе ғарыш түркілерінің» салыстырмалы трафаретті образы көне түркілердің ой-өрісі және дүниетанымының ұшқырлығын, кеңдігін, алыптығын көрсетеді. Себебі, «көк» ұғымы түркі тілінде аспан түсімен

аспан ұғымының детерминативті түсінігін қалыптастырады. Түркілердің тілдік түсінігінде «Көк», «Аспан» және «Тәңір» ұғымдары дәстүрлі түркі әлемінде семантикалық парадигма қалыптастырады. Қытай жылнамаларында көне түркілер – көк түркілер болып көрініс тапқан. Оны Орхон жазбалары қатарынан орын алған Күлтегіннің Үлкен жазуындағы: «Жоғарыда көк аспан, төменде қара жер жаралғанда, олардың арасында адам баласы пайда болды» деген мәтіннің мазмұнынан көруге болады. «Аспаннан шыққан немесе аспан түркілері» деген трафаретті образ көк түркілердің Уақыт пен Кеңістік арасындағы дара болмысына жасампаздық, патриоттық рух, пассионарлық қабілет сыйлаған. Аталмыш рух I Түркі қағанаты құлағаннан соң бүгінгі кезеңге дейін түркі ұлтының сақталып қалуына және сол ұлт негізінде әлемдік саяси аренаға өзінше аяқ алысымен бірнеше мемлекеттердің пайда болу және даму тарихына үлкен негіз болды салыстырмалы трафаретті образы салыстырмалы трафаретті образы» [3].

Ә. Марғұланның пікірінше: «Қытай жазбаларында ол кездегі ғұн, үйсін, қаңлылар өздерінің қоғам қорғайтын батыр, ерлерін «Тәңірі», «Күн» деп айтатын болған. «Тәңірі» көне түркі тілінде «құдыретті» деген мағынада жұмсалып, кейін табынатын, аспанға айналады» - деп атап көрсетеді.

Күлтегіннің кіші жазуында:  
Тәңрі йарлықадұқын үчүн,  
Өзім қутым бар үчүн,

Қаған олуртым.  
Қаған олурып, йок,  
Чығай будунуғ көп қобарттым

Чыған будунуғ бай қылтым.

Аз будунығ үкүш қылтым.  
Тоныкөк жазуында:  
Тәңрі анча теміс ерінч:

Аудармасы:  
Тәңрі жарылқағандықтан,  
Өзімнің бақытым  
болғандықтан,  
Қаған отырдым.  
Қаған болып, жоқ,  
кедей халықты көп  
көтердім,  
Кедей халықты бай  
қылдым,  
Аз халықты көп қылдым.  
Аудармасы:  
Тәңрі сонда былай деген екен:

Қан бертім, қанунун қодуп,

Ічікдүк үчүн

Тәңрі өлутміс ерінч.

Хан бердім, ханыңды тастап  
ічікдің. бағындың.

Бағынғаның үшін басқаға

Тәңрі сені өлімші етті.

Түркітанушы ғалым, профессор Сартқожа Қаржаубайдың: «Көне түркілер пайымында әлем – аталық пен аналықтан тұрады. Аталықтың көктегі символы – күн, аналықтікі – ай, жердегі аталықтың символы – тау, аналықтың символы – су. Бұлардың үстінде «Тәңір». Жаратушы күш біреу ғана, ол ұлы Тәңір деп түсінген. Түркілер «екі негіздік» дүниетанымды ұстана отырып, түркі әлемінің барлық болмыс-бітімін осы жұптық жүйеге бейімдейді», - деген ойына біз де қосыламыз.

Көне жәдігерлер тіліндегі басты ақпарат – Тәңірлік идеяның көне түркілік дүниетанымын сипаттайтын концептуалды жүйенің арқауына айналғанын сипаттайды. Тілдік деректер – Жалғыз жаратқан Ие – Тәңірге тағзым ету; мәңгі өзгермейтін әлем, Тәңір мекені – Көкті киелі санау; тіршіліктің өсіп-өркендеуін қамтамасыз етіп отырған, адам мекені – Жер-суды киелі санау; ата-баба рухын қадірлеу тәрізді негізгі төрт бағытты қамтыған [4,101]. Тәңірлік идеясы көне түркілердің тілдік санасына берік орныққан. Көшпелі түркі тайпаларындағы жан, аруақ туралы алғашқы діни түсінік – анимизм сақтар мәдениетінен жалғасып келе жатқан үрдіс [5,21].

Ежелгі дүниетаным иесі үшін жаратылыстың тылсым сырын, табиғаттың құпия құбылыстарын білуге деген талпыныс, тынымсыз ізденіс нәтижесінде жинақталған тәжірибе ұлттық дүниетанымның архиформаларын тудырады. Діни-мифологиялық Тәңірлік дүниетанымның бір буынын ата-баба рухын, аруағын ардақтау салтын құрайды. Көне түркі жазба ескерткіштерінің ішіндегі көлемділері – Білгеқаған, Күлтегін, Тоныкөк жазбаларының жазылу мақсаты да аруаққа құрмет көрсету, білікті қағандар мен олардың кеңесшілерінің өсиеттерін келер ұрпаққа жеткізу, жаугершілік кезіндегі ерлік істерін, елдің тұтастығын сақтаудың біліктілігін үлгі ету [4,101].

Көне түркі дүниетанымында Мемлекеттік билік Тәңір тарабынан берілген құт болып саналады. Сондай-ақ, көне түркілердің дүниетанымында, бағытынан адасқан қағандарды Тәңіркейде жазалап, қолдарынан мемлекетті алып қоятын болған. Түркілерде билік, яғни мемлекет басшылығы қағанның қолында болды. Мемлекет басшысы «қаған» деп аталды. Мұны Күлтегін, Тоныкөк жазбаларынан көру мүмкін. Деректерге қарағанда, отау, тақ, ту (бөрі басты байрақ), дабыл және жебе биліктің рәміздері болып есептеледі.

Тәңіршілдік көзқарастың танымдық тірегі – тәңірдің жасампаздық құдіретіне деген халықтық сенім. Дана, қарт Тоныкөк өзінің біліктілігін тәңірдің сиы ретінде қабылдайды, ал шын мәнінде ол білімді табғач елінде алған. Әрине, өзінің табиғи қабілетінің арқасында. Өзінің даналығын дәріптеу мақсатында қайталанып отыратын «қағаны алып екен, ақылшысы дана екен» деген сөз тіркесін жауларының аузына салып отырғандығы Тоныкөктің мақтаныш сезімінің айғағы болса керек.

Тәңір сөзі түркі халықтарында, атап айтсақ, ұйғырша - «тәңри», татарша - «теңре», қырғызша - «теңир», «теңир», өзбекше - «тангри», қарақалпақша - «теңир», монғолша - «тэнгэр», алтайша - «тенгри», құмықша - «тенгри», «тенгири», қарашай-балқарша - «тейри», хакасша - «тигир», «тер», якутша - «тангара» болып фонетикалық варианттарда айтылады.

Профессор Г.Сағидолла Тәңіріге байланысты қазақ және монғол тілдеріндегі фразеологизмдерге жан-жақты тоқталып, «Күллі ғаламның жаратушы Тәңірі адамның жарық дүниеге келуінен өмірден кетуіне дейінгі ғұмырының, кешер тағдырының да иесі деген идеяның тілдік көріністерінің құрылымдарында «Тәңірі-Адам», «Тәңірі-Өмір», «Тәңірі-Өлім», «Тәңірі-Ата (қаған)-Құт» мифологемалары өмір сүреді» [6,251], -деп зерделеген.

Көне түркілік дүниетанымдағы адамды қанаттандырып, “Тәңір–адам–әлем” шеңберінде қалыптасқан құндылықтар мен құбылыстардың, ұғымдық ұстындардың формалық және мазмұндық мәні осы жолды сомдап, нақтылау көне түркі мәдени қоғам адамы өз әлемін – құндылықтық жүйенің мен образдық-

символдық ойлау стилін қалыптастырған болатын. Құдіретке табыну дәстүрінде ойлау мен тіл, мәдениет пен дүниетаным арасындағы өзара үндестік реттелінді. Содан ұлттық дүниетанымның образды тарихи типі ықпалын арттырды.

Ескерткіштердегі жазуды оқу, талдау үлесіне тиген Дания елінің ғалымы В.Томсен құпия болып келген жазуларға ерекше мән берді. Томсен, ең алдымен, ескерткіштердегі таңбаларға назар аударды: Күлтегін және Білге қаған ескерткіштерінен сөздерді бөліп алып оларды қытай тілдеріндегі түрлерімен салыстырды, алайда ғылыми зерттеулер Түркі жазулары екенін анықтады. Томсен ең алғаш рет «Түрік» және «Теңрі» сөздерінен бастап оқыған. Бұл Тәңір концептісінің ежелден түркі тілдеріне тән екендігінің тағы бір айғағы.

Түрік қағандары шексіз билікке ие болмаған, билікті қалауынша пайдаланбаған, халықты қанамаған. Тәңірден құт алған олардың ұлт, халық алдында міндеттері болған. Тәңірден жаралғандықтан, Тәңірінің рақымына бөленген түрік қағандары Тәңірдің бұйрығымен күндіз тыным таппай, түнде ұйықтамай, жерін ұлғайтып, ашты тойындырған, жалаңашты киіндірген, азды көп қылған, бәрін бейбіт етіп, ел-жұртын бақытты еткен. Басы барды – идірген, тізесі барды – бүктірген, халықты татуластырған, дұшпандықты жойған.

Зерттеуші Аманқос Мектеп-тегі «Ғасыр жаңалығы немесе тәңірдің руникалық концепциясы» атты мақаласында «Тәңір» концептісін белгілі рунолог Тайжан Досановтың «Руника құпиясы» (Тайна руники) іргелі зерттеуі бойынша жаңаша зерделейді. «Еңбектің ғылыми құндылығы – ғаламшардың жаратылысы мен дүниедегі стихиялық күштердің тылсым сыры, Тәңірдің руникалық концепциясы туралы құпия ілімді Оғыз қаған [хан] арқылы адамзатқа таратқанынан ақпарат береді. Тәңірдің шарты бойынша адамзатқа жіберген ілімінің шешуін тапқан қабілет деңгейі мен биік өрісі биіктердің ғана пайдалануына қолжетімді. Жаратқанның бұл рухани қазынасын төрүк [түркі – Е.Ж.] тектес ру өкілдері ой-санасының кемелдігін танытып, біліктілігімен жұмбағын шешеді. Олар зеректігіне Тәңірдің құрмет белгісі ретінде тиісті генетикалық кілтті - рулық таңбасын алған. Сондай-ақ Тәңірдің назары ауған төрүк



тектес ұлыстың руникалық жазу таңбалары тұңғыш саналы пенденің дүниетанымын қалыптастыру мен рухани ағартуға қызмет еткен киелі құралы екені анықталып отыр. Сонымен бірге адамзатқа ортақ құндылық болып саналатын символдық (рәміздік ) белгілердің мәні мен маңызы туралы мағлұмат береді» [7,3].

«Тәңір» сөзінің мағынасын Тайжан Досанов: «Құдайдың аты –Тәңір =Тең+ІР (ІР) осы шақ пен келер шақтың форматы, екі бөліктен құралып, НАҚ ОРТАДА ТҰР деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, ТЕҢЕРІ =ТЕҢ (ортақ, тең) +ерІ (жері, орны) [бұл арада еР сөзінің қолданысындағыҮІІ мағынасында, яғни «нақ ортада тұрған» немесе «бәріне бірдей ортақ» дегенді білдіреді. [8,254] [аударма А.Мектеп-тегінікі]. [9,175]

Түркілердің Тәңірге деген сенімі өте зор болған және сол сенім оларға жұбаныш пен сабырлылық берген.Тәңірдің рахымына деген адам үміті ешқашан жойылмақ емес. Адам сол сенімнен қаншама күш-қуат алады.

Халықаралық практикалық конференцияның материалдары Алматы, 17-18 сәуір 2014,136-139 б.б.

#### Әдебиет

1. Акатаев С. Древние культы и традиционная культура казахского народа (монография). – Алматы, 2001. – С.67
2. Әлібекұлы А. Көне жазба ескерткіштеріндегі діни сенім // Жалпы тіл білімі және түркі тілдерінің өзекті мәселелері. - Астана, 2010, 129б
3. Сүлейменова Ж. Көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі адам және әлем модельдері.// «философия докторы» ( Ph.D) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.-Алматы, 2011.
4. Ескеева М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің лингво-ақпараттық әуелеті.// Жалпы тіл білімі және түркі тілдерінің өзекті мәселелері. -Астана, 2010, 101б.
5. Орынбеков М. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы. –Алматы: Ғылым, 1996.-168б
6. Сағидолда Г. Түркі-монғол бейнесінің тілдік фрагменттері. - Астана: Сарыарқа, 2011.-304б.
7. Мектеп-тегі А. «Ғасыр жаңалығы немесе тәңірдің руникалық концепциясы». Алматы: Ана тілі, 2010, 21 тамыз.
8. Древнетюркский словарь.- Л., 1969 С.175.
9. Досанов Т. Тайна руники.- Алматы: «Өлке», 518б.

### III – тарау. ҰСТАЗ ДЕГЕН ҰЛАҒАТТЫ АТАУ

#### 3.1. ӘРІШТЕСТЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚ ТІЛЕК ДАРЫНДЫ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Филология ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің ғылыми істер жөгіндегі проректоры Ахметжанова Зәуреш Қанашқызы биыл, яғни, 2007 жылы желтоқсанның 2- сінде 60 жасқа толып отыр.

Білікті ғалым жүзден аса ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектерді жариялады. Олардың ішінде монография, оқулықтар, сөздіктер, типтік бағдарламалар және жинақтап, қорытатын зерттеулер бар. Ғалымның ізденістерінде сондай-ақ салыстырмалы-типологиялық зерттеулер мен түркі тілдері түбірлерінің лексикалық мағынасын айқындауға айрықша мән беріледі. Бұл мәселелерге жеке монографиялар мен бірсыпыра еңбектер жазылды. З.Қ.Ахметжанованың іргелі еңбектерінің қатарына енетін «Түркі (қазақ, қырғыз, өзбек) және орыс тілдерінің лексикасын салғастырмалы зерттеу», «Қазақ және орыс тілдерін салғастырмалы-функционалды зерттеудің принциптері», «Салғастырмалы тіл білімі: қазақ және орыс тілдері» т.б. зерттеулерінің отандық тіл біліміндегі алатын орны ерекше.

Профессор З.Қ.Ахметжанованың ғылыми еңбектерінің дені қазақ және орыс тілдерін салғастырмалы-типологиялық жағынан зерттеуге арналған. Ғылым жұмыстарының бағыты – тіл теориясы, типология және салыстырмалы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, екі тілді лексикография, шет тілдері дәрісханасында қазақ тілі мен орыс тілін оқыту әдістемесі, аударманың лингвистикалық және лингводидактикалық мәселелері.

Зәуреш Қанашқызы – ғылыми кадрлар даярлау ісінде де

көпке үлгі. Ол кісінің жетекшілігімен 4 ғылым докторы, 47 ғылым кандидаты диссертация қорғады. Қазақ тілі құрылымы өзге тілдермен салғастырғанда, мәселен, ағылшын, француз, неміс, қытай, араб т.б. қазақ тілінің материалын көптеп пайдаланып, қазақ тіліне тән төл ерекшелік тұрғысынан салғастыруды талап етуінің өзі - профессордың ғылыми еңбек жолындағы белсенді атқарған ісі деп бағалауға болады.

Профессор қазіргі уақытта да көптеген кандидаттық және докторлық диссертацияларға жетекшілік етумен қатар, өз ғылыми ізденістерін жоғары оқу орындарында ұстаздық жұмыспен шебер ұштастырып келеді. Бірнеше жылдардан бері Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінде «Жалпы тіл білімі» теориялық курсынан, «Құрылымы әртүрлі тілдердің салғастырмалы типологиясы» курсынан дәріс оқиды.

**Құрметті Зәуреш Қанашқызы!** Сізді 60 жылдық мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, ғылыми шығармашылық табыс тілейміз!

Бүкіл шәкірттерінің атынан құттықтаушы - ғалымның докторанты Жанар Есеналиева.

Қазақ тілі мен әдебиеті 2007, №126 127 б.

### **Филология ғылымдарының докторы, профессор Л.Н.Таирбекованың ғылыми-педагогикалық қызметі**

Тіл білімінің маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің лингвистика теориясы және коммуникация кафедрасының меңгерушісі - Лейла Нушрewanовна Таирбекова 1944 жылы 27 мамырда Грузин ССР Тбилиси қаласында дүниеге келген. Оның отбасы 1950 жылы ҚазССР Алматы облысы Шелек районы Табаксовхозға көшірілді, ал 1956 жылы олар Алматы қаласына қоныс аударды.

Лейла Нушрewanовна 1963 жылы Алматы қаласындағы

№44 орыс орта мектебін бітіргеннен кейін шет тілдер педагогикалық институтының (қазіргі Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің) француз бөліміне түсіп, 1967 жылы бітіреді. Сол жылы институт жолдамасымен Целиноград қаласына (қазіргі Астана қаласы) Сәкен Сейфуллин атындағы Целиноград мемлекеттік педагогикалық институттың француз тілі кафедрасына француз тілінің оқытушысы болып жіберіледі.

1971 жылы Баку қаласына (отбасы жағдайына байланысты) қоныс аударады. Ол жақта В.И.Ленин атындағы Азербайжан педагогикалық институтының шетел тілдері кафедрасында, одан соң Азербайжан шетел тілдері институтының француз тілінің лексикасы кафедрасында дәріс берді.

Лейла Нушрewanовна 1985 жылы Баку қаласында 10.02.02 - СССР халықтарының тілі (азербайжан тілі) мамандығы бойынша «Азербайжан тіліндегі француз жалқы есімдері» атты кандидаттық диссертация қорғады.

Жұмыстың зерттеу нысаны орыс тілі арқылы азербайжан тіліне енген француз экзогендік ейдонимдерінің ерекшелігін көрсету болатын. Құрылымы әртүрлі екі тілді зерттеу барысында эйдонимдік галлорусизмдер көбіне сөздіктердегі белгілері арқылы салыстырылып, олардың лексикалық ерекшеліктері айқындалды. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы азербайжан тіліндегі бұрын-соңды зерттелмеген проблеманың күн тәртібіне қойылуы еді. Диссертация бойынша жасалған тұжырымдар лексикографиялық практикада сонымен қатар жалпы және жеке тілдер лексикологиясына қосқан ғалымның үлесі зор екендігіне дау жоқ.

Ғалым 1999 жылы Мәскеу қаласында Ресей ғылым академиясының тіл білімі институтында 10.02.20 – салыстырмалы-тарихи, типологиялық және салғастырмалы тіл білімі мамандығы бойынша «Экзогендік лексика ассимиляциясы» (азербайжан тіліндегі француз тұрпатты орыс кірме сөздері материалдары бойынша) деген докторлық диссертация қорғады. Ғылыми жұмыстың ресми оппоненттері филология ғылымының шыңына жеткен көрнекі ғалымдар

А.Н.Баскаков, В.Г.Гак және А.М. Курбанов болатын.

Экзогендік лексика ассимиляциясының жалпы заңдылықтарын көрсете отырып автор өзінің жеке көзқарасын ұсынады. Галлорусизмдер корпусын зерттеп, классификациялайды. Азербайжан тіліндегі кірме сөздердің енуінің ерекшеліктерін көрсетеді.

Ғалым екі монография, «Тілаларлық аударма мәселелеріне» еңбектер сериясы, лингвомәдениеттану, мәдениаралық коммуникация, шет тілдерді оқытудың әдістемесі, педагогика, жалпы тіл білімі бойынша барлығы 140 аса ғылыми мақалалардың авторы.

Өзінің ғылыми жұмысын француз тілінің оқытушысы болып бастаған Л.Н.Таирбекова Францияда Сарбонна университетінде, Греноблде, Монпельеде стажировкада болған.

Нидерландтың Утрехт университетінің филология факультетінде екі рет, Нью-Йорктағы Колумбия университетінде русист-оқытушылардың біліктігін арттыру курстарында 3 рет түркологиядан лекция оқыған.

Л.Н.Таирбекова Азербайжан шетел тілдері университетінің француз тілі лексикасы кафедрасының меңгерушісі, Қазақ-Түрік іскеи карьера және шет тілдері университетінде алғашында шет тілдері кафедрасының меңгерушісі, содан кейін сол университеттің ғылыми істер жөніндегі проректор болып қызмет атқарған. Қазіргі уақытта Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің лингвистика теориясы және коммуникация кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істейді.

Лейла Нушрewanовна – ғылыми кадрлар даярлау ісінде де өз үлесін қосуда. Ол кісінің жетекшілігімен 3 ғылым кандидаты диссертациясы, 1 докторлық диссертация, 4 магистрлық жұмыс қорғалды.

Ғалым қазіргі уақытта да көптеген магистрлік жұмыстарға жетекшілік етумен қатар, ұстаздық жұмысты да жалғастырып келеді. Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінде «Мәтін лингвистикасы» курсынан,

«Социолингвистика» теориялық курсынан дәріс оқиды.

### **Құрметті Лейла Нушревановна!**

Сізді 70 жасқа толған мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыс тілейміз!

Өзіңіз басқарып отырған лингвистика теориясы және коммуникация кафедрасының атынан – ғылым докторы Есеналиева Жанар Жорабекқызы.

ҚазХҚжӘТУ Хабарлары  
№2 (33) 2014.110-113бб.

### **Әдебиет**

1. Таирбекова Л.Т. Французские собственные имена в азербайжанском языке. Автореферат на соис. кан. фил. наук, Баку-1985, 25с.

2. Таирбекова Л.Т. Ассимиляция экзогенной лексики (на материале русских заимствований французского происхождения в азербайжанском языке). Автореферат на соис. док. фил. наук, Москва, 1999, 42с.

## **Профессор М.Т. Сабитова және филологияның өзекті мәселелері**

Филология ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің профессоры Марияш Тетешевна Сабитова биыл желтоқсан айының 20-сында 75 жасқа толды.

Білікті маман жүзге тарта ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектерді жариялады. Олардың ішінде монография, оқулықтар, типтік бағдарламалар және жинақтап қорытатын зерттеулер бар. Ғалымның негізгі еңбектері тіл білімінің көп ізденісті, жан-жақты зерттеуді қажет ететін аса жауапты салаларына – аударматану, мәдениетаралық коммуникация және салғастырмалы типологияға қатысты.

Лингвистикасындағы маңызды салалардың бірі – аударматану ғылымы. Бұл мәселенің әлі де қарастыратын, жеке талданатын проблемалары көп екені айғақ. Сонымен қатар бір тілден екінші тілге аудару жағдайының Қазақстан

Республикасында бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан тіл саясатына тікелей қатысы бар. 2001 жылғы 7 ақпанда Қазақстан Республикасының Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» шет тілдерін оқыту-үйретудің маңыздылығы, терминжасамды жолға қою, реттеу туралы айтылған болса, бұл аталғандардың барлығы да аудармаға байланысты болып шығады. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша да өзге тілдерден қазақ тіліне аударылған көркем әдебиеттің қорын жасау айтылады. Демек, бүгінгі таңда қазақ мәдениетінде де, тіл ғылымында да аударманың практикалық жұмыстарын өрістетуде, оның қыр-сырын, теориясын жіті білуге профессор М.Т.Сабитованың аударматануға арнаған зерттеулерінің үлкен септігі тиері сөзсіз.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында тіл саясатының батыл, қарқынды, әрі оңтайлы түрде жүзеге асырылып келе жатқандығына, қазақ тілінің қоғамдық қызметі аяларының кеңейе түсуіне байланысты қазақ лингвистикасы жаңа ғылыми парадигмаларды қалыптастыруға және дамытуға, бұрын қолға алынған ғылыми бағыттарды тың арнада қарастыруға, осы бағыттарды соны пікірлермен, практикадан алынған тәжірибелердің қорытындыларымен толықтыруға бет бұрды. Басқаша айтқанда, соңғы жылдары сөздің семантикасы адам әлемімен, ғаламның тілдік бейнесімен және адамның когнитивті қабілетімен тығыз байланыста талданатын болды.

Тілді зерттеудің жаңа бағыттары бір тілден екінші тілге аударудың бұрын айтылып келгеніндей тек үдеріс емес, сонымен қатар мәдениетаралық коммуникация, сөйлеу актісі, адамның коммуникативті мінез-құлқы сияқты мәселелерге тығыз байланысты екендігін айқын көрсетіп берді. Марияш Тетешевна Сабитова тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі – мәдениетаралық коммуникацияға да өз үлесін қосуда. Ғалымның көп ізденіп, атақ, дәреже алған еңбектері – осы аударматану, мәдениетаралық коммуникация және салғастырмалы типология саласында жазған ғылыми жұмыстары.

М.Т.Сабитованың ізденістеріндегі салғастырмалы-типологиялық зерттеулеріне, құрылымы әртүрлі тілдердегі фразеологизмдерді салғастырған жұмыстарына ерекше тоқталғымыз келеді. Бұл мәселелерге жеке монография мен бірсыпыра еңбектер жазылған. Ғалымның іргелі еңбектерінің қатарына енетін «Фразеологизмдерді салғастырмалы талдау мәселесі», «Қазақ және неміс тілдеріндегі компаративті фразеологизмдерді салғастыра оқыту», «ЖОО-да фразеологизмдерді салғастыра оқытудың негізі» т.б. зерттеулерінің отандық тіл білімінде алатын орны ерекше.

Профессор М. Т. Сабитованың ғылыми еңбектерінің дені құрылымы әртүрлі қазақ және неміс тілдерін салғастырмалылы-типологиялық жағынан зерттеуге арналған. Әсіресе 1992 жылы шыққан «Неміс және қазақ тілдерінің салыстырмалы фразеологиясы» атты оқу құралына, 1999 жылы шыққан «Қазақ және неміс тілдеріндегі фразеологизмдерді салғастырудың негізі» атты монографияға, 2006 жылы жарық көрген «Неміс, орыс, қазақ тілдерінің фразеологиясының салыстырмалы типологиясы» атты дистанциондық оқу құралына ғалымдар оң баға беріп, салғастырмалы типологияға қосылған елеулі үлес деп таныды.

Халықтың өмірі, дүниеге көзқарасы фразеологизмдерде сақталғаны белгілі. Лингвистика ғасырлар бойы тілде сақталып келген фразеологизмдердің рөлін анықтауға тырысады. Фразеологизмдер – ұлттық болмысымызды танытатын бай мұраларымыздың бірі, халқымыздың рухани көрсеткіші. Фразеология - әлемнің тілдік бейнесінің үзіндісі. Ол дүниені сипаттап қана қоймайды, оны түсіндіреді, оған бағасын және көзқарасын білдіреді. Фразеологизмдерде ұлттық мәдениеттің ерекшелігі көрінеді, әдет-ғұрпы, салт-санасы мен ұлт мәдениетінен, тұрмыс-тіршілігінен хабардар етеді. Онда халықтың дүниетанымы, көңіл-күйі көрініс табады. Фразеологизмдер халықтың рухани құндылықтарын білдіреді, оның өткенімен, салт-дәстүрімен, ұлттық ерекшелігімен таныстырып, халыққа тән мінез-құлқын ашады. Олай болатын



болса, профессор М.Т.Сабитованың салғастырмалы типологиялық зерттеулері қазақ және неміс фразеологизмдердің төл ерекшеліктерін түсінуге жол ашады.

М.Т.Сабитова өзінің салғастырмалылы-типологиялық зерттеулерінде лингвистикалық салғастырмалы талдаудың қиындығы мен аздығын көрсете отырып, тілдердің түрлі топтарына және салғастырудың кез келген деңгейінде қолдануға болатын кейбір ұстанымдарды анықтап, оларды жіктеп көрсетеді:

1. Жеке тілдерді зерттеу салыстыра, тұтастай және кезеңмен жүргізілуі тиіс, жеке тілді зерттеу тіларалық зерттеуден бұрын басталады;

2. Ұқсастықтар мен айырмашылықтарға салғастырмалы талдау – салғастыру бірліктері арасындағы объективті ұқсастыққа негізделеді;

3. Тілдегі бірліктерді салғастыру және тілдерді зерттеудің біртұтас теориясы негізінде жүргізілуі тиіс. Біртұтас ұғым – терминологиялық аппарат көмегі арқылы жүзеге асады;

4. Бір жақты немесе екі жақты салғастыру; оның нәтижелерінің салғастыру барысы, мазмұны біржақты (А тілінің ерекшелігін Б тілінің ерекшелігіне қатысты зерттеу немесе керісінше), немесе екі жақты (А және Б тілдерін қатар талдау) болуы мүмкін.

5. Салғастырмалы талдау тілдік формадан мазмұнға (семасиологиялық жол) немесе мазмұнын оның айтылым тәсіліне қарай (ономасиологиялық жол) бағытталады. Салғастыра зерттеуде осы екі жол өзара үйлесіп тұрады.

6. Салғастыра зерттеу синхронды-салғастыру немесе диахронды- салғастыру болуы мүмкін.

7. Салғастырмалы талдаудың көздері: салғастырылушы тілдің түпнұсқа материалдары.

Лингвистикалық типология зерттеу нысанына қарай жеке және жалпы типология сабақтастығына құрылғанын ескерсек, жалпы мен жалқының байланысы қазіргі зерттеулердің өзегіне айналып отыр. Жеке типология – бір тілдің құрылымдық

ерекшеліктерін, жүйелік нормаларын сипаттай отырып, бір немесе бірнеше халықтар үшін маңыздылығын анықтауға бағытталса, жалпы типология – барлық тілдерге ортақ болатын қалыптасу, даму ұстанымдарын сұрыптауға негізделеді. Жеке типологияның дамуы арқылы, салғастырмалы-типологиялық зерттеулер негізінде қалыптасқан жалпы типологиялық мәселелер тілдерге тән толып жатқан ортақ сипаттардың, универсалды құбылыстардың табиғатын, себеп-салдарын ашуды мақсат етеді. Соның нәтижесінде лингвистикалық әр деңгейдің өз даму принциптерін сұрыптауға болатын ұстанымдар желісі анықталып, жалпы ереже – «тіл атаулының барлығына ортақ жалпы заң», жалқы ережелер - әрбір тілдің өзіндік даму ерекшеліктерін сипаттайтын нормалар болып есептеледі. Екі бағыттың да типологиялық тіл білімі үшін маңызы зор. Өйткені кез келген тілдің «қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы адам баласының тілін сипаттайтын жалпы заңдылықтармен» қатар «нақтылы бір тілдің өзіне тән, оны басқа тілдерден бөліп қарауға мүмкіндік беретін жеке заңдарын ажырата білу қажеттігі» орын алады. Сондықтан бүгінгі күні жеке тілдік фактілерді жалпы тіл табиғаты негізінде талдау қажеттігі сол байланыстың уәжді жалғасы болып табылады.

Құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық зерттеуде жеке тілдің типологиясы болсын, жалпы типологияда болсын жоғарыда көрсетілген ұстанымдардың тигізер пайдасы орасан.

Сондықтан оларды лингвистикалық типологияда пайдалану салғастырмалы-типологияны дамытуға, лингвистикалық типологияның метатілін байытып, қалыптастыруға ықпал жасайды. Қазақ тілін басқа тілдермен салыстыра және салғастыра зерттеуді дамыту – ана тіліміздің аясын кеңейтіп, мемлекеттік тіл ретіндегі статусы мерейінің үстем болуына әсер ететіні сөзсіз.

Мәрияш Тетешевна – ғылыми кадрлар даярлау ісінде де көпке үлгі. Ол кісінің жетекшілігімен 15 ғылым кандидаты диссертация қорғады. Сол 15 ғылым кандидатының 12-сінің зерттеу тақырыптары салғастырмалы типологиядан болды.

Қазақ тілінің құрылымы өзге тілмен мәселен, қазақ және неміс тілдерін салғастырылғанда, қазақ тілінің материалдарын көптеп пайдаланып, қазақ тіліне тән төл ерекшелік тұрғысынан салғастыруды талап етуінің өзі – профессордың ғылыми жолындағы белсенді атқарған ісі деп бағалауға болады.

Ғалым қазіргі уақытта да көптеген магистрлік және докторлық диссертацияларға жетекшілік етумен қатар, өз ғылыми ізденістерін ұстаздық жұмыспен шебер ұштастырып келеді. Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінде «Мәдениетаралық коммуникация теориясы мен практикасы» курсынан, «Тілдердің салғастырмалы типологиясы» теориялық курсынан дәріс оқиды.

### **Құрметті Мәрияш Тетешевна!**

Сізді мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!  
Сізге зор денсаулық, ғылыми шығармашылық табыс тілейміз!

Көп шәкірттеріңіздің бірі – ғылым докторы Есеналиева Жанар Жорабекқызы.

ҚазХҚжӨТУ Хабарлары  
№1-2 (32) 2014,36-41бб.

### **Әдебиет**

1. Сабитова М.Т. Основы сопоставительной фразеологии. Монография. «Әлем» Алматы,1999.
2. Сабитова М.Т. Неміс және қазақ тілдерінің салыстырмалы фразеологиясы. Оқу құралы. Алматы,1990.
3. Сабитова М.Т. Сравнительно-типологическое изучение фразеологизмов. Вестник Евразийского университета, №3, Ақмола, 1996.
4. Есеналиева Ж.Ж. Құрылымы әртүрлі тілдердің салғастырмалы типологиясы. Алматы, 2009, 220б.
5. Есеналиева Ж.Ж. Лингвистикалық типология негіздері (Жоғары оқу орындарының студенттеріне және магистранттарға арналған оқулық) Алматы, 2009,120б.

**3.2 Филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Ж.Есеналиеваның жетекшілік етуімен магистрлік диссертация қорғаған магистрлер**

1. Жанар «Қазақ тіліндегі қалып етістіктері және оның жапон тіліндегі сәйкестіктері» 6MO21000 - Шетел мамандығы бойынша білім магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2012
2. Толқын. «Қазақ және Қытай тіліндегі тыныс белгілерінің ерекшеліктері». 6MO21000 - Шетел мамандығы бойынша білім магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2012
3. Касымова Г.Б. Шет тілін оқытудағы қазіргі заманғы инновациялық әдіс-тәсілдер. 6M011900 «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша білім магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2015.
4. Садиқова Ж.А. Ағылшын тілі сабағында интернет ресурстарын қолдану. 6M011900 «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша білім магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2015.
5. Жунисбекова Салтанат. Интенсивное обучение английскому языку, учащимися средних классов общеобразовательных школ во внеурочное время. Алматы, 2017.
6. Назарбаева Ұлмекен. Жеке тұлғаның қалыптасуындағы шет тілінің рөлі. 6M011900 Шет тілі: екі шет тілі мамандығы бойынша білім магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Алматы, 2017.
7. Ағыбаева Ардақ. Жүйеленген контекстегі ағылшын тілінің мәтіндерінің семантико-функционалдық ерекшеліктері. 6M011900 «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша білім магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2017.
8. Оразбаева Мәдина Бахтиғаниқызы. Особенности перевода юридических терминов. Специальность 6M02700 «Переводческое дело» диссертация на соискание ученой степени магистра гуманитарных наук, Алматы, 2018
9. Еселбай Жадыра Қайратқызы. Мектепке дейінгі балаларды ағылшын тіліне оқытудың өзіндік ерекшеліктері. 6M011900 Шет тілі: екі шет тілі мамандығы бойынша білім магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Алматы, 2018.
10. Дәрмеш Назгүл Мақатқызы. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік-танымдық қабілетін арттыру жолдары. 6M011900 «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша білім магистрі дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2020.
11. Ильясова Жанар. Шет тілін оқыту процесіндегі психологиялық стратегиялар. . 6M011900 «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша білім магистрі дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2020.

### 3.3 Филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Ж.Есеналиеваның жарияланған ғылыми еңбектерінің тізімі

№ п/п	Атауы	Қолжазба немесе басылып шыққаны	Баспа атауы, журнал (жыл, №)	б.т. немесе бет саны	Бірлескен авторлардың аты жөні
<b>Монография, оқулық, оқу құралдары</b>					
1	Құрылымы әртүрлі тілдердің салғастырмалы типологиясы ( <b>Монография</b> )	Баспа	Алматы: Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, 2009.-219 б.	15 баспа табақ	
2	Лингвистикалық типология негіздері ( <b>Оқулық</b> )	Баспа	Алматы: Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, 2009.-120 б.	7,5 баспа табақ	
3	Когнитивтік лингвистик теориясының негіздері ( <b>Оқулық</b> )	Баспа	Алматы: Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, «Полилингва» баспасы, 2018.-152б.	10 баспа табақ	
4	Салғастырмалы тіл білімі ( <b>Оқулық</b> )	Баспа	Алматы: Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, «Полилингва» баспасы, 2020.-194б. (УМО РУМС)	12,8 баспа табақ	
5	Абай және Шығыс тілдері ( <b>Монография</b> )	Баспа	Алматы: Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, «Полилингва» баспасы, 2021.-230б.	18 баспа табақ	
<b>Скопус базасында индекстелген халықаралық басылымдарда жарияланған еңбектері</b>					
6	The Versatility of Typological Classification of Languages and the Priority Structure of the Language	Баспа	International Journal of Educational Science and Research (IJESR) ISSN(P):2249-6947 ISSN(E):2249-8052 Vol.4, Issue 6, Dec 2014, 23-26 © TJPRC Pvt. Ltd.	3 б.	

7	Communication of Cognitive Linguistics to Cultural Linguistics	Баспа	International Journal of Educational Science and Research (IJESR) ISSN(P):2249-6947 ISSN(E):2249-8052 Vol.4, Issue 6, Dec 2014, 23-26 © TJPRC Pvt. Ltd.	36.	Smagulova A.S. Ismagulova B.KH.
8	The semantic peculiarities of phraseological units, “human character” as a means of estimation	Баспа	Journal of Scientific Research and Development 2 (9): 111-115, 2015 Available online at www.jsrad.org ISSN 1115-7569 © 2015 JSRAD Volume 2.Special Issue 5, August,2015	36.	Sarsembayeva A, Tulenbergenova N, AitmukhametovaK, Assanova G, Kalibekuly T, Telyapova A, Yugai Y, Raikhan B, Nurzhaubek A.
9	English idioms describing a person's character	Баспа	X Linguae European Scientific Language Journal ISSN 1337-8384 e ISSN 2453-711X Volume 11 Issue 3, June, 2018 pp.166-175 www.xlinguae.eu/files/3_2018.jpg DOL:10.18355/XL.2018.11.03.16	106.	Sarsembayeva A, Tulenbergenova N, Assanova G, Kalibekuly T,
<b>Өзге базаларда индекстелген халықаралық басылымдарда жарияланған еңбектері</b>					
10	Language in the context of intercultural communication	Баспа	«Будещите исследования-2015» 17-22 февраля, 2015 том.10, филологични науки стр.7-11.	56.	
11	Понятие «Концепт» в когнитивных и дискурсивных исследованиях	Баспа	Philological theories and their application in translation and in practice Dratislava 2015 127-133	66.	

12	Konceptualization and categorization in cognitive linguistics	Баспа	Science and civilization-2015 30January-07February 2015 Volume 14 Philological sciences. Sheffield.	46.	Smaglyova A Mansurova G
13	The semantic peculiarities of phrase logical units, "Human character" as a means of estimation	Баспа	Journal of Scientific and Development 2(9):111-115,2015. Available online at www.jsrad.org.	86	
14	Main directions of the modern cognitive linguistics	Баспа	Science and Education October,2015 Germany 180-183	66.	Smaglyova A Tusupova A Sadykova Zh
15	Language in the context of intercultural communication	Баспа	Настоящи изследвания и развитие-2015, том 11 Филологични науки, София «Бял ГРАД» ООД, 55-58 С.	56	Smaglyova A
<b>ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда және басқа басылымдарда жарияланған еңбектері</b>					
16	Абай тіліндегі араб сөздерінің варианттары жайында	мақала	Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1984, 4/64/.29-34 б.б.	56.	
17	Арабские и иранские заимствования в произведениях Абая	тезис	Тезисы Межвузовской конференции молодых ученых и специалистов Казахского университета. ч. II. Алма-Ата, 1990.	с.74.	
18	Абай шығармаларындағы араб және парсы сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері	мақала	Қазақ тілі – ғылым тілі. Алматы: Ғылым, 1990.	96.	

19	«Абай тілі сөздігіндегі» араб, парсы сөздерінің берілуі	мақала	Қазақстан Ғылым Академиясының Хабарлары. Тіл,әдебиет сериясы, 1992, 6/78/44-48 б.б.	5б.	
20	Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Араб жазуынан қазіргі жазуға көшіріскен: Ж.Есеналиева	Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектер	Алматы «Ана тілі» 1992.	268 б.т.	
21	Особенности употребления арабизмови фарсизмов в произведениях Абая.	автореферат	Автореферат дисс. на соис. уч. степ. к.ф.н . Алматы, 1993.	30б.	
22	Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің лексика-семантикалық сипаты.//Абай және қазіргі заман (Өмірі мен әдеби мұраларының жаңа кырлары)	Диссертацияның негізгі тарауы	Алматы «Ғылым»1994. 169-182 б.б	13б.	
23	Электрондық оқулықтардың тиімділігі және оқитудың жаңа әдістері	мақала	Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары /20 февраль 2003ж./ Алматы, 2003, 49-53 б.б.	5б.	



24	Қазақ және араб тілдерінің фонетикалық ерекшелігі.	мақала	Қазақстан республикасы мәдениетаралық кеңістікте. // <b>Халықаралық</b> ғылыми-тәжірибелік конференция. Алматы, 2003, 445-449 б.б	5б.	
25	Практический казахский язык для начинающих»	Электронды оқулық	Абылай хан атындағы ҚазХКжӘТУ, 2004ж.	360мғб	
26	Лингвистикалық типологияның салалары.	мақала	Тіл-мәдениет-адам. // <b>Республикалық</b> ғылыми-тәжірибелік конференция. Алматы, 2004. 229-234 б.б.	6б.	
27	Қазақ және араб тілдерін салғастыра зерттеу мәселесіне.	мақала	Академик А.Т.Қайдар және тіл білімінің мәселелері. // <b>Халықаралық</b> -ғылыми-теориялық конференция. Алматы, 2004, 604-608 б.б.	5б.	
28	Салғастырмалы типологияның кейбір мәселелері туралы.	мақала	Академик Ш.Ш.Сарыбаев және қазақ тіл білімі мәселелері. // <b>Халықаралық</b> ғылыми-теориялық конференция Алматы, 2005. 724-730 б.б	6б.	
29	Араб тілінің типологиялық сипаты жайында.	мақала	ҚХКжӘТУ хабаршысы Қазіргі компаративтік зерттеулердегі қазақ тілінің орны. // <b>Республикалық</b> ғылыми-теориялық конференция. Алматы, 2005, 147-151 б.б.	5б.	
30	Жалпы тіл біліміндегі сөз таптарының концепциясы	мақала	«Тіл және әдебиет: кешегі мен бүгіні» атты <b>халықаралық</b> ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. 5сәуір 2006 ж., Алматы, 177-181 б.б.	5б.	

31	Араб тілінің сөз құрамы жайында.	мақала	Қазақстанның рухани дамуы және жаңа тілдік саясат Республикалық ғылыми-практикалық 21 ноябрь 2007ж. 199-204 б.б.	5б.	
32	Оқу үрдісіндегі типологиялық метатілді моделдеуді ғылыми-зерттеу бағытына бейімдеу.	мақала	КазУМОиМЯ «Моделирование в системе профессионального образования: проблемы и пути решения» республиканская научно-практическая конференция 14 февраля,2007, 210-215 б.б	6б.	
33	Тілдегі типологиялық басымдылық / детерминант/.	мақала	Профессор Б. Хасановтың 70-жылдық мерейтойына арналған <b>халықаралық</b> конференция.14наурыз, Алматы,2007, 677-682 б.б	6б.	
34	Тілдің универсалды және жеке типологиясы.	мақала	Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы үздіксіз білім беру модернизациясы. <b>Халықаралық</b> ғылыми-практикалық конференция материалдары.23-24 май, 2007ж, Алматы,171-176 б.б	6б.	
35	Отандық лингвистикалық зерттеулердегі салғастырмалы типологиялық ұстанымдар	мақала	Ұлағат.-2007.-№6. 34-40 б.б.	7б.	
36	Тағы да фонема туралы.	мақала	Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде.-2007.-№12. 3-10 б.б.	6б.	

37	Дарынды ғалым, ұлағатты ұстаз. /Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор З.Қ.Ахметжанованың 60 жылдық мерейтойына арналған/.	мақала	Қазақ тілі мен әдебиеті.-2007.-№12.	1276.	
38	Тілдің типі деген не?	мақала	Министерство образования и науки РК. Казахский национальный педагогический университет имени Абая. Язык: система, функционирование и моделирование /сборник научных трудов/. Алматы, 2007, 74-79 б.б.	56.	
39	Лингвистикалық типология немесе тілдер типологиясы.	мақала	Қазақ тілі мен әдебиеті.-2007.-№12. 37-43б.б.	76.	
40	Оқу үрдісіндегі типологиялық метатілді моделдеуді ғылыми-зерттеу бағытына бейімдеу.	мақала	КазУМОиМЯ «Моделирование в системе профессионального образования: проблемы и пути решения» республиканская научно-практическая конференция 14 февраля, 2007, 210-215с.	66	
41	Араб және қазақ тілдеріндегі сөз таптарының салғастырмалы типологиясы.	мақала	Шетел тілін оқыту әдістемесі.2008ж №1(21). 23-29 б.б.	76	
42	Салғастырмалы типологиялық зерттеудің әдіс-тәсілдері	мақала	Шетел тілін оқыту әдістемесі.2 (22).2008ж 11-15 б.б.	56.	

43	Құрылымы әр түрлі тілдердегі буын мәселесі.	мақала	Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2008- №1,15-19бб.	5б	
44	Типологиялық жіктемелердің негіздері	мақала	ҚазХҚжӘТУ Хабаршы филология сериясы 1 /18/ 2008, 88-92 б.б.	5б.	
45	Типологиялық және салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімінің мәселелері	Типтік бағдарлама	ҚазХҚжӘТУ,2008ж.	0.5 б.т.	
46	Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырмалы-типологиялық зерттеу.	мақала	ҚазМУ–де өткен халықаралық конференция. 23-24 наурыз, 2008ж. 76-80 б.б.	4 б.	
47	Типологиялық тіл білімінің пәні, мақсаттары мен міндеттері	мақала	«Султаньяев оқулары» атты <b>халықаралық</b> ғылыми-методикалық конференция 26 ақпан, 2008ж.Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік Университетінің Хабаршысы Филология сериясы №1-2 / 2008.105-108 б.б.	4б.	
48	Лингвистикалық типологияның өзекті мәселелері	мақала	Известия вузов. – Бишкек, 2008. 139-141бб	4б	
49	Типологиялық изоморфизм сипаты	мақала	ҚазХҚжӘТУХабаршы Филология сериясы №2 /19/ 2008, 32-37 б.б.	5б.	

50	Жоғары оқу орындарында араб тілін шет тілі ретінде оқытудың типологиялық-салғастырмалы аспекті	мақала	«Ментальділіктің тілдегі көрінісі» Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Ақтөбе, 2008. 196-201бб	66	
51	Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырмалы-типологиялық зерттеудің негізгі принциптері.	мақала	ҚазХКЖӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. -2008.- №3 (20). 39-43 бб	46	
52	Қазақ және араб тілдерінің грамматикалық жүйесіне салғастырмалы талдау	мақала	Байынқол Қалиұлы Қалиевтің 70 жасқа толу мерейтойына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2009. 39-43 бб	56	
53	Типологиялық доминанта разноструктурных языков	мақала	Вестник Киргизского государственного университета строительства транспорта и архитектуры. Филологические науки. -2009.- №2(24). С.142-145.	46.	
54	Қазақ және араб тілдерінің фонологиялық жүйесінің типологиялық көрсеткіштері	мақала	Ұлт тағылымы. -2009. - №3 (1). 275-279бб.	56.	
55	Араб тіліндегі грамматикалық мағынаның берілу жолдары	мақала	Тілтаным. -2009.- №3 (35). 276-279 бб.	46.	

56	Араби-стикадағы салғастырмал типологияның зерттелу аспектілері	мақала	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. 2009.- № 3 (48). 56-62 бб.	76.	
57	Қазақ және араб тілдеріндегі грамматикалық категориялар	мақала	Қытай халық республикасы, Іле газеті, -2009. -20 тамыз	46.	
58	Қазақ және араб тілдерінің морфологиялық жүйесіндегі типологиялық константтар	мақала	Ізденіс (гуманитарлық ғылымдар сериясы). -2009. - №4. 187-191 бб.	56.	
59	Жалпы тіл біліміндегі лингвистикалық типологияның даму тенденциясы	мақала	«Этнос және тіл» Академик Ә.Т.Қайдаровтың 85жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2009. 112-115 бб.	56.	
60	Фонология: жүйе, құрылым ұғымдары	мақала	ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. - 2009.- №5 (177). 6-10 бб.	56	
61	Грамматикалық категориялардың құрылымы әртүрлі тілдердегі көрінісі	мақала	Медицина білімі – мемлекеттік тіл аясында» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2009. 95-98бб	46.	
62	Қазақ және араб тілдерінің морфологиялық жүйесінің типологиясы	мақала	Қытай халық республикасы, Іле жастары (зерде сериясы). -2009. №11.	41-44 бб.	

63	Тілдер типологиясы және лингвистикалық универсалийлердің негізгі типтері	мақала	ҚХҚ жӘТУ Хабаршысы, Филология сериясы. - 2010. - №2 (24). 418-423 бб.	66.	
64	Құрылымы әртүрлі тілдердегі сөз тіркесінің функционалдық ерекшеліктері	мақала	ҚХҚ жӘТУ Хабаршысы, Филология сериясы. - 2011. - №2, 69-74 бб	66.	
65	Когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдарының сипаты	мақала	Қазақ тілінің тарихы мен түркітану мәселелері. Халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары. Алматы, 2011, 262-266 б.б.	56.	
67	Танымдық лингвистиканың негізгі ұғымдары	мақала	Профессор Б.Әбілқасымовтың туғанына 80 жыл толуына арналған «Қазақ тілінің тарихы мен түркітану мәселелері» атты конференция 4 қараша 2011.	56.	
68	Когнитивтік лингвистиканың бастауы	мақала	Орталық Азия университетінің хабаршысы, 2012 / №4 (30).75-78 бб.	56.	
69	Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі шешендік сөздердің когнитивтік сипаты	мақала	Абылай хан мұрасы: идеялардың өзара байланысы және сабақтастығы атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция 10 желтоқсан 2013, 334-338бб.	46.	
70	Тілдер типологиясы және салғастырмалы типология негіздері	мақала	Халықаралық ғылыми конференция 2013, 14 қараша, 315-321бб.	76.	

71	Көпөлшемді, жүйелі лингвистикалық типологияның даму үрдістері	мақала	Орталық Азия университетінің хабаршысы, 2013 / №3 (33).93-98 бб.	6 б.	
72	Когнитивтік лингвистиканың бастауы - американдық-батыс-сеуропалық бағыт туралы	мақала	Орталық Азия университетінің хабаршысы, 2013, №3, 56-61 бб.	6б.	
73	Қазақстандағы когнитивтік лингвистиканың бағыт-бағдары	мақала	әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Хабаршы, шығыстану сериясы, 2(63) 2013, 74-78бб.	5б.	
74	Лингвокогнитивные исследования концептов в Казахстане	мақала	Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы, серия «филологиялық ілімдер», 1-2(32-33)2014, 86-91бб.	6б.	
75	Концепт, концептің түрлері	мақала	Азия университетінің хабаршысы, 2014, №1,52-57бб.	6б.	
76	Когнитивтік лингвистикадағы фразеологиялық категоризациялаудың негізгі мәселелері	мақала	Орталық Азия университетінің хабаршысы, 2014, №2. 76-80бб.	5б.	
77	Абай шығармаларының шығыспен лингвомәдени байланысы және когнитивтік сипаты.	мақала	«Профессор Ө.Күмісбаевтың шығармашылығы және шығыстану мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 3сәуір 2014, 15-18бб.	4б.	



78	Көне түркі ескерткіштеріндегі «Тәңір» концептісінің лексикалық деривациясы	мақала	Сборник материалов международной практической конференции Алматы, 17-18 апреля 2014, 136-139бб.	4б.	
79	Үш санының когнитивтік сипаты: көне түркі руникалық ескерткіштерінен қазіргі дәуірге дейін	мақала	Орталық Азия университетінің хабаршысы, 2014, №3. 125-129 бб.	5б.	
80	Профессор М.Т.Сабитова және филологияның өзекті мәселелері.	мақала	Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы 1-2 (32) 2014,36-41бб.	5б.	
81	Лингвокогнитивные исследования концептов в Казахстане	статья	Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы 2 (33) 2014, 5-10.бб.	5б.	
82	Филология ғылымдарының докторы, профессор Л.Н.Таирбекованың ғылыми-педагогикалық қызметі	мақала	Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы 2 (33) 2014, 110-113бб.	3б.	
83	Когнитивтік лингвистиканың лингвомәдениеттанумен байланысы	мақала	Ізденіс//Поиск. Гуманитарлық ғылымдар сериясы және жаратылыс, техника ғылымдарының сериясы. 2(4) /2014, 37-41бб.	5б.	

84	Удо Штайнбах және Түркия	мақала	Сборник материалов международной научно-практической конференции посвященной 80-летию КазНУ им. Аль-Фараби и 20-летию отделения индологии и тюркологии Алматы, 17-18 апреля 2014 года	2б.	
85	Қазіргі когнитивтік лингвистиканың негізгі бағыттары және категоризациялау теориясы	мақала	Ә.Т.Қайдардың 90 жасқа толу мерейтойына орай 2014 жылы 7 қарашада болған « <i>Ғылымдағы тұрмыр: ана тілі және туркі әлемі</i> » атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция	5б.	
86	Тілдің жалпы және жеке типологиясы	мақала	Ә.Т.Қайдардың 90 жасқа толу мерейтойына орай 2014 жылы 7 қарашада өткен « <i>Ғылымдағы тұрмыр: ана тілі және туркі әлемі</i> » атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция	5б.	
87	Когнитивтік лингвистиканың ұғымдық аппараты	мақала	Ізденіс//Поиск. Гуманитарлық ғылымдар сериясы және жаратылыс, техника ғылымдарының сериясы. 2(4)/2014, 33-37 бб.	5б.	
88	Тілдердің көпөлшемді классификациясы және тіл құрылымындағы типологиялық басымдылық	мақала	Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ хабаршысы «Филологиялық ілімдер», № 3-4, 2014.	9б.	

89	Қытайдың қолданбалы өнері	мақала	Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ хабаршысы «Филологиялық ілімдер», № 3-4, 2014 ж., 156-160бб.	56.	Садықова Қ.Ж.
90	Понятие «Концепт» в когнитивных и дискурсивных исследованиях»	статья	Сборник статей «Филологические теории и их применение в переводе и практике» ) Братислава 2015 стр.127-133стр.	76.	
91	Тілдердің құрылымдық типтерін анықтау мәселесіне	мақала	Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы № 1 /2015 120 -125 бб. ISSN 1608-2206	66.	
92	Түркі тілдерінің генеалогиялық және типологиялық сипаты.	мақала	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Хабаршы Шығыстану сериясы. №2 (68),2015. 88-92 бб. (Алматы)ISSN 1563-0226	56.	
93	Қазақстандағы когнитивтік лингвистиканың бағыт-бағдары	мақала	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, хабаршысы. Шығыстану сериясы. №2 (63),2015.79-82 бб. (Алматы) ISSN 1563-0226	56.	
94	Категоризациялау теориясының методологиялық негізі	мақала	Вестник КазНПУ им.А.Абая, серия «Полиязычное образование и иностранная филология, №2(10.)2015	46	
95	Қытайдың дәстүрлі қолөнері	мақала	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, хабаршысы. Шығыстану сериясы. №4 (70), 2015.67-70 бб. (Алматы) ISSN 1563-0226	46.	Садықова Қ.Ж.

96	Ментальды-информациялық немесе Американдық-Батыс-Еуропадық когнитивтік лингвистика	мақала	Ұлы жеңістің қазіргі таңдағы ғылыми-тарихи маңызы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция 2015 жылдың 16 сәуірі 161-167 бб	66	
97	Заманавуи лингвистикалық типологиядағы құрылымдық-салғастырмалы парадигма.	мақала	Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы № 1 /2015 126 -132 бб. ISSN 1608-2206	66.	
98	Ұлттық мінез құлық және ұжымдық танымның негізгі ерекшеліктері	мақала	Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы, 1(№6) 2015.	86.	
99	Тілдік бірліктерді когнитивтік-семантикалық зерттеу	мақала	Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-дің 75 жылдығына арналған «Шет тілді білім беру: тәжірибе мәселелер, жаңашылдығы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция 18 қараша 2016 жыл, 229-337 бб.	46.	
100	Тілдік бірліктерді когнитивтік-семантикалық зерттеу	мақала	Сборник посвященная 25-летию Независимости РК и 75-летию КазУМО-иМЯ им.Абылайхана 18 ноября 2016года 229-234 б.б.	66.	

101	Қазақ ұлттық концептос-ферасының негізі	мақала	Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы № 4 /2017 76 -79 бб. ISSN 1608-2206	46.	
102	Ұлттық мінез-құлық және ұжымдық танымның аудармаға әсері	мақала	Сборник посвященный Международному научному симпозиуму 16-17 марта 2017 года, 563-567 б.б.	56	
103	Шетелдік когнитивтік лингвистикасының негізгі бағыттары	мақала	Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы 2017, №4(47).15-19 бб. ISSN 2411-8745	56.	
104	Ағылшын тілін оқытуда балалардың белсенділігін арттыру	мақала	Ізденіс//Поиск. Гуманитарлық ғылымдар сериясы және жаратылыс, техника ғылымдарының сериясы. 3/2017ж. 326-329бб.	46.	Еселбай Ж
105	Лингвистикадағы құрылымдық-салғастырмалы парадигма	мақала	Материалы международной конференции «Язык и общество», посвященной 95-летию профессора А.Е.Карлинского, 25-26 апреля 2018 г.	76.	
106	Заң терминдерін аудару мәселелері	мақала	Қазақстанның үшінші жаңғыруын жүзеге асырудағы жас ғалымдар инновациясы, Алматы,2018	56.	Оразбаева М.
107	Қазақ ұлттық концептос-ферасының негізі	мақала	Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы.Филология сериясы №4/2018,76-79 бб. ISSN 1608-2206	56.	

108	Ағылшын тілі сабағында оқушылардың танымдық қабілетін арттыру жолдары.	мақала	Қазақстан жоғары мектебі. Халықаралық ғылыми-педагогикалық басылым. №1/2019 ж. 29-33 бб.	4б.	Дәрмеш.Н.
109	Ұлттық концептосфераны анықтаудың жолдары.	мақала	Наука и жизнь Казахстана. №4/2019,76-79 бб. ISSN 2073-333X	5б.	
110	Когнитивтік лингвистикадағы концептуалды метафора	мақала	Наука и жизнь Казахстана. №4 (81)/2019, 228-233бб. ISSN 2073-333X	6б.	Аққожина Б.Қ.
111	Тіл мен мәдениеттің бір-біріне әсері.	мақала	Наука и жизнь Казахстана. №4 (81) 2019,233-238 бб. ISSN 2073-333X	6б.	Қожабекова Ш.Б.
112	Ағылшын тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік қабілетін арттыру жолдары.	мақала	Әуезов оқулары -17: Әлемдік кеңістіктегі ғылым мен руханияттың жаңа серпілістері атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. Том3.Шымкент,2019.204-207бб.	6б.	Дәрмеш.Н.
113	Тілдерді салғастырудың ұстанымдары.	мақала	Конференцияның материалдары, 25 қаңтар,2019 жыл,Алматы. 324-329 бб.	6б.	
114	Ағылшын тілін оқытудың әдіс-тәсілдері	мақала	Ізденіс//Поиск Гуманитарлық ғылымдар саласы, №1/2019 ж. 283-288 бб.	6б.	Дәрмеш.Н.

115	Бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері	мақала	Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті.Хабаршы. Филология сериясы №1(71)/2020,534-539 бб. ISSN 1728-7804	бб.	Дәрмеш.Н.
116	Абай шығармаларын когнитивті зерттеудің негізі	мақала	Профессор М.М.Копыленконың 100- жылдық мерейтойына арналған «Тіл әдемі» халықаралық конференция материалдар жинағы.2020 жыл, 23-24 қараша, 109-115 б.б.	бб.	
117	Абай шығармаларының тілдік дүниетанымдық сипаты	мақала	Профессор Рысалды Құсайын Тынысбайұлының 80- жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі лингвистикалық парадигмалар» республикалық дөңгелек үстел материалдар жинағы.2021 жыл, 32-40 б.б.	бб.	

**Есеналиева Ж.**

**ЛИНГВИСТИКАНЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*(ғылыми еңбектер жинағы)*

**ISBN 978-601-270-509-6**

---



Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-нің  
«Полилингва» баспасында беттеліп, басылып шықты

Басуға 18.08.2021 ж. қол қойылды  
Қаріп түрі “Times New Roman”. Офсеттік басылым “RISO”  
Офсеттік қағаз. Пішіні 60x84 1/16. Көлемі 18,0 б.т.  
Тапсырыс № 1084. Таралымы 500 дана.



Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-нің “Полилингва” баспасы  
050022, Алматы қ., Мұратбаев к-сі, 200  
Тел.: +7 (727) 292-03-84, 292-03-85, ішкі 21-19  
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru